84(5)37-5
С52

Софы
СМАТАЕВ

МҰҢЛЫ ОЙЛАР





Софы СМАТАЕВ

МҰҢЛЫ ОЙЛАР

Алматы
Алманар, 2015

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-5
С 52

Сматаев С.
С 52 Мұңлы ойлар. - Алматы: Алманар, 2015. - 444 б.

ISBN 978-601-80241-2-2

Қазақ әдебиетінің классигі, Алаштың халық жазушысы, адуын ақын, айтулы сөз зергері Софы Қалыбекұлы Сматаевтың бұл кітабы қалың оқырман қауымға арналған.

Ұлтының мүддесін ойлап, халқының қамын жеп: «Арыңнан адассаң - барыңнан адасасың» деген философиялық үзік-үзік ойларын қараңғы түн қойнынан суырып алып, «Оян да ойлан, Алашым!» деумен тесік құлақ, ашық кеуде іздейді.

«ШЕТ АУДАНЫ ӘКІМДІГІ
ШЕТ АУДАНЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ БӨЛІМІНІҢ
«ШЕТ АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН
КІТАПХАНАЛАР ЖҮЙЕСІ» КММ
№ 20521

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 978-601-80241-2-2

© **«АЛМАНАР», 2015**

БІРІНШІ ДӘПТЕР

Бірінші ой

Не істеу керек?

Ей, адамзат, жемқорлықпен желіккен!
Құлқыныңды тыя алмайсың неліктен?
Бар мен жоқты,
Аш пен тоқты айырмас
Нең қалды енді айнымастай өліктен?..

Осы шумақты қай кезде жазғаным есімде жоқ, бірақ қолыма қаламымды еріксіз ұстатты.

Жемқорларды тыятын да мен емеспін. Қанқорлардың ұятын да оятатын мен емеспін. Бағусыз кеткендерді қағусыз жіберіп алғанымыз бүгін ғана емес. Арғымақтай арындап жиырма жыл өте шығыпты. Аздың көпті басынғаны, саз бен сөздің құнын қашырғаны көбейді. Тіл күрмеліп, арқа жауыр болуға айналды...

Содан ба қараңғы түндердің қап-қара қойнына сүңгіткен мазасыз ұйқысыздық қараңғы ойлардың қалың тұманында адастырып-ақ жүр мені. Жылт етер сәуле, жарқ етер ұшқын таппаймын ба, ел - меңзең, мен - сергелдең дейтін шарасыз тұйықтан шапшып шығар сыңараяқ сүрлеу іздеумен қалжырап бітемін.

Жетпіске жеттім. Желкелегендерім жоқ та, өзімді желкелеткендерім көп. Алыс-жұлысты, айтыс-тартысты, қырғын-сүргінді әурешілік ғұмырдың батпағын кешуден шаршамайтын итшілеген тірліктің иесі болғанның несі мақтан. Алдың - күңгірт, артың - өкініш. Күңгіртіңнен үрейленсең, өкінішің өксігіңді өкпеңнен сығып алады. Өткеніңнен жеткеніңді таба алмай, жалғандықпен алысам деп қажығанынды ғана сезгеннен не пайда.

Тұрлаусыз тірліктің тұзағы мойныңды бүріп тұншықтырып бара жатса, адалдық аңсаған үзік-үзік

тынысың ауа қарманар далбасасынан жалықпағанда қайтеді. Жалықтырады да қамықтырады.

Не істеу керек?..

Осы сұрақ мынау Жалғанның жарық дүниесіне шыр етіп енген әр жан иесінің миын шаққан, жауабын тапқызбас қиын түйіні болмап па еді. Сол түйінді шешпек түгілі одан сайын шиелеумен шаршап, шалдығып, көз жұматынымыз қалай?

Сонда шынымен-ақ Тағдыр-құбыжықтың, әлде Тәңір-құдіреттің ойыншығы болғанымыз ба? Адам деп аталсақ та, әлдебір ерік-ырқыңнан тысқары жүндес қолдың ыңғай-ықпалымен қуыршақ болып қимылдайтынымызды шынымен сезбей өтеміз бе? Шамырқанар шама, сілкінер сес қалмаған құр сүлдені бықсып, бүксіп сүйрете беруден табарымыз не? Құлдықтың қорлауы ма? Қорлықтың құлдыратуы ма? Жетістірді деп жеткеніміздің түрі осы болса, шыңы қандай болмақ? Алыстаған сайын адасуыңның көбеюін байқағың келмейтіні қалай? Топпен, тобырмен бірге, тіпті қалың көппен бірге адасып жүрмін деп өзіңді өзің жұбатудан не қайыр. Адасқан көпке сүмеңдеп ілесем деп дауасыз қабынған өкпеңнің шерін жүрегіңнің жүгінісіне салуды да білмесең, түйсіксіз жануардан нең артық?

Не істеу керек?

1941 жылдың 22-маусымында таңғы сағат 7-де, Германиямен дәл соғыс басталған сәтте туған мен үшін осы сұрақ пешенеме жазылған тылсымдай жұмбақ сұрақ емес пе екен? Содан ба, қаламгерліктің соқтықпалы соқпағына бет бұрған мен үшін бұл сұраққа қандай да жауап табу - ғұмырымның мәні мен мағынасына айналуы да кәдік-ау дейтін шалажансар пікірге жармасатыным да бар.

Сол себеп болды ма, ә дегенде жалындаған жастықтың албырт адуындығымен халқымның өткеніне үңілдім. Жан-жағынан азуын ақситып төнген жаула-

рымен елінің еркіндігі үшін жан аямай шайқасып, ерлікті уағыздап кеткен бабаларды тірілтпек болып «Елім-ай» романын жаздым. Кезінде елдік рухты елең еткізе дүр сілкінткен дүнием бүгінде қайта басылмай, интернет пен теледидарға телмірген жас ұрпақтың санасынан тыс қалды.

Не істеу керек?

Кешегіні көшіріп, қопарып әкеліп, көз алдарына тоса қойсам, түйсіктерін түрткілей ме деген жермешел тілекпен пьеса да жаздым. Дарылдақ, барылдақ әуен мен жарқылдақ, жылтылдақ арзанқол көріністермен ауызданған өрендерімнің бәрібір өзегіне сіңіре алмадым.

Қияли нәрсемен қинамай, қазіргі күннің қасиетін қашырған қасіреттерінен безіндірейін деген жансебіл ниетпен серт, өрт, дерт, мәрт дастандарымды газет беттерінде жамыратып та көрдім. Күрсініп қабылдаған кәрілер болмаса, жанайқайымның жаңғырығына жалт қарар жастарды байқамадым.

Енді не істеу керек?

Өзгенің тас қорған кеудесіне үңілу - түңілуден басқа түк бермейтінін түйсіндім бе, өз кеудемді ғана көңіл сүңгіммен үңгілеуді дұрыс деп таптым.

Сондағым: қараңғы түндердің қойнынан қылаңдаған **қараңғы ойларымды** ақ қағазға шимайлап сығыстыра беру. Базбіреу ерінбесе, оқыр. Базбіреу қажетсінсе, көкірегіне тоқыр. Қажет етпесе, ота қидалаған өзегімнің қанына малынып, өртеніп шыққан ойларым мынау жарық Жалғанның кеңістігіне сіңіп кетіп, әлдебір тылсым сырдың әсерімен Келешектің құлағына жетер де. Ал бастадым.

***

Адалдықты тани білгеннің абыройы артады.

Ал оны сақтай білгеннің адамгершілігі асқақтайды.

* * *

Өзіңнің өзіңнен әділетті іздеп табуың - өзгенің өзегін қабудан әлдеқайда қиын.

Екінші ой
Осы біз ұяла аламыз ба?

Әлемнің бүкіл қызығы да, шыжығы да бір адамның ішінен табыла береді.

* * *

Жұртты ойланта білуден өтер құдірет жоқ.

* * *

Шарлап Тау мен Даламды,
Тоздырушы ем табанды.
Қазақ деген атыммен
Таң қалдырып ғаламды!
... Тауымды өзге жайлады.
Далам - жаттың аймағы.
Мен ұстадым жағамды.

* * *

Сыйлықтың бәсі ұсынған иесімен құнды.

* * *

Адамнан тілемей, Алладан тілеу бар. Өзгеден қаламай, өзіңнен сұрау бар.

Адамға қол жаю - кеудеңді тұл, көкірегіңді құл етудің бастауы. Берсе - иығыңа қамытын іледі. Бермесе - езуін ыржитып, мазақтап күледі.

Алладан тілесең, алам деп, бере қояр деп тілемейсің. Желеп, жебесе екен, жолымды ашса екен, жөнімді тапқызса екен, бақастықты байлап тастап,

күншілді күлге аунатып, жемқорды жер бауырлатып жықса екен деп тілейсің.

Өзгеден қалау - өміріңді өксіту, өзегіңді өкінішке толтырар өгейсіретуге көмілу. Ескерусіз қалар есіл өміріңді кесірлінің қолындағы темір тізгінге кигізіп беру. Зорлықтың тұншықтырып бара жатқан қорлығына шыдай алмай, шырылдап бұлқынғанмен, шығар есікті таба алмау.

Өзіңнен сұрау - жылап тусаң да, кейімей өлудің арпалысы. Алыстан арбаламай-ақ, жақыннан доралаудың әрекеті. Арсылдап үрсем екенге емес, араласып білсем екенге талпыну. Білгеніңді өшіруге емес, өсіруге асығу. Ұтсам деуге емес, тапсам деуге, сөндіруге емес, жақсам деуге ұмтылу. Төңірегіңнің жалтырақ, жылтырағына алып ұшып қызыну емес, дүниенің көрінген һәм көрінбеген хикметіне қызығу.

Сонда ғана жердегі **біреумен** емес, көктегі **Жалғызбен** көңілің де, өмірің де жалғасып, жымдасып кеткенін сезбей қалсаң да, әділеттің тұнығынан сусындаған жаныңның әлдебір ғаламат әсемдікпен үйлесіп сала бергенін пайымдауың мүмкін. Сол сәтте өксіген өкпеңді еміренген көптің алақаны сипайды. Қамыққан түсіңді жабықтан сығалаған сәуледей боп жарылқаушы жұртыңның жанары жылытады. Ал сол еркелете елжіретер еліңнің емексітері - адалдығыңнан айнымауың ғана. Туралығыңнан бұрылмауың ғана. Тазалығыңнан таусылмауың ғана. Басқаңды қаламайды.

Сонымен, бір Алладан тілесең - адаспайсың. Бір өзіңнен сұрасаң - өзгеге жалынып жақ ашпайсың.

Ал осымен доғарайын.

* * *

Көмекейі бұлкілдегендердің бәрі шешен болмайды.
Көптің үстінен зіркілдегендердің бәрі көсем болмайды

* * *

Құм астынан көз ашып ед гүл шығып,
Жалғасты да,
Жармасты алға тіршілік.
... «Саинды» өрлеп келе жатыр бойжеткен
Қара көздің қызыл жасын бір сығып.
Дауыл соқты шатырларды құлатып,
Шаң-құйынын шартарапқа шұбатып,
... Көк Тәңірі күйінді ме күрсініп?..

* * *

Әділеттілікті әлемнің бар қазынасына да сатып ала алмайсың.

* * *

Осы біз ұяла аламыз ба? Ұят деген ұғымды біле аламыз ба? Білеміз деп те, білмейміз деп те - ашып айта алмай отырып қалдым. Сасқанымнан Абайға жүгіндім. Хакім айтады: «Ұят деген адамның өз бойындағы адамшылығы, иттігіңді ішіңнен өз мойныңа салып, сөгіп қылған қысымның аты. Көзіңнің жасын, мұрныңның суын сүртіп алуға да қолың тимейді, бір ит боласың».

Осыдан артық не дерсің енді. Ит болып, құйрығыңды бұлғаңдату қайда, бұтыңа тығып, мөлиген көзіңмен қара жерді... еден тақтайын тесіп жіберердей шұқылап, ұятыңның ұясына екі иығың қушиып, енді қайтып шықпастай болып бүрісіп, құнысып кіріп бара жатасың. Дәл сол сәтте ар жазасы жазылмас деген сұмдық шешім маңдайыңа кертіліп ойылғандай үрейлі сезімнің тереңіне сүңгіп кеткеніңді де байқамайсың. Әне, ұяла білудің құдіретті құрсауы.

Бұным - енді көкірегінде ойы, қауашағында миы бар, бетінің қызылы өшпеген, жанының жылуын сақтар қызығы бітпеген жандардың еншісіндегі сезім

сергелдеңі екенін анықтай кетейін. Ал ұятын ұрлатып алғандардың (дұрысы жоғалтып алғандардың) мияты алдау, арбау екенін дәлелдеп жатудың қажеті де шамалы. Олармен күн сайын кездесе берген соң бүркеніп алған бет пердесі он қабат болса да оп-оңай-ақ тани қоятын болып алдық.

Ұятын үй сыртында қалдырып кететінді бастық қылып қойсаң-ақ, «Жұғын бар жерде шыбын бар» деп үйелмені тұрмақ үрім-бұтағымен, ауыл-аймағымен ошарылып келіп сол елді мекенді - республиканы, облысты, ауданды, қаланы түп-түгел жеке меншіктеріне шып-шырғасын шығармай айналдырып, иемденіп ала қояды. Содан кейін сырты - сара, іші -қара әлгі дөкейдің өзіне кірмек тұрсын маңайындағы жақын-жораларының жүзін көріп, шаруасын айтуға да шарасы қалмаған қара халықтың сан соқтырған сандалысы басталады.

Ұятын жоғалтқан жанның ғұмырын да жоғалтарын сезбейміз бе, төрдегі төрені тірі адамдай сарыла іздеп, сарғая тосып, өзімізді өзіміз шаршатудан жалықпаймыз. Ұяты өлген адамға ұят сіңірем дегенше, уланып өлген адамды ұшықтап тірілтем деу әлдеқайда ардақты.

Сынған қолдың салмағы мойынға түсерін ескертпейтін еркін тірлігің енді осынау ұятын қоқыс салған жәшікке көміп тастағандардың кесірінен сынған үмітіңнің батпан-батпан жүгі ойыңды мойныңмен қоса отырып жібергенде, мүлде адыра қалады. Ендігі итшілеген тірлігіңді ұятын өлтіргендердің құрбаны болды деп қабылдап, таудың тасын уыстап тасып тауысуға көне бер. Өйткені түйеге мінген адам еңкейе алмайды десек, ұяты бар төрдегі төре далиып байлық жинап, көркейе алмайды. Қазіргі кезеңдегі өмір заңының ең «қадірлі» ұятты-ұятсыз түйіні осы.

* * *

Илікпесе, килікпесе басқаға,
Жоламаса кәріге де, жасқа да,
Қорасына кірген қоқсық
Төрге озып,
Байлық болып көрінер-ау қасқаға.

* * *

Намыстының тынысы тарылмайды.

* * *

Тазалық таза мінез, адал ой, әділ жүректе ғана қонақтайды. Жүректен әділдік жоғалса, ойға олжа дәметкіш ниет араласса, мінезге мерездік қабаттасса, тазалық айдалада ұлыған иттей адасып қалады. Сол тазалықтың алғаш адасқан жері - аса биік төрден басталған. Қоралап қой бергенге, билікті берген. Қосқостап жылқы қуып жеткенге, бектікті қанжығасына бөктертіп жіберген. Көмей апандай кеңейген. Кеуде құрдымдай болған.

Ал бүгін... Бүгін жемқорлық, парақорлық деген жауыздың жауыздарының көмейі апандай емес, аспандай, кеудесі құрдымдай емес, мұхиттай - толмайды да тоймайды.

Бүгінгі «мықтылардың» сұғанақтық қана жасап сұрап алам деуі бергі жағы ғой. «Составымен айдап беріп, сатып аламын. Онымен да ілікпесе, қол-аяғын байлап, қорқытып тартып алам. Олигархына бүйідей тиіп, әкіміне білек көрсетем!» деп домбытпасын дауылдатып, іргеңді шайқалтуға да барады ғой.

Осыдан кейін тазалықты іздеп, тауып көр...

Үшінші ой

Опасыздықты көп көрдім

Опасыздықты көп көрдім. Опырыла құламасам да, жапырыла сынбадым. Ағып жатқан судай жүрдек ғұмырдың сұмырайларының тасадан ұрған соққысынан сынып қала берсек, мына жалған дүниені жалғандық пен һарамдық әбден билеп ала жөнелмей ме. Сынбағаным сондықтан. Өйткені мен мақтанның құлы емес мақсаттың ұлы болған талай қазағыма сенгем-ді. Сол сенімім - әлі де сенім.

Көңілімнің іздейтіні көп. Табары шамалы. Өзімді зор, өзгені қор тұтпасам да, дүниені түзетуді аңсадым. Хакім Абай түзете алмаған заманды мен қайтіп оңдай қояйын. Оңдалуға бейімі, түзелуге дайыны жоқ заман мен дүнием бірде батысшыл, бірде ресейшіл болам деп, ұлтсыздықты үлгі тұтып, қазақы сыпайы һәм сыйластықты қылығымызды бөтеннің жауыздықты күнделікті дәстүріне айналдырып алған былығымен алмастырмақ болып қатты әлек.

Кесірлінің кеселіне көп ұшырадым. Кеселі тілімді буды, кесірі еркімді тұсады. Шұбарала тілім мен тұсаулы еркім әпербақан әдетіне қарысқыш шала қазақтардың шылбырының ұшында жүр. «Көке!» десең де көнбейтін, тілің мен діліңді түсінбейтін солардың өз ұлтын өздері менсінбей, қазақтан тумағандай, аспаннан ұлық болып түсе-түсе қалғандай шүлдірлеп көкитіндерін естігенде, жаным шошиды.

Бүгінде мен әм жарлымын, әм зарлымын. Барымды басқаларға бөліп беріп, жеріме келімсектерді үйіп-төгіп отырған әлгі шала қазақтардан жасақталған билік қолыма ұстар күрек тапқызар емес. Аузыма апарар қасығымдағыны да қақшып алып, жұрдай қылды. «Ләппай, тақсыр!» деп бас шұлғығыш «әринешіл» жұртымның көнбістігі жоғарғылардың

тізеге басқан бұйрығымен байлығымызды бөтеннің көмейіне кептетіп қойған соң мен жарлы болмағанда, кім жарлы болсын.

Төмендегі даусым төрдегілерге жетпейді. Жетпейді емес-ау мауыққан мысықтай мияулайтын хатшы қыздарының телефонды бүркеп-қымтап алған етектерінен әрі өтпейді. Сол себепті төрелерімнің бір де бірін ұстатқызбаған ұрлықшы күндерім зымырап өтіп жатыр. Күш-қуатым кетіп, бітіп жатыр. Зарлымын демей, енді не дейін.

Қол жаямын, көз сатамын. Бірақ көмек таппаймын. Шыбындаған шенеунікке, текіректеген төреге, көкіректеген кеңселіге, көзі ойнақтағыш еңселіге күнім түсіп, үнім өшіп, жазғанымды оқыта алмай, сызғанымды көрсете алмай, айқай-аттанымды тыңдата алмай, лажынан айрылып, қажып қартайған қаламгер ғанамын.

Опасыздықты көп көрдім... Әй, түптің түбінде опасыздық біржолата опырылтып құлата ма деп қорқамын...

Түңілдім білем...

* * *

Ана тілінде әсерлене ақтарылған басшы даналықтың бұлағынан сусындағанын дәлелдейді.

* * *

Жақсы емес жамандықтан жерімеген.
Ондайдың өрі - аласа, төрі - төмен.
Ғұмырды жалғандықпен тоздырғанша,
Дұрыс-ау көз жұмғаның жөніменен.

* * *

Жақсы айтылған әр сөзді жабықтан
сығалаған сәуледей сезінем.

* * *

Талай жасқа жеттік. Шашты ағарттық. Кеудені еңкейттік. Иінді ауырлаттық. Көбейген данышпандық бар ма? Ағарған ішті таптық па? Тура тартқан із қалдырдық па? Әлдебір ауырды жеңілдете алдық па?

«Әулекі арсыз еліне» көкіректі қысқан өртімен «көп наданның ортасында жалғыз өзі» қалып сөзін ұқтыра алмаған ұлы Абайдың күйігі емес пе жоғарыдағы бізді шырмаған сұрақтар. Ұлы ұстаз таппағанды біз таптық деп қалай әулекілене алармыз. Өмірдің өрі таусылғанша биліктің төрінен таяқ жеумен келе жатқан тірліктің қай бір берекелі дастарқанын жая қойдық деп ырзалық білдіре алармыз. Жайғызбады ғой. Шалқысақ - шалқамыздан түсіріп, балқысақ - белімізден соғып, қиралаңдатып қоймады ма. Ерік-ырқымызды саусағының ұшына байлап алып, оңға бұрылсақ, солға айдап, тура тартсақ, қақ маңдайдан салып қалып, есеңгіретуін тоқтатты ма. Есіріктенген есіңді жиғызбастан қолыңа қаламыңды қыстырып осқырынған ода мен масайраған мадригаль жаздыртқан бұйрығынан бұлжымады ғой.

Көңілге қайғы орнады. Кеудеде шер түнеді. «Күн көсемшіл» болдық. Партиясыз таңымыз атып, күніміз батпады. Жалғандықпен ұшындық. Өтірікпен тұшындық. «Өткеніңе үңілме! Кеткеніңе бүгілме!» деді. Тарихымызды қазан төңкерісінен бастатқызды. Ортақ астау - соцреализмнен ас татқызды. Көкіректі өрт қапты. Жүректі дерт тапты. Өртті өшіруге, дертті қашыруға әрекет жасадық. Сыймас жерге тығылудан тыйылып, үрейдің ұясын бұзып шықтық. «Үңілме!» деген өткенімізге үңілдік. Алдымыздан сескенсек те, артымыздың кеңдігіне, елдігіне, еркіндігіне көзіміз жетті. Сол елдікті, елін ұшпаққа шығарған ерлікті жырлауды мақсат тұттық. «Елім-айлаған!» даңқты ата-бабалардың ізімен атойлап біз де ілестік. Терісі сыпырылған ақ табанымыздың қызыл қанымен

ақ қағаздың бетін шимайладық. Түн қаттық, түсті қашырдық. Ер төсектен безіндік. Үстел жағаладық, қалам кемірдік. Ақыры алқынған іштің өксігін бастық. Қашқан түстің қызылын шақырдық. Діттегенімізді орындаған болдық. Желкілдеген ала туын азаттықтың асқар шыңына бекітіп қадаған хандығымның кешегісімен бүгінгі халқымызды табыстырмақ болып, «Елім-айдың» қолжазбасын баспаға ұсындық. «Тұтамдай сүйегім қалғанша тартынбай сөйлеймін!» деген қаламгердің сенделткен сергелдеңі басталды. Өз айтқанын діттейтін билік ерегіске басты. Еркінсуімізді кешірмеді. Толарсақтан саз кештірді. Көкіректі зармен кестірді. Кітапты жоспарға енгізбей торықтырды. Қаламақысыз қаңтарып, тарықтырды.

Өксідік, бірақ өкінбедік. Қалтылдадық, құрыстық, бірақ жалынбадық. Адалдық пен шындықтың түбінде бір жеңеріне, әділеттің ақыры бір орнарына сендік.

Оқырманымыз оянды. Оянды да, қолын қос қолдап мықынына таянды. Романға сұраныс көбейді. Шығаруын талап еткен зілді дауыс әр түкпірден дүркдүрк тұтанды. Халық қозғалса, хан тағында тұра алмайтыны ежелден белгілі. «Елім-ай» романы қалың жұрттың қолына тиді. Көңілдермен қауышты.

Тағдырға көнбек емес, тағдырды жеңбек керегін ұғындық.

Бірақ... «Тағдыр да - мен! Құдірет те - мен! Жазмыш та - мен! Әділет те - мен!» дейтін қазіргі кезеңге тап болдық. Қаламгер амалгер болудан да қалды. Атқан оғы жоғалды. Құрыш болатының балдағы бұрынғыдай қанға боялмады. Болдырмайтын, оңдырмайтын билік дарын иелерін тұншықтырып тастады. Жазғандарын баспайды. Бірлі-жарымын там-тұмдап шығарса, қаржы-қаражатынан қаламақыға бір тиынын да шашпайды.

Талай жерге жеттік. Талай өткелектерден өттік. Басты қырау шалды. Кеудені қайғы алды. Бітіргенімізді

ұлтымызға өткізе алмай, тындырғанымызды жұртымызға жеткізе алмай қор болудамыз. Өндіргенімізді оқушыларымыздың көкейіне ендіре алмай зар болудамыз. Үніміз шықпаса, даусымыз естілмесе, тура жолымыздың ізін кім басар? Басқызар ма бастағылар?..

* * *

Арың таза болса, жыртығың да бүтін.
Арың шала болса, бүтінің де тыртық.

* * *

«Адам баласына адам баласының бәрі-дос». Бұны ұлы Абай айтқан. «Адам баласына адам баласының бәрі - қас». Бұны мен айтам. Өз басымның тартқан азабымен, шеккен шерімен әйгілеп айтамын. Бүгінгі күннің азабын, тозағын тартқан қандастарымның күйін, күйінішін өлең қылып жаздым, дастан етіп аттандадым. Мақала қып маңырадым. Елең еткен ешкімді таппадым. Табар едім - жазған-сызғанымды газет-журналдар басып, жариялап отырса. Жоқ қой. Жоқ ондай қол ұшын созушылық. Үкіметтік баспа орындары Сматаевты арқан бойы емес, парсек бойы маңайына жуытпайды. Өткенде Нұрғиса Тілендиев туралы шағын дастанымды «Қазақ әдебиеті» газетіне беріп, бірер айдан кейін редакторы - Жұмабай Шаштайұлына кірдім. Мені көргенде Жұмабай інім тап бір құбыжықты көргендей қипақтап, тығыларға жер таппай қалды. Дастанның газетінде басылар-басылмасын сұрай бергенім сол еді:

- Софы аға, өзіңіз білесіз ғой... Үкіметтің сіз туралы... ә-ә, қаулы бар ғой... - деді де, сөзінің аяғын жұтып жіберді.

Үкіметтің қандай қаулысы барын... Ол қаулының Сматаевты БАҚ-қа жолатпаңдар деген мағынада жазылған-жазылмағанын мен қайдан білейін. Жұмабай інім одан әрі тілін тістей қойып, мені есігіне дейін иығымнан демеп шығарып салды.

Соған қарағанда үкіметтің мен туралы сондай бір уәж айтуы да мүмкін-ау дейтін күдікке ойыса беретінімді де жасыра алмаймын. Өйткені мені халықтық газеттер дейтін «Дат», «Жас Алаш» та онша жақындата бермейтін болып кетті.

Өкінішім көп. Өзегім өртенуде. Халқымның мұңын қағаз бетіне түсіруін түсірем-ақ, оқырманыма жеткізе алмай пұшайман болып жүрмін.

«Адам баласына адам баласының ішінен газетшілер неге қас?» демеске әжоқ.

* * *

Бермек болсаң пендеге сен бағаңды.
Надан деме ақылы асқақ адамды.
Жұмсау үшін төменгіге айтақтап,
Төрге оздырып жүрміз әлі наданды.

* * *

Әділетті қорғағанды үміті жетелейді, арманы асқақтатады.

Төртінші ой
Есер мен есті

«Осы елдің үнем қылып жүргені немене? Екі нәрсе. Әуелі – ұрлық. Екінші – бұзақылар біреудің ойында жоқ пәлені ойына салып, бүйтсең бек боласың, бүйтсең көп боласың, бүйтсең кек аласың, мықты атанасың деп ауқаттыларды азғырғалы әлек болып жүр».

Бұл – осыдан жүз он бес жыл бұрын айтқан хакім Абайдың пайымы. Зер салып қарасаң, бүгінгі күннің айнақатесіз көрінісі. Содан бері ұрлық тыйылды

«ШЕТ АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН КІТАПХАНАЛАР ЖҮЙЕСІ» КММ
№ 20521

ма? Қайдағы тыйылу! Ұрлық бұрынғыдан да үдей түсті. Күшейе, қоюлана, қомақтана түсті. Абайдың тұсында ұрлықты мал табам деп ұрылар жасайтын. Ал ұлықтар даугеріңді жеп құтқарам деп ұрылардан алатын. Бүгін мал табам дейтін ұрылардан жалпақ жұртын тонар ұлықтар озды. Бұрын «түйені түгімен жейтін» дегендерге албастыны көргендей «астапыраллалап!» аспанға алақтай қарап, адалдықтың аяқ аттатпас сақшысы - Алланың қаһарын күтуші еді. Соған кәдімгідей сенуші еді.

Бүгін состав-составты жүгімен жұтатын ұлықтардың қылығының қылшығы тұрмақ, қылмысты былығының былшығы бетімізге шашырап жатса да, былқ етуді қойдық. Себебі аспанның кәрінен гөрі жердегі «құдайлардың» қаһарының зоры әлденеше есе асып түсіп, тырс етіп үн шығармақ болсаң-ақ, төбеңнен торс еткізіп,тіліңді тістете қояды. Ажырая қарап, көзіңді алартсаң, желкеңнен бүріп алып, жұлқи сүйретіп апарып, темір торынан сығалата салады. Елдің ендігі зар тілегі - төрдегінің бүлігі мен былығын кім түзейді? Анттың, серттің, адалдық пен тазалықтың жолын күреп жауып тастаған Әлиев, Храпунов, Бергей тәрізді кешегі ұлықтардың былық қылығынан кім арашалайды?

Жеті миллион долларды басқа салаға жұмсады деп Жақияновты жеті жылға соттап, жарты миллиардтай долларды жамбасына басқан Мырзахметовты жалынан, сипап босатып жіберген билікке әділ билік күтіп қол жая аламыз ба?

Алпыс мың долларды үкіметтік мекемесінің офисіне жаратқан Жәкішевті он төрт жылға соттап жіберіп, бірнеше миллион долларға яхта сатып алған Школьникті алақанында аялап отырған үкіметтен әділеттің үкімін тоса аламыз ба?

Банктер мен әкімдіктердің, агенттіктер мен министрліктердің ел мен мемлекет мүлкін миллиондап

жеген басшыларын үн-түнсіз шетел асырып жіберіп, тымырайып отырған үкімет басшысы мен сот, прокурорларға «ақты қара, өтірікті шын деуден арылып, қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босамас буын тап!»деп айта алармыз ба?

Ұсақ ұрылардың тірлігінен жер түгіл желді сататын ірі ұлықтардың зорлығы әлдеқайда асып түсіп жатқанда, ақиқатқа адалдықты төрден іздемек болып қашанға дейін адаса береміз.

Соттың әділ сөзі таусылғанда, көптің қаһарлы сөзі айтылуы керек қой. Жемқорларды тыя алмайтын қанжары жоқ қазыға қамшы жаудыратын қазақы қажырымызды мүлде жоғалтып алып па едік?

«Жөнсіздікті дұрыс жолға сала алмайтын әлсіз биліктің жұрт көргісіз жүзі құрысынды!» мен емес, бұрынғылар айтып кеткен. Соны көлденеңдетіп қана өтіп, қаламымды сүйей салайын енді.

* * *

Ақиқаттың астарынан кір іздеу - ашық күнгі аспаныңнан бұлт іздеудей өлермендік.

* * *

Ақыл бар жерде азап бар.
Ақыл бар кезде - арын бар.
Ақылды біздің қазақтар:
«Ақымақ - дейді - дарындар!»

* * *

Орынды іске қызығып түсіп, орынсыз әрекеттен үзіліп шығатын жандардың қатары күн сайын сиреп бара жатқанын көрудемін.

Неге екенін қайдам, маңайымнан үнемі сайрауық тіл мен тақылдағыш таңдай табылады да жатады. Әуеніне құлақ сүйсінгендей, мәніне көңіл тебірегендей әлгі ақтарылған көмейден сылдырап аққан

сөздерді естігенде, көкірегімде булыққан өксігін ықылық атқызатын бір өкініш тұтанып қоя береді. Мынау қамшының сабындай ғана қысқа ғұмырды ит қорлықта өткізіп, жалғандағы қызықты, қымбатты шағымды бекершілікте беталды жіберіп алдым ба деп іштей мүжілемін.

Ал, жаздың кітаптарыңды. Мінгестің қыршаңқы қаламға. Не түсті? Тозбас жастықты, азбас көңілді, босамас буынды мәңгі сақтап қалардай ыр-дудан аулақтандың. Ойын-тойда қараңды көрсетпедің. Нені ұттың? Қарапайым жұртыңның қабағының кірбеңін түрдім деймісің. Сол қарабайыр халқың қай даныш-панды ұшпаққа шығара алып еді? Хакім Абайды да қуалап ұрып, әншібек Біржанды да дуалап қуып шығып, жалғыздықтың жазасымен қор қылып, есінен жаңылдырып өлтірмеп пе еді. Былығы көп бүгінгі масайраған ұлығың сенің: «Әділет! Адалдық!» деп қожанасыршылаған қылығыңды қайдан кешіре қойсын. Атыңды елеп, атақ-сыйлығын атап-атап, қолыңа ұстата қоюы қайда. Езуің қышымасын. «Елім білді, еміреніп жүрегіне жазып алды!» деген сол есіміңді жеті қат жердің астына тезірек тығуға жанталасып жүрген жоқ па төрдегілерің.

Әй, қартайдым білем. Қажыдым білем. Әйтпесе кедергі мен кесірдің бәрін тағдырдан ғана көріп,әлдебір жылт еткен, жалт еткен жақсылық сияқтыларды өзім ғана жасағандай жалғанды жалпағынан басардай болатыным қалай. Бірді айтып, бірге кететінім содан ба, қартайғандықтан ба?

Орынды істен қашқақ, орынсыз әрекетке арындап баспақ замандасым көп демеп пе ем. Соны айтқанда есер мен естіні салыстырмақтай салмақтағым келді ме, білмеймін, әйтеуір түзу ниетке қол созғаным рас.

Орынды іске қызығып, жалын жастықтың қызығынан үзіліп шығып, өткен заманның опалысын, кеткен ерлердің елін, жерін қорғаудағы беталысын,

аруақты бабалардың баталысын қазағымның көз алдына тоса қоймақшы болып, далбасалар **естіні** де өзімнен табамын.

Рақымдылық пен мейірбандыққа исіндіріп әкеліп, ақылсыздықпен көзін байлап қалып, оғаттыққа өңін алдыратын, жүрегіндегі жігері мұқалған соң әлекей-шүлекей қызық-қырғынға бой ұрғыш алашымның пенделерін жазған-сызғандарыммен, мінбеден үн-деген өсиетнама сандырақтарыммен қайырып қатарға қосып, адасқан жолын қайта тапқызып, алжасқан ойын жиып алғызбақ болып тыраштанған **есерді** де өзімнен табамын. Сөйтем де, құлақ сүйсінтер әуені бар, көңіл сергітер қарқ қылардай жарқылдақ уәдесі мол сөздерді төрдегі һәм жердегі мінбелерден тыңдаудан мүлде зәрезап болып, кең бөлмемнің тар төсегіне арқамды төсеп тығылып алып, кішірек блокнотқа үлкен өкпемді шағудан аспаймын. Соған қарағанда әр адам - өз тағдырының өнімі (продукциясы) болар. Соған кәдімгідей сенгім бар.

* * *

Өзіңді өзгелерге кіріптар еткің келмесе, ұятыңды ұйықтамас қарауыл етіп қой.

* * *

Кемшіліксіз жанның қасиеті де аз болар,
Арзанға ұмтылып, ырду-дырдуға мәз болар.

* * *

Осы біз әшейінде мейрбан боп көрінуге тырысамыз. Қаталдық бірақ әр әрекет-қимылымызда емес, әр пиғылда да жатады-ау. Жауымның жауы-досым. Жауымның досы - жауым деумен апырақтай береміз. Мүмкін жауымның досы - досым шығар. Жауымның жауы - жалмауызым шығар. Оны түптеуге шыдам жетпейді. Алыстасақ атысып, тақалсақ таяқтаса

қалатын әдет басқаға алаңдатпайды. Алаңдамайтын өзіміз. Әйтпесе біреу қуып, біреу жетектеп келе жатқан жоқ қой. Сырттай жақсымыз. Жарасымды-ақпыз. Ал ішімізге үңілсе... Қолқа қабар сұмдық көп-ау-

Бесінші ой
Бақыт деген не?

Бақыт деген - не? Өте ойлантатын сұрақ. Даналардың да, шалалардың да өз биігі мен өз тұйығынан берген жауаптары да жеткілікті.

Іңғаңмен басталған ғұмырыңның таңын ақтық деміңмен аяқталар кешіңмен әсерлі етіп сабақтай алсаң - бақытың сол деп тұжырымдауыма да болар еді.

Өзгелерге өзегін жұлып берер жанның бақыты өзен болып тасиды деп тапсынуыма да болар еді.

Бақыт немең - көлеңке басқан көңіліңнің қара бұлтын қуып кетер күн емес пе, сонысымен-ақ есіңнен оп-оңай-ақ адастырар мұң емес пе деп тақылдауыма да болар еді.

Күліп жүріп сезінбеген бақытты жылап тұрып тапқаныңа не жетсін деп күрсініп қоюыма да болар еді.

Батпан-батпан байлықтан да, батпақтатқан бақыт қауіпті - ақыл-есіңді батырып та, жапырып та жібереді деп асыра сілтеуіме де болар еді.

Ал тереңдеп үңілсек, бақыт дегенің - қарапайым ғана оқшау ұғым. Өзіңе, өзіңнің отбасыңа аса қажет күнделікті тірліктің қуанышын, әсерін енгізетін мерейлі мезеттер ол.

Өткенде немерем екеуіміз таудағы көлден қос аққудың керіле жүзіп, кербездене керіліп табысқанын көрдік. Су бетіндегі сұлулықты бұрын да талай

кездестірген мен әлгі көрініске онша мән бермес те едім. Сол бір әдемі көрініске айрықша әсерленген немеремнің сол сәтті анда-санда есіме салып, тамсанып отыруы - бақыттың сәулесіндей нұр шашып тұрады. Немерем екеуіміз сол сұлу әсерлікті қаншама еске түсіріп отырсақ, бақытымыз да соншалықты үзілмейді екен. Жанымызда, сезімімізде өмір сүреді екен. Соған қарап әдемілікті сезіне білу, сол әдемілікке ұмтылған жаныңдағы адамыңның қуанышын, сүйінішін ризалықпен қабылдау - бақыт қой демей, не дейін.

* * *

Өткеннен қалған өнегемен, кеткеннен алған тәліммен қаруландым деп бар кез түгілі дер кезде де тағдыр тауқыметінің қалтарыс-бұлтарысынан өз ойыңмен емес, өзгенің бұйрығымен өтіп барып, тарих жасадым деуің - ағаттықтың ең үлкені.

* * *

Дәрежені ереже тұтатындар дәрежелінің дәрет алған суын төгіп жүргеніне де бөркі қара қазандай болып марқайғыш-ақ. Сол дәрежелісінің дәрежесі кейде дәрет алған суынан да төмен болатынын ескермейді-ау бір.

* * *

Өзгенің әлсіздігін байқап қалсақ, қасқыр болып қабуға таяумыз. Өзіміздің нашарлығымызды тануға мүлдем баяумыз.

* * *

Қашып әбден сүреңі,
Көршімнің иті үреді.
Ауыра ма екен оның да
Ауырмас дейтін жүрегі?..

... Жетсе-дағы азат күн
Азабы көп қазақтың
Қаңсып жатыр күрегі.

* * *

Пенде шіркін... (Әй, адам дейінші. Пендеден гөрі адам деу айбаттылау ғой).

Адам шіркін ішіл ит тәрізді. Ғұмыр бойы ізденуден бір жалықпайды-ау. Тоқтадым дегенше, торықтым де. Торыққан жанның үркері де, қорқары да көп.

Ал ізденсең - табарың мол. Ең болмағанда өзіңді өзің табасың. Ішіңді ақтара бастасаң-ақ, суық түсің жылынып сала береді. Не ахаху-ухакуі көп күлегеш жүзің томсырайып шыға келеді. Осы өзгерістер - мынау жарық жалғанда өзіңнің бар екеніңнің, тірі екеніңнің белгісі. Яғни сен - **Мәңгілік** дейтін адам ұғымынан да тысқары ұғымның бір кішкентай бөлшегісің. Бірақ осы титімдей бөлшекте ұлы Мәңгіліктің шап-шағын көшірмесі бар. Айтулы бір сағатта ойда жоқ жерден жұмыр Жердің бір түкпірінде сәби іңғаңмен шырылдап қана дүниеге келдің. Сол мезеттен бастап мынау Алла жаратқан... Әлде Болмыс орнатқан **Мәңгіліктің** өзіндей болар мәңгілік жан иесісің. Іштің, жедің. Көрдің, білдің. Келдің, кеттің - тындың. Өлмес, өзгермес мәңгілік боп артыңда рухың қалды. Сол рухың таза болса - **Адамзат** деп аталатын алып құдіреттің қасиетін асқақтата түседі. Һарамдыққа бой алдырса, әлгі **Адамзатқа** қасірет қана үстейді. Осыдан кейін өзіңнің өзіңе деген жауапкершілігіңді сезіне білсең, ізденісіңнің табысы артары хақ. Өйткені адам-тұлғаның ой-зейіні қаншама күрделі, қордалы болса, адамның өз сой-бейнесі сол ой-толғамынан соншама артық түсіп жатады. Себебі әрбір жан иесі өзі өскен ортаны ілгері сүйреп, өзін өсірген қоғамды алға оздыруға барынша міндетті. Өйтпеген жағдайда

бүгінгідей кері кеткен тірліктің дөңгелегін тоқтатып, оң бағытқа бұрып жіберу мүлде қиындайды ғой.

Сондықтан алдыңғы аға - үлкендер алдында ұятыңды сақтап, кейінгі іні - кішілерге рақымшылық жасауды ұмытпай, мазасыз ойлардың қоршауында дөңбекшуің көбейсе, ізденісіңнің азаймайтыны да айқын. Сонда ғана күліп тұрып та күйініп қамығар адамды өзіңнен табасың, пендем (Әне, тағы де «пендем» деп қалдым-ау...).

* * *

Араммен тапқан байлығы - қалталының қайғысына айналады.

* * *

Тәлкек еткен адамды заманым ба?
Жақсыны орап алып жүр жаманым да.
Табынады мықтыға мың-мың әлсіз,
Бағынады ел түгіл,
Заң ағымға.
... Алашыма боп алып «үлгі» тегі,
Шыбындатып, шұлғытып, мүлгітеді,
Машкевичтей, Митталдай «жаңа тұлға».

* * *

Жақсы атағың барша байлығыңнан абзал.

Алтыншы ой
Бастық кім? Бағынышты кім?

Өмір - қасқағым тірлік.
Өмір - мәңгілік ғұмыр.

Осылай деп жаздым да, иегімді алақаныма сүйеп, ойланып отырып қалдым.

Сонда қасқағым тірлік иесі кім? Мәңгілік ғұмыр сүру кімнің маңдайына жазылған пешене?

Хал-қадарымша таратып беруге тырысайын.

Жамандыққа күпті болып, баянсыз, бағдарсыз қызыққа құмартып, өзінен басқаны өгейситін, арсыздыққа ойын да, бойын да алдырған пенденің өмірі, меніңше, **қасқағым** тірліктен аспайды. Туғанын ешкім білмеген әлгінің құнарсыздығы қуратқан тәнінің өлгенін де жан баласы ескере қоймайды.

Жақсылыққа мықты болып, өнегеліні үйрену мен игеруден жалықпай, жаман қылықтардан сақтанып, арлы, ақылды құлықтарымен баптанып, өзгелерді өзінен артық тұтатын, ұланнан бастап тұтас ұлтына қызмет ететін адамның өмірі - менің тұжырымым бойынша, - **мәңгілік** ғұмыр боп аталса керек. Өз бойынан опасыздық пен озбырлыққа орын бермейтін мейірбан жанның өзгелерді де опасыз, зұлым деп орынсыз күсталанауы мүмкін емес. Жақсылыққа ұйыған ойдың озбырлықтың көрпесін бүркенуіне өз басым мүлде иланбайды.

Періште де, пері де боп тумайтын адамның кейкейде періште аталмақ болып тыраштанып, періге айналып кеткенін түсінбеуінен өтер бишаралық жоқ. **Барыңнан артылмайтыныңды, жоғыңнан табылмайтыныңды** ұқпайынша, өмір сүрудің қияметін өзгелерге түсіндіре алмайсың.

Біраз ғұмырымда мен соны түйсінген тәріздімін.

Содан ба күліп отырып сүйсінген пендеден гөрі жылап отырып исінген адамға көбірек құлшынамын.

* * *

Құпияны ашып беретін де,
Ақиқатты жасырып көметін де - уақыт.

* * *

Өз замандастарына қарыз болғаннан да, келешегімен араз болғанды ұнататындар арамызда акула болып жүйткіп жүр.

* * *

«Төлесе тек ақысын,
Шығарамын боқысын!»
Деп қаптады өзге жұрт
Көбейген соң оқысым.
Қандай ғана батырмыз,
Жинап алып жатырмыз
Әлемнің бар қоқысын.

* * *

Жинаған байлығың өзіңе қызмет те етеді,
Өзіңді құл қылып, қызмет те еткізеді.

* * *

Бастық кім? Бағынышты кім? Бастықтың да бастығы бар. Бағыныштыға да бағынатындар көп.

Бастықтардың ең бастығы қандай? Бағынышылардың ең төмендегісі не күйде?

Ойландыра ма? Түбіңді түсірердей кеудеңді орап алатын қиын түйін ғой бұл.

Ең үлкен бастық - түйсігіңнен тысқары жатқан аса күрделі ұғым. Қас-қабағының жалғыз-ақ қимылымен қара аспанды қара қазандай төбеңнен төңкере салатын, не қара түнегіңді қас пен көздің арасында түріп тастап, көңіліңді де, көкжиегіңді де жадырата қоятын құдірет иесі ғой ол. Ондайлар болған. Бұрын болған. Бүгінгі демократия заманында ондай құбыжық құдіреттілердің күні өшкен. Қарасы батқан.

Осылай жаздым да: «Жаңылған жоқпын ба?» деп жағамды ұстай алуға шақ қалдым. Жаңылдым ба, жаңылмадым ба - ақиқатын анықтар уақыт қана.

Ұлттық сілкініс - ұлтын сүйген ұлылардың бесігіндегі тербелістен туатынын шым-шымдап сезем бе, ең үлкен бастықтың сұлбасын Тәуке, Абылай хандардың, Абай, Әлихан даналардың бейнелерінен шырамытатын тәріздімін.

Әрбір ұлт өзіне ғана тән ерекше сапасымен өмір сүретін болса, сол ұлтқа барлық қадір-қасиетімен сай келетін ұлт басшысы да болмақ керек. Бірақ бұл арада мен оның билігін айтып отырған жоқпын. Өйткені **біреу** жеке билеген ел ешқашан да мемлекет дәрежесіне көтеріле алмайды. Себебі әр мемлекеттің құндылығы сол мемлекетте тұрақтайтын барша жанның іс-қабілетімен бағаланатыны сөзсіз. Ендеше бастықтардың бастығы - барша жұрттың қызметшісі, көлеңкесі ғана.

Бағыныштылардың ең төмендегісі кім? Базарда арба сүйретіп, көшеде көзін сатып, тәнін саудалап жүрген кілең қара көздерім бе?

Жоқ! Арбасын көлікке ауыстыруды, мөлиген көзін қырандай қияға қадауды, аппақ тәнін жан жарына ардақтап жеткізуді мақсат етіп, осы мақсаттарын тездетіп орындауды ең үлкен бастықтан қатаң талап ететін барша жұрттың жігерлі өкілдері олар!

Сонда ғана еркін елдің ерікті ұл-қыздары бастық пен бағыныштылар арасындағы кереғарлықтан біржолата құтылады.

Лайым Құдай тағала соған жазсын.

* * *

Алтыны жоқ кездің алтын дәуірін сезбеппіз-ау.

* * *

Ел билігі бір адамның білегінде емес,
Бұқара жұрттың тілегінде болар.
Немесе өз халқының үлесін жемес
Әділ басшының жүрегінде болар.

* * *

Билігі мықтының бишігі де ұзын.

* * *

«Ата-бабамнан бастап ұл-ұрпағымның кіндік қаны тамған қасиетті атажұрт! Қадірің қанымда қалар, қасиетің жанымда жүрер. Топырағыңнан жаралғаным рас болса, тас бұлағыңнан нәр алғаным хақ болса, еңіреп кеткен ұлың өзіңе қайда жүрсе де омыраулап жетер әлі. Сонау бір алатопаланда атадан ұл, анадан қыз айрылғанда, пышыраған ел туған жерін еріксіз жетімсіретіп кетпеп пе еді. Ер киесінен де жер киесінің кереметтігін жан жүрегім қан жылап ұғынып тұрғанымды сеземісің, атамекен қараорман! Жат қолынан, жау тақымынан азат етпесем, уай қасиетіңнен айналайын туған жер - кіндік қанымның анасы, тұқым-теберіммен, әулет-зәузатыммен жер бетіне енді келместей мүлде құрып кетейін! Арым - елімде қалып, қаным өзіңе тамсын!»

Бұны айтқан, айта алған кешегі даңқты ата-бабалар.

Бүгінгі біз-туған жердің,дала-анамыздың бөтенсіп қалған жетімектері осылай перзенттік антымызды айта алармыз ба? Анау келімсек олигархтардың табанында тапталып жатқан қасиетті де киелі жерімізді қайтара алармыз ба? Әй, қайдам...

* * *

Итак, родился я 22 июня 1941 года в семь часов утра, не только день в день с началом так называемой великой отечественной войны, но и час в час, секунда в секунду... Если бы я был латинянином-итальянцем, меня наверняка назвали бы Марс, если бы я был древним греком - мое имя было бы Арес, если бы мои родители знали древнетюркскую мифологию, они назвали бы меня древним скифским име-

нем Арай. Но родители почему-то именовали меня Софы, что значит «мудрый, мудрец». Видимо, деды мои понимали, что я буду писателем или ученым, но не воином. Поэтому так и назвали.

О чем был мой первый крик? О том, что в мир пришла великая страшная война, или же о том, что мы победим в этой войне? Честно, не ведаю.

Домочадцы рассказывали, что местные безусые джигиты, как бы прощаясь с последним весельем мирных дней, три дня и три ночи кряду гуляли на праздновании моего рождения. Вскоре они в количестве семидесяти человек ушли на фронт. И тридцать из этих отважных юношей навеки сложили свои светлые головы на поле брани.

Так мой родной аул потерял первых своих сыновей.

Оборвавшаяся на лету жизнь и несбывшаяся юношеская мечта этих безвременно погибших парней вызывают во мне с того момента, как помню себя, чувство вечного долга перед ними.

... А на малой моей родине, родине тех самых рано усопших безусых джигитов ни разу не отмечал свой день рождения. Ни в своем ауле, ни в районе, ни в области. Меня на мой же праздник никогда не приглашали акимы. Да я и не просил их об этом.

Однако читатели родного Казахстана уважают и почитают мое творчество, помнят мое имя. Во многих странах СНГ помнят как своего писателя. В дальнем зарубежье меня знают по моим произведениям. А у себя... В родной области не поставлена ни одна моя пьеса. И некоторые делают вид, что меня совсем нет. А в Москве шли два спектакля по моим пьесам. Тем временем я даже не заикаюсь о празднике, не жалею о том, что не было на празднествах в мою честь в моем ауле скопления многих гостей, как это происходит на юбилеях некоторых расторопных

литераторов средней руки. Все же я не имею к ним никаких претензий, ибо люблю своих земляков, как свою большую семью, в которой есть все: и обиды, и переживания, и радость редких встреч.

(«Бұл неге орысшалап сөйлеп кетті?» деп сөкпегін мені, ағайын. Орыс тілді қандастарым мен туралы аздап мәлімет алсыншы деп далбасалағаным ғой).

Жетінші ой
Кім тыңдайды бізді?

Қараңғыдағы ойыңды ұрып жыққан қайғыңмен қауышқан кезде ауру жүректің ақырын соққанынан қорқып, осы қазір о дүниеге аттанып кетердей дөңбекшитінің қалай?

Кешегіңді тірілте алмай, ертеңіңе үміт арта алмай, шалыс басқан аяғың мен теріс соққан жүрегіңе өкпелеп, артқыға айтпаған сөзіңді алдыңғының ұқпасын сезіп, тіліңді тістеткен төсегіңнің түнегіне орана беретінің қалай?

Тимеген ерікті, кимеген бөрікті аңсадым демей, адасқаныңды жасырып, жалғызға жармасқаныңды мыңмен алысқанға балап, амалдан гөрі айланы құнттап, аттандап шабар ашуыңа көнбістікпен күбірлеп басу айтуың қалай?

Тоналған түсіңді, таланған ішіңді кәріліктің құрсауындағы үмітің қайта оралта алмасын білсең де, алдамшы ғұмырдың желұшық желігімен сонау жастық дәуреннің бұзылмастай дәмін тағы бір татсам деп далбасалай беруің қалай?

Татуыңмен араздасып, жатыңмен жақындасқан ит тірлікте көңіл үшін ғана ілесер екіұшты серігіңе ұсақ құлығын көріп тұрсаң да, алдап кетеріне сенбей, ішіңді түгел ашып тастайтының қалай?

Өзгенің не дерін өздері білсін. Ал мен өз көңілімнің көңірсіген түбегінен өз жауабымды суырып көрейін.

Берекесіз пенденің әрнеге қызығып жанығуы бар. Сол пенде жалтыраққа ұмтылып, жылтыраққа құмартып, оймен жанын өсірмей, той тойлап тәнін асыраудан жалықпай жүріп жар басына жақындап келгенін байқамай қалады. Кейде омақааса құлайды. Кейде енді-енді домаларда етпеттей жығылып, әупірімдеп жан сақтап қалады.

Содан кейін-ақ әлгінің қиял қуып, бос өткізген өмірінен жалығуы басталады. Бұлдыр күннің бүгінгісінен кешегісін таба алмай, ертеңгісінен үркіп, айналасында қаптаған оң шырай мен теріс ыңғайдың қайыссын таңдарын білмей, әуре-сарсаңға салынады. Сол-ақ екен төңкеріліп түскен дүниесінен адасып қалып, бағыт-бағдарсыз ілбіп кеп жөнеледі. Ендігі қыбыр-жыбыр тірлігінен жанығу мен жалығуын айдап шығып, өзімен де, өзгемен де жауығуын бастайды.

Өзінен жау тапқан жанның өзгелермен дауласа кетуі қиын емес. Кінәсіз бәйбішесімен арсылдасып, жазықсыз баласына бәле тағып, байбайшыл күймен ойбайлап бітеді. Заманының кеңдігін етігінің тарлығымен өлшейтін пақырға сонан соң өз мінін ұрлап жасырарға жағдай қайда. Сөздің шынын табуға ұмтылмастан бар қылығын пайда түсіруге жұмсаған соң жоғарыдағы «қайдалардың» паналап тығылар мекені соның кеудесі емес пе.

Менің пайымым осы.

* * *

Байлығың асқан сайын тыныштығың қашады.

* * *

Көрініп қазағына жақын кісі,
Сарқылмақ халқы үшін ақыл, күші.

Сыртынан сол қазағын сатып келіп,
Ұпай жинар депутат популисы.

* * *

Тілегіңе жеткен сайын жүрегіңнің жығыла беретіні несі екен.

* * *

Бұрынғы өкіндім дегенім бүгінгінің бақайынан да келмейді екен. Қайтпаған көңілдің айтпаған тілектерін ертеректе сезетін жандарым мол еді. Бойыңды бір ысытып, бір суытқан жарқ еткіш қаракөз қарындастың сезімталдығын қалай ұмыта аларсың. Бұйығы кеудеңнің қайғысын қабаттаса көтеріп, иығын тоса қоятын досыңның сергектігін жадыңнан қалай жоғалтарсың.

Бұлғақтап келіп, жылмаңдап сөйлейтіндерді аз кездестірдім бе, жатыңнан да жақын іздетер жастықтың әсерімен жұрт біткенге айқара ашылған құшағымның сол кездегі жылуын әлі сағынам.

Дүниенің бетіне қарамай, сұлулық пен әдемілікті саралап, бір күнгі қызығыңа бар ғұмырыңды сарп етердей қызынуыңның артта қалған бір сәтіне қайта оралуды аңсайтының өтірік пе.

Енді ше... Алды-артымнан қамалаған тосқауылдың тоспасына тап болудан айықпаймын. Айығайын десем де аяқ-қолымды шырмап тастаған шідердей шырғалаңым босатпайды. Антын бұзып, арын саудалағандардың қабат-қабат мейманханалары мен тойханалары, ұбақ-шұбақ созылған базарлар мен дүрмек-дүрмек дүкендері аяқ бассаң алдыңды орап, жылярман болған жаныңды жаралап, қойын-қалтаңды аралап, тапқан-таянғаныңды қағып алып, қалтылдатып қоюдан аянбайды.

Бұрынғы бұтты-шаттының сөзін бүгін биліктің, биіктің сөзі қылып құндайтын адам аулағыштар қал-

қиған құлағыңды тесердей, салақтаған тіліңді кесердей жалақтап, сайлау сайын саңырау мен сақауларды көбейтумен элек.

Өтірікке белшесінен батып, ұрлықтың ұйығына сөз қыдыртып, агенттіктер мен министрліктерге төраға боп, аққа тартпай, жөнге бақпай адалдықпен тіресіп отырғандарды көргенде, өкінішім өршіді деп қалай айтпайын.

Айқайлағым-ақ бар. Жалпақ Жалғанды жаңғырта жар салғым бар. Бірақ кім тыңдайды. Сабылған елдің жабылған қабағын түруге тырмысқан төрдегілердің бір тірлігін байқаған жан табылмаса, сол шелтиген шенеуніктердің айтқанына көніп, сұрағанын беріп, айдауына еріп, шерменде күйде сенделе бермегенде қайтеміз.

Қытықтаса да күлкісі оралмас, қуанышы жоқ көңілдің қайғы-қапасына қамалған қазағымның маңдайынан сипар аялы алақан табылар ма?

Кешігіп жеткен көмектен, желкеңді үзер кесек артық па екен? Өлімнің суық демімен ұйықтап кетуге бой ұсынып, өмірден түңілген сиқым ба екен әлде бұл пайымдауым...

* * *

Алтыны көп болғанымен
Ақылы жоқ болса - сол кедей.

* * *

Кешегі кербез күнім керім еді!
Тиыннан сом құятын терім еді.
Ал бүгін терім түгіл, жас ақса да,
Түк тамбай теңгем менен жерінеді.
Аты өшті қаламақы жүйесінің.
Байлықтың қазақ емей,
Иесі кім???
Ол неге төрге ғана бөлінеді?..

* * *

Қуаныш, қызығың еселенген сайын әркімнің өзіңе дос болатынын, уайым, шыжығың қайталанған кезде әлгі дос тұтқан адамдарыңның орны бос болатынын талай түршігіп көрсең де, табиғатыңды өзгерте алмас өзіңді кіналай алмайтының қалай, алаш азаматы-ау? Туысқаның мен жақыныңды Құдай берсе, дос, жолдасты өзің сынай таппап па едің. Қазаның бүлкілдегенде қақпаңды түрткілейтіндерді дос тұтсаң, қазаның қаңсығанда қақпаңды қақпай безе қашатындарың қас жауыңа айналарын қашан ұғынар екенсің, қойны-құшағын ашып тастағыш аңқылдақ қазақ? Құрдымға сіңген достықтың әуелгіде-ақ тұтанып басталмағанын сезбей, момақансып келіп, маңырай мақтағанға мұнайыңды сорғызсаң, жылмиып жетіп, жамырай мадақтағанға жеріңді жамбастатып, кеніңді қазғызсаң, әбүйіріңді де жаба алмастай жалаңаш қалып, тұттай болып тоналып жатқаныңды қашан байқайсың, көктүріктің көкбөрісінің қыңсылай да алмас бөлтірігі-ау? Достығының бір тиындай құны жоқ солардың қастығының зияны батпан, батпан екенін қашан ғана пайымдарсың? Мияулаған пайдакүнем достан жаулығын аянбас қасың мың артық боларын сезсең, алданып қала бермес едің-ау, уай Алаштың бос белбеу баласы!

* * *

Алтын сөйлеген кезде, халқың құлға айналады.

* * *

Соңына түсіп алып құмарлықтың,
Дабылын оңды-солды ұрар «мықтың».
Сезерім: сол тірліктен баз кештіріп,
Түбінде бір жеріну тұрар түптің.

* * *

Жер басып қыбырлап жүргендердің ешбірінен кәпірлік күтпейтін Тәңірінің Тәңірісі - Анаңа күпірлік келтіріп, назасына ұшырасаң, түптің түбінде дәл сондай жазықсыз қиянатты өз балаңнан тататыныңды қатты ескерсең деймін. Өйткені бұл дүниеде ананың жылы құшағына жетер ыстық ұя болмайды. Сол ұяға енгеніңде кешірілмес күнәңнің кешірілгенін, өшірілмес ұятыңның өшірілгенін елжірей сезініп, ешқашан күнәға жоламастай, ұяттан өртенбестей жуынып, тазарып шығатынымызды тезірек ұмытып кетпеуге тырыса алсақ қой. Жаман есектен де кейде жақсы қодыға туарына мән берсек, ананың ақ сүтімен ауызданған өзіміз де бүгінгі жас баламыздың өскенде қандай боп шығарына мықтап көңіл бөліп, дұрыстап тәрбиелеуге барымызды салсақ жөн болар еді-ау.

Өзгенің ата-тегін жамандай бергенше, өзіңнің ұрпағыңның қалай боп өсеріне алаңдай білгенің - азаматтығыңды ақтағаның емес пе.

Бұзық дәннен түзік егін жайқалғанын көріп пе едің...

* * *

Жеңбесе де айқасып өткен ғұмырдың атышулы атағы болады.

* * *

Шашылдық салам деумен бір қаланы.
Қаңсыттық,
Құлазыттық қыр, даланы.
Форумнан форум қоймай өткізбеген
Астана Бәйтерегі ырғалады.
Байлықтың ортасында шайлық тимей,
Күйіктің көз жасымен жанып, күймей,
Қашанғы бұл қазағым құр қалады?..

Сегізінші ой
Ал, алдың тоқалды...

Үйлену - үй болу ғана емес. Ол әлде еркіндігіңнің мүлде күйреуі, әлде еркіндігіңді асқақтатып ілгері қарай үнемі сүйреуі. Жалынсыз түтін болмайтыны тәрізді махаббатсыз некеде екеуара бітім болмайды. Ал некелестің екен, өз тілек, ниетіңді дұрыс қадағалай алатын өз кеудеңнің ғана билігіне жүгін. Әйтпесе дауасыз күдікке берілсең, өз шаңырағыңа өзің қонақ болып, қоңылтақсыған көңіліңді қосағыңнан жасырып, күңіренген ішіңді күрсінген түсіңмен көмбелеп өтесің. Тапқаның мен жеткенің не сонда? Күйеуінің бетіне кекірейе қарап, менсінбей, күле мазақтайтын әсірешіл әйелдің мекерлігі ме? Сол мекерлікке қарсы бүлік бастап, топырлатып тоқал алғаның ба? Ал, алдың тоқалды. Сол жас иіс дегенің жаралы жаныңды аялы алақанымен сипап, жан тыныштығын тапқызар қызметші «нянькаң» бола алар ма? Әлде жаныңның жарасын одан сайын тілгілеп, тұз сеуіп қызғанышыңды қоюлата түсер құбыжығыңа айналар ма? Өзіңді мұңға шомдырар, өзегіңді қанға көмдірер көп әйел алудың сонда қандай рақатын сезініп, қызығын көріп, тәттісімен тұшындың?

Бүгінде айтылатын: «Бұл Астана - толықсыған тоқалдардың қаласы. Ал Алматы - нақақ жастың мөлдіреген шарасы!» деген ұйқаста қақ жарылған отбасының қайғысы мен қасіреті жап-жасыл запыран жастай болып тұнып тұрған жоқ па. Мұндағы баланы ондағы әкеге қарсы қойып,желіккен әкені жақтырмаған баласынан алыстатқан, қазіргі бәйбіше-тоқалдықты қалыптастырған үрдіс шектен шыққандықтың бет-бейнесі емес пе. Мынау өз ордасының әкесі болудан қашқақтап, тоқалына көтерген анау отауынан өрбитін сәбилердің әкелері - көршілері болатынын шынымен сезбей ме екен?

Өз отбасының берекесін кіргізе алмай жүрген жандардың бүкіл өлкенің билігін қолдарына ұстағанда не тындырарын бір Құдайым ғана білер. Біздікі: елді де, ерді де сақтандыру үшін тыраштану ғой.

* * *

Өмір мен өлімнің арпалысын үміттің ұлылығы жеңгізіп,
Ал ұсақтығы көнгізіп шешіп береді.

* * *

Өзгенің қайғысын көтеріп кету үшін өңгеміздің қажыр-қайратымыз мол-ақ қой. Бірақ қарайласар қолымыз тым шолақ қой.

* * *

Қойған соң алқындырып күн, ай алдай,
Түн сайын тар төсекке құлай алмай,
Безіп жүр Астанадан көп құрдасым
Тоқалдың талқысына шыдай алмай.

* * *

Алақаныңды бетіңе тоссаң, Алатауды да көре алмайсың. Ал ақиқаттың тарыдай дәнін табу үшін, тану үшін көзің ашық, кеудең тесік болғаны ләзім. Бірақ соған құлықты кім? Көрдім деуден де, көрмедім дегеннің өзіне тиімді боларын екшейтіндер көз алдына алақанын тана емес, алып Алатауды қалқан қылып тосып алып жүрген жоқ па. Қателікті білмей, түсінбей жасаған кісіні кешіруге болса да, ақиқатты аңдап тұрып, бірақ сол ақиқатқа қарсы келетін әрекетке тапжылмай баратын кісәпірдің қылмысын жазалаудан басқа жол жоғын көретін көзімізді бүркеп, кеудеміздің тесігін бітеп жапқан биліктің бұнысы несі деп, таңданарымды да, үрейленерімді де білмей дал болушы едім бұрын. Бүгін анттың, серттің, ұяттың сөзін құлағына да ілмей, арамдықтың, пайдакүнемдіктің,

жемқорлықтың құрығына қолын созған әкім, төре тәрізді ұлықтардың ұрлығы істеріне етіміз әбден үйреніп кетті ме, үрейлену тұрмақ, үрпиюге де шамам жоқ.

Хақтың алдында өзін өзі соттайтынын елемей, жазықсыз жанды жазықты етіп соттайтын соттардың, кінәсіз болса да өз тағдырының тәлкегінен үркіп отыратын пендеден гөрі қап-қап қылмыс арқаласа да заңнан мүлде қорықпайтын төрдегілердің жабайы түр-түсін Жаңаөзендік міскіндерді жазықсыз соттап сорлатқан сотымыздың тірлігінен таныдық қой. Бірақ тыпыр еткен тұяқ, тулаған жүрек таппай, көпке деген өкінішімді өкпемде өшкен өксігім жұтып қойғанын қай қазаққа айта берермін.

* * *

Биіктен биліктілер жиі ауысса,
Бұрқырап сай қуалап шаң көбейер.
Биліктен біліксіздер ауыспаса,
Ішіне қаны қатқан жан көбейер.

* * *

Бүгінде әр салаға көз жүгіртіп, ой толғаушылар тым көп те, сол ойды қорытындылайтын ақылмандар мүлде жоқ. Ақыл айтқыштар ғана бар. Олар жерді аспанмен теңестіріп, ерді езбен алмастырып, тентіреген елді ауызбен жұмақтың төрінен бір-ақ шығаруда алдарына жан салмайды. Күн сайын құлағыңа құя берген соң көргеніңе сенбей, көнгеніңе еріп кеткеніңді байқамай-ақ қаласың-ау.

* * *

Қауіп-қатеріміз бен уайым-қайғымыз қанша болса, соншалықты күйкі күй кешетінімізді ескеріп, солармен күресудің орнына қауіпке үрей жамап, уайымға

қасіретті қосып алып, жаутаң көзді жалтақтатудан бір арылмай келеміз.

* * *

«Көшерімді жел білер, қонарымды сай білер» тәрізді қаңбақ тірлікті бүгінгі жұмыссыз қалған қазақтың онда қашып, мұнда тығылып жүріп, «өмірімді алсаң да, еркімді алма» дейтін сылтауға үйірлігін қайтерсің. Өркені аз, тамыры жайылмаған, ертеңі беймәлім еркіндіктің қадірі қанша. Ау, сол еркіндікті сонда сол қазақ кімнен қорғамақ қызғыштай қиқылдап жүріп? Өз қазағынан ғана! Өзінің төрі мен төбесінен. Әкімі мен шенеунігінен. Жә, онысы жөн-ақ дейік. Жауығатыны тағы кім дейсің бе? Тәлімін талағына құймаған бедірейген берекесіздігін бетіне басып шапылдаған әйелі. Сонау колхоз таратылғанда үлесіне тиген төрт түліктен қалған бес жандыққа он төрт, жиырма қолмен таласқан аға-інілері. Қала берсе, ақылдымсынған ағайыны. Насыбайды қалай атқанын да, үй көлеңкесінде тыр-тыр қасынып жатқанын да көре алмайтын көршісі де, ең болмағанда күлін сол жаққа қарай бұрқыратып, көкала түтінін де сол шіркінге бағыттап салады-ау. Қырсығы бір басына жетіп артылатын қыршаңқы қазақ сонсоң не істейді? Табылса тозығы жеткен «Белорустың» тележкасына, табылмаса бақырауық түйесіне бары-жоғын арта салып, баласын бақыртып, қатынын сабап, итін қаңсылата бездіріп, азынаулақ қойын дірдектете қуып жер түбіндегі қаладан жұмақ іздеп көше жөнелмей ме.

Даланың ұйтқыған желінде тыным жоқ. Он, онбес жылдан бері қазақтың аласапыран көшуі мен босуында тыным жоқ. Қаланың тап түбіндегі мынау бір бұлақтың суы балдай екен, шалғыны ормандай екен. Төбесі тауға бергісіз, шілігі нуға бергісіз. Қалқасы

қалқаяды. Жерошағы қазылады. Күлі төгіледі. Бұлақты иемденіп, жерді бауырына баспай ма қазақ. Неге баспасын. «Келдің бе, кеттің бе?» деп жатқан жан жоқ. Көкжиекке тесілсе, биік-биік үйлерді бауырына қысып ап, бұлың-бұлың билеген көк түтін ғана. Бұрынғы қонысындағы көкжиектен мына көкжиегі мүлде өзгеше. Түтіні ме, газы ма бұрқырап жатқан. Оны қайтсін ол. Жамбастаған жерінің шілігі - тоғайдай, шыбыны - торғайдай болса. Енді ол шіркінің аспанға шырт түкіріп қойып, өзінің шыбжыңдаған шолақ құйрық шыбышын өңгенің бұзаулы сиырына теңгерер ме.

Әй, бірақ... Жер өзінікі болмай, өзгенікі болып шыққанын қалқайтқан қалқасын шынжыр табан бульдозер немесі қамыстай қырқып түскенде, көзінен жасы, мұрнынан сорасы ағып отырып білгені бар еді-ау. «Қаланың меншігін сұраусыз басып алдың!» деп дікілдеген шенеуніктерден жалынып-жалпайып әрең құтылған-ды. Қайран қазақ кеңседен шыға беріп ашуға қайтіп мінбесін. Ашулы қолдағы қамшы қайтіп қана шошаңдамасын. Шошаңдады дегенше баланы белден, қатынды жоннан тіліп түспесін бе. Шошайған қосы бақырауық түйенің қомына қайтадан артылмасын ба. Не көп? Бүгінде қашқын-пысқынды қазақтың даласы шиырлаған сүрлеу-соқпағы, жымы-сорабы көп. Көшу - босумен әлі күнге шейін титықтап жүрген, қандастарыма жаным ашығанымен, қолымнан келер дәрменім жоқ. Үркін көштің бір шаңын қаламыммен шүйкелеттім...

* * *

Кемшілікті даттауда,
Шыбындаған аттаймыз.
Жақсылықты мақтауда,
Бір ауыз сөз таппаймыз.

* * *

О, тоба! Көк күмбезді кең сарайдан құрым киізді қараша үйді артық көретін түз қазағымыз-ау. Түндігіміз желпілдесе, уығымыз сықырласа, ұйқымыз шырайлана түсетінін өзгеге қайтіп түсіндірерсің. Әлде желдің суылын, жапырақтың сыбдырын, судың сылдырын ана әлдиімен қоса естіп өскен қыр ұлына табиғат анасының әртүрлі әуезі құлағына үнемі жетіп тұрмаса, жетімсіреп жабығып қалар әдетінен де ме екен? Құрым иісі танауына келмесе, тандыры кеуіп, тамағы қаңситын қазақтың бірі болмасам, ақ үйдегі көк мәрмәрдің үстінде маң-маң басқызған жауапты қызметімді өз еркіммен тастап кетпес пе едім...

Мемлекетіміздің тізгінін бір қолға ұстатқанымыз хақ. Әруағынан айналайын әз Тәуке ханның тұсында ұйытқылы елге айналғанымызға жасыған жауымыз, басылған дауымыз куә. Ру-рудың бірін-бірі иектеуін, бірін-бірі жұлқылауын, жұлмалауын, жұмарлауын тоқтатуға ұлт көсемінің қаншама күш салғаны бір Құдайға аян. Сол кездері Тәукенің «жеті жарғысы» түзілмесе, мынау ата-бабаның қаны мен тері сауылдап құйылған сары белді, салқын көлді, самалы ескен сайын далада қазақ жұрты бүгінгідей жер басып жүрер ме еді, жүрмес пе еді. Ол да бір Құдайға аян. Тауарихтан өшіп кетейін деп тұрған, бірін-бірі жұлып жеп, өзді-өзі қырқысқан, тағыдай боп таласып, тағыдай тірлік кешкен сан ұлысты бір ұлтқа ұйыстыра білген хандарымызды мақтан қылып айтсақ несі бар.

Балапан басына, тұрымтай тұсына болып «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан» кейінгі кер кезең, зар заманда жоңғар шапқыншылығына қарсы алты алашын қайта көтерудегі Абылай кемеңгердің еңбегін кейінгі өзімізге аңыз етіп те жеткізе алмай жүргенімізге кінәлілерді іздесек те, тапқызбайтын кезеңге тап болғанымызды қайтейік. Бәрібір ат-атақты елі береді. Даңқыңды жұртың шығарады.

Бірақ атағыңды ағайының да, бақталас, тақталасың да көре алмайды. Даңқыңды аталасың да, баталасың да жанталасып өшіруге тырысады. Өйткені бәлсінген балшық құдайлардың көбейіп бара жатқанын несіне жасырайық.

Ал бүгін... Кеудемді кемірген ойдан қалжырағанда, домбыраға қол созамын. Қара қарағай не десін. Зарға зар қосылады да. Шерге шер қабаттасады да. Күйік үні күрсініске толады да, күлкі шіркінді қуалап бездіріп жібереді-ау. Сол күрсініс мынау даланың тұс-тұсынан бұрқ-бұрқ атылар шаңынан сескенген жүректің сыздауынан ба әлде? Сол бұрқырайтын шаңды бұрқыратар адуын көршілердің мысы мен сесін басардай құдіретті әрекетті қай қиырдан іздесек екен?..

Тәуке, Абылайдың тура жолын қуып, әділеттің туын биік көтеріп «Елім!» деп еңіреп алға шығар бас-шым табылар ма?..

Көңілдің қобалжуы көбейді ғой.

Тоғызыншы ой

Ұлтыңа ұл бол, ұрпағым!

Ұлтыңның ұлы ғана емес, ұлтаны болам десең, асқынып асып та кетпе, тәкаппарсынып тасып та кетпе. Төбеңді оздырып төбесінен қараймын демесең, төменшіктеп төменнен сүзіліп, өзіңді биліксізге санаймын демесең, сол ұлтыңа сұлтан болмаған нең қалды. Өзгелердің ұнамайтын қылығын өзіңе жапсырып алсаң, сол өзгелерге өнегеңнің жұғыспайтынын өкінішің айғақтар болса, сұлтандығыңның қадірі қашарын да ескере біл. Ой-бойыңнан бір кінәрат таппай, мақтау-мадақтаумен өзіңді Құдайдан да зорайтып жіберетін төңірегіңнің өтірігіне иланбасаң, сұлтандығыңа зымырап қайта ораларың және хақ.

Арамдықты таптап, адалдыққа талпына білсең, сенен еркін, сенен азат адам болмайтынын жадыңда үнемі сақта. Мен осы ескертуімді бүгінгі немере, ұлдарыма - ертеңгі ұлықтарыма айтып отырмын ғой деп ойлаймын. Құнарлы көкірек кездесетін шығар-ау.

* * *

Жоғалтып алған арыңнан, сол арыңның әуелден болмағаны дұрыс. Өйткені ақымақ пен арсызды тез танитын халық олардың маңына жоламайтыны белгілі. Ал арам адамның ар-иманы аяқ киімі тәрізді-ау. Қажет етсе, киеді. Алдамақ болса, шешіп тастап, жалаңаяқ тарта береді. «Аяқ киімім болмаса да, аяғым бар ғой!» деп ар-ұятын табанымен таптап жүретіндерді кейде танып, кейде танымай қалатындықтан соларға қол ұшын созып қалып, адал жандарға зиян келтіріп алатынымызды байқамаймыз. Жанын жалдап, арын саудалайтындардан, базарлайтын ары мүлде жоқтарды артық санайтыным содан.

* * *

Қателігіңді кешіретін, ақиқатыңды өсіретін
Уақыттан асар құдірет болмайды.

* * *

Шет пұшпақтап торына орап жатыр.
Талап жатыр кірмелер, тонап жатыр.
Ыза-кегім кеудемді жайлап, шықпай
Ішімді өртеп, булығып борап жатыр.
Құл тозаққа бас сұғып, мақұлдасам,
Арыстан боп, ашынып атылмасам,
Қап-қара көр - жұтады қорап батыр.

* * *

Есіне тұтқанын - билігім деп санайтындар мен өз көзқарасын - әлемнің тұтқасына балайтындардың

кесірі кеселден де жаман. Әрі қарай талпынбай білігін шектеп, өз көзқарасын өзгеге таңып өктеп әлек болатындар бүгінде көбіне көп билік тізгінін саусақтарына орап алған. Бұрылсаң, қақпайлап қағып, ұмтылсаң, маңдайдан соғып, аяқ-қолыңды матап қана қоймай, ой-сойыңды да тұншықтырып тастауға дайын.

* * *

Төбеге шықпаған
Төменге құламас.
Төбеге шыққанға
Төмендегі ұнамас.

* * *

Алыспай жатып «Құлатам!» дегенге сенсең де, таныспай жатып «Ұнатам!» дегеннен аулақ без. Құлатам дегеннің бүркемесі жоқ, шындығы бар. «Пәлі, пәлі!» деп бұлғаңдап жетіп, қойныңа кіріп, қолтығыңнан өткеннің бүркеулі сұмдығы бар. Өйткені ол шіркін сенің мынауыңа қызығып, қалап алайын деп жүр. Не анауыңды бұзып, басыңды бәлеге салайын деп жүр. Соған қарап «досыңмын!» дейтіннің жармасып сүйкенгенінен гөрі қасыңның текетіресіп қалып, итергенін мақұл көрем-ау. «Сырын білмеген аттың сыртынан жүрмені» ұмытып, маңдайдағы тұяқ теуіп түсірген таңбаны алақаныңмен жасырам деп қашанғы шаршамақсың. Шаршаудың әр түрлісі бар. Өзіңше солықтаудың артық екеніне мән бермей өзгеге еліктеумен шаршау бар. Әлгіндей сүйкенгіштерден қашам деп жүріп, құлап тынатын шаршау бар. Шаршамайын десең, сүйкенгішіңе қарыз бер, қарасын біржолата батырады. Содан соң әр істің өз уақыты жетерін жадыңа мықтап түй. Жаңылмайсың,

* * *

Шайтан берді - тайдырды,
Адалдықтың жолынан.

Ұрлар еді-ау Ай, Күнді
Келсе шіркін қолынан.

* * *

Жағына сарт етіп тиген шапалағыңа жауап бермегеннен қауіптен, ішінде кегі кетуі мүмкін. Өзгелердегі ұнатпайтын қылықты өзіңнен табудан сақтан, қорқыныш ішіңді жалап жемі етуі мүмкін.

Бірақ қауіптене берудің де қаупі бар. Үрей билеген кезде ержүрек адамның жасқаншақ болып, жасқаншақтың батыл боп кететінін талай кездестірдім. Сондықтан да қорқынышқа бойыңды билетсең де, ойыңды илетпе, қандасым! Қорқақ иттің үруі көп те, ұмтылуы жоқ. Ал батырдың батылдығы оның үрейін жеңуімен ғана бағаланады. Ал батылдықты үрей туғызатынын менен артық білесің, Алаш азаматы. Бүгінгі үрей билеген төбедегі төрелердің қорқынышы ғаламат. Өйткені өзіне де сенбейтіндер өзгенің бәрінен қауіптеніп бітеді де, өзіндегі үрейді өзгеге күштеп қопара салуда ештеңеден тайынбайды. Ал қорқақ жанның үрей себем деп жанталасуы - оның әлсіздігінің айғағы. Алтынды отпен, ерлікті оқпен сынайтынын ұмытпасаң, ұрандасым, үнемі өлімнен қорыққан жанның дұрыстап өмір сүре алмайтынын да қатты ескер.

Арыңмен келіссең - берілмейсің. Батылдығыңа жүгінсең - жеңілмейсің. Тізесін бүкпей тік тұрып өлген бабалардың уағызы осы.

* * *

Жұрттың бәріне сүйкімді болып көрінуден өтер сүйкімсіз тілек жоқ.

* * *

«Песня - летопись, преданье. Отодвинь, как полог, время - в той мелодии прекрасной скрыта тайна

поколений, обескровленных, несчастных, злобно загнанных в ловушку и молящих о свободе на коленях, как бездетные - о детях...»

Эти строки из моего романа-трилогии «Елим-ай» звучат лейтмотивом всего моего творчества. Три романа о прошлом Казахии, основная книга моей жизни. Первый том, переданный в издательство в 1970 году, благодаря «доброжелателям»-завистникам увидел свет только в 1978 году...

Как я чувствую своих героев из прошлого, как ощущаю их эпоху?

Чтобы воспроизвести на бумаге судьбу народа, в далеком прошлом перенесшего великие страдания и сумрак войны, писатель хотя бы в душе должен стать или проводником, или караванщиком этого долгого жизненного кочевья. Во время работы над романом мне слышались стенания матерей по погибшим детям, глухие стоны людей и животных, я представлял героев-воинов, их самоотверженность, разжигающих молнией огонь, жестокость врага, по рукоять вонзившего черный кинжал в нежную грудь девушки... И многое другое... Лишь тогда Горы, вонзающиеся, как копья, в небо, и распростертые далее горизонта широкие Степи, немые свидетели прошлого, раскрывали свои тайны и показывали картины того, как горевал и радовался, как сожалел о погибших и верил в будущее, сомневался и не терял надежду казахский народ.

Судьба народа - не простой ларчик с секретами, который легко открыть. Нужны бесконечные поиски, глубокие исследования, необходимо вникнуть внутренним взором в исторический материал, начиная от прошлого до наших дней. Писатель, берясь за историческую работу, должен снова и снова проверять каждый факт, должен пропустить его через горячее течение крови и сердца, и сомневаясь в нем,

и волнуясь за него. Лишь в этом случае ты сможешь почувствовать древнюю историю Казахии. Лишь в этом случае всей душой поймешь пережитое казахским народом - его счастье, завоеванное в борьбе, его жизненный путь, по которому он пришел к свободе, к благородству и надежде через безмерную любовь к своей родимой земле.

* * *

Аққан су адам ғұмырындай-ау. Кішкене ғана көз жіптіктей жерден бастау алады да, жыра-жырадан жылап тамған жылғалармен, сай-сайдан сылдырап аққан бұлақтармен қосылып ілгері сұғына береді. Бұлақ-көздер, жылға-тұмалар өзек жара өзен боп арындайды сонсоң. Жерден ылғал сорып, бұлттың төсін сауып көбейеді, кеңейеді. Ал содан тауды тіледі, тасты ағызады. Өрден төмен құлдилай құлайды. Жазықта жайылады. Ендігі нәрді жан-жануарға өзі береді. Таңдыры кепкен даланың таңдайына ендігі суды өзі тамызады.

Адам да сондай. Сәби іңгәсімен дүние есігін қағады. Одан бозбала күй кешеді. Үй көтереді басына. От басынан тағы да уілдеген ана әлдиі естіледі. Ұрпақ жалғастығы басталады. Кешегі сәби - бүгінгі әке, ертеңгі ата, кейінгі баба. Әрі-беріден соң бір рудың басы. Бара-бара тайпаның аруағына байланады. Аты ұранға айналады. Өскені, өркендегені - аққаны, арындағаны, тасығаны, шалқығаны емей немене.

* * *

Ілессе шұбырып
Қол жайып аш-арық.
Көз жасты сіміріп,
Кетеді-ау жасарып.

Оныншы ой

Құрдымға сіңген қаламақы

Біреулер өзі де, көзі де тоймай, құныққан сайын құтырынып, «көп алсам, алған сайын мол алсам» дейді. Енді біреулер Құдайға жалбарынып, «өзіме тиесімнен тоналмасам» дейді. Әлбетте алғашқыға пайдалы кейінгіге зиян болып тиеді. Пайдаға бөккендер зиян шеккендердің зарлы гөй-гөйін дөй-дөйге басып, қарқылдай күліп тыңдайды.

Жазушының байлығы - қаламақысы еді. Еліміз егемен болып, ұлтымыз тәуелсіздік алғаннан бері қаламақыдан қағылып, шайлығымызға да жете алмай қалдық. Шығармашылық иелеріне тиесілі қаламақының жиырма жылдан бері кімнің қалтасына сіңіп, кімнің қойны-қонышына құйылып жатқанын шіренген шенеуніктер өлсе де жақ жазбайтыны аян. Көтерем авторлардың көзін көгертіп, өздерінің көсегесін көгертіп, оңай олжаға шаш етектен батып жатқан биліктегілердің асығы түгел болса, басқалар үшін бас ауыртып қайтсін.

Соңғы рет елбасының қабылдауында болғанымда: «Нұреке, балконы мен дәлізіне қоқыр-соқырдай етіп үйіп тастаған кітабы - жазушының өнімі! Қаламгердің тауары да-кітабы! Өз үкіметі, өз мемлекеті, өз елбасы кітапты өнім деп санамаса, тауар деп қарамаса, сонда қаламгердің еңбегін кім ақтамақ? Қаржы дағдарысы авторларға қаламақы жүйесі жойылған кезде - 1991 жылдың 16 желтоқсанында, осыдан жиырма жылдай бұрын келген. Осыны қалай жөндей алар екенбіз, Нұрсұлтан Әбішұлы?» дегем. «Жөндейміз!» деген президент... Ал біз болсақ қираған кемедей кез келген жел өтінде қалт-құлт етіп, батып-шығып кетіп барамыз.

«Көп кіжінгеннен де бір күлген артық» деп данышпансиын десем де, күле алмай-ақ қор болып біттім. «Жоғарыдағыдан күдеріңді бір рет үзгенше, төмендегілерден он рет алданған дұрыс» деп тағы тақылдап кеткенімді байқамай қалдым міне...

* * *

«Бар әлемнің тұтқасы -
Мына ағаңның Өзі!» деп,
Даңғырайды бос кеуде
Ісінен гөрі сөзі көп.

* * *

«Жолым бір болмай, сәтсіздікке ұшырай беретінім не?» деп өзіңді өзің кінәлаудан гөрі, өзің тындыра алар мүмкіншілігіңнен көп төмен мәнсіздеу мақсатқа байланып қалғаның қылмысқа барумен парапар. Жоғарыға созған қолыңды «Әй, қойшы соны!» деп сылқ түсіріп бұрылып кетуің, жейін деп отырған тамағыңды ит арамдап кеткеннен әлдеқайда жаман. Бүгінгі мынау қазағымның қиындықсыз қыр аса алмай қалып, оңай жол іздеп тығырыққа тіреліп, тұйыққа қамала беретіні қалай деп көп ойланам. Сөйтсем, мақсат-мұратсыз сенделген байғұстар өз билігін обырлардың қолына ұстата салып, өз байлығын өзгелердің өңешіне құйып, кірмелердің қансоқталағыш аузына тістете салып, шетқақпайда желдеп жүр екен ғой. Қол-аяғын күмілжіткен күдігі шырмаған байғұстар бүгінгі қам-қаракетсіздігімен ертеңгісінің есік-терезесін қиратып жатқанын қашан сезер екен...

* * *

Мақтағанға емес, даттағанға құлақ асқан жан - сыпайы жан.

* * *

Әділ ханның жүрегі баста болар
Адал жанның тілегі доста болар.

* * *

Кешегі тындырған әр ісіңнен бүгін қайрат, жігеріңнің күшін байқап отырсаң, ертеңгі әрекетіңнің де абройсыз болмайтынына сеніміңнің арта түсетінін ұққын, ұлым. Бүгінгі шыққан биігің басқалардың төбесінен зіркілдетіп, күдік жамамайтын болсын. Қатал сесіңді жұмсақ ақыл, есіңнің икемділігімен орайластыруға тырыс. Өйткені дүмді дәрежесі бар, лауазымды ерттеп мінгендердің мінез-құлқының есіріктеніп өзгеріп кететінінің куәсі боп жүрміз ғой. Жауды жеңгеннен де дауды жеңудің қиын екенін түсінсең, тартыс-таласқа түскен сайын сан құбылып түсіңді өзгертсең де, ішіңді өзгертпе, ұланым. Өйткені адалдыққа суарылған ішкі өзегің майысса да, қайыспайды. Иілсе де, сынбайды.

Циркшіден министр, гинекологтан генерал, агрономнан облыс әкімін, слесарьдан зауыт директорын көзді ашып-жұмғанша жасай қоюдың кесірінен бүгінгі былықтың батпағына батып, оқпанына омырауымызды төсеп жүрген қазіргі ел тірлігі ертеңіне үркек көздің кірпігін үреймен қадалтпай ма. Сол үрейді жою үшін сендер бүгін барлық тәуекелге баруларың керек, балам.

Тәуекелдің тізгініне жармасқан ерік пен жігердің әлсізден мықты, жасықтан батыл, езден ер туғызатынын өткен күндердің ержүрек ұлдары дәлелдеп кеткенін тағы да есіңе салайын, ұландарым мен ұрпақтарым.

Ығысып қапы қалғаннан да қарысып жеңген артық.

* * *

Құлдықта езілсең,
Құл болу түк емес.
Құлдықтан безінсең,
Кеудеңе ол түнемес.

* * *

Қиянатшыл пенденің қаперіне қиянат жасадым дейтін түйсік кіріп-шықпайтынын ескере бермейміз. Өйткені өзгенікі оған түгел зорлық болып көрінсе, өз зорлығы өзгеге қорлық боп тиерін ойланар пенде бар ма? Қалды ма сол ой теңселтер адамың? «Анау арамға мынау зауалым! Мынау зауалға анау сауабым!» деп тақылдап отыратын дайын жауап көкірегінде тіреліп тұратын болса, онда алыс-жақынмен ақылдасудың қажеті қанша? Керек пе сол ат шаптырып алаөкпе болу. Араз-құразды онсыз да өрбітетін ағайынға сөз беріп, сылтау тапқызып өтірікші атанғанша, үйде жатып-ақ анаған да, мынаған да неге мылтық көздеп, оқ бората бермеске. Бәрібір қиюы қашқан Дүние орнына енді түспестей болып кетті ғой. Бәле басы пенде мен адам да емес, шенеунігің мен әкімің де емес, төрің мен төрең де емес, тіпті сонау төбеңдегі де емес, кеудеңнен басып тұншықтырған, құлағыңнан басып тұқыртқан, біріңді емес бәріңді құрдымға қарқ қылуға жең түріп, білек сыбанған Құдайың болса ше? Тәңірдің өзі! Жеткізе алармыз ба оған тілхатты? Өткізе алармыз ба өтініш-өксімді? Ұғар ма? Ұғынар ма бар болса сол өзі? Ал күнә, кінәміздің обал-сауабын жаратқан Құдіреттің өзі көтерер, біз несіне күйіп-пісеміз десек, ноқтасына да, жүгеніне де, құлдық қамытына да үнсіз мойынсұнып, көз жұмып басты тоса береміз бе...

* * *

Недаром я дал название книге, роману-эпопее «Елим-ай». «Елим-ай» - это не только скорбная песнь-гимн нашего народа, но и гимн жизнеутверждающий. И, надеюсь, что это мое эпическое произведение - не простая хроника исторических событий, а роман-песнь, роман-симфония.

Напевы домбры, песенный язык книги постепенно превращаются в горькую истину народной жизни. «Елим-ай» - горестная тоска времен эпохи вражеского нашествия. Без этой песни невозможно полностью понять страдания печального, облаченного в траур казаха во время джунгарского нашествия. В начале произведения голос песни доносится слабо. Но постепенно этот тяжелый плач по родной земле нарастает, все явственно слышатся гром и молнии, которые заполняют всю Степь. Задумчивая мелодия старца из племени Аргын, главы кочевья покидающих родимые места людей, - тоже «Елим-ай». Стонущая, бредущая по глухой степи, проливая слезы, прижимающая свое дитя к груди Аршагуль поет ту же песню - «Елим-ай». Из поколения в поколение, поддерживая страждущих, гнездившаяся в истерзанном сердце светлой мечтой, призывающая раскромсанный народ к единению, зажегшая лучину надежды на будущее, гимн стойких - тоже «Елим-ай».

* * *

Жалпыға түгел ұнау үшін жалпылдап көзге түсе берген жанның жұртты өзінен жалықтырып алып, қол түгіл көз жетпес қаншама биікте отырса да, соншама төмен құлдырарын сезбейтіні өкініште-ақ. Өрмелеп бара жатқанда бөгелуге боларын ұққан адамның құлдилап домалаған кезде тоқтай алмайтынын ұмытып кететіні қалай? Ал жамағатына жағам десе,

солардың көңілін жағалай да, көңілдегісін бағалай да білгені жөн ғой.

Қолына түскеннің бәрін қойнына тыққыштай беретіндерді аңдығыштардың көп болатынын әкім-қараларға құлаққағыс етіп: «аспандағы көзіңді анда-санда айналаңа түсіруді де ұмытпа!» дегім бар. Әй, бірақ ақылымды ала қояр ма екен. Өйткені жемісін жеу үшін бұтақтарын сындырып алып, талай ағашты қуратып қойған жоқ па солар. Шөлден қаталаған кез-де құдық қазбақ болған ертеңгі түк өндірмес әрекетін бүгін сезе алса, жоғалтарын жоғалтпас еді-ау...

* * *

Мінезсізге мінез бітірем десең,
Ат пен таққа мінгіз.

* * *

Босатқан соң іргені,
Білінбеді кіргені.
Әдетіне айналды -
Етегімді түргені.
Бәрінен де батқаны -
Құдай тұтып жатқаным
Байытып ап кірмені.

Он бірінші ой
Бастау мен аяқтау

Күрделі істі алды-артыңды бажайламай-ақ ба-стау оңай да, сол бастамаңды құлпыртып, келістіріп аяқтап тастау қиын.

Дәнді себу бір бөлек те, піскен егінді орып, теру де өз бетінше өзгеше емес пе. «Бірақ қиындық кө-бейген сайын қажыр-қайратыңның еселей түсерін ұғынар жан бүгінде азайып барады-ау», деп бас

шайқағанымды кім елей қояр. Әйтпесе жан иесінің жасай алмайтыны болмайтынын жұдырықтай ғана жұмыр жердің әр тұсында қыбырлап тіршілік етіп жүргендердің қарекетінен көріп сезетінімізге бас изер едік-ау. Сондай үлгілі істерге мән бермейміз бе, әлде өзгеге еліктеуді, өзімізді Тәңірге балап, жөн көрмейміз бе - қаперімізге де алмаймыз.

Қазаныңда не қайнатсаң, қарныңа сол түсерін ойламай, бос қарынды тыр-тыр қасып қойып, төбеге түкіруден қашан жалығармыз. Қыбыр етпей шөгіп, құрғақ қиялға бөккен жанның миятқа жеткенін көрген емеспін. Жетпегенін жеткізудің орнына, діттегенін өткізудің орнына әулекілене айқайлап, маңайына өзі сияқты селтекбастарды жинап алып, мақтан көйлейді де, қылығының қылшығын да тап басатындардан аулақ жүреді. Ал мақтанғанда не айтады. Не айта алушы еді. Мақтанатын түгі жоқ бақытсыздығының өзін барынша бағалап, далиятындарын қайтерсің бәт-шағарлардың. Қам-қарекетінің басын таудай, аяғын қылдай етіп сұйылтып бітіретіндердің бүгінде билік басында шоғырланғанына қатты қынжылам.

Үлескердің ұлардай шулап, үйсіз тентіреп жүр-генін, қарттарды қалт-құлт еткізіп эскалаторсыз өкпесін өшіртіп төмен сүңгітетін аты бар да заты жоқ метросын, сол метроның екінші тармағын қазып жатқан жұмысшылардың екі-үш айлап еңбекақысын ала алмайтынын мүлде ойламайтын Алматы әкімінің бір ғана «ауруы» бар. Ол - велосипедтен айында кем дегенде екі мәрте жарыс өткіздіру. Және сол жарысқа өкіметтік мекемелердің қызметкерлері мен мектеп, институт оқушыларын зорлап қатыстыру. Өткенде сондай бір марафон жарысында жүрегі шы-дамай оқыс қайтыс болған азаматты да көрдік. Обал-сауабын әрине Ахметжан мырзаға тапсырып, шайтан арбаңды желдірте беруді азайтсаң деуді айтқымыз-ақ бар. Алайда әкіміміз аль-Фараби даңғылын жапқызып

тастап, екі аяқты өз «көлігімен» секеңдеумен жұртты эбден зеріктіріп бітті.

Осыдан кейін таңдай қаққыштардың «мықты бастық! Пысық бастық! Данышпан бастық!» дейтін еліртпе сөздері әкімдерге де, әкімнен жоғарыдағыға да онша айтылмай құлағымыз біраз тынышталды.

Хош. Бастауын бастап жаздым. Аяғын қалай бітірем енді. Ауруымыздың ауырын көрсетем деп, бірден бауырымды тілгізіп алармын ба? Әкімқаранын тәуірін табам ба деп, үстіндегі маска-халат жабуын сыпырып алдым ба, әйтеуір ниетім түзу.

Азандағы хақым мен хұқымның кешке де үзіле қоймайтынына сенгім-ақ бар. Әй, бірақ...

* * *

Шаруасын тыңдырғанның шаршағаны сезілмес.

* * *

Көкірек - көріктей
Байлықпен ісінген.
Қайтеді желікпей,
Үрікпесе кісіңнен.

* * *

Қаламгер болып қалмақ үшін емес, ермек үшін өлең жазатындарды білем. Бермек үшін емес, әлдененді алмақ үшін түп-тұқияныңды қазатынды да білем.

Өлең деп жазғандары еш өлшемге сыймаса да, еш өңдеу, жөндеуге илікпесе де, топталып, түптеліп, «кітап» деген шекпенді іліп, кітап дүкендеріне қысыла-қымтырыла кіріп алып, кең сөрелерге көсіле жайғасқан соң-ақ төңірегінен өзі тектес күлдібадам күйде айқайлаған аты бар, күбірлер де заты жоқ, әлекей-шәлекей безенген «әріптестеріне» қодилана шікірейіп, шекесінен қарап шыға келеді. Сол сәтте

сөрелерде алтын эріптері жарқ-жұрқ етіп қораздана қалған әлгі «дүниесіне» қызыға, масаттана қараған автордың (әрине жақша ішіндегі автордың) екі езуі құлағына жетіп, төбесі көк аспанды тіреп, табаны жұмыр жерді тесіп жіберердей шіреніп, әлемдегі ең құдіретті, ең қасиетті классик қалпына енеді. Неге енбесін. Анандай көздің жауын алатын, ұстасаң салмағынан қолың талатын кірпіштей қалың кітапты бүгінде Әбдіжәміл көкең шығарып па. Әбіш-мәпіш, Мұхтар-сұхтар, Софы-мопыларың жаза алып па. Жаза алса, түп-тұқиянды түгел қаза алып па. Ендеше ендігі мықты да өзі. Пайғамбар да өзі. Қаламына қара сиясын құйып алып, ақ қағазға телмірген анау көп қаламгерсымақтың табынатын пірі де өзі.

Ал енді осындай «дүниеде жоқ шедеврлерді туғызатындармен» таласып көр. Талтаңдап келіп аузыңдағы малтаңды жұлып алсын. Қалшылдап жетіп, қалтаңның түбін тиын тұрмайтындай етіп тесіп жіберсін. Неге өйтпесін. Сонау төрде... биік... биік сона-ау төрде өзі отырады. Не қазынаның бүкіл қаржысын алдына өңгеріп алып, олай шашса да, былай шашса ешкім ештеңе дей алмас баласы, панасы, қарасы, ағасы отырады. Бірдеме деп үндедім дегенше, «кітабы кітап емес» дегенге аузыңды икемдей бүре бастасаң-ақ үйелменіңмен ұйпа-түйпа болып қоқыстың үйіндісінен бір-ақ табылғаныңды білмей де қаласың. Ал сонсоң сынап та көр. Өзіңнің кітапсымағыңды жазып та көр. Тендерден тып-типыл қылып қақсын. Шыбыныңды шырылдатып бақсын. Қоңыз теріп кетпегеніңе тәуба деп жан шақырғаныңды ешкімге сездірмей, қазаны қаңсыған қуыс үйіңе қуылып тығыларсың.

Әне, ермек үшін жазылған кітаптың күрмегі мен кермегінің құдіреті. Солай, бауырым. Солықтай бер сор маңдайыңды сойылға төсеп.

* * *

«Іші өлген, сырты сау» адам - тірі адам ба?
«Бүгінгі достан ертең жау тапқан» адам - ірі адам ба?
Әне, Абай даңғылдың өзімен айтысардай сұрақтың дүрі.
Тауып көр жауабын мықты болсаң.
Әйтпесе, «Мен не қылдым, апырау?»

деп тірі болып доспен тіресе алмай, ірі болып жауша сіресе алмай, жауыздықпен күресе алмай, күмілжіп, күнсіп өте береміз бе?..

* * *

Іш тарлығы жек көруден қиямет,
Ол бар жерде жоғалады сый, әдеп.
Бір күншілдің жүріп өткен ізімен
Толып кетер күншілдікке қия бет.

* * *

Қарап тұрсаң бұл дүние - бұлың-бұлың сағым-ау. Дірілдеп шақырып, дірілдеп сусып қашқақтай береді-ау. Енді жеттім, енді баттым дегеніңше, көкала кілегейімен көлбеңдеп, қойнау түртініп, тау бөктерлеп сиқыршының көзі мен бөзіндей алдап, маңына жолатпайды. Дүниенің сиқырын аштым, жұмбағын шештім дейтін бір жан таба алғам жоқ. Қазақтың жері мен кеніне көзін сататын көршілерге дүние сағым болып көріне ме екен? Әй, көрінбес-ау. Сағым қуған тірлік сарсылтып бітіп, сенделтіп титықтатып қоймай ма. Ал бұлар сағым - дүние қуып сағын сындырмайды. Өйткені «шеңберлеген жосығым бар, құрсаулаған тәртібім озық, жасақтаған әскерім құдіретті, қаһарлы айбын, айдыным мықты!» деп оң мен терісті тексерместен тікелей бас салады. Солардың азуында шайналып, шеңгелінде бүрісіп бара жатып бұлың-бұлың дүние-сағымға ақтық рет жанарыңды батырып жібересің.

Он екінші ой

Өткеннің бәрі өкініште ме?

«Қартайғанда әлдекімге ғашық қылу - ақыл естен айырып, белгісізге ашықтыру».

Осылай деп сүйектетіп өткен қаламымның ізіне сәл-сәл үңіле еңкейіп, ойланып қалғаным... «Әй, «седина в бороду, бес в ребро» дейтін орыстың мақалын нахалдықпен тілім-тілім жүректің қай қуысына жапсырайын деп отырсың, жазғышым. «Сүйдім дегенше, - көзіңе жамау кидім» дегенді ескермей, жетпістің жегісі желкелеткен желкеңе тоқал-соқал деген еркетотайды мінгізіп алуды ойлаудан саумысың, ә?

Тоқал қатынның өр келетінін, өрдің төрде тайраңдап, тұрмыс-тіршілігіңнің кері келетінін қалай білмейсің?

Кеудеңнен от, көзіңнен шоқ қашқанда, қызыл иекпен ботқаны, қысыр табанмен боқ басқанда, қаныңды құмға, жаныңды мұңға бөлер айқай-шудың қақпасын ашқаныңды қалай білмейсің?

Анау төрдегі төрелердің «жердегі кенелердің» («кенелер» деп солар кедейлерді айтады екен) сұлу қыздарын «Саинның» бойынан суырып алып, тоқал ғып қойнына басатынын, сол сәттен бастап олардың отының басының, төбеге өрмелеген тасының берекесі қашатынын қалай білмейсің?

Сонау мықтының әукесі салбырап, кәрі сүйектері балбырап жас иістің мас исіне исініп, сол аршын төс, дөңгелек бөксе, ұзын сирақтылардың өтірік-расы белгісіз өліп-өшулеріне сүйсініп, бикештердің бір емес, бірнешеуін қабаттағанын, ақыры әлгі қызыл еріндердің көбесі сөгілгенде, көмейден төгілетін ашу-айқайдан құтыла алмай санын шабақтағанын қалай білмейсің?»

Шыдай алмадым ба, ойымды ортасынан қақ бөлдім.

Әй, әй! Сәл тоқта! Шынайы махаббаттың тегінің өлшемі де болмайтынын, шегінің мөлшері де болмайтынын ескерсеңші!

Ал ескердім. Сонда тексіздіктен текті, шексіздіктен шекті таппақ болып тыраштанудан саумысың, қаламға бұт артқышым-ау?

Жо-жо-оқ, таласпа. Құлай сүймеген жанның жанының құлай алмайтынын неге ұқпайсың. Есідерті қалмай ынтық болмағанның ешкімді де сұмдық жек көре алмайтынын неге білмейсің. Құмартқанын Тәңіріне балай алмайтын қуыс кеуденің қарғысының да әлсіз болатынын неге ұмытасың.

Ұшығын ұстатпас сүюдің азабына күюден де тозақ отында шыжғырылудың артық екенін ұмытқаның ба? -

Ұза-ақ күрсіндім. Ұстайтын жерін тап басты-ау кәпір. Үндемей қалсам - ұтылғаным-ау.

Жә, жә! Махаббаттың ащысының да тәтті екенін білсем, оның азабының ләззатын татудан неге қашуым керек. Сүйген жанның ғана тірі болатынын, ал тірі жанның іс-әрекетінің ірі боларын уақыттың өзі дәлелдемеп пе еді!

Ақылыңнан адасқың келсе, «сүйдім-күйдім!» деп сүмелектене бер онда, данышпанды да дарақы ететін ғашық-машұқтың машақатын сезбесең.

Айта бер. Бәрібір қайтара алмайсың мені. Өйткені махаббатқа от та, сот та жоқ. Заң да, низам да жоқ. Махаббаттың Тәңірісі - жүрек қана. Жебеушісі - тілек қана.

Жарайды-ақ. Махаббат дегенің - әйел жанының әсем әуенмен сайрағыш бұлбұлы ғой. Сол бұлбұлдың сенің жапырағынан жұрдай болған арса-арса тәніңнің кәрі бұтақтарына қона алмайтынын неге түсінбейсің?

Жеңілдім. Солықта-ап кеп күрсіндім.

«Ұрыс-керісі көп сүйіспеншіліктің дұрыс өрісі аз болар» дегенді іштей түйсіндім бе, кешеден бері теріс қарап жатқан бәйбішеме қарай бір аунап түстім...

* * *

Қасыңды үнсіз жек көргеннен кек қайтпайды.

* * *

Өтірікшінің денесін жапқан терісінен шайтанның жымын білдірмес өрісі басталады.

* * *

Многие задают мне такие вопросы: как Вы думаете, пользуются ли Ваши произведения, составляющие более двадцати томов, рожденные Вашими честными помыслами, успехом у чиновников?

Поддержки и чисто человеческой благодарности с их стороны никогда не было. А от государства получил некоторую часть того, что полагается. Меня наградили орденами «Құрмет», «Парасат», медалями. Поскольку мои книги по итогам года разных лет признавались лучшими, я пять раз был выдвинут на звание лауреата государственной премии. Но каждый раз меня ждала неудача в этом деле. При голосовании мою кандидатуру «прокатывали» члены комиссии по премиям, в большинстве своем мои же коллеги, собратья по перу. Даже говорить об этом не хочется.

Я горжусь, что честно жил по времени и при этом сквозь время, сохраняя себя, оставаясь человеком. И не терял совесть. Ибо зло всегда ничтожно и мелко по сравнению с совестливостью честного. Я тяжело заработал благополучие и достаток, но легко приобрел болезни: шесть инфарктов, два инсульта и рак желудка. И тем не менее приобрел как настоящих друзей, так и нажил настоящих врагов. Считая свое существование значительным, не люблю ссориться с властями, хотя ими никогда не был обласкан. Мое недовольство властью однажды открыто проявилось во времена руководства республикой Геннадием Колбиным. В пику требованиям руководителей партии,

всячески защищал истинно талантливых писателей, особенно молодых. Я отказался выполнять несуразные поручения Колбина. За это был дважды подвергнут обсуждению на секретариате ЦК КПК, где я сумел отстоять свою правоту и свои принципы. И, сделав прецедент, на следующий день после первого секретариата по собственному желанию оставил должность ответственнного работника ЦК и ушел на творческую работу. За такой, хотя и незначительный протест, я уважаю себя... И продолжаю творить неординарную историю своего бытия, своей жизни. И потому обещаю быть до последнего вздоха рупором нужд и чаяний своего обездоленного народа.

* * *

Өткеннің бәрі өкінішті десек, өткеннің бәрі өшкен сезімдердің тыныштық тапқан сұп-суық табыты десек, қатты қателесеміз. Өткенді түзетуден гөрі күзеу оңай деу де шындыққа онша жанаса қоймайды. Өткеннің өнегесі де мол, кеткеннің кемелдігі де көп. «Өткеніңе өтегенің аз емес, бүгінгің уысыңнан сусып шығып барады, ертеңіңмен есіңді жинауға тырысып бақ!» дейтін ақыл-кеңестен де зәру емеспіз. Ескермейтініміз: өткеннің ешқайда жоғалып кетпей, өзіміздің ой-бойымызда тұрақтап қалатыны. Қазіргінің қан-жынына араласып, сіңісіп жатқаны. Келешегіңнің ыстық-суығымен, күйініш-сүйінішімен құшағын ашып күтіп тұрғаны. Яғни бүгінгің - өткеніңнің өткелі, ертеңіңнің жетпегі. Сонымен біздің өткеніміз бен жетпегіміз біртұтас. Бөліп-жара алмаймыз. Ал маған салса, бүтінгімнен де, жетпегімнен де өткенім үнемі қадірлі де, қымбатты да көрінеді де тұрады. Өйткені «адамға адам - дос, бауыр!» дейтін құдіретті сезім кешегімде ғана қалып қойғанын пайымдаймын. Алматыға алғаш келіп, бір бөлмесін жалдап алған дядя Мишамды туған әкемдей көрмесем де,

соған жақын балалық сағынышпен әлі күнге шейін аңсап, еске алып отырамын. Шынайылық, тазалық, қамқорлық, жанашырлық сол кезеңнің бедерлі белгісіндей болып, бүйірімнің бір бұрышын үнемі жылытып тұрады.

Бөлімімнің меңгерушісі болған анау азамат Асқар Қонаевтың өзінің босаған пәтерін маған алып берем деп қаншама жүгіргенін, ақыры пәтердің кілті басқаның қолына тигенде, менен де гөрі қаттырақ күйзелгенін қалай ұмыта алармын.

Кең еді ғой жүректері. Адал еді ғой әрекеттері. Асқақ еді ғой арман, мүдделері сол азамат ағалардың!

Бүгінгі мынау қытымыр уақыттың уысына түскен замандастарымнан сондай мөлдірлікті шам ұстап іздесем де, таба алмасыма қатты қиналам.

* * *

Тас төбемнен төніп тұрған төрем көп,
«Ойыңды да, сойыңды да көрем!» деп.
«Ойың, сойың мендік болса, пақырым,
Қалауыңды сұратпай-ақ берем!» деп.
... Қимылдатпай қойғаннан соң, қайтейін
Тұрған бойы табаныммен әйтеуір
Қара жерге кіріп барам тереңдеп.

* * *

Бүгінде әркімнің қолы бір байлаулы ғой. Қарсы алдыңда отырып «қаныңды ұрттаймын!» дейтіндердің кейде сол байлаулы қолы болғаны да керек тәрізді. Берекесіз әрекеге байлаулы қолымен бара алмайды. Әлдебір ауыздан шыққан асау сөз сол байлаулы қолды шешіп жіберіп, саусақты қынға жүгіртіп, ойынды шынға айналдырып жіберіп, сұмдыққа бастауы да кәдік-ау. Сондағысы - бірін-бірі орға құлату. Абыройын төгу. Қыжылды көкіректің буына пісіп, жауым-

ды жәукемдедім деп асып-тасу. Қыбыр-сыбыры көп қазіргі қандасымның сол қыбыр-сыбырын даласының жүрдек желімен, ұйтқыған боранымен күшіктетуі - қанына сіңген қасиеті емес, қасіреті ғой. Одан арылу да қиын. Арылмау да қиямет.

Он үшінші ой
Арым - барым еді

«Бастықтардың жиі ауысуы жаман. Ал нашар министрлердің ұзақ отыруы - қасірет» дегенді бұрын бір жерден оқып едім. Сол тіркес бүгінде санамда ұдайы жаңғыратын болып алды.

«Өзің білме. Білгеннің тілін алма» дейтін ұлтымыздың өксікті өкінішінен туған кекесінге толы тұжырымын әдетіне айналдырып алған жиі ауыс-қыш, аты-жөні ешкімнің есінде де қалмас, жалт етіп көрініп қалып, жылт етіп өшіп кететін шенділер де, қара мұртын қаракөзінің жұмыр бөксесін аялай сипалағандай, ерінбей сипай беретін, түксиген қабағын бір ашпастан әр кеңсенің жұмсақ креслосын кезек жамбастап, ұзақ отырудан қалжырап шаршағандықтан бір ауыз сөзін бір тонна алтынға сатардай ерін көбесін сөкпейтін үндемес министрлер де бізден ғана табылатынына бүкіл әлем куә. Ал осы тірліктің қайсысы жаман, қайсысы қасірет екенін мен айтпасам да, жұрттың өзі тап басарын және пайымдаймын. Менікі тек «Атпайтын таңды мен атқыздым!» деп қыт-қыттайтын әтештің қылығындай анда-санда еріншек елдің құлағын елең еткізе қоям ба деп тыраштану ғана. Әйтпесе бір келіп, бір кетіп жататын әрекетсіз министрлерде нем бар.

* * *

Кеудесіне мұң бұққан,
Үрікпесең шындықтан.
Қорықпассың ешқашан
Өтірік дейтін сұмдықтан.

* * *

Кейде ойлаймын: адамдар қолынан келетін өз мүмкіншілігін неге зорайтып көрсетуге тырысады деп. Ал бойындағы қажыр-қайратын кемітуге неге асығады деп.

Өз мүмкіншілігін асыра бағалайтындар өзін өзгеден өзгеше етіп, құлпыртып көрсетуге әуес. Сонысының тырақылық екенін түсінбей биліктің басында босқа отырудан өтер қылмыс жоғын бір бағамдамайды-ау.

Ал өз бойының күш-қуатына сенбейтін адам әркімнен әрнені талап ете алмайды да, ешкімге ештеңе бере алмайды. Бүгінде айналамнан осындай мінезділерді жиі ұшыратам да, ұнжырғам түсіп, ақ қағазға қара сияны ызалана төгіп-төгіп жіберем. Бірақ сілкініс пен серпіліс өзіме де, өзгелерге де орала қоймайды-ау бәрібір.

* * *

Қағылса иек ызбарлана, сақтай ым,
Тұс-тұс жақтан жамырайды жаппай үн!
Аспан жерге аунап түсіп әп-сәтте,
Болмас нәрсе бола қалар дап-дайын.
... Уанған боп,
Қуанған боп өтірік,
Ішім жылап, үнсіз, тілсіз өкіріп,
Қайталаймын парламенттің «Ләппайын!»

* * *

Ізгілік іздеп, сүйіспеншілікке сүйенген жанның ажалы алыстай береді.

* * *

Адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы арқылы туындап қалыптасатын мінез-құлықпен санасқың келсе, өзара қарым-қатынастың тазалығына барынша ден қоя білген абзал. Арамдық араласып, сауда-саттық билеп, басыңқы-бағыныңқы әрекет қабаттасқан байланыста шынайылықтың із-түссіз жоғалатынын көбіне көп ескере бермейміз.

«Бәрінің бастау көзі, тірлігіміздің тірегі, бірлігіміздің сәні, өміріміздің нәрі - Елбасы!» деп өзіңді ел ішінің иісалмас маубасы деп бағалаудан не қайыр таппақсың. Жартыкеш ұл, жартыкеш құл болдың, ал. Нені ұтың? Нені тұттың? Құйрығыңнан тепкіздің. Қорлығын бойыңа өткіздің. Неңмен жарылқандың сонда? Арлылығыңды жарлылығыңа жеңгізгенің бе? Намысыңды кемістігіңмен жоғалтқаның ба? Жорғалаған тірлігіңнің кім көрінгеннің табанын жалатып, қорғалатқаны ма? Ондай тірлікті сүрмегеннің өзі артық қой.

* * *

Байсыз әйел сай жағалағыш.

* * *

Анда-санда әлдекімдерге қол ұшын тигізіп қана жәрдемдескен болып, өзінің оралмай жүрген қадірін қайтаруға тырысатын бәкенелерді аяймын. Ал кәкір-шүкір қызмет-көмегімен-ақ көпшіліктің көзіне өзін дардай қылып көрсетуге ұмтылатын менменшілерді сұмдық жек көремін. Өйткені алғашқылардан аз да болса ар, иманның жұқанасы табылып қалады. Әйтеуір өзінің де, өзгенің де қадір-қасиетінің жоғалмауын ойлайтындай бір ниеті қылаң береді. Ал атаққұмарлар шіл ұстатса, піл бергендей лепіріп, тобықтай ет асатса, тобыр топты тойғызғандай дүрілдеп, даңғырлап, көк пен жердің арасын қарқылдаған «Меніне!» толтырып-ақ жібереді. Содан кейін-ақ бүкіл ел соған қарыздар, жалпақ жұрт соған борышкер болып шыға келгендей дақбырты мол пікір қалыптасады. Осыдан соң әлгінің уысынан босанып көр. Бұлқынып жұлқынып бақ. Жаныңды мұрныңның ұшынан сығып ала қойсын. Неге өйтпесін. Сенің су ішкенің де соның, солардың арқасы. Ауа жұтқаның да соның құдіретімен ғана. Қысқасы, жер басып тірі жүргенің үшін де тас маңдайыңды тізесіне тақылдатып ұрып, әлгінің «қасиетті» құзыретіне құлап жүгініп, жылап егіліп құлшылық ет!

Қалай, оқушым. Сенесің бе осы пайымыма. Көнесің бе уағызнамама. Өзің шеш.

* * *

Арым - барым еді. Бүгін жербауырлата еңіреткен зарым болды.

* * *

«Сал былай!» деп газ бен мұнай құбырын,
Ресейдің дірдектеткен дүбірін
Естігенде,
«Оралар - деп - кешегім!»
Қорқынышпен қойындасты ғұмырым.
«Ортақ өгіз құрысын!» деп шоқ басқан,
Төнбесін деп бұрынғыдай кекті аспан,
Шын еркіндік аңсағанның бірімін!

* * *

Адал жанның уәдесі - айнып кетпес міндеті. Азғын жанның уәдесі - адалдықтың жендеті.

Осылай жаздым да, ойланып қалдым. Ау, Софы, уәдені бар да, жоқ та бермей ме? Аш та, тоқ та бермей ме? Өзіңнің ішіңдегі түйедей сұмыңды байқамай, өзгенің сыртындағы түймедей мінін көргіш пенде екенімізді жасырмасақ, бүгінгілердің адалы мен

азғынын тап басып ажыратып, айдай әлемге айқайлап айтып бере алармыз ба. Қайдам. Әлдекімдер мен әлденелерді құлай ұнататындарды ел де сынай ұнатады деп таңдайымызды тақылдата жөнелетініміз бар. Сол ұнататындардың да өздері ұнататын уәделері бар емес пе. Мәселен, «100 мектеп!», «100 ауруха-на!» салып беріп, «Ауылды ауызсумен қамтамасыз етеміз!», «Ауыл жылы ауылды көркейтеміз!» дейтін сыңайлы уәделерді құлағымыз сарсыла тыңдамап па едік. Әсем көмейлерден әсерлендіре топылдап төгілген сол уәделердің ұшпағына шығып, мәресіне жеткен біреуін-ақ тауып бере аламыз ба?..

Ендеше кімнің уәдесінің - міндет, кімнің уә-десінің - жендет екенін таңбалап берем деп далба-салаудан түк өнбейтінін сезем. Сезем де, «менің міндетім - ақ қағазға қалам сүйкектетіп сүйсінерлігі аз түйсіктерімді көпшіліктің келесіне ұсыну ғой» деп өзімді өзім жұбатамын.

Шіркін-ай, әлгі уәделер шынымен-ақ іс жүзінде орындалып, азаматтарымыздың тұрмыс-тіршілігі оңдалып шыға келсе, сол оңды тұрмысына сәйкес болуға тырысқан азаматтарымыз да құлпырып, жаңарып, жақсарып сала берер еді-ау!..

Түңілу түбі - тұңғиық қой. Кей-кейде күдер үзе бермей, үміттің ізіне де үңіліп қойған теріс болмас. Біз неге анау араб эмираттағылардай бар байлықты баршамыз болып иеленбейміз? Байлықтың үстінде отырып қайыршылық күй кешкен біздей екінші бір ұлт бар ма екен мына әлемде?..

* * *

Көптің ішінде адалынан адасып қалған ұл-қыз аз емес.

Көктің ішінде қиқы-жиқы адасып жүрген жұлдыз аз емес.

Адасқан жұлдыздың мұңын қараңғы көрпесімен

қымтаған түн білер. Ал адасқан ұл-қыздың мұң-мұқтажын кім білер?

Айлығы шайлығына жетпейтін, бұрынғы құрмет-қадірінен жұрдай болып қалған ұстазы ма? Қайтсем тиын-тебен табам деп қайыршылықтың қамытына ілінген, тентіреп базарда жүрген, телміріп көшеде тұрған ата-анасы ма? Атыс-шабыстың, алдап-арбаудың, ұрлық-қарлықтың құнарлы жас кеудеге улы ұрығын аямай сеуіп жатқан, судай сіңіріп жатқан көктей солғыр көк жәшіктің көлгірлігі ме? Ауыз-дан дұға, кеудеден иман қашқан тірліктің күнгейін шарасыздықтың көлеңкесі күргейлеген қоңторғай күйкі күніміз бен күйіміз бе? Жауабын түгел ел боп таппасақ, әзірше мен таба алар емеспін.

* * *

Бақыра бермей,
Бақ сына.
Ақыра бермей,
Топшыла.
Шөл өреді жаманнан,
Ел ереді жақсыға.

Он төртінші ой
Елді кім билейді?

Күліп тұрып,
Күйінерсің кейде сен.
Жылап тұрып,
Сүйінерсің кейде сен.

* * *

Бүгінде бұлғаң қағып басатындар кім? Бетін ба-сып қашатындар кім? Бұлықсып бұлданып бітер кім? Үндемей әліптің артын күтер кім?

Өзіме өзім сұрақ қойғыш болып алдым. Сол сауалдарды өзгелерге қарай бұра қойсам, «Әй, не тантып отырсың? Сандырағың кімге қажет?» деп қарсы сұрағын өңменіме сұға салады. Содан соң аттанымнан ойбайым тыныш деймін де, өзіммен өзім жауаптасып кетемін.

«Арлымын, зарлымын!» дегім бар. Өзімді соған кәдімгідей ұйытып сендіргім келеді-ау. Бір бүйірден бүлк етіп тірілген **күдік** немең жеңдірмейді сенімге.

«Рас, зарлысың. Оған талас жоқ. Бір қылығымен сан былығын бүркемек болған пендеден былғанбаған тап-таза арды тауып бере аласың ба? Шенді шекпен жапқанға, әкесін шешесімен қоса сатып жіберетін, иығына генералдық погон, төсіне темір-терсек таққанда, қызды-қыздымен өз қандасын бытырлатып атып жіберетін пендеден ардың ұшқынын тауып бере аласың ба?

Ә-ә, үндемейсің. Осындай, осындай пенде ісіне ұқсамас, бойыңдағы арды анасынан да артық ардақтап, берік сақтайтын әрекетіңді атап-атап берші қане».

Мықтап тосылдым. «Өнерлімін, білімдімін, татымдымын» деуді ілгері сүйреп, алға ұстағым бар-ау. Өлшенер өнердің құлаштар кемерін көрсетіп бере алам ба? Білімдімін деп қоразданып жүріп білектінің бір ұрғанынан-ақ жалп ете қалатыным қалай? Адамсып талтайып жүргендердің талайының татымдымды таңдайымнан шығартпай көмейіме көмумен жүрген жоқ па?

Солықтата ма солқылдатып?.. Күрсінте ме күмілжітіп?..

Тілімді қашанғы тістей берейін. Ерін көбесін амалсыз сөктім: «Кінәңді сезініп, күнәңді жуып-шаю - тазарудың бастамасы емес пе. Махшарда сұралуың бар да, өзіңнің өзіңнен сұрауың бар ғой. Кемшілігіңді түсініп, қатеңді жөндеп, Алла тағаланың ырзалығын

таппақ болып, адалдыққа ынтық көңілмен арамдықтан ақталуға талпынсаң, пенделік ісіңнен адамдық әрекетке көшкенің емес пе?».

Күдік немең ой-бойыңды күрмеп тастап отырмаса, күдік аталар ма. Алдымды тағы орап кетті.

«Сонда көр-жерден құрастырып кәкір-шүкір пайда тауып алып, «обал, арам» дегізбес ептегіш айла тауып алып, жасаған қиянат, қылмысыңды кеңшілігі мол Алла тағаланың ырзалығына жету үшін маңдайыңды тоқпақтаған кезекті бір мінәжатыңмен тазартпақпысың? Қылмыс жасаған сайын сол қылмысыңды ақтар өктемшіл әдісіңді қалтаңда сақтап жүрсең, Құдай тәбарака уатағаланың хикметін аяқ асты еткенің емес пе?».

Ұстар жерін біледі-ау сығыр. Сүмірейіп, сығырайдым да қалдым.

* * *

Бірін бірі жек көрген жандар бірін бірі жеп тынады.

* * *

Жаһілдің даттағаны да - мақтағаны,
Наданның мақтағаны да - даттағаны.

* * *

Елді пысық билегені дұрыс па, пасық билегені дұрыс па?

Елді асыл билегені қажет пе? Масыл илегені қажет пе?

Не дей қояйын. «Ия!» десем де, «жоқ!» десем де, қазаққа жақпайтынымды білемін. Өйткені оған «қамыңды жеймін, қабағыңа қараймын» дегеніңше-ақ бітіспес жау тауып, шешілмес дауға қалдым дей бер.

Бәріміз пендеміз. Өрелі ой айтам деп бастап, өксікті өкпемді бықсытып кеткенімді байқамай

қалыппын. Алайда өкпем мынау жыртық өкпелі, жауыр арқалы көпке - қарапайым қалың қандасыма емес, анау көңілі де, көзі де алаңдап тұратын, кеудесі мен көкірегі шыбын қонса жарылып кетердей ісінген, тырсиған, қойны мен қонышынан жасқа шыланған, қанға боялған жасыл долларының шетін қылтитқан, қызыл қырғын думанға құмар ырбаңының құрбаны мол төбедегі төбелдей топқа арналады.

Сонымен елді пысық пен асыл билеген кезеңді де көрдік. Пасық пен масыл илеген мезетті де өткердік. Тоқырау кезеңі де, қайта өрлеу мезеті де, құдайға шүкір, артта қалды.

Демімізді алқына алып,тынысымызды кеңітеміз деген құлшыныспен демократия заманының қақпасынан ішке қарай қойып кеп кеттік. Маңдайымызды қандай нәрсеге тарс еткізіп соғып алғанымызды білмеймін, көзіміздің оты жарқ етіп, төңірегіміз қызылды-жасылды шеңбірек атқан түске боялып, есіміздің танып қалдық. Төрдегілерді қайдам, төмендегі көбіміз есімізді жияр-жимастай халде есеңгіреумен жүрміз әлі.

Қазақты қорқыту оңай, үркіту түк те қиын емес. Жұмыс тапқызбай сенделтіп қолынан күрегін ал. «Көзіңді алартсаң, тіліңді ұзартсаң, темір тордың арты жатынан бір-ақ шығасың!» деп жүрегін ал. Қиқаңдағыш шіркінің қыңқ демей алдыңа түсіп, айдауыңа көніп, қыбырлап жүре бергенін көресің.

Ия, биліктің айтқанын істететінін көрдік. Билегеніне де, илегеніне де көндік. Жеті ай бойы желкемізге мінген шетелдік һәм өзіміздік алпауыттардың озбырлығын тежеп, еңбекақымызды дұрыс төлетуді үкіметтен талап етіп, аптапта күйдік, аязда тоңдық. Үкіметімізден күткен көмегімізді кеудемізді тескен бұршақтай жауған автомат оғынан алып, өндірдей қыршын өрендерімізді о дүниеге аттандырдық.

Жазықсыз шейіт болған құрбандарымызды азалауға да жарамай, астамшылықтың әсерімен абақтысынан бір-ақ шықтық. Қабырғамызды қиратқан, бауырымызды езгілеген, өкпемізді түсірген ұрып-соғуына қанымызды тамшылатып төздік.

Ақыры не болды? Еңбекақысынан айрылған, оққа ұшқан, дүреленген, жазықсыз жараланған мұнайшылар биліктің бұйрығымен бұйдаланған соттың теріс үкімімен кінәсіз, күнәсіз сотталып кете барды.

Есеңгіреген халық есін бір жиып, бір жия алмай жүр.

Есін жиған сәтте құнжиып атқа қонардай-ақ іштегі қыжылды ақтарып тастайды.

Есін жия алмаса, құр ыржиып, еп-ерсі күле бастайды.

Кешегімді көксеп, бүгінгімнен шошып, ертеңіме үңілем. Дүниеден ешбір әділет таба алмастай түңілуден құбыжық не бар екен?

* * *

Жан-жануардың падишасы - адам. Адамның да адамы болады. Ағайынымен жата жыртысары бар. Жауымен жағаласары бар. Жеке төбенің бауырына шұқшиып отырып алып, дау өрбітіп, жем іздейтіні бар. Жалпақ даласының түкпір-түкпіріне көз тігіп, тыныштығын қорғап, дауыл ұйтқытып жау іздейтіні де бар. Алдыңғысының көнегі шөлде. Соңғысының тілегі елде. Елдің үміті еркекте. Бірақ еркек кіндіктің бәрі ер емес. Ер егесте сыналар, ерегісте сынар. Егеске салсаң қиып түсер. Ерегіске киліксе, қиылып түсер.

* * *

Бір қолдан бал табылып,
Бір қолымен у ұстар.
Берер кезде... жаңылып,
Алмасады уыстар.

Он бесінші ой

Адам кім, азамат кім?

Бел бесікте уыз болып шайқалып, тал бесікте сәби іңгәсімен тербеліп, ел бесікте азамат болып ержетіп, мәңгілік жер бесігіне кетерде алды-артына ақтық рет көз сүзбес жан болмайды.

«Кімім бар, кімім жоқ?» деп алдына қарап үңіліп, артына қарап түңілер қазақ бар.

«Күнім бар, түнім жоқ!» деп алдына қарап шалқайып, артына қарап марқаятын қазақ бар.

Алдыңғысы - «бір күн бақ, бір күн тақ, бір күн атақ!» деп кеудесін мансапқорлық пен пайдакүнемдіктің алабас құрты кемірген, жазықсыз жандардың сорғалаған жасынан алтын құрап, кінәсіз құрбандардың жүрек қанының тамшысынан доллар жасайтын пенделер ғана.

Кейінгісі - «Ай ортақ, Күн ортақ, асыл ортақ!» деп «Елім!» деп еміреніп, «Халқым!» деп қамығып, пендеден адам болып өсіп, адамнан азаматқа айналып, азаматтан тұлға болып ту ұстап, тұлғадан тұтқа болып ұлтын бастап кеткен көсемдері.

Солар - ағайынын ғана емес, ауылдасын, аймағын ғана емес, жалпақ жұртын - жақыным дейтін. Қандасын, қарындасын ғана емес, барша қазағын, тұтас алашын - ұрандасым дейтін елдің ұлынан елінің еріне айналған.

Солар - сөзінің бәтуасы, кеудесінің жалыны, жанының жарығы бар халық ұландары болып, аспандаған көзі төменге түспейтін төрдегі төрелердің талайын тәубасына келтіріп, жұрт ағасы атанған.

Қазақ атты көнтері халықтың, қазақ дейтін көнбіс ұлттың ызақор қайнар ашуға бір басса, алмайтын қамалы, шықпайтын биігі, жетпейтін мақсаты болмасын, сол қазағын бастаған Алаш азаматтарының бүкіл өмір-ғұмыры айғақтап кеткен. Сол тұлғаларымыз

бен тұтқаларымыздың кесектігін, нарлығын, ерлігін жалғастырып әкете алсақ, сонда ғана Алаштың ырысы артады. Сонда ғана алауыз қазақтың аузы бірігеді, түтіні қосылады. Сонда ғана халықтың меселі қайытпайды. Тауы шағылмайды. Сонда ғана өз сыбағасы өзінің ғана табағына түседі. Дәмдісі таңдайына татиды.

Ылайым сол күнге тезірек жетуге жазсын.

* * *

Можантопай жандардың асығы түгел болатыны - олар ешқашанда ешкімнің ештеңесін бүлдірмейді.

* * *

Біреудің шекпенінен шыққаннан гөрі өзіңнің шеменіңнің шерін ұққан әлдеқайда артық.

* * *

Мінгеніңді ауыстырсаң да,
Мінезіңді ауыстырма.

* * *

Арпа, бидай, малы бар,
Жаңбыр, бұршақ, қары бар
Азаматы ем Алаштың
Жаз жайлауын сағынар.
Бүгін соның бәрінен,
Кеудемдегі әнімнен
Кендемін
һәм пендемін
Шығар-шықпас жаны бар.

* * *

«Денеңнің жалыны қайтқанда, жанарыңның жарығы азайғанда алыстағы Астанаға телміртіп, телефон күзеткізіп қойған ауыр жазаны Құдайлар

ма, әлде Құдайдан да былайғылар ма екен ойлап тапқан?» деп шарасыз кеудемнің толқынымен олай да дөңбекшимін, былай да дөңбекшимін. Онымнан бірақ не өнсін. Астымдағы әбден жауыр болған кереуетім ғана сықырлап «тілектестігін» білдірген болады. Жата-жата терісі сыпырылуға шақ қалған жотам ашиды. Адамға ең болмаса жан иесі ғой деп жанашырлық танытпас мынау қатыгез заманға ма, әлде сол қатыгез заманды айла-амалына айналдырып алып, есік-тесігінен тірі пенде түгіл шыбын енгізбей оқшауланып алған биік орынтақтағы адамға ма, әйтеуір қаным қайнап кеткенде, қолыма түссе, қайсысы болса да, шайнап тастардай қатуланамақ. Бірақ онымды кім көріп жатыр. Өзі тұрмақ ізін ұстатпас төрелердің тотай тоқалдай ерке хатшылары да әбден есіріп алған. Телефонды он соққаныңда бір көтермей діңкеңді құртып, өкпеңді өшіріп, өксігіңді өңменіңнен сығып шығарып, жаралы жаныңды отқа қақтап ойнайды-ау.

Ойнамай қайтсін. Өздерін көргенде буыны босап, жүрегі елжіреп, ішіп-жейтін көзімен-ақ үндемей сүйісетін «мықтысының», «падишасының» тыныштығын күзетіп, рахатын бұзғызбай сықыры мен сыбдырын білгізбей кіріп, дөңгеленген бөксесін диірмен тасындай айналдырып, шайын тасып бергеннен басқа тірлікті тәрк етпесе несіне хатшы-референт атанып, әсемдіктің өзіндей болып қан қыздыра көлбеңдемесін. Көлбеңдейді әрине. Көлбеңдеп, күлмеңдеп бір ысып, бір суитын жүрегімен алысып жүргенде безілдеген телефонның трубкасын көтеруге уақыт қайда. «Азар болса арыздан арыз айтқыш әлдебір шал-шауқанның кезекті бір телефон құлағын тербетуі шығар. Нешауа. Бұл жақтағылар да шошқа тағалап отырған жоқ. Мемлекеттік тығыз мәселелерді шешумен мұрындарына су жетпей жүр!» дегенді ойымен айтып,

көзімен тіленіп, бөксемен босс-бастығын сүйкеп өтіп, сыңғыр күлкіні кең бөлмеге қыдыртып жібереді. Ал содан әрі...

Білмеймін содан арғысын. Мелшиген телефонды тоқпақтап-тоқпақтап, аяқ астынан сазара, көгере кереуетіме талып түсем. Таңдайыма дәрісін басып, аузыма су тамызып, енді менің мәңгілік «хатшым» - жұбайым әбігерге түседі де қалады.

Буырқанған босс - сылаңдаған хатшы қыз - түксиген телефон - және тіленшіге айналған менің күнделікті тіршілігіміздің бүгінгі түрі осы.

* * *

Ірілер мен еті тірілер ғана өзінің өгейсірегені үшін өзгеден жұбатушылық күтпейді.

Өзінің бақытсыздығына өзгеден жұбатушы таппай, өміріне наразылық танытатындар - биліктегілер мен биіктегілер

* * *

Уай, ұл-ұрпағым! Бар мұңың - ел мұңы болсын. Бар мұқтажың - ел мұқтажы болсын. Сол ел-жұртыңа төсек боп арқаңды төсесең, жастық боп жаныңды жайсаң, алғыстан басқа аларың жоқ. Рахметтен басқа байлағаның болмайды. Бірақ берекені ниетің береді. Ырысыңды адалдығың еселейді. Сонда ғана «әділдік!» деп тіккен туың абыройыңды биіктете түсіп, қылаудай кіршік жуытпайды.

* * *

Артса да зілін тағдыр иініме,
Күйінбен іштегі дерт, күйігіме.
Өзгелер өмір бойы жете алмайтын
Бір сәтте шырқап шыққам биігіме.
Елімнің қадір тұтар киесінің

Жүректе сақтап жүрер иесімін.
Жетеді берсе атымды «Киігіме[1]»

* * *

Льют серебро смеха уста твои,
Излучая жемчуг взор чистый, ясный.
Не меня ли, красавица молодая,
Приласкаешь... аль вздохи мои напрасны?
(Шала дүрсілді жүректің орысшалап күрсінуі ме екен?..)

* * *

Сыпайыгершіліктің жіңішке сүрлеуінен адамгершіліктің кең даңғылы басталады.

Он алтыншы ой
Ақылды ұстар мінез ғана

Тындырғыштарымнан гөрі бас салып ұрлағыштарым көп пе, байлығым азайып барады. Сөз ұғарларымнан гөрі құр тыңдағыштарым көп пе, Ай, Күнім азайып барады.

Жұтамас дейтін өнер жұталды. Ақыл сандығындай бұзылмас дейтін мінез бұзылды.

Байлықты сақтар өнер жоқ. Ақылды ұстар мінез жоқ. Әрекеті аз ай, күннің қай берекетіне қызығарсың.

Алыс-жұлыстың әуресімен, тоқ көңіл мен боқ көңілдің әрнесімен қадаңдаған зомби-көлеңкелердің ойсыз, мисыз сенделісінің құрбанына айналған момынбас қандастарымды аяймын. Бірақ қол созар дәрменім аз. Тұрақсыздық пен парықсыздықты түйіп түсердей пәрменім жоқ.

[1] *Киік бекеті - туған ауылым.*

Сыртымды жуып тазартқанмен, күйік тонын қабаттап киген ішкі шерім мен кірімді қайтіп тазалармын. Тазарта алмай буынып, тұншығып, желөкпе желіккіш надандардың күлкісіне айналып, тыншып бітем бе?

Үркерім де, шошынарым да - сол. Ақылдан тақылдардың сені «Ақымақ!» деп саусағының ұшына қондырып алып, қорлағанынан өтер не бар. Тұрасың сүмірейіп безергендердің кезенген саусақтарының нысанасына аласұрған кеудеңді тосып. Осыдан басқа қолыңнан келер қандай қауқар бар. Қайраты қашқан тәніңнің жан сақтар қуысын іздеуден шаршасаң - төсіңді саусаққа емес, оққа төсе. Сөйт...

* * *

Өзгені саған даттаған жан
Сені де өзгеге мақтамайды.

* * *

Желді саудалаған, елді де, жерді де саудалар.

* * *

«Бас-басына би болған өңкей қиқым!»..

Айқайламай-ақ сыбырлай ашынып, бетімді қалай бұрарымды, қаламымды кімге түйрерімді анықтай алмай аңтарылып отырмын. Бетімді қай жаққа бұрсам, сол тұстан-ақ қиқым-сиқымның бірін емес, мыңын табарым хақ. Қаламымды қайда түйресем, дәл сол жерден «бас-басына би болғыш» сойқан қиқымның шортанын ілдірерім айқын. Бірақ елдің сиқын бұзатын қырғын қиқымның ердің жұлынын үзетін қырғилығын біле қоймайтын ақымағың емеспін ғой. Оның үстіне сол шіркіндерді шетінен көгенге басын қосақтап, түсін танып, табандатып тауып беруге ендігі қалған қысқа ғұмырымның шақ уақыты жетпейтінін және сезем де, қолымды сілтеп, сілкіне

күрсінемін. Көп қой, тым көп-ау қиқым-сиқымдар. Отыр ғой әрқайсысы тау болмаса да, бір-бір төбешік болып қол жете бермес, аяқ ене бермес төрлерде.

* * *

Біз кейде «Күші бардың - сесі бар» дейміз. Осы пікір сәл қисынсыздау. Күш өзенде де бар. Тасыса ғана долданып, жағасын ұратын өзеннің жазы жетіп, жағдайы өзгергенде, буланып азайып, жер аяғы - құрдымға сіңіп, құрып кететін алдамшы екпіні ғана ол. Ал «Есі бардың - десі бар» дегенді ілгері тартсақ, қателеспеспіз. Өйткені ақылмен шешкенді қылышпен де кесе алмайды ғой.

* * *

Ит ұстадым қасқырдан,
Мәтүшкемен бас құрғам.
Төсегімді, төрімді
Шүршітіме бастырғам.
Балтыр қанап,
Тіл өліп,
Қытай қаптап, шіреніп,
Болып барад бас құрбан.

* * *

«Қалай?» дейтін сұрақты оңай айналып өтетіндер - ойын оятып, миына салмақ салғысы келмейтіндер.

Бір ісін бүлдіріп алса, «Осыны бүлдірмей, ұқсатып жасамағаным қалай?», бір бағалысын сындырып алса, «Апырай, сындырмай, дұрыстап ұстамағаным қалай?» демейді. Бүлдіргенін көбейтсе де, сындырғанын молайтса да, «дұрысталайын, үйренейінге» апаратын, өзіне өзін тексеретін «қалайға» бір жоламайды-ау.

«Керек!» дейтін талаптан бір адым айналып өтпейтіндер - ойын «ойбайлатып», миын «мияулататын» пайдакүнемдер.

Құрғақ өңешті майлау керек. Қысқа қолды ұзарту керек. Ендеше жылмаңдаған көзді сат. Уәдешіл сөзді сат. Төмендегінің бөзін ал. Төреңнің жайраң кезін ал. Төбедегіңнің асты-үстіне түсіп, өзін ал. Одан қалсаң, ұрлыққа аяқ бас. Зорлыққа құшағыңды аш. Етегіңе жас толтыр. Қорқақтың қолындағысы, үркектің жолындағысы құйылып қалтаңа түседі. Топырлап алдыңа жайылады.

«Қалай?» деп **сырын** түземей, «керек!» деп **сыртын** түзегендердің өзін де, өзгені де тақырлап, тықырлап күзеген тірлігінің түрі осы.

* * *

Бір-ақ рет келер өмірде екі туу болмаса, ұятыңнан сан мәрте өлудің қажеті қанша.

* * *

Өзгенің өкінішіне күйіне білген жан,
Күрсініп тұрып та сүйіне біледі.

* * *

Жобалаған санымнан алғыс-рахметі жоқ жандар қаншама артық болып шықса, мырза, сахи деп жүргендерімнің әлдеқайда кем түсіп жатқанына бүгінде көзім әбден жетті.

Жақсылыққа жамандық жасау әдетке айналған кезеңде, жомарт жандардың жоғала беруі неге күдік туғызуы керек. Жақсылығың сатулы болса, жомарттықтың құны әлденеше есе өспей қайтеді. Мырзалық танытатындар есектің миын жеп, миғұла болып кетпесе, тиыннан теңге сауып, теңгеден долдар туғызып, айды аспанға бір-ақ шығаратын айбатынан өлсе айрылар ма. Тапқанын тіленші, сұраншыға таратып беретіндей ақылынан алжаса қоймағаны - байғұстың балтасын, кедейдің келсабын, кепшіктің кебісін шырылдатып тартып алып жатқанынан-ақ

байқалмай ма. Ал біз олардан жоясыз жомарттықты күтумен әлекпіз. Есектің миын сонда қайсымыз жеп жүр екенбіз...

* * *

Алтынды емес,
Мысты алдым.
Аласардым, қысқардым.
Бұрынғыдай елікпен
Әуеніне құстардың.
... Жүрегімді жұлқынтар,
Тұсаулы ерікті бұлқынтар,
Шығар бір күн күшті Арғын!

Он жетінші ой

Көк жәшіктің көлгірлігі.

Көк жәшіктің көгілдір экраны көңіл көкжиегін кеңейтер құдірет иесі еді бұрын. Бүгін ол құбыжықтың ұясына, қорқыныштың кенішіне, ұятсыздық пен жабайы жалаңаш сезімдердің ұйығына, қырып-жоюдың, қырғын-сүргіннің мектебіне айналып кетті. Қай арнаны (Ресейдікі, Қазақстандікі болмасын) ашып қалсаң да, қай нүктесін басып қалсаң да, кеудеңе Калашников автоматын кезеніп, дарылдатып атып жатқандарды, мектеп оқушыларының бірін бірі пышақтағаны, он үш-он төрттегі қызалақтардың атасындай олигархтарды өліп-өшіп құшақтағаны көзіңді ойып, жанарыңды жарып жібере жаздайды. Уақыт зымырауынан тоқтамай, өмір-ғұмыр әдетінше алдап-сулап өтіп барады. Ал біз өсіп келе жатқан жас ұрпаққа кітап бетін ашып, әңгіме-ертегілерді оқып беріп жүрміз бе? Ақыл-кеңесімізді құлақтан құйып, ой-бойына сіңіре алып жүрміз бе? Жоқ қой соның бірі! Өскелең өспірімнің тәрбиесін көк жәшіктің

көлгірлігіне тапсырып тастап, анау жас кеуденің жан сарайын жыртқыштық пен зұлымдықтың қоқсығына толтырып, жабайылық пен жасандылықтың уымен ғана суартып жатқан жоқпыз ба. Жап-жас ғұмырдың жан дүниесінің жинаған қазынасы - жантүршігерлік қатыгездік, мөлдір, тазалықтан жұрдай болып айрылған жабайы тұрпайылық, адамды адамға жыртқыш қып қалыптастырған өшпенділік болса, ертеңіміздің өркеніне сеніммен көз тіге алармыз ба.

«Әй, қайдам?» дейтін секемшіл сөз тіліме жиі орала беретініне өзім де қайран болсам да, тағы бір қайталауға тап боп тұрмын. Әй-и қайдам?!

* * *

Қойшысы қорқақ қотанға қасқыр шапқыш.

* * *

Ар-ұятың - Тәңірің!
Тәңіріңнен безінбе.
Арды сатса тәлімің,
Бәтуа жоқ сөзіңде.

* * *

Қасыңа жақындатып алып есің шыға шошығанша, жауыңнан алыста жүрген кезінде-ақ қорқа біл де, сақтана біл.

Досыңа деген сүйіспеншілігің жүрегіңде қанша түнесе, жауыңа деген өшпенділігің ойыңнан сонша бір шықпасын.

Орынсыз ырду-дырдуға салынып, мағнасыз, мәнсіз мадақтауға малынып, жауын елемейтін жандардың жаназасы кешікпей жететінін тәкаппар тарих талай дәлелдеген. Досына қағына тиісетіндердің жағасы жыртыларын да, қасына жағына сүйісетіндердің жаны жыртыларын да тағы сол тарих немең тақылдап айтып кеткен. Осының бәрін миыңның тезіне салып

екшей білмесең, ойыңның безбеніне салып өлшей білмесең, өзіңе өзіңнен өтер қаскүнем жау табылмасын сезер едің ғой, қандасым, қазағым-ау. Қашанғы қасыңдағыны қарақтап жау тұтып, алыстағыға алақтап дос іздеуден тыйыларсың?

* * *

Батылдықтың бағасы қымбат.

* * *

Өтірік өтірікті сүйрей туар,
Шындықты шырылдатып түйрей туар.

* * *

«Кемшіліксіз жан болмайтынын ұғына алсаң, солардың кемшілігіне де кешіріммен қарай біл» деп жазғанымнан айнытатын көп жай-жағдайлардың куәсі болып жүрмін.

Өзінің нашарлығын тануға баяу жандар, өзгенің әлсіздігін байқап қалса, соларды қасқыр болып қабуға таяу тұратынын көргенде, кешірілмейтін кемшіліктердің жеткілікті екеніне көзім жетті.

Әсіресе «Шаңырақ» пен «Бақайдағы» байғұстарды шырылдатып, жоқтан бардан құрастырып қалқайтқан баспанасын балаларымен қоса тракторымен ысырып тастаған төрелерден екі қолымды төбеме төсеп безіп кеткім-ақ бар. Шыңғырған жаныңа қайда қашып пана табарсың. Өйткені әлгі шарасыздық сандалтқан міскіндерден жер қорыған төрелер - әкімі бар, министрі бар, олигархы бар, құдіреттінің қыз, күйеулері бар мықтылар Медеу мен Шымбұлақтың ортасындағы мемлекеттік қорықтың жүз жылдық, мың жылдық ағаштарын аяусыздықпен (жыртқыштық деуге қаламым жүрмей қойды) қопарып тастап, зәулім сарайларын қаздай тізіп, заңға түкіріп, низамды опырып, астамшылықтарын Алатаудан да асырып

жібергендерін көргенде, бұқара бәдеуи жұрт болып тірі жүргенімізге тәуба деп, безбүйрек биліктегілердің табанына төбемізді тоса бергеннен басқа қайранымыз жоқтығына сенгендей үн шығармай ғана өксимін.

* * *

Біріңді, қазақ, бірің жау көрсеңдер, істің бәрі - дау.

* * *

Әдемі арудың әсем әуені болмауы мүмкін. Сондайақ қызыл сөздің қызуынан суық ойдың тереңдігін таба қою да қиямет.

Бірақ әуені жоқ әдемі арудан өзін аулақ ұстаған бір еркекті көрмеппін әлі. Ешкімнің ештеңесін бүлдірмейтін ой бақпас сөзуарлардың кейде асығы түгел болатынын да байқап қаламын.

Кемшіліксіз жан болмайтыны ежелден белгілі. «Адам бойындағы кемшілікті тауып, танып алсаң, соны жөндей білу үшін де барша азаматты жантәніңмен құрметтеуге тырыс!» дейтін ұстазымның сөзі жас ұлғайған сайын құлағымда жиі жаңғыратын болып жүр. Содан ба, кемшілігі бардың да келешегі бар-ау» дегенге ойыса берем. Бірақ осы ойыма иланар жұрт табыла қойса.

* * *

Өзгенің қайғысын көтеріп кету үшін өңгеміздің қажыр-қайратымыз мол-ақ қой, бірақ қарайласуымыз аз-ау.

* * *

Кенді саттың,
Құныстым, үндемедім.
Ерді саттың,
Бүрістім, дым демедім.

Жерді сатып,
Әу, сенат, елді еңіретіп,
Тонадың ғой барымды мүлде менің.

* * *

Биік билікке ұмтылған әркімнің әркімдерден жылы қабақ күтері сөзсіз. Бірақ сол жылы қабақ өлексеге құмартқан өзгелерден өлсе жетер ме. Қарасы жабылып төрге шығарғысы келсе, төресі етектен қос қолдан тартып төбеден төменге түсіруге дайын. Әлгінің білімді де білікті қаруына әттең биліктегі даруы сай болмай тұр ғой. Әйтпесе төмендегілердің бәрін бар қыларлық, жоғарыдағылардың күнін зар қыларлық ойы да бар, сойы да бар. Сондықтан да ол таразы басын тартарлық салмақты енді өзгеден іздеуге мәжбүр болған халін басқаға білдірер ме. Сенер кімі бар. Ал сенім дегенің де қырдың күн сайын мың құбылатын сағымы емес пе. Сенген текешігің өз басыңа секірсе, ешкі тұяқтан гөрі ескі өкініштi көміп түсетін жаңа өкініш жаныңды тілгілейді-ау. Әй, соның бәрі даланың өзіндей далиып өсіп, ішке симай бара жатқан бақұмарлықтан, атаққұмарлықтан һәм жалған намысқойлық пен кеудемсоқ кердеңдіктен-ау. Әлдебір өсек кеудеге кесек тастап кеп жіберсінші, шабаланып, шабынып шыға келсін. Әкені беттен алар бала, ағаны аяқтан шалар іні сенің әділетіңді қайтсін. Адалдығыңа, туралығыңа пысқырсын ба. Өз төмпешігін төбе қылмай, өз төбесін тау дегізбей көңілі көншір ме. Оған енді даңғой мақтаншақтықты қос. Қайтіп қап-қара оттың жалынындай шалқымасын ол. Шарапқа, әлде вискиге қызған желөкпені жер түбіне желдіртіп жіберетін азғырушы әзәзілдер аз ба... Ой, бассын кеп қамшыны қашайын деп тұрған жалған намыс-елікке. Жүйткісін сонсоң пыш-пыш өсек, қап-қап қауесет кең дәліздер мен тар бөлмелерде. Қырықпышақ қазақ жатсын сонсоң қырық бөліне қиқылдасып...

О, тоба! Осы бір құбыжық секем ойымды да, бойымды да бір босатпайды-ау. Бүкіл қарам мен төремнің биік төрдегі билік тізгінін ұстайтын адамды табу - арылмас дерті болған соң, дәру іздеп әуре бола ма әлде? Сол дәруді қайдан табар? Тапса, қалай, қайтіп емдер? Емдеуге оп-оңай көне қояр қазақ бар ма екен? «Менікін емес, сенікін қалай төбеме шығарамын!» деп дәруіңді у деп қабылдап, мерейіңді мерездік деп ұғып, «өзіме жақпаса, өзгенікін неге жақтыра қояйын!» деп сойыл ала жүгіруден де танбас-ау.

Ал биікте отырар лайықтыны дұрыс сайлап алып, алды-артымызды бүтіндер күн тезірек туса екен. Белі мықты, беті түзу біреудің шынымен-ақ қалмағаны ма елде...

Он сегізінші ой
Форум - сорым болмасын

Базбіреу ойланбастан әлдебір іс-әрекетке опыр-топыр килігіп кетеді де, қыл аяғында опық жеп, опырылып құлап жатады. Ал енді біреу түк жасамай-ақ құр «ойланып-толғанумен-ақ» әбден шаршап-шалдығып бітеді.

Осының екеуін де мен биіктегі төрелердің арасынан үнемі кездестірумен келемін. Сондайда «анау «опыр-топыршының» миына мынау «толғанғыштың» ойынан сәл құйса қайтер еді. Мынау «ойланғыш» жайбасардың қолына анау «опыр-топыр жұлқыншақтың» тізгінін аздап ұстатса қайтер еді», деп мюнхаузендік қиялға бөгем.

Үкімет билігін тізгіндеп ұстап, мұрт астынан бір бүлк етіп қана отыратын зор төре мен ерніне насыбай салып алғандай тымырайып, «отыр, артым, он ай!» деп бір былқ етпейтін үлкен қаланың әкімінің әрекеттеріне анау әр жерден бір жылт ететін, бірақ

жапырып тастағаны шамалы бұрынғы бірінші вице бүгінгі үкіметтің тыпырлағыштығын қосақтай алар құдірет жоқтығынан өз-өзімнен қатты қапаланам.

«Әу, бір басында ойланғыштығы да бар, тындырғыштығы да бар азаматтар, қайдасыңдар?» Әлде кері тартып, кеңес тыңдамастарды келеге шақырып, ақыл қосам дейтін құлшынуым - ақымақтық емес пе екен? Білмедім ол арасын. Бірақ ниетім түзу.

* * *

Мономахтың бөркін кигеннен
Еліңнің етегін сүйген артық.

* * *

Аздың шуылынан көптің құлағы дуылдап кететіні бесенеден белгілі тірлік. Төрдегі топтың жердегі көпке қарата жамырайтын лепіргіш шуылын, көпіргіш дуылын бұқарасына танытқан пейілі мен мейіріндей қабылдайтынымызды да бүрсеңдегіш түріміз айғақтайды. Сондай кезде өзің армандағанды ана-ау мықтының аузынан есту де, өзің сағына күткенді өзгенің орындалмас уәдесінен алуың да, баянсыз бақытыңның бір бөлшегіндей сезіліп, кеудеңе жып-жылы болып қона кететіні бар-ау. Жоғарыдан жететін шу мен дудың неге толастамайтынын сонда ғана түсінгендей боламын. Өйткені жердегілердің төрдегілерді ауыздарын аңқита ашып, маңқиып отырып тыңдауы - төрдегілер үшін өз тірлігінің көңілдерін көншітер ең бір мэз-мейрам сәті болатын сияқты-ау.

* * *

Жаныңды мұң шалғанынан да, арыңды кір шалғаны жаман.

* * *

Алланың ұстағандай ақ шыбығын,
Көңіліңнің көлеңкелеп тапшылығын,
Көз жастан алтын құйып алғаныңмен
Не пайда болмаса түк жақсылығың.
Шындықтың шырылдатар дауылы кеп,
Құйғанда әділеттің жауыны үдеп,
Көзіңнен бір-бір ұшар жақсы күнің...

* * *

Ырбаңы көп қазақтың (бүкіл қазағымды қабаттап алғанымды Құдай өзі кешірсін) тырбаңы неге аз?

Кіжінуі көп алаштың килігуі неге жоқ?

Дара қылығы аз ағайынның дарақылығы неге мол?

Пыш-пышқа таяу халқымның іс-күшке қарқыны неге баяу?

Кеудемді кернеп бара жатқан, көңіл көгеніне қосақталуға ұмтылған сұрақ-сауалдарымды осымен тұқырта қоймасам, жұтып ала беретін қағаздан да, құйып сала беретін қаламнан да ұят болар.

Ал енді жоғарыдағы сұрақтарға шама-шарқымша өз жауабымды таратып берейін.

Думаншыл, тойшыл болып барамыз. Бұрын сағымы сылаңдаған сары белді, шалқар көлді сайын сахарамызда жылқы бағып, қой жайған қазақ едік.

Бүгін оңымыздан сылаңдап Айымыз, солымыздан толықсып Күніміз туғандай ұлтымыздың жұмыссыз қаңғырып қалған ұл-қызына қарамай, форумнан форумды тындырып, дарылдап, дырылдап той қууға әуес боп алған қазаққа айналдық.

Форум демекші биылғы, 2012 жылдың мамыр айында, айналасы жарты айға толар-толмас уақыт ішінде бірінің артынан бірі өткен форумдарды атап шықсам да, жетіп қалар деп ойлаймын.

Алғашқы форум «Көгімізде - сұңқар, жерімізде - терминатор» деп аталатын «Kadex - 2012» қару-жарақ көрмесімен ашылып, әскери ғылыми-техникалық конференциямен шымылдығы түрілді. Келген қонақтар санын өздеріңіз жобалай беріңіздер.

Содан кейінгі форум - Еуропа мен Азия арасын жалғайтын «Жібек жолына» арналған шетелдік инвесторлар кеңесінің XXV мәжілісі. Мейманасы асқан меймандарымыздың қара-құрасын менсіз-ақ шамалай аларсыздар.

Осының ертеңінде V Астана экономикалық форумы дүрілдеп ала жөнелді. «Форумға 12 Нобель лауреаты бастаған 90 елдің 8000 астам азаматы келді» деп шуылдасқан журналисттердің неменеге мәз болғанын білмеймін. Бірақ қонақжай қазақтың тағы бір ашылып-шашылғанын ішім сезеді-ақ.

Арада бір апта өтпей жатып «Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары Арқа төсінде төртінші рет тоқайласты!» деп алақайлап қалпағын аспанға атқан тілшілер 40 елден келген делегациялардың қазақ жұртшылығына қандай еңбек сіңіргенін айта алмағанын және білемін.

Кейде ойлаймын. Осыншама көп форумдардың бір-екеуін өткізбей, соларға кететін қаржы-қаражатты шығармашылық иелерінің қаламақы жүйесіне жұмсаса, әлгі форумдарға ілесе жеткен «Жаңа әлемдегі еуроазиялық мәдениет» деген форумды тағы да Астанада өткізудің қажеті мүлде керек болмай қалар ма еді. Өйткені аш қарнына дәм түскен зиялы қауым әдебиетті де, мәдениетті де ешкімнің араласуынсыз-ақ, «көмегінсіз-ақ» биік тұғырға қондыра салар еді-ау...

Ал енді американдық шала мас күйде аузын бір ашып, бір жұмып ән салғыш бикеш әншіні, африкалық жалаңаш бөкселі бишіні, ресейлік Алла-саллалар мен Филя, Максимдерді топырлатпай-ақ

өзіміздің өнерпаздарымызбен тойлауға әбден болатынын қашан ескерер екенбіз.

Ескеру қайда, ертеңгі өтетін Астана тойына «Дүниедегі ең қымбат әнші екен!» деп әлден-ақ аспанды топ еткізіп жерге түсіргендей мақтана лепіріп Суми Джо атты корейдің әнші келіншегі келмек деп жалғанға жар салып жатырмыз. Сонда барымызды боқшасына сықап салып әкететін Суми сумый ма, сол Сумиға шат-шәлекейіміз шығып, ақ тер, көк тер боп жүрген біз сумыймыз ба?

Жаңаөзендегі қазақты қазақ қырып салғанда, ана жақта тісімізді тас шайнағандай сықырлата тіксініп, мына жақта азуымызды сындырып жіберердей егеп кіжініп-ақ едік. Сол байғұс мұнайшыларды жазықсыздан жазықсыз айыптап, кінәсыз соттап жібергенде, зорлық-зомбылықты көре тұрып киліккен Алаш болды ма? Болған жоқ. Тілімізді тістеп, көзімізді жұмып, тырп етпей омалып қала бердік.

Өзге жұрттың, өзге ұлттың өнегелі, үлгілі «Елім!» дегіш, «Жерім!» дегіш дара қылығына таңдансақ та, өзіміздің өзгелерге мүлде ұқсамас дөрекілеу дарақылымызға ешқашанда таң қалмаймыз.

«Нағыз қазақ - қазақ емес. Нағыз қазақ - Қадыр!» деп таңдайларын тақылдатқан Донеділ мен Айкерімді («Алматы ақшамы» 26.05.12) оқығанда, өз көзіме өзім сенбедім. Неткен дарақылық! Неткен даңғойлық! Сонда нағыз қазақ бола алмай Абылай қайда калған! Абай, Әуезов, Әлихан, Бауыржандар қайда қалған?

Өзінікін өктем ету үшін өзгелерді өңешіне тыға салу неткен сұмдық! Өзінікін көкке шығару үшін, өзгелерді жерге таптау не деген зорлық! Әпербақандықтың да шегі болуы керек қой.

Балконнан бес мың сомдық бес қағазды төмендегі тобырға лақтырған банкирды бүкіл Ресей болып жерден алып, жерге салған орыстарға қараймын да, баласының сүндет тойының құрметіне теңгемізді

менсінбей вертолетпен доллар жаудырған әлдекімнің арқасында әлдекім болған даңғой байшыкешке бас шайқап кейістік танытқан бір қазақты көрмей, дарақылыққа етіміз үйреніп кеткеніне еріксіз қайран қалам.

Сонымен біз Абай айтқандай: не қылдық, не болдық?

Өзімізге қатысы жоқ бадырайып тұрған кемшіліктерді өзгелерден қанша көрсек те, соншама елемейтініміз қалай?

Мазасыз сұрақтарымның мағынасыз жауаптарына қарным аша бере ме?

Қашанға дейін?..

* * *

Тәуекелге бару үшін қайсар жігер мен қайтпас мінез керек.

* * *

Шаршы топқа сұғынып кеп,
Тыңдау үшін енбейміз.
Қызыл тілді суырып кеп
Оңды-солды сермейміз.

Он тоғызыншы ой

Адамға адам - дос па?

«Адам баласына адам баласының бәрі - дос»
Мұны хакім Абай айтқан.

Туған адамның бір өлмегі барына мынау бес күндік ғұмырдың өткінші, уақытша тірлік екеніне көзіңді жеткізіп, біріңді, қазақ, бірің сыйлап, біріңді, алаш, бірің қонақтай құрметтеп өт деген өсиеттей тілегін үлкен жүрегінің кең толғау, терең ойымен жетіп айтқан.

Сондай-ақ ұлы ақын дүние қайғысынан ахырет қайғысын артық тұтқан жанның серттен азбайтынына, уәдесін бұзбайтынына қатты сенген.

Ал бүгінде «адам баласына адам баласының бәрі - дос» деп айта аламыз ба? Ары бардың - зоры жоқ, зорлығы болмайды деп күпсіне аламыз ба? Сергелдеңі көп қазіргі күндерде серімастанып берген сертінен айнымас сабазды танып біліп, таңбалай аламыз ба?

Көкжиекті қарауытып мұнар басқанда, кеудеден сәуле қашары рас па деймін. Айналамнан өзгені көрмейтіндей, танымайтындай етіп көзіне шел ме, перде ме қаптап алған, ісініп-қабынған көкіректерді көбірек ұшырастыра бастадым.

Айтпақшы, мені дұрыс түсінулеріңізді өтінемін, ағайын. Әлгіндей теріс езу, қарыс азу көкіректерді төрдегілердің төңірегіне жуытқан да емеспін. Төбедегілерді олай, бұлай дейтіндей талай жылдан бері солардың алдына өзім түгіл сөзім де жеткен емес. Менің сынай, міней алатындарым - теңірегімдегі төресымақтар ғана ғой.

Ал, елбасы туралы... Қылдай кіршік таға алмаймын. Екеуімізді шырмаған қос бірдей әріптестігіміз бар. Оның үстіне маған деген көңілі де түзу (Өзім солай ойлаймын. Өйткені бәріміз де пендеміз ғой). Оған дәлелім де мол. Мерейтойларым сайын не өзі кездесіп, не құттықтау пәпкесін жолдап, әйтеуір бер жағымен болса да, көңілімді тауып жатады. Одан қалса «Елім-айымды» оқығанын айтып, хат жазып хабарласуды да ұмытпайды. Ол ол ма, Жазушылар одағына мені «Халық жазушысы деген атаққа ұсыныңдар!» деп екі мәрте құлаққағыс та жасаған болатын. Сол екі тапсырмасының үдесінен шықпағанына, елбасы болса да шығарта алмаған Нұрекең емес, көлденең киліккен батыраштар кінәлі болды-ау деп өзімді өзім жұбатам. Кім білсін, «ер кезегі үшке дейінге» малданғыш қазақпыз ғой, уәдесін жұтпайтын пре-

зидент мырза: «Мә, Қоңқай!» деп сүбелі сыбағасын дайындап та жүрген шығар...

Тоқтағын, Софыян! Биікте сөйлеймін деп алып, төменге құлдырама!

«Елім-айымды» жер-көкке сиғызбай мақтайтын Мұхтар Құл-Мұхаммед бауырыма да, сол романымды қайта-қайта құлатып, мемсыйлықты өзінің Марфуғасы мен Нұрлан Оразалинның қанжығасына бөктеріп жіберсе де, өкпе таға алмаймын. Таяқ тастам жерді өткел бермес асудай қылатын саясат дейтін сайқал бар. Езден ер туғызатын, есектен нар жасайтын шытырман жауапты есеп бар. Сол екеуі араласқан жерде тазалыққа ердің ері, батырдың батыры шыдас беруі неғайбыл.

Түптің түбінде Мұхтар інімнің бұрынғыдай ақжарқын көңілімен «Аға!» деген адал ықыласын сезер болсам, басқасының түкке де қажеті жоқ. Биігіне қос қолдап жабыстыратын күйігі жеңіп кетпесе, азаматтығына сенімім кәміл.

Серік Ахметов жерлесімнің облысыма әкім болып келген беттегі маған деген інілік ықыласы керемет еді. Үйіп-төкпеген уәдесі қалмаған-ды. Маусым айында жеткен жетпісімді «туған жеріңізде дүрілдетіп» әне өткізем, міне өткіземмен сол 2011 жылды мұрнымнан сүйреткендей қып аяқтап, 2012-жылдың басында басқа орынтаққа ауысты да кетті. Өзі уәде беруге сондай мықты болатын. Телефон соққан сайын: «Софы аға, коттеджіңіздің де, джипіңіздің де кілттері дайын. Туған жеріңіздің ауасын жұтып, суын ішіп, құлантаза айығып кетесіз!» деп ауруымнан жазып алғандай, жаныма жансая үнін құятындай болушы еді. Мүмкін уәдесін «жұтпайтын» осы інім Қарағандыдағы үйдің кілтін Астанадағы асау аттай осқырынған особняктің кілтімен ауыстырмақшы оймен қалтасында сақтап жүр ме екен? Әлде... жаман айтпай жақсы жоқ деген... Әлгі кілті құрғыр қалтасының тесігінен түсіп

қалды ма, әлде бір тамыр-танысының ұрлықшы уысына түсіп кетті ме, содан бері Серік інім серіктікке жарамай, үшті-күйлі жоғалды. Бәрінен өкініштісі сол болып тұр. Телефонмен болса да, «Аға!» дейтін лебізі - туған жердің сәлеміндей сезілуші еді-ау... Өйткені Әбілғазы дейтін жаңа әкімім менің бар-жоғымнан мүлде хабарсыз. Аттандасаң да, мойнын бұрмас көрсаңырау біреу.

Ахметжан Есімовтай тағы бір ініме де кінә таға алмаймын. Екі рет (бірінде өз қабылдау бөлмесінен, екіншісінде әкімнің орынбасарының көмекшісінің айтуымен) Ахметжан Смағұлұлының қабылдауына шақырылатынымды күнібұрын естіп, барайын деп отырған бағыттарымды өзгертіп, қалыңдығын тосқан күйеубаладай болып дайындалғанымды қайтейін, екі сәтте де әкім інімнің құзыретті (әлде құдыретті) жүзін көре алмай, телефонның шырылын күтумен көңілімді әбден қоңылтақсытқамын. «Ер кезегі - үшеу» жоралғысы дәл осы ыңғайға енді жүре қоймас. Кітап бетін ашпайтындай Ахметжан бауыр ат басындай алтын берем деп үшінші мәрте үзіліп, қиылып қолқаласа да, сол үлкен кабинетіне қарай қия баспауға уәде беруге енді мен дайынмын. Кей-кейде ақынның әкімнен мықтырақ түсерін өстіп бір дәлелдеуге иштей бекініп жүргенім бұл.

«Адамға адамның бәрі - дос» деп күмбірлетіп бастап, «адамға адамның өкпесі - қара қазандай!» деп күбірлетіп аяқтағанымды көрдіңіздер ғой. «Адам - пенде!» деген осы-ау...

* * *

Өзі пішетін, өзі кесетін әкімнен де, айтарын бір-ақ айтып, әділін шешетін ақын артық әманда.

* * *

Жүректен қашқан мейірімді
Бүкіл әлемнен іздеп таба алмайсың.

* * *

Жүгірдім, жарыстым,
Күрестім, алыстым.
Лапылдап озушы ем,
Өртімен намыстың.
Көзден нұр тайғанмен,
Қанды су шайғанмен
Жанымда бар ұшқын!

* * *

Жоғалтып алып жоқтайтын баға жетпес асылдарымыз қаншама. Өлтіріп алып, тірілте алмай дауыс қылатын арыстандай арыстарымыз қаншама.

Қақпақылдап көтеріп әкеткен биік лауазымдары болмаса, көптің арасында көбіктей қалқыған можантопайлардың көбісін біле бермес те едік.

Даладай кабинеттің төбедей төрінде шіренетін шенеуніктердің бірнешеуіне бір өзі татитын аяулы арыстарымыздың тұтқиылдан төне қалатын ажалдарына араша бола алмағанымызға кісі өліміне тітіркене қоймайтын бүгінгі тасжүрек адам кінәлі ме? Қырғын-сүргінді тірлікті әдетіне айналдырған мынау тасбауыр заман кінәлі ме? Әлде анау төбедей төңкерілген шенеуніктердің қылмыс бүркенген айла-амалдары мен алыс-берістерінің астыртындығы кінәлі ме? Сол кінәларды ажыратып алып, бүге-шігесіне дейін бұтарлай білсек, анау аққөйлек жанды Заманбек арыс «өзін-өзі үш рет атып» өлмес пе еді. Ақберен Алтынбек арыс қос көмекшісін құшағына көміп, омырауын оққа тескізбес пе еді. Анау Шәріпжан, Болатхан, Батырхандар қапыда қаза таппас па еді.

Кездейсоқ өлімімен емес, жалындаған өмірімен ерлікті уағыздаған ерлердің өз тағдырларын өзгелерге үлгі етіп кеткеніне ғана жұбаныш етпесек, өзекті өртеген өкініштің тыя қоятын құдырет жоқ қой, жоқ!

Бал мен уын кезек тосатын өмір-ғұмырдың балы көп болғанға не жетсін. Ал уын жұтқызып қалып,

ажал құшатына бөлейтін ұлы адамдардың мәңгіліккке бет алған екінші ғұмырының кешігіп жеткенін ғана тілейік те.

* * *

Өзімізбен өлшеп қарап өзгелерге баға бергіш халықпыз. Олардан дәл өзіміздегідей қателік пен кемшіліктерді көрсек, ың-шыңсыз теп-тез кешіре қоюға дайынбыз да, өзгелерде өзіміздегідей құндылықтар кездесетінін байқасақ, қараптан қарап әлгілерге өшігіп кеп береміз.

* * *

Кейде ойлаймын: адамдар қолынан келер өз мүмкіншілігін біле бермейді деп, ол артық айтқандық екен.

Кейде ойлаймын: олар, адамдар өз бойының қажыр, қайратын сезіне білмейді деп, мұным кемірек кеткенім екен.

* * *

Иілгенім - сынғаным.
Тыйылғаным - тынғаным.
Өзегіме кептелер
Өзге тыңдар мұңды әнім.
Иілмедім - алыстым.
Тыйылмадым - қарыстым
«Елім!» дедім - тынбадым!

Жиырмасыншы ой
Мақтау һәм даттау

Біздің қазақ есеппен қана мақтайды. Ал бірақ есепсіз даттайды. Мақтаған кезде ақсақты тыңдай қылып жұрттың ең алдына салып, оздырып жібереді. Даттаған сәтінде асыл азаматты құлдай етіп

құлдыратып, тоздырып жібереді. Жалған көпіргенде, үдей соққан дауылдай жалт-жұлт, жарқ-жұрқ еткен сөздер тасқынымен көміп тастап, есіңнен тандыра қояды. Содан кейін-ақ әлгілердің даттаған адамын мақтаған наданының қолына су құюға да жарамастай көресің. Өйткені біз қалып айтқан жанның ақиқатты құрбандыққа шалып айтарына мән беруден баяғыда-ақ қалғанбыз. Себебі қай-қайсымыздың күйттегеніміз көптің мақсаты емес, топтың пайдасы ғана. Топ-топ болып таласып, жік-жік болып жағаласып жүрген соң, иненің көзінен өту үшін, биікке, билікке жету үшін ұлтыңның ұпайымен мұртыңды майлап, жұртыңның жуастығымен жымысқылығыңды бүркеп, қастағы түзгінді тартып алып, бастағы дәуренді орнатпастай ақымағың емес қой. Сол-ақ екен әу дегеннен өздері таңдаған біреуін ел алдына шығаруға барын салады. «Атадан туған ардақты ер!» де сол ғана. «Арғымақтан туған қазанат!» та сол ғана.«Ақсұңқар құстың, кескекті ердің сойы!» да сол ғана. Қойшы әйтеуір «көсеміне» көсеу ұстатып, көлденең көсілтеді. Барлық мәселені, барлық кінәратты әлгінің аузымен шешілмесе де шешілтеді. Өйткені сырлы зерен аяқпен бал ұрттаған «шешеннің» уәжі неге теріс болмақ. Терісті жасайтын басқа керісшілер. Өзге топтың өзекке тебушілері. Көзі де, көңілі де алаңдап тұратын соларды тезірек тезге салу үшін шамданса, жығар асау, шамырқанса, сынар қас болат «көсемді» таудағы жалғыз тарлан қылып ілгері оздыру қажет. Пәлекет сөзбен жала жапқыш теріс азулардың шықпаған жанын бойынан сығып алсын. Ала алмаса... Алаштағы жақсылардан бата алған жайсаңдар аз ба. Жалаулы найза ұстаған тағы біреу табылар. Есілте мақтап, ер қылып, көсілте мақтап «көсем» жасаудан оңай не бар. Жасайды да, жұрт жадына құм сағыздай етіп, жоғалмастай жапсыра салады. Алыссын, жұлыссын. Топтан торай

алғызбасын. Қарағай басын шортанға шалғызбасын. Қалғаны - топ пен жіктің ентіктірер еншісі.

Осындай іріктелу әсіресе оңтүстік өңірінде - Шымкент, Жамбыл, Алматы облыстарында белең алып барады. «Өзім!» деп өңеш жыртып, өзгенің өңешін жыртуда алдарына жан салмайды. Енді оларды мұндай жіктелуден, оқшауланудан тыйып тоқтатар құдырет табыла қоюы қиын. Олардың қанына сіңген парақорлық, жемқорлық, рушылдықты жолға салып, тағылымға жүгіндіріп мойындату мүмкін емес.

Өтірікке иланғыш, ақиқатқа керең, шу мен шуылға улығып-шулығып ілескенде, шаруасын да ұмытып кететін қазаққа топқа бөлгіш, жікке жіліктегіштердің қылмысты әрекеті қасірет болып жабысуын тоқтатар күн болар ма екен?..

* * *

Алтыны көп, теңгесі көп,
«Баксы» көп.
Азынайды-ау әулие боп,
Бақсы боп.
Не болар ед, тоқтап қалса бір күні
Арамдықпен ағылатын «ақ шүмек»?

* * *

Батырлық әр кезде емес, дер кезде оянады.

* * *

Өнер - дегеніміз төсінде кемесі жүзіп, аққуы қалқыған шалқыған шалқар теңіз бен бауырында орман-тоғайы сыңсып, ұшарына қазбауыр бұлт қонақтаған толағай таудың көз жауын алар сұлулық болып жымдаса қалар жағалауындағы әсемдікке толы **кемер.** Сол кемерге қызыға ұмтылып, талпына қол созатын шын таланттар бар. Сонымен бірге сұлулықты табанымен таптап, **өнер кемерін** кеміріп құртып, ластап

жүрген, таланттылықтың аулынан мүлде ажырап қалған парықсыздар бар. Сол парықсыздықтың жабайы көрінісі әсіресе бүгінгі Ресей киносы мен қазақ түсірімдерінде көрген көз бен тіксінген көңілді көпке дейін құбыжыққа кездескендей үрейлі әсерден ажыратпай қояды.

Толып кеткен атыс-шабыс. Сарылдап судай аққан қып-қызыл қан. Тапа-тал түсте беттің арын белге түйіп тастағандардың айуаннан да жаман дөрекілікпен біріне бірі шөгуі.

Өнер - адам жаратылысын жақсылыққа ғана баулитын сиқырлы күш деп ойлаушы едім де, өнердегі байыптылық махаббаттың ибалылығынан кем болмауға тиіс дейтін ұғымға илігетінмін. Соның бәрі бүгінде адыра қалғандай. «Апырау, күнәһарлықтың шеті мен шегі болмаушы ма еді?» дейсің қинала кейіп. Бірақ кейігеніңді естіп, күйінгеніңді біліп жатқан кім бар. Зұлымдықтың жарық біткенді тұмшалап, қараңғы түнегімен орап алатынын ұғынған қылмыскерлер (қазіргі заманауи барша киношыларды солай атамасқа әддім жоқ) ақыл тоқтатпаған жасөспірімдердің санасын улап, жыртқыштық дәнін әрнені тез қабылдағыш кеуделеріне егіп, мінез-құлықтарын жабайылықтың рухымен суарып жатқанын тоқтатар билік бар ма? Осыдан кейін бірін бірі пышақтап, біріне бірі мылтық кезенген мектеп оқушыларының бей-берекет қадамға баруын кімнен көреміз? Ызғары шарпыған, ызғырығы күшейген бүгінгі заманның сұп-суық кезеңінен жан жылытар күнгейді таба алармыз ба?

Мәңгілік өнерді парықсыздың қып-қысқа ұғымырының илеуіне түсіріп, неге құрбандыққа шалдырамыз? Жұлмалап жүндей берсе, киім-лыпасын дар-дар жыртып, әбүйірін айдай әлемге бадырайтып ашып тастап, жалаңаштай берсе, мәңгілік дейтін өнердің мағынасынан не қалмақ?

Өнердің ең қадірлісі, ең қасиеттісі саналып, адам жанының қыл пернесін шертіп барып, сергіп тірілетін

- **музыканың** бүгінгі жадау, жүдеу күй-халін қай демімізбен үрлеп жылытып, қай себімізбен түзей алмақпыз?

Ән-әуенге жүз қайнаса сорпасы қосылмайтын дырылдақ, дарылдақ жасанды жаңғырықтарды барылдақ, қырылдақ дауыссымақтарымен көк жәшік пен кең сахналарды жаулап алып, жайлап жүрген әншісымақ өнерсіздердің өнердің тамағына сояудай тырнағын қадап, тамшылата ағызған қанымен бірте-бірте сол асылымыздың ұғымырын қасқағымға айналдырып бара жатқанын қашан көреміз?

Қамкөңіл жанның қайғы-қасіретін серпіп жіберіп, қатулы қабағын мөп-мөлдір шуағымен жадыратып ашатын құдыреттің өзіндей **музыканы** салдыр-гүлдір, даңғыр-дүңгір бей-берекет шуылдақ дыбыстардың астына көміп тастап тұншықтырып бара жатқан қатыгездіктің жүндес жұдырығын неге жұлып тастамай жүрміз?

Қайдан жұлармыз. Олимпиада чемпиондарын марапаттау кешіндегі дарылдақ, барылдақ, жарқылдақ, жырқылдақ концертсымақты басшыларымыз түгел есі шыға рахаттанып тыңдаса. Солар үшін мен ұялдым да, көк соққыр көк жәшікті сөндіре салдым.

Шынымен-ақ жүрегіңнің қыл ішегін шертіп басып, жан-дүниеңді әсемдікке ұйытатын ұлттық әуезді үннен адасып қалғанымызды сезбей, мәңгүрттіктің сірі кепесімен бас терімізді қаптап алып, зомби тіршілігіне көшкенімізді білмей де қалдық па?

Ал күйінбеген, күймеген, азап шекпеген өнер адамының азаматты дүр сілкіндіріп, тұла бойын түгел баурап алар ғаламат дүниені (шедеврді) туғызарына сенбеймін.

Өзіңді өзің жұлып жер өлермендігің ғана өзгенің өшкенін тірілте алардай өміршең туындының кіндігін кесіп береді. Шынайы өнердің құдыреті - өмір қанын өршітуінде.

* * *

Ойлануы аз адамның өкініші көп болар.

* * *

Кір шалмаса арыңды,
Мұң шалмайды жаныңды.

* * *

Таба білгеннің бәрін тани білдім деу де дұрыс емес. Мысал үшін бір дос таптың дейік. Сол досыңның ішек қырындысына дейін ақтарып тани алдың ба? Бүгін өзіңмен ауыз жаласқан сол көңілдесің ертең сенен де гөрі бай, қызметі де жоғарырақ біреумен әмпей-жәмпей бола қалса, сенің сырыңды, шыныңды әлгіге түгел ақтарып салмасына көзің жете ме? Көзің жетпесе, көңіліңе у жайлатар күдігіңнен қашып құтыла алармысың? Өзің туралы өз пікіріңді өзгелерден жасырудың қандай қиын болатынын ұқсаң, сол құпияның құлпы бұзылғанын және сол құлыпты бұзған сенімді деген досың екенін білсең, дүниеңнің астыүстіне түсіп, төңкерілмеген несі қалады.

Құпияны жасыра білу - патшалардың ғана ісі десек те, әр адам - өз құпиясының патшасы болатынын да ұмытпаған жөн. Сондықтан таба білу мен тани білудің арасы жер мен көктей.

* * *

Батсам болды түнгі ойға,
Тұтанады мұң бойда.
Аласұрған Алаштың
Зарын тыңдар күн қайда?
Әр елге бір дедектей,
Болдық нағыз жәлептей
Тиіп шыққан мың байға.

Жиырма бірінші ой

Кешегі мен келешек

Өзгені даттаудың мақсаты - өзіңді мақтау емес пе екен... Өзгені жек көру - өзіңді жақсы көру емес те шығар...

Осылай жаздым да, ойланып отырып қалдым. («Отырып» дегенім өтіріктеу. Бүгінде жатып қана жазатынымды жұрт біліп қалды).

«Сонда - деймін өзіме өзім - өзін мақтағанды жаратпайтын жан өзгені даттай алмайтын болғаны ма? Өзінің көп кемшіліктерін кешірмейтін адам өзгенің жақсы қылықтарына сүйсінуі тиіс пе?..»

Текетірес сұрақтарды бірімен бірін сүзістіріп отырғанымда, бір емес, бірнеше газеттен өзін де, парламентін де жер-көкке сиғызбай мақтаған сенатор Ғани Қасымовтың желпінулерін оқыдым да, өзгені даттамай-ақ, өзіңді өзің мақтаумен де атыңды шығаруға болатынына көзім жетті де, «неменеге соншама өзеуреп әуре болғам» деп төсегіме қисая кеттім.

Осындай масайраудың өз адресіне үйіп-төгілген мезеттерін мен бұрынғы депутат ханым Бақыт Сыздықованың күліп отырып, күлімдеп отырып тұрмыс-тіршілігіне деген ақтарыла салатын ырзалығынан да жиі естіп жүрмін. Соған қарағанда жұрт көп мақтап барып, ілуде-шалуда ғана бір жететін абырой, атақтан өзіңді өзің ұдайы дөп мақтап, сол өзіңді онша бағаламас жұртыңды шымшылап па, қытықтап па, әйтеуір бір күлдіретіндей шатақтың қажет екенін біліп алған осыларға да кей-кейде ұқсатың кеп кетеді-ау. Дедім де... тілімді тістеп кеп алдым.

Мақтан - жел сөз. Желпілдетіп көңіліңді көтергенімен, өміріңнің сол қошеметке шынымен-ақ лайықты екенін айғақтай алар ма. Асылды аңдамас алдамшы жұрттың бөз сатқандай сөз сатып, мықтының

көзіне түсуі - өзіне пайда көздеудің төте жолына айналдырған жоқ па бүгінгі мақтау-мадақтаудың құбылғыш төркінін.

Ендеше өзгені даттаудың да, өзіңді мақтаудың да түкке керегі жоғын ұғынсаң, осы пайымыңды өзгенің ойын қозғап, көкірегіне құям деп текке әуре болмай, шынжау жүрегіңді шымырлатар сөгіс естімейін десең, көрпеңді қымтанып, тым-тырс жата бер, жалғанға жар салғыш, қаламға бұт артқан жазғышым!

* * *

Ішіңнің мейірімді жылулығы
Сыртыңның сұлулығынан да абзал

* * *

Өзіміз ұнатқанның өкшесін жиі бассақ та, өзіміз құрметтегеннің маңайына мүлде жоламаймыз.

* * *

Өкпем аз, көбейіп тұр өкінішім,
Кебініп өкініштен бекіді ішім.
Жалғанды жалған тірлік жалмап жұтып,
Жетпеді Құдайға да өтінішім.
Аярды аңыратқан,
Күңіренткен,
Күтемін әділетті Құдыреттен.
Сол менің тірегім һәм бекінісім.

* * *

Келешегіміздің бүгін жасалатынына мән бермей, «алма пісер, аузыма түсер» деп екі қолды құсырып, аспанға қарап отыра берсек, ертеңгі ұрпақтың қарғысына ұшырарымызды шынымен сезбей жүрміз бе? Әлде сезсек те, сезіктенуден қашқақтай береміз бе? Ертеңіне дұрыстап өту үшін де кешегіне де сүзіле қарап, тындырғаның мен

тындыра алмағаныңды саралап, салмақтап салыстырып қою да қажет шығар.

Осылай деп ой қорытпақшы болғаныма, өзіме өзім тіксіне қалдым. Неге дейсіздер ғой. Мың оятсаң, селк етіп бір тұрмайтын, Жаңаөзен қырғынындай әлдебір азапты дүмпумен алда-жалда ояна қалса, миын мың түрткілесең де, селт етіп бір ойланбайтын қандас қазағымның кәдімгідей сырлас, мұңдас көңілімен иығыңа иығын қосып, әділетсіздікке, озбырлыққа, жалғандыққа қарсы дүрілдеп, дүркіреп шыға келгенін бір көрмей барам.

«Өткеннің бәрі - текті еді. Жеткеннің бәрі сүбелі семіз, етті еді. Бүгінгінің бәтшағары біткен бетті екен. Ертеңгінің қыбырлағаны түгел кекті екен!» деп алдына үңілуден түңіліп, шалқалап арқа тұсына жасаураған жанарын жыпылықтата қыдыртып, шатқаяқтайтындарды жиі көретін боп қалдым.

Алдыңдағыны болжай алмай үрейленіп, артыңдағыңнан айрылғың келмей көткеншектеп жабыса берсең, бүгініңнен адасып қалғаныңды білмей, әрісәрі күй кешкенде табарымыз не?

Апырау, кешегіңді өкпелетпеу үшін де, ертеңіңді өгейсіретпеу үшін де, бүгін ғана барынша тырбаңдаудың қажет екенін ұғынуға басқаның ақылын қашанғы іздей береміз.

Өз «меніңді» өзгенің «менінен» табам деп жүргеніңде, аңқау да жалқау, жайбасар қазақ, өңменіңді оққа төсеп, мынау ұлы Далаңды жалақтаған екі жалмауыз көршіңнің қайсысының тақымына тулақ қып төсеп, тастап кетер екенсің...

Ендеше ертеңіңнен шошымас үшін сол үрейіңнің омыртқасын бүгін опырып тастауға ұмтылсаңшы, ұлтыңның ұлылығын ұлықтаушы ұяластарым менің. Өйткені бүтінгіңнің бір сәті келешектің бір жылынан да қымбат қой.

* * *

Өзі қорқақ адам өзгені қорқытуға құмар.

* * *

ЫР-дуымен Астана шаттығының
Жаңғырып бұл жақтағы батты күнім.
Ойдан-қырдан шақырып өзгелерді,
Өз жұртына танытты жат қылығын.
Өз ақысын сұраған алашымды
Жау көргендей билігім аласұрды.
Қазақты қазақ аңдай атты бүгін.

* * *

Уай, Алаштың азаматтары!

Айтыңдаршы:

Бүгінде езім кім? Ерім кім?

Құл кім? Ұл кім?

Көзінің ұшқыны қашып, жүрегінің сөзі жоғалып, төрге қарап мөлиіп, төреге қарап телміріп, етік жалап, қол сүйетіндерді ез демей, кім дейміз?

Әрине, ез дейміз!

Әділет іздеп аттандап шығар кезде тілден айырылып, егесіп тұрар сын сағатта еңсесін ездірген езден ұл туа ма, құл туа ма?

Әрине, құл туады!

Ал, құл не істейді? Мықтысының қорлығына көнеді. Жетегіне ереді. Айдаса жүреді. Айтақтаса үреді.

Ердік те көндік. Кеденіне ендік.

Не таптық?

Қамытымызды ауырлатқан қымбатшылықты таптық. Кіріптарлыққа белшемізден баптық. Үн-түнсіз сүйретіліп, Ресейдің шылбырына сүмірейіп ілесіп келеміз.

Ал анау еуроазия одағы не береді?

Жердегілерге - құл атағы бар біздерге - езгісін тоз-бастай етіп жамап, ұрпақтан ұрпаққа кетер қорлығын береді. Тәуелсіздігіңді жалмап, зорлығын береді.

Не істеу керек?

Өзіңнің есеңді өзгенің өңешіне тыға бермес үшін күресіп қалу керек, алашым!

Өз жеріңде өгей болмас үшін, өзгенің қолындағы байлығыңа өзің не болу үшін тіресіп бағу керек, алашым.

Ол үшін еуроазиялық одаққа кірмеуге барымызды салайық.

Не өлім...не өмір.

Таңдау өзіңде, алаш жұрты.

Жиырма екінші ой
Әлдекім бе, әулекім бе?

Кей-кейде ұлылық туралы тұспалдап айтып, ақиқатты аңыз қылып жеткізіп жазғанымды естір құлақ, сіңірер кеуде таба алмаймын ба дейтін күдікке бойлап кеткенімде, ақ қағаздың бетіне қараудан безіп сала берем. Сондайда өзімді кешегі өтіп кеткен даналардың иығына шығып алып: «Алысты көрдім, биікті шолдым!» деп айдай әлемге уағыз айтқан ергежейліге ұқсатам ба, аузымды жаба қоям. Әй, бірақ сол даналар мен данышпандардың даналықтары мен тағылымынсыз жабайы һәм тағы дүниенің тарихын құлпырта өзгертіп, ілгері әкете алар ма едік. Айналаңды тегіс алақанының астына бүріп алған әділетсіздікті, жалпақ Жалғанды жайлап бара жатқан жалғандықты көріп отырып, үндемей бұғып қалсаң, кешегі ұлылықтың өзіндей болып «ақиқат!» деп айқасып өткен арыстар мен алыптардың үлгілі ісін кім жалғастырады? Жауыз жанның қолынан ұлылықты туғызатын әрекет жасау келмейді десек,

ұлылыққа сәйкес ғаламаттарды істей алатын адам қарапайым, тура өзіміздей адам емес пе. Ендеше құдыреттің құдыреті де, ұлылықтың үлгісі де төбедей биік орнында емес, төмендегі адал замандастардың жан-дүниесінің тереңдігінде екенін мақұлдасақ, сол биікке талпынбасақ та, сол биікте тұратынымызға кәміл сенейік.

* * *

Алтынды отпен, батырды оқпен сынайды.

* * *

Тұзақ сап сан миллиард қарызымен,
Тықырсыз еніп, төніп кәрі ізімен,
Жымысқы, мысықтабан жүрісінің
Мың шүршіт шұбырады әр ізінен.
Ертең-ақ өз төрінде өгейленіп,
Тірідей сүңгіп кетіп көмейге тік
Айта алмай өшер Алаш арызымен.

* * *

Кемшілігі жоқ жанның қасиеті де аз боларын көп көріп жүрмін. Кемшілік жасау үшін де не құлшынып жұмыс істеуің керек, не көптің арасына жұлқынып түсуің керек.

Бар сұмдығын ішіне тығып, бұғып жатқан адамның қасіретін түсінуге болар, бірақ қандай қасиетіне сүйсіне аларсың. Орыстың «под лежащий камень вода не течет» дейтін мақалына сүйреп апарып қыстыра қояйын десем, қоңылтақсыған көңлімнің көнгісі жоқ. Су өткізбес тастың да ағысты бөгер пайдасы бар емес пе. Өзін өзі тірідей тұтқындап, қарадай қалтыратқан пенденің оқшау тірлігін қай қуысқа сиғызарсың деген ой ағысына бір мезгіл құлақ асқан да жөн болар. Қасиеттің қаракеттен туарын ескерме-

сек те, ескертетін тіршіліктің тыпырлатқыш тырбанысы екен-ау.

* * *

Әлдекімнен әулекіні тудыратын да заман.Әулекіден әлдекімге құлдырататын да заман. Буырқанған замана толқыны бұрқыраған көкала жалына **әлдекімді** желкілдетіп шығара қойса, әлгі әлдекімің аяқ астынан **әулекіге** айналып, ал кеп күпсінсін, ал кеп дүрдисін. Аяқтыға жол, ауыздыға сөз беруі қайда, бет бұрғанға шақылдап, жүзі тайғанды тақымдап, жан біткенді бұқтырып, ықтырып алуға екі білегін сыбана кірісіп кеп кетеді. Астамсынған үні бөлек, кісімсінген түрі бөлек сол көмекшісінен енді кеше ғана қолынан тартып, соңына ілестірген қожасының көңілі де, сенімі де қожырай бастайды. Татымдысын тұздай ғып кемсітіп, ақылдысын ақымақтарына желкелеткізген әулекісінің адам ойы жетпестей зымиян әулекілігінен бойына үрей, кеудесіне қорқыныш ұялаған қожасының түн ұйқысы төрт бөлініп, шаңырағының тыныштығы, шаруасының берекесі қаша бастайды. Ойда жоқта айрылып қалған тың тұяқ күнін енді қанша аңсаса да қайтып оралта алмасын жер тәңірісіндей егесі иыққа қонған сұрапыл әулекісінің тұйыққа қамап тірегенін бір-ақ біледі.

Қайратының қайрауын таба білетін, айла-шарғысының тіздеп байлауын таға білетін әулекің содан кейін-ақ алқымы сұсты, алқыны күшті мансапшыл мықтылардың орынтаққа талас арлы-берлі тартысын шырпысыз-ақ тұтатып кеп жібереді.

Есепке алмағанға есеңді жіберерінді ұқпасаң, ноқтаға басты керілтер сәтің есігіңді қақпай-ақ ене беретінін күштінің күштісі де, әлсіздің әлсізі де санасына қашан сиғызар екен?

Ал сондай қандасын қанжоса қылып көмейлеп жұтқан «қажырлы», құзырлы әулекілер әр жерде, әр

әлде, әр мекемеде, әр әкімшілікте қаптап жүргенін менен артық білесіздер, ағайын.

Асқынған әулекіден бос қалған әлдекімге құлдырау да - бүгінгі қитұрқы заманның айнымас құбылысы.

Төрдегі топтың арасында дүрілдеп тұрған айла-амалдың қызған **бай саудасы** ойламаған жерден бұзылып, **қанатынан** қайырылған қайран әулекің биліктің биігінен құлдыраған бұрынғы бір **мырзаның** кішігірім креслосына таласып кеп қонжия салады. Содан соң әлдекімдерге айналған әлгілерге төр де салғырт, ел де салғырт.

«Биіктен құлағанның сүйегін уататын күйігі күштіні» жұрт бекер айтпайды-ау...

* * *

Адамның қасиетін де, қасіретін де айғақтайтын мінезі ғана.

* * *

Аярланып келесің,
Алдадым деп сенесің.
Сол сеніммен түбінде
Сендіре алмай өлесің.

* * *

Көріктіні көріп алатын, тектіні таңдап алатын қасқалар Астанада ғана. Басқалар қарсақ жортпас қараадырдың баспанасыз байғұстары. Ағын судай екпіндейтін бектер биіктен киікке шүйілген бүркіттей топырлатып тоқалды көбейтсе, түн кезгенмен дым кездеспей қор болған бұралқы қазақтың бұрымдыдан күдер үзгені қашан.

Басында үйі, тұрмыс құрар күйі жоқ, өмірін бастамай жатып әл-қуаты сарқылған мұңдарларды әжуалап күліп, сол мұңдар шіркіннің көз құртына айналған сүйіктісін сұмдығын сомасымен жуып-шаятынның

сүйретіп алып кеткенін егіліп көріп тұрып, әлгі байғұстың сүмірейіп семгенін қайтіп қана аямассың.

Бойға бітпеген дәулетті ойға жинаған иманның ауыстыра алмасын кімге шақсын сол мүсәпірің. Қалың беріп қыз алмақ түгіл, шырылдаған сүйіктісінің күйігімен шыбын жанын қоярға жер таппай анау ашық-тесігі ғұмыры бітелмес жасанды ғимараттардың терезелерінен атқып құлап, жалған дүниенің жалғандығына лағнат айтып, мәнсіз ғұмырды мансұқ етіп жатқан солар емес пе.

Ендеше «сап, сап, көңілім, сап көңілімнің!» күні әлдеқашан өтіп кеткенін, сабырыңның сары алтынын Астананың масқарапаздары баяғыда-ақ ұрлап алғанын кімге айтып түсіндірерсің.

* * *

Естеліксіз жанның келешегінен кешегісін таба алмайсың.

* * *

Қуаныштан аққан жас
Ақтарады ішіңді.
Күйіністен аққан жас
Күйдірер іш-тысыңды.

* * *

Бүгінде оқ тимеген, қансырамаған аң бар ма? Оны жазықсыз жануарларды вертолетпен қуалай атып, бытырлатып қырып салатын аса биік лауазымды аңшылар білмесе, мен білмеймін.

Бүгінде өткеннің келісіне жармаспай, кеткеннің келсабына таласпай, жай ғана жан бағып қанағатпен жүрген жан бар ма? Оны қылмыскерлерді тап басып, тапжылтпай тұзақтар дейтін полиция сүлейлері білмесе, мен білмеймін.

Менің білерім: «Арамдық пен сұмдығыңа еп берем!» деп жымыңдап жетіп, қалтаңа сүзіліп бет беретін **заңгерлер.**

Менің тағы да білерім: «Нашарымды мақтасаң, жасығымды жақтасаң, арамымды адалым деп ақтасаң, аузыңа ақ, астыңа ат берем!» деп бұлаңдап келіп бет беретін, алайда әлдебір ісің, әлдеқалай түсің жақпаса, сен жақтан соларға қарай аударылатөңкеріле, жосыла-жөңкіле сый-сияпат ақпаса, жауынан да бетер жек көретін, жұлын-жүйкеңді сықырлата шайнап жеп көретін **әкімдер.**

Менің ендігі білетінім... Қаламым бүлк етіп бунт шығарды. Сезгіш, сезіктенгіш пәлекет емес пе. Ендігімнің кім екенін айта бастасам-ақ...

Ендеше жай ғана жан бағып, қанағатымен қарнын тойғызбаса да өлмес күнін өткізіп жүрген біреу - дәл өзім болармын деп қаламыма демалыс сыйладым.

* * *

Ұлы адамдардың мөлшерлі уақыты тез таусылады.

* * *

Тазасынан арыңның
Асатұғын асыл жоқ.
Жараланар жаныңның,
Өзіңнен асар қасы жоқ.

Жиырма үшінші ой
Қадір мен қасиет

Қадір деген не? Қасиет деген не?
Қадірсіз деген қандай? Қасірет деген қандай?

Қитұрқы сұрақтардың қитұрқы жауаптары болуы мүмкін. Сол жауаптарды тізбелеп, басымды ауыртып жатпайын. Қадір мен қасиеттің не екенін, қадірсіз бен қасіреттің қандай боларын әріптестерімнің бір біріне деген бүгінгі һәм бұрынғы қарым-қатынастарымен таратып беруге тырысайын.

Мен бір кезде компартияның Орталық комитетінде кішігірім төре болып, әдебиет секторын басқарғам. Сол кезде «сыбаға» ұстатар қолыма карап, жолымды тосқан қаламгерлер үшін қадірім (мүмкін жақшаның ішіндегі десек те) болғанын білем. Септігім тиіп бірлі-жарымының әжетіне жараған сәттерімде қасиет таппасам да, өзгелерге қасиетті көрінгенімді сезем. Сол дәурендегі мені қадір тұтқандардың бірі - Нұрлан Оразалин болатын.

Уақыт өзгереді. Аумалы-төкпелі заманның төмені төбеге шығып, төбедегі төмендеп жататын заңдылығы бар. Жөн-жобамен келе ме, зорлық-зобалаңмен төне ме сол заңдылық - мәселе осында ғана.

Хош. Алматы төңірегіндегілер таққа да қонды. Атқа да қонды. Лайықты болса, ақылымен алса - шатақтасып, шатасып неміз бар. Алсын. Майлыға саусағын да малсын. Аузымен де шалсын. Тек адалдықтан ауытқымаса, кісіліктен кішіреймесе екен. Орынтақтарына ағасы, інісі болып мәңгілік жармасып отыра берем демесе екен дейміз де. Бірақ... Осынау **«бірақ»** жүрген жерде **брак** жүретіні несі екен? Брагымның Нұрлан мырзаның текірек көкірегінен басталғанын ғана паш етем. Бұрыс кеткенін айтсаңақ, дұрысыңды да қырысқа бұрып жібереді. Теріске басқанын айта бастасаң, керісе түсуге бет түзеп шыға келеді. Содан кейін-ақ, Жазушылар одағының басшыларының алдында қадірің қашып, қадірсіз боп қалғаныңды бір-ақ байқайсың. Ендігі тірлігің Жазушылар одағының есік-тесігіне де жолатпас қасіретке айналады.

Сонымен қадірдің қадірсіздікке, қасиеттің қасіретке ауысуы оп-оңай тірлік екен де.

* * *

Асыққан жігіт желкесін үзген асудан
Асықпаған ақсақ шал алқынбастан өте шығады.

* * *

Өзімшілдің өктемдігінен гөрі
Қасқырмен айқасқан абзал.
Өзімшілдің «өкпем!» дегенінен гөрі
Қас жаумен шайқасқан абзал.

* * *

Талап пен талғамды ажырата алып жүрміз бе?

Кейбіреудің екеуін бір ұғымға балайтынын білем.

Ал өзім қалай пайымдар едім деп біраз ойлана кідірдім.

«Талаптың мінсе тұлпарын» «талантты ерге нұр жауар».

Далбасалап құрастыра салдым-ау деймін. Әй, бірақ...

Талаптың атына мінгеннің бәрі дұрыс бағытқа құйғыта жөнелер ме?

Талапты ердің бәріне адалдықтың нұры құйыла бере ме?

Танып, білуге, білімге, өнерге, әдемілікке әсерлене ұмтылып талаптану, меніңше, бір басқа. Ондай талап адамның ойын өсіріп, асқақтатады. Бой қуатын күшейтіп, көбейтеді. Жасампаздықтың жолына жетелеп, дүниенің бір кірпіші болып қалана қалуыңа мүмкіндік береді.

Билікке, байлыққа қызығып, қызметіңде қызыметсіз өсуге, орынсыз бөсуге, асқыну-тасқынуға кимелеп талаптану және бір бөлек.

Ондай талап адам бойынан қасиетін қашырып, қасіретін ғана қастерлейді. Дүниені түзейтін кірпіштен дүниені бұзатын құмға айналдырады. Ұлдық бейнеңнен құлдыратып, құлдық кейіпке түсіреді.

Талаптың талаптарын талқылап, туралыққа табандатып түсіретін құдырет не сонда?

Тап басып, тіліп түстім демеймін - талапты туралайтын **талғам** ғана. Талғамсыз талап - тормозы жоқ КамАЗбен тең. Не жарға жығады, не дуалға соғады.

Талғам - ақылыңның сақшысы, адамдығыңның өлшеуіші. Ақылға жүгінбей, адалдығыңды тәрк етсең, талғамның төрт аяғы аспаннан келіп, ажалымен аймаласа жөнеледі. Сол себепті де адам ойының бұзылмауына, бойының бүлінбеуіне бірден бір тексеруші тетік - **талғамның татымдығы.** Сонда ғана «тас қияға өрлетер» таза талаптың тұлпарына тұйғындай жарасып жамбас басасың. Менің пайымым осы.

* * *

Ұлтшыл боп ұрыншақ
Ұрандап жүргені.
Ұлт болып қырылсақ,
Тоқтамас үргені.

* * *

Жаратылысы бірдей жандарды әрқилы ететін тірліктегі өздері жасайтын әрекеті ғана. Соны ой безбенімізге салып, пайымдап тұрсақ та, «Ол менен неге артық болады?» деп ілгері озғанның шалғайына жармасып, етегінен тартып, етпеттете құлатудан бір жалықпай келеміз.

Шіркін-ай, әлгі адымдап алға басқан ақылдыны шын көңілмен бағалап: «Мен неге оған тең болмаймын?» деп талпынып, өзімізді өзіміз қамшылап, тамшылатып тер төгуге қашан жетер екенбіз?

Шынымен-ақ қызғаншақтық пен бақастықтан құтыла алмай, күңіренген іштің күйігін ұлытып өтеміз бе? «Қызғаншақтың қолы ұзын, қалай қылғынғаныңды білмей қаласың» дегенді алға ұстап,

қылғындыратындарымызды көбейте береміз бе? Сондайлардың дүрі сенің өзіңді қылғындырып тастарын ескердің бе?..

* * *

«Күшік асырап, ит еттім»
Күзетіп үйді ол, мал бақты.
«Біреуге мылтық үйреттім»
Өзімді атты ол, елді атты.

* * *

Тән жарасы жазылар-ау. Бірақ жан жарасын жазар құдірет жоқ қой, жоқ. Күрсінген көңіліңнің құрсауға келмес қырық бөлшегін ескерер де ешкімнің бүгін маңайыңнан табылмайтыны қиын ғой.

* * *

Соғыстан қашқан ер мен жерінен босқан елдің күні құрысын да. Ер - аруақ емес, ел - аруана емес. Бірі қадірінен айырылса, бірі боздап қалған ботасына да қайырылмайды.

* * *

Я убедился, что более беззащитной профессии, чем литератор, сейчас не существует. Защищая свою творческую индивидуальность и защищая права наибеднейших слоев казахского народа, казахстанский писатель не получает за свой труд вознаграждения или зарплату. Как не удивляться долготерпению наших жен и детей?

Да, брат, «если преследовать зайца без конца, он превратится в храбреца». Да, защищая себя, но, не забывая о насущном хлебе наших детей, стараемся использовать малейшую возможность сказать свое слово. В этой связи я могу привести как пример эпизод из своего романа «Кто мы, не рабы ли?», Основная его тема - изображение времени застоя. Помните, что многие писатели в застойные времена привыкли сами и приучили читателей к установленным штампам, стандартам: «хороший» - всегда хорош, «плохой» - до конца плох. Отличительная особенность моего романа, написанного в 1986-87 годах, заключается в психологизме, в демонстрации проявления человеческой натуры в определенных ситуациях и во времени, роста личности или ее духовного опустошения, борьбы за сохранения достоинства.

В романе я показал события, детали, штрихи, отрицательные черты периода застоя, то, что привело к попранию общечеловеческих принципов, привело к духовному и моральному обнищанию общества: глумление над честными людьми; гонения, вплоть до физического уничтожения, коррупция, организованное взяточничество, заведомая ложь и обман народа, массовые приписки, стремление выдать желаемое за действительное, корыстолюбие, мещанство, социальный паразитизм.

А теперь боюсь признать, что это же точь-в-точь истинная картина нынешних дней, что эти сцены все еще терзают меня. Но все же мне действительно приходится собирать свою волю в кулак, чтобы присутствие духа не покидало меня, ибо и у меня есть дом, есть супруга, есть дети. Наконец, есть жизнь, которая дается один раз. Но эта жизнь убеждает, что в глазах современников предпочтительнее выглядеть человеком, нежели трусом.

Из предателей творит идолов тот народ, который позабыл свои корни. А наш народ не такой, я верю в наш народ! Он нравственно здоров, физически крепок, гуманен и добр.

Жиырма төртінші ой

Бергенім мен алғаным

Жылағаныңды айтпа, күлгеніңді айт. Құлағаныңды айтпа, жүргеніңді айт. Сұрағаныңды айтпа, бергеніңді айт. Құрағаныңды айтпа, көргеніңді айт...

Тым мақалдап, тақылдап кеттім білем, өзімді өзім тежей қойдым. Өйткені кей-кейде дарақыланып еп-ерсі қарқылдап күлгеніңнен, биіктегі биліктің жүрегіңді жұлқынтар жүгенсіздігінен шараң құрып, өкінішке толы өксігіңді көмейлей жұтып жылағаныңның артық боларын талай сезінбедік пе. Күлетін кезіңде күлкіңді осылтар озбырлық көбейсе, соларға деген тісіңді шақыр-шұқыр егететін кіжінуің өкпеңді өшпенділікке толтырып кеңейтерін неге ұмытарсың. Озбырлық өктемдеген сайын соған деген қарсылығыңның өршелене түсерін билік басындағы білектілер мен біліктілердің түсінбейтініне таңым бар. Батыл, ержүрек жанның қорлауға көнбейтінін, ал асыл адамның ешкімді кемсітуге бармайтынын ұқпайтын ұрдажықтар ғана озбырлықты өнеге тұтатын боп барады-ау.

Бергенімді айтпас едім-ау, сұрағанымды алып жатсам. Ал бергенім өскен сайын қиянат кешкенімді көктегі **Жалғызға** жеткізе алмай жүрмін.

Енді бергенімді санамалап көрейін.

«Үкіметім бар өлтірмейтін!» деп кешегі (Құдай кері оралта көрмесін) кеңес кезеңіндегі ертеңіме кәдімгідей үміт үзгізбейтін **сенімімді** бердім. Бүгінде ертеңім түгіл осы қазіргі бір үзім нанымды қайдан табам деген үрей - қазағымның түгел дерлік кеудесін жаулап алған дертіне айналды.

Азаматтық еркін үнім, өзіме ғана тән азат дауысым бар еді. Үндесем - тыңдайтын, сөйлесем - түсінетін төңірегім бар еді. Бүгінде сол **даусымнан** айрылдым. Бермеген даусымды сайлау сайын тартып та

алды, ұрлап та алды. Үндеген жерімде, үндемеді деп, үндемеген тұсымда, тілдеді деп көзімді бақырайтып қойып, даусымды әбден иемденіп алды.

Ойымды еркін айта алар, талап-тілегімді батыл қоя алар, бейбіт шерулерге шыға алар **ерік-ырқым** бар еді. Онымды да бердім. Шырылдатып қамап, шырқыратып сабап, айып салып тонап біткен соң, қалың көбім топ-топ болып бөлініп, тобым тобырға айналып ыдырап тозып кетті. Сөйтіп **еркімді** еріксіз бердім.

Түрік пен үндіске, жебірейге **кенімді** бердім. Орыс пен қытайға жалға **жерімді** бердім. Янки, француз, корей, түрік тағы да қытайға **мұнайым** мен **газымды** бердім. Дарынсыз жылпос әншісымақтарға ұлттық әуенімді ұрлатып **сазымды** бердім. Кеденімен кеуделеп енген Путинге тізгінімді бердім. Арабтың шейхтарына жайлауымды жамбастатып, **қыраным** мен **құзғынымды** бердім.

Тегін оқу, тегін емделу, тегін пәтер алу, тегін демалу тәрізді **құқым** мен **хақымды** байыған үстіне байығысы келетін жоғарыдағылардың төмендегілерді аямас қомағай құлқынына азық етіп, апандай көмейлеріне тыға салдым.

Сұрағанымның бір де бірін ала алмасам, бергенімді неге айтпайын. Алаштың азат ұлы едім, құлдан да бетер боп жүргенімді, алаштың алшақ басқан азаматы едім, көзімнің жасын моншақ-моншақ төгіп, көкірегімнен запыран боп құйылған зығырданымды тергенімді, биліктің бишігіне арқамды тосып, қайыршылықтың үшқындап ене бастаған сұрықсыз сұлбасын көргенімді неге айтпайын. Ендеше, абдыраған ағайын, жасаңғыраған замандас, айтқаным да осы!

Қабылдау, қабылдамау еркі өздеріңде. (Әй, **«еркімізді** де беріп қойдың!» демеп пе ең. Қайдағы ерікті қайрап отырсың?) Тілімді тістей алдым.

* * *

Қарапайым жанның алдынан ашылған есік төрге де шығарады.

* * *

Азамат едім, нар едім.
Тар емес едім, бар едім.
Қисайғанды құлатпай,
Тіреп бір қалар жар едім.
...Жалтақтауды үйрендім,
Уысына түстім, илендім
Шенеунік дейтін төренің.

* * *

Қаламгерді қаламынан ажырату - құсты қанатынан қайырумен бірдей. Өйткені оның тірлігі - қаламынан қағазына құйылар ой ұшқынында, сөз тізбегінде, сөйлем тіркесінде. Өлең - өзегіңдегі мұңың мен шеріңді, көңіліңдегі күйінішің мен сүйінішіңді сүйреп шығарып, сырыңды сыртқа шашып қоятын еркіңнен тыс құдыретті құбылыс. Шындықты жасырғың келмесе, әділетті аттандап іздемей-ақ ақырын ғана індетсең - онда өлең шіркіннен артық сырлас һәм мұңдасты таппайсың.

* * *

Құлдықта күнелткенше,
Құрықта бұлқынып өл.
Жүрекке мұң ерткенше,
Бүлікке жұлқынып ер.

* * *

Қазақтың күйіне тең келер құдірет жоқ. Домбыра күмбірі ұзақ бебеулеп, ұзап күбірлеп, үздігіп үзіліткенде, астан-кестен дүниенің безілдеген тілі, безенген қаруы, боздаған түйенің, аңыраған ананың,

сықылықтап күлген баланың қым-қуыт үнімен кеудеңе құйылады-ау кейде. Сондайда құлағыммен емес, жаныммен тылсым Әлемнің түкпірінен тылсым сырлы кеңесін естігендей болам. Ол сыр былай шешілетін: «Адам бол! Асқақ бол! Өзгені өзіңдей көр, өзегіне өрт салма. Өнегең мейіріміңмен өрістесін. Дүние алыс-жұлыс үшін жаралмаған. Таныс-біліс үшін жаралған. Ұғынысудан өтер ұлылық жоқ. Түсінісуден артық тұрлау жоқ. Татулықты қатулықпен ірітпе. Достықты өштікпен жайратпа. Жазғыра берсең, Жалғанның жағаласар жауы көп. Жауды тауыса алармысың. Далаңның кінәратпай берсең, араластырар дауы көп. Дауды азайта алармысың. Ағайынның да ашыған айрандай желпінтер қиғылығы болады. Көршіңнің де көк қымыздай қыжылдатар кикілжіңі қабаттасады. Қиғылыққа кимелессең, кикілжіңге кеуделессең, төріңнен көр қазарсың, төсегің табытқа айналар. Тірліктің мәні тәубешіл тілекте, елжіреген жүректе, біріккен білекте. Ендеше тәубеңе ұйы. Тірлігіңді берекеңмен өркендет. Өрісіңнен ұрысты қуып, есігіңнен ырысты енгіз. Бесігіңді түзе. Түзелген бесігіңнен сәби іңгәсі үзілмесін».

Қараңдаршы, домбыра қалай сөйлейді, қалай сайрайды! Дүниенің кеңдігін, даланың дарқандығын үйіп-төгіп көкірегіме құйып жіберді ғой. Жүрегімнің ызғар торлаған бір қылшығы қалмағанын енді білгенімді кімге айғақтайын. Осыдан кейін дос іздесем, татулық аңсасам, мейірімге бөксем, Жаратқан хақтың кеудеме өз нұрын түсіргені болар-ақ...

Ырза көңілімнің байырқалануымен телевизордың тетік-түймесін басып қалып едім... Әлгіндегі әдемі әсерім айрандай іріді. Дуылдақ, шуылдақ әуен-сымақты барылдақ, дарылдақ даусымен құлақ қырнаған әншісымақ таңғажайып дүниемнің быт-шытын шығарып, кеудеме күл-қоқысын құя салды.

Күй емес, күйігім уілдеп сыңсып, ботадай боздап қоя берді. Жан тыныштығын енді қашан таба алар екем?

Жиырма бесінші ой
Пайда һәм залал

Пайда мен **залал.** Бір таяқтың екі басы. Бір медальдің қос беті. Бірінсіз бірі жоқ. Бірақ бір-біріне қарама-қарсы. Ақ пен қарадай алшақ. Күн мен түндей егес. Бар мен жоқтай бітімсіз.

Бірінің сүйінішін іздесең, екіншісінің күйінішіне тап боласың. Пайдаға залал қосақталмаса, дүние тұздығынан баз кешіп кететін тәрізді. Содан да ма ерік-ырқыңды барынша жегіп, қуат-күшіңді еселеп асырып пайда табуға қаншама ынтықсаң, жігерің мен жаныңды, барың мен нәріңді соншама әлсіретер залалға былш етіп батқаныңды бір-ақ білесің. Соған қарағанда пайданың жолын қулық-сұмдық, һарамдық пен жалғандық күреп ашатын болар. Адам бойынан аластар кесірлі кірдің бірін - **пайдакүнемдік** деп атауда да терең мән бар-ау.

Ал залал деп ойыңды түршіктіре атағанымен, осы ұғымнан адалдығыңнан, тазалығыңнан айнымауыңды қадағалап отыратын бір кесектікті сезінетін сияқтанам.

Осыдан кейін пайда мен залалдың қайсысына өң беруді, қайсысына алдымен қол беруді бағамдай алмай жүрмін.

* * *

Көкірекке ұрық сепсе арманың,
Орындалар ретімен алдағың.

* * *

«Бейнет көрмей, дәулет жоқ» дегенге бүгінде жоғарыдағылардан да, төмендегілерден де сене қоятын бір адам таппасымды жақсы білем.

Көшедегі көп машина мен көк машинаға көзін сатып жүріп, кім көрінгеннің жүгі мен түгін таситын, көп базар мен көк базарда арба сүйретіп жүріп тиынтеңгесін зорға табатын, набобтар мен нувориштардың дуалдарын қалап, атшаптырым сарайларының ашықтесігін жылмита жамап жүрген қазақтарымның қайсысы бейнеттің дәмін татпады деп айта аларсың, бауырым. «Сол бейнетіңе шақ дәулет таптың ба?» деп сұрап көрші. Үнсіз кемсеңдегендердің қара көзінен аққан ыстық жасқа анау Астананы бәйтерегімен қоса батырып жіберсін.

«Қазақойл», «Қазмұнайгаз», «Шевройл», «Аджиптердің» Ақтөбе, Ақтау, Атыраудағы филиалдарында, «Қазақмыс», «Миттал», «Атакент», «Самұрық Қазына» сияқты мекемелерде, атынан ат үркетін ұлттық һәм жекеменшік банктерде үлкен-үлкен үстелдердің биік, кең креслоларына жайғасқан экімдер мен министрлердің, мықтылар мен түктілердің, төрелер мен шоралардың мың-мыңдап баксы алып, боқшасына салатын телімдері мен тентектерінен (ұл-қыздары, немерелері деп ұққын) тотылары мен тотайларының (қалай ұқсаң да, еркің білсін) бейнет шегіп, берекесі қашып жүргенін көзіме шұқып көрсете аларсың ба, інішегім?

«Сол дәулетіңе сай бейнеттеніп көрдің бе?» деп сауал беріп байқашы. «Есектің миын жеген неме!» деп жағыңа жұдырығын сарт еткізіп сұға салсын. Немесе «Есі ауысқан неме!» деп темір тордың арғы жағына тыға салсын.

Солай. «Бейнет көрмей, дәулет жоқты» айтам деп сау басыңа сақина тілеп алып жүрме, бауырым.

* * *

Нашардың да жасар қарсылығы болады.

* * *

Ақиқаттың арбасына
Тиеп тастап дорбасын,
Отырады жүз өтірік
Құрып алып малдасын.

* * *

Жасы ұлғайған сайын ақыл-есінің кемдігі мен түр-түсінің кемшілігі бадырая өссе де, төбеден түспей топырлатып тоқал алғыш кәріден бағасының бар-жоғын пайымдамайтын бала артық. Өйткені кәрің өзінің жетіспеушіліктерін елеместен, өзгенің кемшіліктерін саған айтса, сенің кемшілігіңді өзгелердің құлағына құюмен әлек болмақ.

Құданың құдыреті, өз ойының олқылығы мен тұл бойының кемшілігі мен кемдігі мол болған сайын әлгі «мықтымыздың» өзгелердің де олпы-солпылығын танығыштығын һәм тапқыштығын қайтерсің. Бір жақсысы: «сабаздардың» ой-бойындағы жамап-жасқауға көнбейтін сынық пен кетікті баршамыздың барынша білетініміз. Бір жаманы: сол көрген, білгенімізді ішімізде көміп тастап, тіс жарып, тырс ете алмауымыз. Соған қарағанда азғандықтың ең ауыры да ең жаманы - тазаның азғаны, елдік адал көңілдің тозғаны-ау деп түршіге күрсініп, қаламымды қолымнан сусытып жібердім.

* * *

Қасыңнан дос ізде,
Досыңды күндесең.
Жатыңнан қос ізде,
Жақынға сіңбесең.

* * *

Өздерінің кесірінен бақытсыздыққа ұшырап бишара күйге түскен жандарға бір кездей бөз берудің орнына, «апырайлап!» жетіп аяушылық танытқан болып, жалпылдақ сөз бергіш шенеуніктерден, өзгелерді қайдам, өз басым әбден түңіліп бітті. Олар мейірімін мерездікпен, қайырымын қатыгездікпен алмастырып алғанын түсінбей ме, түсінсе де түбіне бойлап үңілмей ме, ар-ұятына мүлде жүгінбейтін болып алды. Қайырымдылық - қайыршыға ұстатқан бір үзім нан емес екенін, қайрымдылық - әлгі бір үзімді өзің аш болған кезде өзгемен бөліп жегенің ғана екенін білмейді-ау. Білсе, сол шенеуніктер қызылағаштықтарға ұсынған мардымсыз үлестен жырып алып, өздерінің қойын-қонышына сүңгітіп жібермес еді-ау. Білсе, сонау Жаңаөзендегі жазықсыз сауылдап аққан қызыл қанның өтеміне толмас тиын-тебеннің көбісін өз дорбаларына қарай домалатып жібермес еді-ау.

Әлгілерге қарап өзгенің жаны ауырғанда, өзегін өртей аяушылық танытудың орнына қарқылдап күліп, жаны жай табатындардың арасында жындынып кетпей қалай сау жүргеніме таңмын. Құлағанға қол созудың - құлдықтағыны құтқарудан кем болмасын ұғудан қай кезде ажырап қалдық екен?

* * *

Асқақтық таза болса - әдемі, сәнді болады. Тәкаппарлық сергек шынайы болса - әсем келбетті болады. Кісілік кішіпейіл болса - кең болады.

* * *

Тұрмыстық жағдайға бейімделгіш пенделер бар да, сол жағдайды өз ыңғайына бейімдей алатын адамдар бар. Алдыңғысы - кеудесінде шығар-шықпас

жаны бар тірілер де, кейінгілері - сол тірілерді ілгері сүйрей білетін ірілер ғана.

* * *

Ізгілік пен игіліктің өткен-кеткені болмайды. Үлкен-кішісі де болмайды. Ізгілік сепкен көңіл саясы көп бәйтерекпен тең болса керек. Саям жоқ, панам аз дейтін бәйтерек көрген емеспін. Бәйтерек олай деп айта алмас та еді. Ал адам... Өзінің бойындағы нәрін елемесе, өзгенің асылын көре алар ма? Өз қадірін түсінбесе, өзгенің қасиетін бағалай алар ма?

Бар ғой өзінің де, өзгенің де нәрі мен қадірін елемейтіндер. Көп қой бүгінде асылды жасыққа, қасиетті қасіретке айналдыратындар.

Жиырма алтыншы ой

Әйел құдіреті - сезімталдығы

Әр заманның жер басып жүрген еркегінің ұлылығының әр түйірі ұрғашыдан өсіп-өрбігенін ескерсек, қандай да бір сұрықсыз әйелден сұлу ару жасау үшін оны өліп-өшіп сүйе білу керек. Өйткені көз жасымен-ақ көңілдегісін ақтара салатын әйелдің құдыреті - оның нәзік сезімталдығында, биязы мінезінде, төзімді ерік-жігерінде. Сол себепті де кей жағдайларда он шақты еркектің байқай алмайтынын жалғыз әйелдің оп-оңай сезе қоятын көрегендігіне қалай таңданбассың.

Соңғы кездері бірнеше қарындас, қыздарымның көрегендік (әлде мүлде көрегендік те емес пе - оны ажыратуға шамам келмейтінін жасырмаймын) жасағандарын көргенде һәм оқығанда, құптарымды да, даттарымды да білмей, тілімді тістеп, мелшиіп отырып қалатын боп жүрмін.

Мәселенки мәжіліс депутаты Айткүл Самақова ханымның биік мінбеден: «...Мектептерде жыныстық ағартушылықты енгізген жөн. Мектеп оқушыларының жыныстық ара қатынас туралы ақпарының аздығын айтқым келеді» дегенін қалай түсінуге болады? Өз басым Айткүл қарындасымның сөзінен «қызға қырық үйден тыйымды» да емес, «тұрмыс құрғанша абыройыңды сақтаны» да емес, керісінше «жыныстық ара қатынас туралы ақпарыңды көбейт» деуді ғана естимін. Ақпаратын молайтып, «тәжірибесін» көбейтіп алған оқушылардың, бас жібін сыпырып тастап, емін-еркін кете беруін қалай ма сонда депутат қарындасым.

Айткүлге ренжимін деп жүріп мүйіз сұрап құлағынан айрылған тоқал ешкінің кебін кигенімді байқамай қалыппын. Жанна Исабаева дейтін тағы бір режиссер қызым әлгі емін-еркін кеткен тұлымшақтарға қыздық белгісін жылдам жоғалтып, пәктігінен тез айырылып, абыройын төгудің оңай жолдарының әлденеше нұсқасын көрсететін «ғажайып» кино түсіріпті. Көре бер де - ере бер. Ере бер де - зинақорлық былығына арыңды таптап ене бер!». Киносымақтың уағызы осы.

«Бір апамнан бір апам әм сорақы» дегендей екі қарындасқа өкпелеп отырғанымда, кеудемнен түйіп жібергендей тағы бір келеңсіз кепке жолықтым.

«Қазақ әйеліне тән емес» деп пыш-пыштаушылардың сөздерін сөз екен деп құлағыма қыстырғым келмейді» деумен етегін түре көтеріп, ұятты жерін ұятсыздардың көзіне ғана емес, ұлтының алдына тоса қоюды «поэзия!» деп өз өресін өзгеден артық санайтын Асылзат Арыстанбек атты ақын қыздың іші-тысын жасырып жаппастан ақтара салғанынан мен ұялдым. Екпіні қатты, емін-еркіншіл ұрғашының арындаған жолында «пыш-пыштаушылардың» бірі

болып тұрмаудың қажет екендігіне мүмкін өрем жетпеген шығар. Үндемей қалуға әддім жетпеді.

Әй, бәрібір рухани һәм адами қабілетіңе үнемі қолдау көрсетіп, қайрат-қажырыңды еселеп, шабытыңа шабыт қосып, өмірің мен көңіліңнің уанышы мен жұбанышына айналған әйел-аруды сүюден һәм құрметтеуден артық не бар екен бұл дүниеде.

* * *

Дананы күндейді
Шалағай шалалық.
Ағаны тілдейді
Шолақ ой - балалық.

* * *

Тоқтама, кідірме, домбыра!

Бір ішегіңнен туған жерге деген сүйіспеншілік білдірсең,екінші ішегіңнен жауға деген өшпенділігіңді ардақтай бер! Өйткені азынаған күй - аза әуені ғана емес, азаматтың шамырқануы да ғой.

* * *

Қазақстанға Путин келген сайын бүтін көңілім дар-дар жыртылатын әдет тауып алды. Өйткені оның жыртық-тесігімізді бүтіндейін деп келмей, бүтінімізді бүлдірейін деп енетінін, саусағына әлденеміз бен әлдекіміміздің ерік-ырқын ілдірейін деп төбеміздің төнетінін білем. Кеше де (2012 жылдың 9-маусымында) Астанаға ақсия күліп кіріп, тістене сөйлеп: «Еуроазиялық одақ көлеміндегі бірлескен жұмыстардың жоспарын жасайық!» деп дүрілдегенін сезем. Әлдебір Ресейлік журналшының әлдебір сөзін естігенде, өкпем қайта тірілместей өшті ме, жүрегім қайта соқпастай қақ жарылып кетті ме, екі көзім атыздай болып, үрейге бөккен денем ұйыққа батқандай шөкті де қалды. Путиннің әлгі маңырағыш

мақалашылы бүй дейді: «Одақ іс жүзінде құрылды, Ұлтшылдарың мың жерден ұлығанымен сендерге шегінетін жер жоқ. Арттарыңда Москва тұр! Одақтың алғашқы ұйымдастыру жұмыстарына қыруар қаржы бөлініп те қойды. Бірлескен жұмыстар бірлескен әрекет пен қимылды қажет ететінін бек мұқияттайды біздің президент. Бітті шаруа!»

Осыдан кейін егеменіңмен егіле өксіп, тәуелсіздігіңмен талықсып түсіп қоштасармысың, азатығын анасындай аялайтын Алаш азаматы-ау!

* * *

Смеясь и плача на излете
Тянешь нить жизни доселе.
Никто не плачет на свете,
Как мы плачем по себе.

* * *

Әділетсіздікті жасау өздеріне тиімді болғандықтан арамдыққа құрық созатындарды тани білу де, таңбалай білу де қажет. Өңешіңдегіні жұлып алып, өз өзегіне тыға салудан жерінбейтіндерден жеріну үшін ашқарақ қомағайлардың апандай көмейін билік басынан тезірек қуудан басқа амал жоқ. Әйтпесе әлгі апан көмейде жарты әлемдей жалпақ жерің де, егемен елің де жұтылып кетуі түк емес.

Сол себепті «адалдың уәдесіне жүгін, арамның уәдесінен безін» деу кредома айналды.

* * *

Бармай жұлдыз, Айға да,
Тұрмыс кештім жай ғана.
Аспан түгіл, тұтам жер
Аспай қойды пайдама.
Түсірместен маған Күн,

Бар қызығын Даламның
Көріп жатыр қаймана.

* * *

Мәңгілікке қастандық жасағың келсе,
Әр сәтіңді құр өткізе бер.

Жиырма жетінші ой

Кімді кім түзейді?

«Әкеден ақыл жарлық шықпаса, ой саларлық ағайын табылмаса, әсем салдық құрып, қалжың-бассып өткізген қайран ғұмырдың түбінде бір зарлық тартқызарын сезбей қоймассың» деп Абай хакімше тереңдеп кетсем де, кезінде селтеңдеп жүріп, секеңдеп билеп, селкілдеп күліп бос жіберген сайран күндердің қысыр кеткен уақытын қайтара алармын ба. «Ehe-ehемен» елірген сәттердің сан-сан құмарлыққа құнықтырып салғызғаны бозбалалықтың бозайғырдай кісінеткен икемі мен сүйкімі аздау шалдуарлығы ғой. Кімнен өтіп, кімге жетпеген желікпе тірлік деп өзіңді өзің алдаусыратуыңа да болады-ау. Бірақ қоңылтақсыған көңіліңе көпшік қоярдай жұбатуды табуың қиын ғой.

«Не бітірдім? Не тындырдым? Не бердім?» дейтін қанжар сұрақтар қартая бастағаныңда көкейіңді тесіп, көмейіңнен ақтарылып төгіле берген сайын, дөңбекшіткен төсегіңде жатып-ақ, таусылып бара жатқан төңірегіңнің үрейлі үнсіздігінен, тылсымдай тілсіздігінен шорши шошып, қыршаңқы да болса қимас серігіңе айналған қаламыңа жүрексіне жармасасың. Айтарың бар-ау. Ауырған жаныңның ыңқыл-сыңқылды зар-запыранын қотарасың-ау. Бірақ соныңды зер салып тыңдар құлақ, қабылдар көңіл таба алармысың. Кемді күннің қызық дәуреніне арзан күлкімен аңқылдай ұмтылатын бүгінгі жастарға кеселді түйінді шешуден гөрі кесірлі ойынды кешуден артық серпіліс жоқ тәрізді.

Анаусы анандай мынаусы мынандай мықтылардың телі-тентектері зор экелерінің зор ығына тығылып алып, «Назарбаев университеттегі» оқуын баксыға тапсыртып тастап, тоқуын мейрамхана, казинолардан теріп, тауып жүргенінен қорқамын.

Қорасынан малы үзіліп, кеудесінен жаны үзілуге тақаулардың желбір жекен күн кешкен қарашықтары қаланың үйсіз, күйсіз қаңғыбастарына айналып, оқу-тоқуды көшеден жинап жүргендерінен және үркемін.

Қандай кереғарлық!

Көше бойындағы әр машинаға бір телміре қарап, дедектей жүгіретін көңілі де, көкірегі де ашықтесік қаракөз ұлдарыма «вольводан», «тойотадан» ернін шүйіріп, шаңына көміп өтетін төрелер мен шоралардың тентектеріне кей-кейде келтек ала ұмтылғым бар.

Әй, бірақ бүгінде кімді кім түзеп те, күзеп те жатыр...

* * *

Күшің азайып, жүйкең жұқарған сайын
Жүгенсіз тәкаппарлығың күшейе түседі.

* * *

Қайсар рухтан қайралған қанжар да сескенеді.

* * *

Өзге тілдің өзек тырнар бөтендігін естігенде қоңылтақ көңілімнің тосырқап қалатыны бар. Құлақ түбін қырнағандай шет тілі тосын естілгенде, ызыңын ғана бағып қалып, маңызына жетпей, мәнін ұқпай мәңгіріп қалатының жаман-ау. Әу баста Адам Ата, Хауа Анадан жаралған адамзатты жұмыр жердің бетіндегі

жарық Жалғанның түкпір-түкпіріне тарыдай шашып жіберген Жаратқан Хақтың соларды бір-бірінен алшақтатқаны қалай? Бірін-біріне түсіністірмей, тілдерін бөлектеп, түрлерін өзгертіп, әлгі әу бастағы ұрықтас, кіндіктес ағайынды бір-біріне жауықтырып қойғаны қалай? Адам пендені естілігінен айырып, ерегісін молайтып, бір-біріне құбыжық қып қойғаны Тәңірдің қай әділеттілігі? Күшік асырап қабаған ит қып өсіріп, бөтен ауылдың бөрібасарларымен таластыратындарды білем. Ырылдаған, арылдаған төбеттердің бірінің бірі алқымын езіп, желкесінен алып, бұрап соққандарынан дүниенің бүкіл қызығын көргендей сілекейі шұбыра, көзі қызара есі шығатын бәдік жандар еді олар. Пендесін де дәл сондай арылдатқызып қойған Құдайдың кей ісіне қайтіп қана бас шайқамассың. Әр ұлтты бірін шүлдірлетіп, бірін маңқылдатып, бірін қылғынтып әртүрлі тіл бермесе, жер бетіндегілердің бәрін түсінсем, көңіліме күдік оралмас еді ғой. Қаланы қиратып шаңға ораған, даланы құлазытып құйыны құтырған мынау ойран соғысты қатыгез заманда әр кеудеге алабүлік боп енетін күңгірт күдіктен өтер әзәзіл жоқ-ау. Самбырлаған тілі болмаса да сол құрғыр күдік түн ұйқыңды төрт бөліп, сарнайды-ау кеп тұс-тұстан жау қаптатып. Сенбей көр, ермей көр сол әзәзіл күдіктің күбір-сыбырлы аттаны мен айқайына. Сендің екен, не тұрыс бар, көтер автоматыңды! Танкіңді жорғалат. Самолетіңді ұшыр. Бомбаңды қардай жауғыз! Азуыңды Айға білеп екілене ұмтыл! Винтовкаң аямай сақ еткенде, қақыраған шекенің қасыңның басынікі ме, досыңның басынікі ме - онда енді мүлде шаруаң жоқ. Безілдеп шықтың, бірлікті де, берекені де бездіріп құдың. Соны өзің сезесің бе? Сезіктеніп іштей қуыстанасың ба, енді саған бәрібір тоқтау жоқ. Өйткені оң-солың толған қас дұшпан. Сермеген қанжарың сынғанша, бұршақтай жаудырған оғың таусылғанша, қарсы

келгенді, көзіңе іліккенді қан қақсат! Ал содан соң көп жарақаттан қансырап өзің құла. Қансырап құлап жатып іштей күйзеліп, іштей күңіреніп ал жыла. Бірақ одан не өнер. Құбыжық күдік сен құлады екен деп, сен жылады екен деп құрыды ма? Талайды сен жылатып, талайды сен қан қаптырып құлатып еді деп қарасын өшіріп, зым-зия жоғалып кете қойды ма? Қайдағы жоғалу?!. Сол күшіктеген күдік немең одан сайын өрекпи өршіп, енді бүкіл өксіген ішіңді кернеп, кептіріп ала жөнелсін!

Бәрі түсініспестіктен... Адамды адам тілмашсызақ түсінсінші. Солқылдаған қылышың жер жыртар, дән сепкізер соқаға айналсын. Қатулы қабағыңа мұз қатып, қар жаумай, жадыраған жанарыңнан нұр төгілсін! Шуақ шашылсын! Айналаң тегіс жайдары күлкіге бөксін! Қуанған жүздің әсем көркіне жетер не бар. Елжіреген жанның жүрегінен жылытып төгілетін мейірім жарық жалғанның жебеушісі болмас па. Содан жаңыла беретініміз қалай? Суық-ызғарды кеудеге сыпалап тоғыта берсек, жылылық пен нәзіктікке орын қалар ма? Әлде жатбауырлық бақастықтан өрби ме? Әлде бақастық пен күншілдік құрғыры адамдарды бір-біріне тілдерін байлап түсіністірмей қойған жатбауырлықтан өре ме?

Бұл түсініспестік деген неткен сығыр? Түсініссе - анау орыс пен украин шарпыспас еді-ау. Бірінен бірі қарымта қайтарам деп қасарыспас еді-ау...

...Әй, мынау не ызың?.. Е-е, ызың деп... симфонияны да тосырқап қалғанымa болайын. Бетховен ғой. Әй, мынаусы таныс әуен ғой. Мұңы бар жүректің толғанысы тәрізді ме? Сағынған жанның аласапыран кеудесіндегі әлсіз күрсінісі ме?..

Музыка құдірет-ау! Құлаққа таныс әуездің де тосын естілетінін бұрын ұқсамшы. Өксігі болмаушы еді ғой. Өкініштi жүректің егілуінен бе? Неге өкінеді? Неге өксиді?.. Әй, жоқ! Өксік жоқ енді! Өзгеріп сала

берді. Ұмытты әлгі күйректікті! Осылай желпінгені дұрыс қой жастықтың! Жалындатты-ау! Сөйтсінші! Дуылдатты-ау! Сергітті-ау! Өзгеріп, құлпырып сала бергенін қарашы! Құдірет-ау музыка!

Е-е, бар екен ғой түсініктіктің тілі! Адам мен адамды тілсіз матап, жан мен жанды, жүрек пен жүректі табыстыратын ғажайыптың ғажайыбы сөз ғана емес саз екен ғой. Саз екен-ау!..

Көңіл күдігін ысырып тастап, рақат күйге шомып, домбырама қол соза бердім.

Түсініскенге не жетсін шіркін!

* * *

Қатал мінезге жұмсақ ақылды қосақта.

Жиырма сегізінші ой
Күй мен күйші

Дүниені әлдилейтін де, аялайтын да аласапыран тірлігі мол атыс-шабысты айқас пен шайқас емес. Әлемді алақанында тербететін жұмыр басты пенденің бір-біріне деген мейірімі мен бір-біріне деген сүйіспеншілігі. Көңіліңе қанағат беріп, кеудеңе рақым нұрын құятын бауырмалдық. Сол қанағатқа тұшынған жаныңның рақымшыл жүрегі туған топырағыңның табаныңның астынан табылатын кезіне мерейленген сәтте дүниенің төрт бұрышына ізгілік пен мейірім төгуден басқа бақыт бар деп ойламас та. Сондайда жер түбінен жететін бір тылсым үн: «Адам - пенде, сенен асқан құдірет жоқ! Жасаған Хақтың өзінен де қайырлы ізгіліңмен асып түспедің бе» деп құлағыңа сыбырлап жатқандай болады-ау бір. Сол құдіретті сыбырға түгел исінген адам-пенде бар жанымен еміренеді-ау бір. Бейбіт күнге, бейбіт тірлікке рахаттана алғыс айтып, әлемді аялаған

өмір-ғұмырдың өзімен тіл қатысады-ау бір. Бір төлі маңырап енеден туып жатса, бір сәбиі іңгәлап дүние есігін қағып жатса, алты үйлі ауылын абыр-сабыр дуылдатып, алты ауылды аймағын той-думанмен дүбірлетіп, өз қызығымен өзгелерден өзгеше күй кешетін қазақтың ұлан-асыр табиғаттың төл перзенті екендігі-ау бір...

Осылай деп жаздым да, опырыла күрсініп отырып қалдым. Қаламым сусып қолдан түсіп кетті. Қазағымның кешегі тірлігіне сүйсінем де, бүгінімнің күйігімен күрсіне берем. Күрсінісім күйік жамай ма, күйігім күйінішімнен өсе ме, көңілімнің көншуі аз. Жанымның мазасы жоқ. Өйткені бүгінгі қазағым кешегісінен мүлде басқа. Кімді көрсең, әлденеге аптығып жүргені. Аптыққан сайын апырақтап, киліккен сайын кіжініп әуре. Мандытпай, маңайлатпай қол байлайтын тілегі ұстатпай ма. Сол құрғыр тілегі ұстатпаған соң, құрықты құралға жалғап, өкпені ашуға ұластырып, дау қуғызып, жау іздеткізе ме екен? Біреуге құрық ала ұмтылғанда, біреуге қанжар ала жүгіргенде - не таппақ? Құлаған көршісінің шекесінен қаны ақсын. Сұлаған қасының кеудесінен жаны шықсын. Бірақ байырқаланған көңіл, тұшынған кеуде болды ма? Қайдан болсын. Темір тордың арғы жағынан сығалаған жыртқыш көздің жылты өшіп бара жатқаны кімге керек.

Әй, бәрібір, адам іздеген көңілімнің берекесі табылар емес. Биік-биік дуалдардың ішінде жарқылдақ, жалтылдақ, шуылдақ әуенсымақтарын ойбайлатып қойып тайраңдап жүретін көршілерімнің аты-жөнін білу түгілі, түр-түсін көре алдым ба екен. Қайдан. Әлдебір қағаз кеміргіш жазғышсымаққа «құдіретті рудың» Құдайдың өзі иіген «таңдаулы» перзенттері бас изеп, сәлем беріп қалса, мынау сауын сиырдай болып байлықтың аппақ қазынасын ақтарып жатқан дүниесі төңкеріліп кетпей ме.

Әне, кереғар жалғанның бүгінгі бет-бейнесі.

* * *

Еркек аңсаған әйелдің көрпесі жабылмайды.

* * *

Қасыңды үнсіз жек көргеннен кек қайтпайды.

* * *

Халқымыздың тарихы аңыз-әңгімелерде қалған. Жер-су, тау-тастың ат-атауларымен жаңғырған.

Бір аңыз былай өрбиді.

«Ноғайлы-қазақтың айрылысуы» деген күйді шығарған азамат кең жүректі, адал тілекті адам болған екен. «Ақтабан шұбырындыда» Әнет бабаның босқан жұртқа ере алмай, төбе басында шоқиып отырып қалғанын көріп, көштен жырылып қалып сол күйші жігіт бабаның қасына қайтып оралған ғой... Көшсе, нуға жетер, қазса, суға жетер күнді аңсаған абызды өзі өлгенше көрге жібермей қасында болған ғой азамат, шіркін. Демеуші дос, қармаушы іні сондай болсашы! Қақ жүректен оқ тисе қақырамас қас батырдың сойын танытқан сол сабаз бабамен бірге қалған. Кейін бірге көмілген. Көргендердің айтуынша күйшінің он саусағын жоңғарлар кесіп тастапты. Кім білсін, қас жауына қарғыс айтқан көкірегі домбырасынан күй болып төгілді ме екен? Қара дауылдай құтырынып, қауға тиген қара өрттей лаулады ма екен? Ойратың тегіннен тегін он саусақты шауып тастамайды. Сол асыл азамат Әнет бабаның соңғы сәтіне дейін қасында болып, достығы үзілмес бауырмал құшақтың құдіретін айғақтап кеткен ғой...

Кей-кейде сол азамат күйшінің естілмей кеткен соңғы күйі құлағыма келеді. Мен еміне,ентіге тыңдауға көшем...

... Міне, міне он саусақ кібіртіктеп перне қуалады. Түртпектеп шанақты тықырлатты. Шанақтан сағаққа қарай өрледі. Кідірді. Кібіртіктеді. Қайта желді, қайта баяулады. Саусақтар текіректеді. Сәл тыным тапты. Артынша-ақ саусақтар ойнақтады. Сол қолдың бес саусағы бірін-бірі қуалап перне жағалағанда, оң қолдың бессаусағы шанақты тепкілеп жөнелді. Дүрмек үндер толқындап лықсыды. Дүбірлеп көбейді. Бір сәт безгекті дірілмен шырылдап тұрып алды да, қайтадан қажырлы да құтырыңқы толқынға ауысты. Әлгіндегі сонар шалыс азайып, тақ-тақ кадалған саусақтардан жүрдек шабысты тілейтін нық-нық қағыс жебеледі. Долданған күйден жалақтаған жаудың дауылдай долы ызғары есті. Күңіренген даланың зарлы үні жетті. Содан әрі шырылдаған ананың бәйек үнімен «Елім-ай!», «Елім-айлаған!» күйік әні төгілді.

Домбыра қайтадан ширықты. Ендігі алапат екпінінде анау зарлы, шерлі үндерді баса жеткен қажырлы қайрат, асқақ айбын, ақырған айбат қатқабат тұна қалған еді. Ол үндер, ол кек қайраулар - төбе үстінде қонақтап отырған кәрі бүркіттей жалғыз қалған Әнет бабаның шаңқылы еді. Күйімен ойрат жендеттерінің өзегіне өрт салып, дерт құйып өршеленген күйші қазақ еді. Қайратын еселеп, күйбең қаракеттен биік арманшыл әрекетке шақырған азамат, азат қазақтың шамырқануы еді. Ызалы шарпумен әлем бетінен дүлейлікті, меңіреулікті, жабайылықты, жәркештенуді, жылбысқалықты қуып бара жатқан әділет пен шындық ұраны еді!

Еңіреп барып, егіліп қалып, еңсемді тіктеп, ой-бойымды көтеріп ала қоямын. Қиялдаған күйім құлағымда тірілетін тәрізді.

Аруана болып боздай білген, ақсақ құлан болып текіректей білген, «Тепеңкөк» боп қиралаңдай білген, қос қыздың жылағанына ноғайлы мен қазақтың айрылуын қосақтай білген қайран көне аспап - қара

домбыра тарта алар шебер саусақтарға тигенде, егес серпінмен шер ақтарып, аңыз тірілтіп, өткен күндердің алыс суреттерін алдыңа әкеліп ашып, жайып салады-ау.

Шіркін-ай, қыл сағақты қысып алар сол қолымның саусақтары дірілдеп тұрып алып, іле ішек үстімен көбесін онша тигізбей төмен қарай жүйткіп кеп бере алса ғой. Содан жоғары қайта шапшып, орта тұста үш-төрт пернеден үн аулатып, ой, бір сұңқылдатып жөнеле алса ғой. Содан қайтадан бебеу ырғаққа оралып, безектетсе ғой. Содан қоңыр үнге ойысып барып, «Елім! Елім-ау! Елім-ай!» дейтін сарын-ырғақты шымырлата созса ғой!..

Кім білер, бәлкім сонда кешегі күй-симфонияларды шарықтатқан Сыдық пен Нұрғисаны, бұрынғы күй аталары атанған Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерейлерді ұмытып бара жатқан бітеу кеуде, тасқұлақ бүгінгі ұрпақтары елең етіп оянып, жүрегін құлақ етіп тосар ма еді?!. Әй, қайдам...

Жиырма тоғызыншы ой
Өзің және өсекші

«Ұйқас құрастырғандардың бәрі ақын емес. «Айналайыны» көп сөз ақыл емес». Осылай деп жазып қойдым да: «Апырай, күпірлік келтіріп алмадым ба?» деп жағамды ұстадым.

Сиясына суды толтыра құйып алып, ақиқаттан адасса да, тура жолды табуға тырыспай шатты-бұттылап жазған шала-шарпы дүниесін кітап етіп қалай қоятын әдебиеттегі өз орнының қай тұста екенін өзгеден артық сезетін көптеген әріптестерімнің маған онша өкпелемейтінін білем. Менің қорқатыным - «айналайыннан» да әдемі, балдан да тәтті сөздері көп биліктің жоғарыда ойланбай айтып қалған пікірімді

өздерінің адресіне қабылдап қалар ма деп секемдену.

Алда-жалда солай деп қабылдай қалса, «айналайын» дейтін ауыздан айдаһары атылып, құшақтайын дейтін қолынан құрығы сорайып шыға келсе қайтемін. Анау Владимир Козлов пен Серік Сапарғали, мынау Болат Атабаев пен Жанболат Мамайды айтпағандарын айтты деп темір тордың арғы жағынан теп-тез сығалатып-ақ қойған жоқ па. Ендеше өзгеге қаратып айтсаң да, биліктің шамына тиіп кетердей пікір-сікіріңді тісіңнен шығармай, көмейіңе тығып жібер. Сөйт, Софыян жазғышым! Сонда өкінсең де, үрейленбейсің. Өксісең де, өкпеңді суыртпайсың.

* * *

Авторын ауыртып туған ой перзенті де, анасын қиналтып туған бой перзенті де қияға шабар, қиуадан шалар қыранға айналады.

* * *

Ешкім сені дауламаса,
Ақтығыңнан пайда не.
Ешкім сені жауламаса,
Сақтығыңнан пайда не.

* * *

«Асүйде сыбырлағаның Астанаға айқайлап жететінін білсең, аузыңа алты жерден құлып салып, қақпақ қой!» деп менің аман-есен жүруімді тілеген бір досымның тілімнің ұшында тұрмақ түгілі көмекейімде де бүлкілдемейтін әлдебір сыңарезу пікірді мен айтты қылып он жерде он түрлі етіп дүбірлетіп таратқанын естігенде жағамды ұстауға да шамам жеткен жоқ. Оқыс таңданған адам аяқ-қолынан жан кетіп, жібі үзілген марионетка қуыршақтай қыбырсыз мелшиеді де қалады екен. Мен дәл сондай күй кештім.

Жалыны жалақтаған жаланы да, сол жаланы тұтатқан адамдықтан шаланы да, «ит үреді, керуен көшедіге» сайып, жиіркене қарап елемейін десем, өсек өртінің дуылдап ала жөнелгенін және байқап қалам. Аяр жанның күрсінісінің астарында күлкі жатарын сезем де, бетпердесі түріліп, арғы жағынан арамдықтың сұлбасы сығыраятын осындай достардан аулақ жүруге тырысып-ақ бағам.

Әдемі әуенімен асты-үстіңе түсе әлдилеп алып, артынша-ақ жалған жаласымен жаныңды жаралай салатындардан бәрібір құтылмайды екенсің.

* * *

Бір мезетте құлай сүю hәм құдіретті болу Құдайдың да қолынан келмес еді.

* * *

Діл сөйлегенде, тіл күрмеледі.
Саз сайрағанда, сөз ойланады.

* * *

Жас ұлғайды. Қалтылдатып кәрілік жетті. Қызыл-жасыл киімді, қызық-қырғын күйіңді ah ұрғыза аңсатып, сан соққыза сағынтып қайта оралмас жалынды жастық өтті.

Ұғымсыз оқырманды, жұғымсыз пақырларды өткеніне үңілтем бе деп, бабалар аруағына жүгінтем бе деп тіл безеп, кітап жаздым. Сөзімді көпке арнадым. Лебізімді топқа меңзедім. Асылға масыл болған көбім - көмір екен. Сөзімнің жүйесін таппай, өзіме күйесін жақты. Тобым - тобыр екен. Лебімізді ұқпай, обырдың өңешіне жем болып тығылды.

Ғұмырлық өрісім таусылып бара жатқанда, қаламгерлік тынысым тарылып бара жатқанда, **жекенің** емес, көмірін өмірімен үккен көптің сөзін айтпасам - азаматтығыма мін, адамдығыма сын екенін баяғыда-ақ түсінгем.

Бағаланбай жүрген басымды түсіме де кірмейтін «өте... өте жоғары сый-құрметпен бағалатып, сона-ау төрден бір-ақ шығарамын!» деген аса... аса **биліктіні** де көрдім. Бөзге бола құтыртарлық сөзге ермедім. Өзімнің шыққан биігімнен өзгенің ой-өрісімді жалдап алып, омалтып отырғызар төріне ұмтылсам, құнсыз болып құлдырарымды ұқтым. Қайғымды иығыма артып, тура жолымды тұйыққа тірер опасыздықпен тапқан байлығымнан, қанатымды қомдатып, қараңғы ойларымды қысылып-қымтырылмай қағазға түсіртетін жайдақ тірлігімді артық көрдім.

Жас ұлғайды. Көңілден желікті алыстатып, қолыңа көлік қып таяқ ұстатып кәрілік оралды. Желкілдеп желіп жүретін жүрдек күндердің шабан аяңына тап болдым. Аяң да болса, аялдатқызған жоқ бірақ. Көкіректі қысқан өртті, кеудені басқан дертті серт дастандарыммен айғақтадым. Жоғарыдан сойдақтаған қанды ізді, қылмысын бүркеп тайғақтаған қыршаңқы жүзді сезсе де, сезбегенсіп, көрсе де, көрмегенсіп отырған мәңгүрт жұртты оятпақ болып дүбірлете мақала жаздым. Оянған шығар деп марғау ұлтымды ойлантпақ болып митингілердегі мінбелерге ұмтылдым. Жердегілерім елең етпей, төрдегілерім ғана төбемнен төнді. Өзімді өзекке теуіп, биікте жанған жұлдызымды өшірмек болып ұл-қызымды жұмыссыз қалдырды.

Әулекі топтың әрекетінен иілсем де, сынбадым. Өз кеудеме үңіліп, өз ішіме бойлап, өз жанымның ақиқатын тыңдадым.Сергелдеңімнен аршылып сергімесем, кергіген кердеңдерді жеңе алмасымды білдім. Тырбанбағанды тәлкек етер тағдырға көнгім келмеді. Тыпырлап тұяқ серппей, өтірікке тұшынып, бей-жай өлгім келмеді.

Кезептікті жеңу үшін де өжеттікті іздегенім бұным. Қуырдағын қуыру үшін қуыршақ ағаш құдайын өртейтін қылық емес бұным. Күн сайын құтырынып

бара жатқан былықтан ағайынды аршып, арашалап алайын деген дауасыз далбасам ғана.

Жас ұлғайды. Ауырған басым мұңайды. Ауыртқан өзім. Мұңайтқан қырты көп жұртым.

* * *

«Жер берем - деп - күнестен!»
Маңғазданған, сіреcкен.
Көк Тәңірге қосылып,
Баспен көкті **Ол** тіреcкен.
...Таланғанда Даласы,
Бәрінен құр қап Алашы,
Жұрдай болды үлестен.

* * *

О, тоба! «Өткен күнде белгі жоқ» дейміз. Өткеннің көп қорлығынан, не көп зорлығынан запыланған біреудің айтқаны шығар. Өткеннің белгісі толып жатыр ғой. Қазақтың қазіргі көп күпсінуі жұмыстың жоқтығынан алдына симаған екі қолдың қимылын мүмкін ең болмаса қызыл тілдің сайрауымен алмастырайын дейтін далбасасы да болар-ау. Әсіресе таққа таласқандардың шуылынан құлақ сарсығандай болмады ма. Сонда солар «Елді біріктірейік!» демейді-ау. «Ел аузын біріктіріп алу қажет» деп алаөкпе болар-ын қайтерсің. Әр ауыздан бір құсық төгілерін сезбей ме. Қатынын боқтап, баласына ұрсып отыратын қазақтың ілік іздегіш мінезін көрмей жүр ме. Бүгінде ел аузын біріктіретін алтын, күмісі мен доллар, евросы толы табақ қана. Төре табақ, сый табақтарды қайқая көтеріп апарып, беретіндерінің алдарына сылқ еткізіп тарта қойсыншы, бірікпес ауызды көрейік сонсоң. Осылай ойлайтындар да, осындай ойынды тойлайтындар да күн сайын көбейіп бара жатқанын неге пайымдамайық. Соны неге уайымдамайық.

Отызыншы ой
«Мен - кіммін?»

«Мен - кіммін?» деген сұрақты өзіңізге қойып көрдіңіз бе?

Ойланта ма бұл сұрақ? Әрине ойлантады. Әке-шешеңіз бірімен бірі кездеспесе, үйленбесе, сіздің бұл дүниеге келуіңіз мүлде мүмкін емес. Ал сіздің жарық жалғанға шыр етіп енуіңізге, ғалымдардың пікіріне сүйенсек, 300 мың миллиард мүмкіншіліктен бір ғана мүмкіншілігіңіз болады екен. Әйтпесе сіздің орныңызға әлгі 300 мың миллиард адамның бірі жалп етіп қонжия салуы ғажап болмаса керек. Оның үстіне әлем тарихында дәл сіздей жан иесі ешуақытта өмір сүрген емес. Әрі дәл сіздей болып ешқашанда енді тумайды да. Менікі емес, ғалымдардың тұжырымы осындай.

Ал сонымен «Мен - кіммін?» деген сұрақты өз кеудеңізге қададыңыз делік. Жауабын қалай берер едіңіз? Өзгелердің сіз туралы айтқан пікірлеріне сүйенесіз бе? Әлде өзіңіздің ішкі түйсігіңізге жүгінесіз бе?

Ойланта ма? Әрине ойлантады.

Ал енді көптеген тұжырымды таратып көрейін.

Сіз туралы айтатын әр адамның пікірі әртүрлі болмақ. Дұрыс мақтауы да, бұрыс даттауы да кездеспек. Артық кетулері де, кем түсулері де ықтимал. Солардың пікір-суретіне қарап, өзіңізді өзіңіз танымай қалуыңыз әбден мүмкін. Себебі әркімнің әрқилы суреттеуі - қисық айнаның бет-бейнені бұзып көрсететін алдамшы әрекетіндей қылық.

Ойланта ма? Әрине ойлантады.

Ал енді өзгелердің осындай пікір-мінездемесін өз бойыңызға қабылдап алдыңыз дейік. Сонда не болмақ? Дұрысыңыз бұрысқа ауысып, әсерліңіз кесірлікке жол беріп, мүлде адастырып, өзіңіздегі

«өзіңді» аулақтатып жіберуі ғажап емес. Күн сайын ақылды адамның құлағына **«ақымақсың!»** дегенді, ақымаққа **«данышпансың!»** дегенді құя берсе, түптің түбінде әлгі ақылдың өзінің ақымақ екеніне, ақымағың данышпан екеніне **«көздері жетуі»** мүмкін.

Ендеше қисық айнаның қыңыр кеңесіне сенуден тыйылыңыз.

Адамды адам жасайтын - сол адамның өзі ғана! Әркім өзін кім болам деп таныса, соған өзін сүйреп жеткізеді. Тек сеніміңнен айнымай ұмтыла, ынтыға білу керек.

Ойланта ма? Әрине ойлантады!..

* * *

Ойының істігімен миын шұқымаған адамның ешқашанда адасуы мүмкін емес.

* * *

Кемшілігі бардың да келешегі бар.

* * *

Төксем де шермен үнімді,
Ұғатын дос жоқ мұңымды.
Мұртымен сипап жарамды,
Бұлтымен жапты Күнімді.
...Жампозын атып құлатқан,
Зарлатқан жұртын, жылатқан
Жерінтті-ау тірлік бүгінгі...

* * *

Қолыңдағы билігің өскен сайын өзгеге етер өктемдігіңді көбейтуден өтер қиянат жоқ, қарағым. Басқаның еркін тұсаған лауазым иесі өзінің де еркіндігінен ажырап қалатынын ескере бермейді.

Биліктің құнын асырар жалғыз ғана артықшылығы - оның өңгелерге жасай алатын жақсылығы, көрсете алар жәрдемі ғана. Қолына тиген билікті басына қонған бақыттай көріп, өздерін содан өле-өлгенше айрылмайтындай сезінетіндер біздің үкімет басында жыртылып айырылады. Сен соларға ұқсама, шырағым.

Тамыр-таныстықпен атқа қонып, «домкрат», «крандарының» көмегімен таққа қонжиып мәңгірген «мықтылар» мен міңгірлегіш министрлер көзге түрткі, елге күлкі болып жүре беруден ұялмақ түгіл, айылын да жимайды.

Мәжілістегі үкімет сағатына келген (11.06.12) Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрі Нұрлан Қаппаровтың мәжіліс депутатының «Еліміздегі қалдықтардың көлемі қанша?» деген сауалына, «Мен сіздерге қазір 25 миллиард тонна деп айтып жатырмын. Әйтсе де мұның анық-қанығын ешкім білмейді ғой... Біз примерно айтамыз. Мен сізге 2015 жылы точно цифр айтамын» деп міңгірлеуі мықтымыздың «мықтылығын» дәлелдеп тұрған жоқ па, немерем-ау. Осындай «примернолардан» аулақ бол, қарашығым.

Алды-артын ойламай, режим қорғаушысы ролінде болғанына барынша мәз, жоғарының нұсқауымен келісе бергіш ҚР Ішкі істер министрі Қалмұқанбет Қасымовтың: «Жаңаөзендегідей жағдай қайталанса, оқ атуға бұйрық беремін!» деп асқынуы нені көрсетеді. Саяси деңгейде ойланбай, жоғарыға жағынам деп жүріп, өз ұлтынан өзі жау тауып алғанын білмей қалған шенеунік қана.

Ал «Астықтың мол шыққаны - елге зиян!» дегенді айтқан сәтінде орынтағынан мұрттай ұшпаған Ауылшаруашылығы министрі Асылжан Мамытбеков әрине мығым-ақ...

Сен осындай лауазымдыларға ұқсамауға тырыс, келешек кемелім - немерем!

* * *

Ұрыс-керісі аз сүйіспеншіліктің, меніңше, дұрыс өрісі де аз болатын тәрізді.

* * *

Қарағай қара домбыра - қалақшадай тақтайға шандылған кепкен шандыр шек емес, халқымның сыры, ат-атауы, салт-дәстүрі, тал бесіктің іңгәсі, қоңыр кештегі ана әлдиі, айлы түндегі алтыбақан әуені, тар төсектегі жар ыңқылы, ереуілдегі ер дүбірі - қысқасы қазақтың жүрек соғуы, қан тынысы.

* * *

Сүйдім дегенше - көзіңе жамау кидім де.

* * *

Өзі түгіл ауылымның ізі жоқ.
Кеудеме - шер,
Қадай салды жүзіме оқ.
Алабота басыпты әкем ауласын
Ошағында алауламас қызыл от.
...Суырып ап дәл кешегі жұмақтан,
Қыр қазағын сенделткен де шұбатқан,
Жеткен тағдыр «Ақтабанның» сызы боп.

Отыз бірінші ой
Жүректі үмітпен құрсауладым

Жүректі үмітпен құрсаулап, жанымды тілекпен жамап, әнімді арманға жалғағым келсе де, алдымнан тосып кеудемнен түйетін шенеуніктердің

өктемдігінен гөрі артымнан көрінбей келіп желкемнен ұрып, аяғымнан шалатын әріптестерімнің жымысқылығынан әбден азып-тоздым.

Күншілдерім сол жамау-жасқаулы жүрегіме тағы бір тілік түсіріп, жаралы жаныма жүйкемді жұқартар салдауырдай зіл түсіріп, аузымдағы әнімді көмейлеткен шерге айналдырды. Кеше ғана (10.06.12) халқымның қайғы-қасіретіне бойлай отырып, қанымның сиясымен жазылған «Мен - тірімін!» деген кітабымды мынау әділет аңсаған қазағым бірінен бірі сұрап алып оқып жатқанына қарамастан қаламгер «достарымның» қарақшы қолдары сыйлыққа ұсынылатын шығармалардың тізімінен де сызып тастапты.

Атаққұмарлық - азғандықтың бастау көзі екенін де, мақтаншақтық - менмендіктің азығы екенін де жақсы білгендіктен атағымнан айырды деп өзімді өзім мақтап, мылжыңдап тұрғам жоқ. Арамдықтың адалдықты қайта-қайта ұрып жыға беруіне тыйым болмайтынына ғана қынжылам. Бес мәрте инфаркт, екі рет инсульт алып, қылтамақтың қылғындыруынан аман қалған мені шелтиген шенеуніктер, тіксінген төрелер, қызғаншақ кенелер оп-оңай о дүниеге аттандыра алмайды. Менің қолымдағы қаламды Заманбек пен Алтынбекті атып өлтірген мылтықтан кеудеме қорғасын түймесін қадап қана түсірулері мүмкін. Әзірше алды-артымнан қамағандарға жағаласпай, жауласпай беріле қояр мен емеспін.

Ал шығармашылық иелеріне атақ беріп, сыйлық тағайындаудың мүлде қажеті жоқ. Кімнің кім екенін оның шығармалары анықтайды. Ал атақ беріп, таланттар мен талантсыздарды шатақтастырып қоюды бұрынғы Кеңес одағы, мұртты көсем төңірегі ойлап тапқан. Ақиқатты айқайлап айта алатын, шындықты шырылдап сұрайтын «Қызылкөз пәлелерді» қолдан жем аңдитын жемтікшіл пенделерге айналдырып

жібергендері соншалық, сол үрдіс бүгінгі біздік билікке таптырмайтын құрал болып қолына тиді. Атақ пен сыйлыққа жету үшін бірінің өңешін бірі жұлып жеп, жолындағысын жапыра ұмтылатын қазақ зиялыларының ғаламат өзімшіл алауыздығын үкімет пен билік одан сайын қоздатып та, боздатып та жіберді.

Сол-ақ екен бақастықтың бақырауықтары мен күндестіктің үргіштері өздерінен озып кеткендерден озу үшін билікті биікке шығара мақтап, асыра мадақтап төсіне белгіні қадап, ішіне майлыны тығып, масайрап шыға-шыға келді.

Ал хас талант ешқашанда қарынның да, қарғаның да құлы болған емес. Алтыннан құмды, қуаныштан мұңды ажырататын, асыл мен жасықты екшейтін уақыт дейтін әділ сарапшы түптің түбінде әркімді лайықты өз орнына қондырары хақ. Сондықтан атақ, сыйлық, орден тәрізді көзбояу дүниелердің жазушыларға түкке де керегі жоқ.

Елім жылағанда еңіреп егіліп кететін мен, жылап отырып жазған шығармамды оқырманым оқып отырып көзінен мөлт еткізіп бір тамшы жас тамызса, одан өтер сыйлықтың маған керегі жоқ.

* * *

«Етігің тар болса, дүниенің кеңдігінен не пайда» дейді қариялар.

«Еркіндігіңе қамыт түссе, елдігіңнен не қайыр» дер едім мен.

* * *

Зор билік - заң-низамды
Белінен басу емес.
Тәкаппар тәңірімсіп,
Асқынып тасу емес.

* * *

Бір тамшы судан теңіздің дәмін тата алсаң да, оның буырқанған дауылын таба алмайсың. Бірақ бір тілектің артынан ілесе жетер мың түнектің аяқ-қолыңды шырмап аларын өзім кәдімгідей-ақ жобалаймын. Жобалаймын да жотамнан бұрқ ете қалған сұп-суық тердің ап-ащы кермегіне сүңгіп кетіп, қақалып-шашалып бітем. Әрине, мені қақалтып-шашалтатын дауасын тапқызбас қорқынышты үрей ғана. Сол үрейді туғызған - мықтының мықшитатын **тілегі** ғана.

Мықтым, - әрине, Қытай. **Тілегі** - (мүмкін жоғарыдатылардың жұлынын үзердей талабы да шығар) жалға жер алу. Ата-бабамыздың қанымен тазарып, сауылдатан терімен суарылған қазақтың қасиетті Даласын жамбасына біртіндеп басып алып, біржолата сіңіріп кету. Жалға алам деп жалтартып келіп, байлығымыз бен билігімізге жол тартып өту. Қазірдің өзінде-ақ байлығымыздан шет-пұшпақтап жырып алып, аждаһадай кең өңешіне кептеп тығып жатқан айдаһар көршіміздің билігімізге де саусағын іліп алуға жанталаса ұмтылып арпалысқанын шошыған жүректің суылымен сезудей-ақ сезем. Сезем де ұлтжанды топ қана емес, бүкіл қазақстандық көп болып, қадау-қадау еңіреген ер тана емес, кіндік қаны тамған киелі жерін бүтін ел болып өре тұрып, жат табантатаптатпай қорғап, сақтап қалуды қандастарым мен барша тілді жерлестерімнің құлағына ғана емес жүрегіне құю үшін жетсе тілімді, естісе үнімді аямас едім-ау деймін. Тыңдар құлақ, қабылдар жүрек табармын ба деп және қобалжимын. Марғаулық мүйіздеп, мәңгүрттік киіз ғып тастаған қазағын оята алмай, оянса, ойланта алмай жүрген ұлтжанды азаматтарды аяймын. Аяймын да, «ең болмаса шырылдап қал!» деп өзімді өзім аямай қамшылаймын.

Елбасының өзімді қабылдағанында Қытайға 1 млн гектар жерді 49 жылға беру жөнінде ниет қана болғанын естігем. Сонда ішкі есебіммен 1 млн жерді игеру үшін 3-5 миллион қытай келсе, он жылда он миллион шамасында өсер деп ойлағам. Жиырма жылда тез өрбігіш шүршіт ұрпағы 25 миллионға жетіп, елу жылдың ішінде **елу-алпыс** миллион боп қаптап өніп, ат төбеліндей қазағымды жұтып жібереді-ау деп қауіптеніп едім. Сол қаупім - әлі де қауіп. Сол үрейім - әлі де ой-бойымды құрсаулап, босатпай жүрген үрей.

Жоғалған құндылықты ес-жадымызда мәңгі сақтайтынымыз белгілі. Ал тәуелсіздігімізді жоғалтар болсақ, сол тәуелсіздікпен бірге есіміздің де жоғаларын қашан ғана ескерер екенбіз, уай, ағайын?

Бұлтарып құтыла алмайтын болсақ, бұлғалақтамай тура атылатын бөрілігіміз қайда?..

* * *

Жаттан тауып жақынды,
Жауға балап ақынды,
Келемеждеп ел-жұртын
Айтатындар «мақұлды!»
Өгей етіп негізді,
Итке, құсқа жегізді
Адал ас пен ақымды.

* * *

Жүректің үні жоқ дейміз. Ол - бекер.
Жүрек үні - әні мен күйі!
Егіз тілі, егіз екі сиқыры!

Отыз екінші ой

Атың мен затыңды ардақ тұт

Еркелік кетті, ержетті ұлың. Құлыңдай қимылдап далаңды құлпыртты ма, қалаңды көркейтті ме?

Оң жақтан өтті, бойжетті қызың. Тілекті ақтап, жағаңды құндызға орап, бағаңды сонау жұлдызға жеткізе алды ма?

Бірдің ұлы да, көптің ұлы да, ердің ұлы да, менің ұлым да- елдің ұлы деуші едім. Кешегі жазықсыз жаза кешкен, жапа шеккен арыстарымыздың қаны тамған сары белден самсап өскен өртеңі деуші ем. Сол арыс абыздардың орнын басар ұрпақ-өркені деуші едім.

Қателесіппін де қателеспеппін.

Күбірлеп ой қазбайтын, дүбірлеп тойда озбайтын ұлдарым күн сайын көбейіп барады. Тыпырлайтын кезде бұйығып, топырлайтын жерде қара көрсетпейтін қара қазақтардың намыссыз үйкүшік құлжалары мен шала қазақтардың космополит мырзалары ұлттық сананы ұрандатып ұлағаттау түгілі, ата-бабалардың аруағына бас иіп, ізет білдіруден де айрылып қалған жоқ па. Қазақы қасиетке иіген талай әкенің дәмесін тәрк еткен қылмыскер ұлына деген өкінішке толы өксігін көргенде, сол ұрпағын дұрыстап тәрбиел емеген замандасыма да алыс-жұлысты, қыру-жоюды БАҚ-тың барлық түрінен жастардың ой-бойына аяусыз, тоқтаусыз қарақшылық әрекетпен егіп жатқан заманыма да өкпе айтарымды білмей, медеу етер тиянақ таппастан күрсіне берем. Күйіне түсем.

Ел түгіл үйін танымай, дірдектеп Сейфуллин даңғылын жағалап, базар базарды аралап, әркімнің қалтасына түсіп сағалап, сандалтпайтын шаруасын құнттамай, үмітін жоғалтып жүрген ұлдарымды көргенде өкпем қызып, жаным тызылдайды. Жоғарыдан... анау биік, биік төрден «Ел!» деп соғар

бір жүрек жамырар ма? Маңырамай, шынымен жамыраса, бұрынғыдай екі қолға бір күрек табылар ма?

Сол жүректі көре алмай... қолдарына сұр күректі бере алмай ұлдарыма: «Әу, шырақтарым-ау! Көшеде телміргенше, кірпіш қалауды үйреніп, темір дәнекерлеуді игеріп... анау орыс, өзбек жігіттеріндей неге тырыспайсыңдар?» деп талай киліккенім бар.

«Оу, ағасы-ау! Ашсаңызшы көзіңізді! Көрсетіңізші мына біздей көр соқырларға сол айтқанды үйретететін, игертетін училищелерді. Қайда соларыңыз? Құрдымға сіңіп кетпеді ме? Солардың мекен тұрағын мықтының туыстарының жекеменшік академия, университет дейтін қалтаңдағы қаражатыңды қақшып алатын, миыңа білім екпей, қоқыс-соқысты салатын оқу орны дейтін құбыжықтар басып алмады ма?» деп маңдайымнан соққандай есімнен тандырғандары әлі есімде.

Бағасыз жастықтың мазасыз күйбеңі әуейілік пен әурешіліктің шырмауына түсірген келешегімді келешексіз қалдыра ма деп үрей құрсауыпда жүргенімде түнекті түріп тастардай жарқ ете қалған Мұхтар Тайжан, Жанболат Мамай, Инга Иманбай, Қасым Аманжол, Азамат Омаш сияқты ақжүрек ұл, немерелерімнің талпынысы: «Адалдық! Әділдік!» деп шарқ ұрысы шұрық-тесік жүрегіме дәру боп, зәру тілегімді қолыма ұстата салғандай сілкініп сергідім. Қателеспеппін! Қателеспейін ешқашан. Қателестірме құдіретті Құдайтағалам!

* * *

Батырды жеңе алмайсың,
Өлтірсең де.
Алдыңа тізерлетіп келтірсең де!

* * *

Армансыз адам - қанатсыз құспен тең,
биікке ұша алмайды, шыңға қона алмайды.

* * *

Бұл жылы берген қайырымыңның келер жылы сол ағайыныңнан айрылудың басы болары қалай?

Берген сені бетпақ қылып, алғанын айтпай азарлауы қалай?

Алыстай берсем, алғанымды ұмытар, азарлай берсем, мазалауын қояр дейтін ұсақтық па?

Орасан байлыққа озбырлық арқылы жеткендердің омыраулап ұмтылып, жолындағыларды жапырып, таптап өтетіндерінің күн сайын куәсі болып жүрміз ғой. Ал ұсақ-түйекті иемденіп кету үшін алаяқтықтан арамдыққа дейін құлдырайтындардың қарасы да көбейе түскенін және бағамдаймыз. Төрдегіні аждаһаға, төмендегіні қасқырға айналдырып жіберген заманға кінә тағамыз ба? Әлде сол жыртқыштыққа бет бұрған заманға икемделіп, арамдыққа былғанған адамға кінә артамыз ба?

Адалдықтан ауытқымас **атың** мен **затыңның** әлемнің бар байлығынан артық екенін ұғуды қай кезде жалғандықтың қоқыс салатын қорабына лақтырып тастап кеттік екен?

Қайырымға мейірім танытудың орнына безбүйректік көрсету бүгінгі қазақтың жымысқы мінезіне айналғаны ма?

Бетіне қызартып ұят жүгірткен жанның жүрекке дақ салғызбас құлықтылығын ескерсек, кісі ақысымен кісесін толтырмаған ұлттық мінезден жұрдай болып сымпиып шыққан жоқпыз ба? Әлде қарамызды әлдеқашан үзіп, шығандап кеттік пе?..

Анығын өздеріңіз айта жатарсыздар, ағайын.

* * *

Толмас көмейдің асаған сайын араны ашыла түседі.

* * *

Кедейлікті келеке еткенді бәлекеті табады.

* * *

Қайта айналып бір оралмас қайран бұла жастық, қайта ойлантып қайрылмас масайратқан мастық дәурен, сендерден қалай айрылып қалдық екен?

Лүпілдеген жүректі арпалыстырып, ыстық демді жиілетіп, жалындаған жанарды жоғары көтере алмай, қаракөзіңнің келбетін қасыңда дірілдеген көлеңкесінен танытқан, махаббаттың мерекелі ауылы, қай төбенің астында, қай бұлақтың жағасында қалдың екен?

Қасқая күлген күлкісін аңдып, еріген бойдың елжіреген жүрегін бұраңдай басқан аруыңның бұлықсы толқындайтын шәйі көйлегінің етегіне орап жіберіп, естен танған күндердің елесін қайдан табар екенбіз?

Ал бүгін ары өшіп, азғындай бастаған ұрпақтың сұм-сұрқия қылықтарынан безе қашқандай түрім бар. Тал бойында тарыдай ұят қалмаған қаракөз қыздарымның көшенің қақ ортасында талтайып тұрып алып, орысшалап асты-үстін қопара үріп алып, қазанның түп күйесіндей негрін құшағына бүріп алып артыла кеткенін көргенде, Жұбаншылап: «Осындай сұмдықты көргенше, сонау ота жасатқан кезімде неге өліп кетпедім екен...» деп іштей күңіренем.

Бал тамар тілден у сорғалатып, қазақша, орысша «маттар» ақтарылса, Саинның бойында қазақы ибалылық пен адами имандылық жалаңаштанып, арсыз, жансыз қалып саудаға түскен тән қалталы, балталы келімсектердің қанжығасына бөктерілсе, мынау зымыстан заманның бетіне де, көтіне де былш-былш түкіріп, табылса дүниенің бүлінбеген бір түкпірін іздеп кеткің келеді.

Жас жүректе жаққан оттың жалынын қаракөзіңнің жанарында мөлдіреген қуаныш етіп жарқырататын, ұялшақ та ибалы жастық, сен қайда жоғалып кеттің бүгін?

Сөзін жөндеп айта алмас, жасырынып қана жанасар тілсіз тілді ғашықтарды табандарына гүл төсеп, үстеріне жұлдыз жауып, иығына иығын ғана тиістіріп табыстыратын ұяң жастық, енді қайтып оралмайтын болып кеткенің бе?..

* * *

«Мені!» көптің - желі көп, селі жоқ.

Отыз үшінші ой
Даңқ талантпен өлшенсін

Мен - кіммін? Әрине, ең алдымен өзгелердей пендемін. Кейде әжептәуір адаммын. Көбінесе адамдықтан кендемін. Себебі: арамдықты көрем - аттандап айқаспаймын. Жамандықты танимын - жанұшыра жағаласпаймын. Қабырғамды сөгердей күрсінем. Содан соң күрсінісімді қағазға төгем. Өксірдей болып өкінем. Өкінішімді жырға ораймын. Өлеңмен өрнектеймін.Көз тастап оқитындарым аз. Ойын оятып, миына тоқитындарым саусақпен санардай ғана.

Сәтті де ойдағыдай тыныш өмір сүрдім деп айтқым бар. Бірақ айта алмаймын. Кеңес одағы кезінде ерегісіп емес, егесіп ғұмыр кешкенімді өзім ғана анық білем. Империяның езгісіндегі халқымның қасиетті һәм қасіретті тарихы ұрланып, ұлттық құндылықтардың өрісі тар боларын біреу сезіп, біреу сезбес заманда сол әділетсіз тежеуді өз еркіндігіне тұсау салғандай қабылдау - есті адамның ессіз кіжінуі мен күйінуін күшейтеді екен. Советтік дәуір сондай зорлығымен менің тіршілігімнің тыныштығын тонады деуге толық хұқым бар. Ал кейінгі тәуелсіз еліміздің билігі мені елеп, ескермесе, сол билікке оншалық құштарлық таныта қоймаған өзім де есемді жібертпеуге тырысам.

Түптің түбінде бұл биліктен де биік билік - **уақыт-құдырет** өз орнына қондыратынына кәміл сенем. Оған куәм - шығармашылық қабілетімнің қарқынды шамасы. Сол шамам жеткенше империямен айқасып кетуді өмірлік мақсат тұтқан қаламгермін. Өйткені империя - алдау мен арбаудың амалы. Үміт пен сенімнің ажалы. Империя - бірнеше ұлтты дәу табаға салып, үлкен ұлттың қолына ұстатып тозақ отында шыжғыртатын зобалаң билік. Содан соң империяның құбыжықтығын аңқау қазағыма танытпақ болып, қорқынышымды жанталаса жазам-ақ. Бірақ сол Ресей империясының құшағына елімді қайтадан сүңгітем дегендерді өлтірсе де түсінбеймін. Мынау жазған-сызғандарымды оқымайтын миғұла мезгілдің батпағынан қашан құтылар екенбіз деп, «әттең-айға» мен басардай басармын-ау. Өте алармыз ба, жете алармыз ба тап-таза, жап-жасыл дербес жағалауға?

Хакім Абайды оқымайтын адамыма, «надандыққа өң берме!» деп данышпансып нем бар?

* * *

Тура жолды таба алмағандардың сыбағасы - ирелеңдеген жолмен кирелеңдеп ілби беру ғана. «Ой, байғұс мүсәпірім-ай» деп әлгілерді мүсіркей бастап едім. О, тоба! Мүсіркегендерім мысықтабандап келіп тура жолымды күреп жауып, әп-сәтте бітеп-ақ тастағаны.

Ирелеңдеген жолды кирелеңдеп өзім іздеуден басқа амалым жоқ енді.

* * *

Жұртты ойланта білуден өтер құдырет жоқ.

* * *

Орыс жағып алауын,
Пісірді өзбек палауын.

Ортама әкеп қонжитты
Жұлдызды АҚШ жалауын.
Иіс аулатып сүзгізіп,
Әркімге бір бұзғызып,
Дал-дұл болды танауым.

* * *

«Даңқты ісіңмен, байлығыңды күшіңмен табасың» дейтін даналардың даналығы кейде қырыс кетіп жатады. Өміріңді өгейсітетін өшпенділер өңкиіп-өңкиіп орынтақтарында отырғанда, ісіңді - мұңға, күшіңді - құмға сіңіріп жіберулері түкіріп тастаудан да жеңіл. Даңқтың түтін болып ұшарын, байлықтың сол түтіннің орнын күл болып құшарын бүгінгі билік барынша-ақ дәлелдеп жүр.

«Даңқ - өлгеннен кейін жарқырайтын шамшырақ қой» десем де, сол тұжырымымнан тез айнуға мәжбүр боламын. Даңқты өсіретін де, өшіретін де сол даңқ иелерінің артында қалар іздеушілері мен жоқтаушыларының, жақтаушыларының бар-жоғы һәм құдыреттілігі.

Ақын Қасым, өзгеден «десі басым» Қасым өзіне Тәңір бұйыртқан даңқ тұғырына күні бүгінге дейін қона алмай келеді. Кешегі әр концерт сайын «Шаттық отаны» симфониясымен сахна шымылдығын түріп беретін, қазақ музыка өнерінің әр жанрының тұңғыш туындыларын туғызған дара талант Сыдық Мұхамеджановтың аты-жөні бүгінгі биліктің тізімінен мүлде сызылып тасталған. Себеп біреу-ақ: екеуі де **Арқаның тумалары. Арғынның азаматтары.** Оңтүстік өңірде шыр етіп дүниеге келсе, батыс аймақта сәби іңгәсін жаңғыртса, екеуі де атақ пен даңқтың астында қалар еді-ау. «Әттең!» дейсің де... «екінші» орындарды олқысынатын «даңқтылардың» мүмкіншілігін бағамдайсың да, өз үйшігіңнің үңгіріне тытылып алып, үніңді кеудеңнен

шығармауға тырысасың. Дымың сезіліп қалып, кей «мырзалардың», кей «тайлардың» құлағына шалынып қалса...

Қазбалай беріп қайтейін енді.

* * *

Қарау жылдардың қасіретін жарау жылдардың зымырауық тұяқтары тоздырады.

* * *

Сен жасысаң -
Қуанар.
Сен тасысаң -
Қуарар.
Бар ғой шіркін ағайын
Пәлелікті қуалар.

* * *

Өз кейіпкеріңді ұнатпасаң, адамгершілігіне сүйсінбесең, ол туралы қайтіп қана әсерлі етіп жаза алар едің. Сүйсіну жоқ жерде әсерлену болмайды. Әсерленусіз - қаламгер өзінің сүйікті кейіпкерін туғыза да алмайды.

Әр жазушының өмірге ынтықтығы, тұрмыстіршілікке әсерленуі от басы, ошақ қасынан басталуы тиіс. Өйткені кімге де болса күнделікті өмірдің күйкілігі емес, күнделікті тірліктің тату-тәттілікпен құлпыруы қажет. Дәл осы қаны бүлкілдеген қарабайыр өмірдің құдыреттілігін ескермесек, әдебиетті де, өнерді де, киноны да жоғалтып аламыз. Жылтыраған қабығының ішіндегі жансыз кейіпкердің іс-әрекеті де жасандылықтың жалғандығымен көңілге ешқашан да қонбайды.

* * *

Адамды білгің келсе, оның арманын сезе біл.

* * *

Жан иесінің жасай алмайтыны болмауы керек.

* * *

Седеющей женщиной грусть
Духом моим вялым владеет.
Стылая кровь душу уж не греет
Дряхлело тело, ну и пусть.

Отыз төртінші ой
Бармағымды шайнаймын-ау...

Кей адамның өзін де, өзгені де адастыруы әбден мүмкін. Ал ол көпті адастырып әкете алмайды дегенге бұрын әжептәуір сенуші едім. Бүгін сол сенімімнен аулақтанып барам-ау. Өйткені сонау биік биліктегі біраз ағайынның көк жәшіктен қылқиып отырып көпірте жөнелетін көкезу сөздеріне көнбіс көптің илана сеніп, лепіріп еріп кететіндерін көргенде, мысым кәдімгідей басылып, риббентропшылағандардың «құдыретіне» құлап түскенімді бір-ақ байқаймын.

* * *

Ниеттің қаралығы, істің ылаңдығы - күншілдіктен, бақастықтан. Бәрінен де бұрын мансапқорлықтан. Аяғыммен жер тепкілеп, төбеммен көк тіресем дейтін құмарпаздықтан.

* * *

Қазақтың желі де, желсөзі де көп. Бірақ желдің артында дауылы барын, желсөздің соңында бітпес дауы барын ескермейтіні жаман.

* * *

Өзінің бақытсыздығына кінәліні тек өзінен емес, өзгелерден - әсіресе тағдыр мен Тәңірден

көретін пенделердің бірі екенімді білмесем, қаламға жармасып нем бар. Бірақ осынау аунатпай басар ауыртпалықтарды жұлып тастап түзетейін деп қанша тырбансам да, өзгелердің озбырлығы алдымнан көлденеңдеп кескестей беретінін қайтермін. Біреу, екеу емес, бірнешеулеп киліккен кезде басыңды тауға ұр, тасқа соқ, түк істей алмай, еріксіз бармағыңды шайнай бересің, мылжалай бересің...

* * *

Тазалық - таза мінез, адал ой, әділ жүректе ғана қонақтайды. Жүректен әділдік жоғалса, ойға олжа дәметкіш ниет араласса, тазалық айдалада ұлыған иттей адасып қалады.

* * *

Барлық іс-әрекетке бірдей бейімділік таныта беруден бәріміз тегіс жұрдаймыз. Біреу сауда-саттықта алдына жан салмайды. Екінші адам саясаттың шаңын бұрқыратуда ешкімге дес бермейді. Әсіресе біздің мәжілістегі нұротандық депутаттардың жоғарыдағыларды жер-көкке сиғызбай мақтауы мен төмендегі тобырды «жалқау», «шайпау», «қырсыз» деп даттауда бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай бір текпен, бір лекпен жаңылмай, жалтақтамай күйіс қайырулары сұмдық ғаламат! «Апырай! Неткен бірауыздылық! Неғылған унисон!» деп жағаңды ұстап таң қалмауға әддің жоқ. Шіркін-ай, анау қирап жатқан клубтар мен азып-тозып тұрған мектептерді жөндеуге, мынау ауызсуды апталық жерден арбалап таситын ауылдағылардың мұң-зарына құлақ асып, үкіметтен соларға тезірек қаражат тауып беруін талап ететін бірауыздылықты жылдамырақ көрсетсе ғой!.. Сонда «халық қалаулыларына» деген халықтың алғыс-ризалығы да көп көмейден унисон боп төгілер еді-ау. Қайтейін... Армансыз адам, қанатсыз құс болмайды ғой. Менің де осы бір орындалмас арманым ғайыптан тайып орындалып қалуы да мүмкін-ау, ә...

* * *

Ілгері озсаң - ілесетін тобыр көп.
Кейін қалсаң - жұлып жейтін обыр көп.

* * *

Өз құқын қорғай алмай балаң қауым,
Кетті ғой алпауытқа Далам, Тауым!..
Құл қылып қондырғанша өз қолына
Қоймайды екі көршім жаландауын.
Шырмаған қарызы мен
«Одағынан»
Қалайша құтылам деп боданынан,
Көбейді жатпай-тұрмай алаңдауым.

* * *

Оқып-тоқу арқылы өзгелердің орасан мол білімін миына тонналап тоғытса да, өзіндік бір шайнам ойы жоқ адамнан аулақ жүргенді жөн көрер едім. Ойсыздың кесірінен опасыздықтың талай туындағанын биліктің тізгінін білегіне іліп алған «атың шықпаса, жер өртегіштердің бұрынғы да, бүгінгі де арсы-гүрсі әрекеттерінен көруге болады. Өйткені өзінің десі мен сесін анда-санда айналасына танытып қою үшін оларға өзгелердің қолымен өрт салу да оңай. Өзгелердің қолымен сол өртті сөндіру де қиын емес. Тиесілі еңбекақыларын жеті ай бойы табандап талап етіп, қыл аяғында омыраудың оққа тескізіп, қанды қырғыннан «сыбағасын» алған Жаңаөзен қыршындарын еске түсірейікші. Дүр сілкінген ұлттың дүмпуінен ә дегенде қатты сескенген билік аса жауапты дауыспен: «Мұнайшыларда жазық жоқ!» деп мәймөңкелетіп алып, ақыры сол жазықсыз міскіндерді жазықты етіп, соттап тын-

ды ғой. Жоғарыдағылардың мәңгірген миын баз-базда оянар ойы түрткілейтін болса, осындай сойқан сұмдыққа бармас еді-ау.

Ақиқатты аңсаған уақыттың аяқ астынан тұтанар дауылы тасты ғана домалатпай, кейде толағай басты да ұшырып әкетерін қашан ғана ұғынар екенбіз...

* * *

«Халқым!» дейді қаныңа тұмсық көміп.
«Сипадым» дер жаныңды шымшып беріп.
«Айналдым!» дер аузыңнан қан ағызып,
«Сүйінші!» дер тұсыңа сыңсып келіп.

* * *

Алыстағыдан тек қасиет табатындай,қасыңдағыдан үнемі қасірет алатындай сезінуің - әсерленгіш адам жанының көзімен көргенінен жерінуінен, көңілмен аңсағанына емінуінен туындайтын адасушылық қана. Адаспас үшін алыстағы қасиетіңмен қасыңдағы қасіретіңнің желкесін үздіре біл. Ол үшін алыстап қалған күндердің озық һәм құнды мол тәжірибесін бүгінгіңнің қызметіне дұрыстап жеге біл. Сонда ғана кешегі өткеніңнің куәсі, бүгінгі жеткеніңнің үлгісі болған, ертеңгіңнің алдын-ала сақтандырушысы болар өз өмірбаяныңды өзгеден ерекше етіп жасай аласың.

* * *

Бақ қонады берер кезде несіпті,
Оң қараса, Қыдыр қағар есікті.
Сол екеуін қуып жүрген жоқпыз ба,
Бітеп тастап кеудедегі тесікті?..

* * *

Қусаң - жете алмайтын, қашсаң - құтыла алмайтын мәстек жылдардың уысыңа да толмайтын жабағы

жалына жармасқан тіршілігіме не өкіне алмай, не ренжи алмай әрі-сәрі күйде итшілеткеніне көндіккен тәріздімін.

Замандастарыма тілек білдіре жұлқына түссем, жұмыла кірісер білек табыларын ұғам-ақ. Бірақ әрі-сәрі болып жүріп көктемімде еге алмаған астығымды күзімде жинай алмайтыным бесенеден белгілі ғой. Сол себепті де қыраулы қысымда аштан бұралып, көштен қалып, шалажансар күй кешкеніме кімді кінәлай қоярмын. Тәңірден сұранып, әмірліден тіленіп алақанды күректей ғып жаярмын-ау. Соған сылп етіп түсер әлдекімнің темекі араласқан түкірігінен басқа ештеңенің қонақтамайтынын және білем.

Әлденені күшенбей істей салуға болса да, көп күш-қуатты қажет ететін іс-әрекетті қалай жасаудың амалын таба алмай, аш-жалаңаш жүргеніме мынау әркімді мәстекке мінгізген мимырт мезгілді жазғыра алармын ба?..

Қолыңнан іс келмесе, қойныңдағы күшті қайтарып, ертерек жетер қарттықтың құшағына күмп етіп сүңгіп кетіп, шырматылып қала бергеннен басқа өндірер нең бар. Жасаған түгің болмаса, ұстаған жүгің саусағыңа да ілінбейтінін байқап тұрып қай құдыретіңді бұлдай қойғандайсың.

* * *

Басшы болып бастарда алғаш қадамды,
Тыңдай да біл,
Таңдай да біл адамды.

* * *

Елінің даңқы азат ерлерінің айбыройымен асқақтайтынын тап басып, тани білген Тәуке, Абылайдай ақылман хандар қазағының тақымын атқа қондырса, кеудесіне от жағарын, сол арқылы өздерінің таққа нық отырарын түсініп өткен. Сонда ғана бүтін

ел түгел көркейіп, бүкіл азамат тегіс марқайып өсерін қатты қадағалап, ескеріп келген.

Бүкіл елдің байлығын биліктегілер ғана тарпа бас салып, талап, тонап алған кезде, бүтін ұлттың бөлшектеніп кетерін бүгін екінің бірі күрсініп қалып, күбірлеп айта бастады. Күбір-күңкілдің етек алса жолындағыны жапыра құртып, тау суындай тасқындап кетер дүмпуінен Құдай сақтасын. Талап алғанды таратып беріп, әр нәрсенің алдын ақылмен, жөнмен, келісіммен алғанға не жетсін.

Отыз бесінші ой
Тура жолды табармыз ба?

Бүгінгі біздің үкімет басындағылар билікті өздерінің қосарлап алған тоқалдарындай көріп, орынтаққа қонжиған күні «билікті де қолыма қондырдым!» деп адасып-ақ жүр.

Мемлекеттік тіл арқылы нан сұрап жерлік шамасы жоқ адам үкіметті басқарса, қазақша бір кітап оқымаған, ұлттық дәстүр мен ұлттық салт-санадан мүлде хабарсыз, халқының ән-күйінен, бипыл әуенінен гөрі «битлдың» дарылдақ әуезін әукесі салбырап тыңдайтын дүбәра қазақ мәдениет министрі болса. Астықтың мол шыққаны елге зиян!» дейтіндер мемлекетіміздің ауылшаруашылығын ұшпаққа шығарамыз деп терезеден ғана далаға қарап отырып сәуегейлік жасаса, осынау адасқыш басшыларға ілесіп, жиырма жылдан бері бірге адасып жүрген біздерді **кім, қашан, қайтіп** тура жолға салар екен?

Ал «адасқанның алды - жөн, арты - соқпаққа» сенсек, артымыздағы бұралаңдаған соқпағымыздың Қызылағаш топансуында опат болғандардың, Ақтөбе мен Тараз, Алматыда лаңкестердің қолынан қаза тапқандардың, Жаңаөзен мен Шетпеде тізіп

қойып атқан өз қазағының оғынан қырылып қалған қыршындардың, Арқанкергендегі қасапта жантәсілім еткен боздақтардың судай аққан қызыл қанымен суарылғанын қалай көрмейміз? Көрсек, алдымыздағы жөндер әрекетке ұлт болып неге жабыла жұмылмаймыз? Әлде көзден жас ағызып, көкіректен зар төккізіп, «көнбіс қазақ, қорлығыңды қанып іш!» дейтін шелтиген шенеуніктің мысқыл мазағына міскін назарыңды да бұра алмай, бұралқы иттей аштықтан бұралып өлуге дайындала береміз бе?..

* * *

Өзгеге еліктегеннің өз қабілетін құрбандыққа шалып, өзгенің қаңсығына өзінің таңсығын оп-оңай айырбастап жіберетінінен асар жаман әдет жоқ.

* * *

Жадының жоғала бастағанына жылайтындар көп те, ойының озбайтынын ескеретіндер мүлде жоқ болса, айналаңның төңкеріліп кетпей, сау тұрғанына шүкірлік еткін.

* * *

- Ханның нөкері желкесінде тұрмай,
Алдында тұрса не етер еді?
- Хан онда олардың желкесінен сынай,
Кімнің кім екеніне көзі жетер еді!

* * *

Бүгінде Шапыраштыдан қыз алғанын, Шапыраштыға қыз бергенін дүйім жұрт түгел естісін деп айқайлап жариялап, кәдімгідей-ақ бу қылатын көршілерім көбейді. Сол Шапыраштының ұлының қолына апайымды құс қылып қондырған менің соған өзгелердей елірмек түгіл бит шаққандай да елемей жүргенімді - сол тараптың тесік пұлына да қолым

жетпеген тауансыздығымның кінәсінен бе екен деп ойлана бастайтын болдым білем.

Өзімнен өзім озбай жатып, өзгенің көмегімен көмбеге бұрын жетем десем, мен шіркін де сол апайымды алқалап алға ұстар ма едім, қайтер едім. Көздеген мақсатыма мықтының ықпалымен оп-оңай жете қалсам, бұлқынысым мен жұлқынысымды мүлдем әлсіретіп алып, адалдықтың ауылынан алыстап кете барам-ау. Өзімшіл тілекпен теп-тез тапқан берекең күні ертең-ақ мақсатсыз, берекесіз тірлігіңе айналып кетсе, не істерсің. Тамыр-таныстығыңды бұлдап, амал асырып алғаның бойға жұқпай, құмға сіңген судай теп-тез жоғаларын қай қазақ елеп-ескеріп жатыр.

Ендеше бүгінгі билік басындағы румен құдандалы болып, құйрық-бауыр жесісуге дайындала бер, айқайлағыш алашым!

* * *

Кінәліні өзгеден тауып, өзімізді сүттен ақ, судан таза ететін қазақылығымыз белгілі. Басына бақ қонғанда шақырмай, басына іс түскенде бақыратын қазақ екеніміз де рас. Оспадарлықты қашан ескерер екенбіз?

* * *

Билікті беру оңай,
алу қиын.
Ертеңді көру оңай,
тану қиын.

* * *

Өзім жоқта өзгелер тындыра салар деп бүгінгі жасарыңды ертеңге қалдырсаң, өзгелердің ертеңгі жасарын бүгін тындыра салам деп асығып аптықсаң,

түк те бітіре алмайсың. Сондай-ақ жоғары өрлеп бара жатқаныңда қарсы кездескендерге танауыңды таңқитып қарамай өтсең, шыққан биігіңнен омақаасып төмен құлдырағаныңда солардың енді өзіңе мүсіркей қарайтынын санаңа салғайсың. Бүгінгі бітіргеніңді екшемей басыңды жастыққа төсемесең, өзгеге кешірер кінәні өзіңе кешірмесең, қақпасын ашпас сарай қалмайды. Құшағын ашпас кеуде қалмайды.

Әу, немерем! «Бұл атамның ақылы таусылмайды!» деп бетіңді бұрып әкетсең, айтқандарымның айдалаға кеткеніне бір күрсініп қана тілімді тістей қояйын. Қабыл алсаң Марғұлан, тағы бір қосымша ақылым: «Жақсы көрінем деп қана жақсы болма. Жасаған жақсылығыңмен әдемі бол. Сонда ғана турашыл жанның күрсінісінен күлкісі көп болады, қуатым!»

* * *

Тойымсыздың қазынасының астынан көрі қазылады.

* * *

Шықса да шуақ шашып өрістей Күн,
Ызғары шовинистік теріскейдің
Қысқанда қос өкпемді Путины боп
Басады шемендей шер, керістей мұң.
Кіріп ап бұлтартпайтын кеденіне,
Маңдайды соға берсем еденіне,
Қалайша тәуелсіз боп өрістеймін?

Отыз алтыншы ой

Даңғаза шу мен ду

Әр адам өзінше адал. Бірақ әркімнің адалдығы әртүрлі. Базбіреудің құлап жатып сүрінгенге күлуі - адалдық, бірақ **шынайылық** емес. Әлгі күлкі - оның алған тәрбиесінің нәтижесі болуы мүмкін. Адалдығы - тәрбиесіне қарсы келмеуінде.

Көзбен көргеніне ғана сеніп, ақылдың тапқанына иланбау - ол да адалдық. Өйткені шамалы адамның өзін өзі шектеуі ақылды аздырып жібермек. Иесіз, қаңырап қалған үйдің тозуы қандай тез болса, іс-әрекетке дұрыстап жегілмеген мидың (ақылдың десең де артық емес) да солуы, сөнуі жылдам. Ендеше әртүрлі адамның әрқилы адалдығына тап болсаң, мінез-құлық табиғатының да әрқилылығына басыңды изей бер. Ақылдың мысқалдап еніп шабандап дамитынын түсінетіндер ойсыздың мақтағанынан тіксінсе, ойлы жанның даттағанын кексінбейді. Бұл түсінік те адалдықтың бір парасы.

Сонымен өзгенің бойындағы кінәрат-кемшіліктерді тани біліп, соларды өз сойыңнан қуып шыға алсаң, шынайы адалдыққа сонда ғана жете аларсың.

* * *

Пақырдың төңірегі де түгел тақыр.

* * *

Адамды оның биік сипат-қасиетіне қарап емес, сол қасиет-сипатты өмірге сыналап жеткізуіне қарап бағалайды.

* * *

«Әуелі бұл шіркінді бастау қиын».

Айқайлап, әуелетіп ән салмақ түгілі, әлдебір істі, қажетті бір жұмысты, қомақты бір серіктестікті бастап кетудің, етегіңді қағып, жеңді түріп, қос білегіңді сыбанып кірісіп-ақ кетудің қияметін талайлар бастан кешпеп пе еді.

Алдыңның - тұман, артыңның қараң боларын бүгінде анау жалақтаған жемқор шенеуніктердің қанды азуынан жемтік болып желініп шығып, желкесін үздіріп жүрген жекешіл байғұстардың көй-гөйі мен ойбайынан құлақ біткен бітеліп, жүрек атаулы шошып, инфаркт пен инсультімен жиі қабыса бастаған жоқ па.

Бір етігін кимей жатып тұра қашатындар мен бір жеңіне қолын сұға алмай жатып, өз-өзінен қуыстанып сасатындар халқымыздың қасиетті құнын қашырып, ұлтымыздың берекесінен айырып састырып жүр ме екен деп ойлаушы едім бұрын. «Адамды танығың келсе, сапарлас бол. Білімі мен білігін тексергің келсе, пікір таластыр» дейтінбіз. Енді осы пікірді мүлде қажетсінбей: «Көлеңкеңе қарап-ақ келбетіңді суреттеп берем!» деп қылтиып келіп, қыдыңдай жөнелетін финполиция қызылкөздерінің келеңсіз қылықтары әлгі байғұстардың шыңына шыққанына бүгін әбден көзім жетті.

Жалғыз жүріп уақытын өткізе алмайтын селтекбастың жұмысбасты жандарға тигізер залалын бұрын да көп көруші едім. Топ болып келіп, топырлап төнетін төре шенеуніктердің сол жұмысбасты жандарды жұмысынан айырып, қаңғытып жібергендерін көргенде мынау қоғамымыздың адамға деген көпе-көрнеу қысымынан қысылған жаным шыңғырмақ тұрмақ қыңсылауға да жарамай қалды.

* * *

Кекірт адам дөкірлігімен көзге түскіш.

* * *

Әкім өзін Құдай тұтса,
Құлдилап құлға айналар.

Көрінгеннен секемденіп,
Көрген күні мұңға айналар

* * *

Ішін танытпай, сыртын ғана беріп, құлқын ұстатпай, мұртын маңғаздана керіп, кердеңдей басатын төрдегілерім жердегілердің үрейін ұшырып, сөніп бара жатқан шоқты үрлеп өршітіп, мазасыздықтың әуре-сарсаң өртіне салып отырмаса, ішкендері бойына дарымайтын тәрізді-ау.

Жақында ғана (ұмытпасам, маусымның 20-да болар 2011) Үкімет басшысы Кәрім Мәсімов қаржы дағдарысының екінші толқыны төбеміздің тоқпақтап, аштан бұралар тіліміздің тістетіп, қанымызды жалатады деп қорқынышты қауесетті төніп жетіп қалған апаттай өңі қаша, көзі бозара жеткізді. «Әлемдік мұнай бағасы 50 долларға дейін төмендеп, көмірсутекті сатумен ас-суымызды тауып отырған еліміздің ертеңі қалай болары белгісіз» деп шошытқанда, өзінің де төбе шашы тік тұрғандай болды білем.

Кәрім мырзаның бәрін бадырайтып ашып отырып, ең керекті тұсын жасырып қалғанына өкпем қара қазандай қабынды. Қаржы дағдарысынан да бұрын басталған рухани дағдарысымыз туралы жақ жазбауы - баяғы жауырды жаба тоқудың сүреңсіз көрінісі ғана. Ұлттық идеологияға, ұлттық өнерге деген дәл осы «көрмедім, білмедім, байқамадым!» дейтін үрдіс осы ескерілмес қалпында жалғаса берсе, рухани өмірімізге деген немқұрайлы саясат үстемдігін үдете түссе, халқымыздың мүлде азып-тозып бітеріне сене беріңіз. Инфляция мен қымбатшылықтың өсуіне, «зейнетақыны асырдық!» деп үкіметгің бөсуіне сәйкес келмейтінін қабысқан қарнын белбеуін бес тартып бекітіп, әлден-ақ аштық пен жалаңаштықтың тарамыс шеңгеліне түскен қалың қазақтың «шықпа жаным, шықпа!» тірлігі аксиомадай бұлтартпас куәсы

болып тұрғанын миллионға жуық айлығы барлар әрине түйсігіне де түймейді. Содан соң бір операция жасатуға, қажетті 70-100 мың долларды ғұмыр бойы жинаса да таба алмайтын бейшара міскін қазақ жанарын аспандағы Тәңірге кектене қадап, жан тәсілім етпегенде қайтеді.

Даңғаза шу мен дуға әбден бой үйретіп алған бүгінгі билік: «Ісіміздің бәрі жаңаша, тұрмысымыз ғажап тамаша!» деген желбуаз үгіт-насихатын БАҚтың барлық түрлерінен тақылдап, жұртшылықтың құлағына құйып, көкірегіне сіңіріп тастағаны сондай, кей-кейде төңірегіңдегі рухани тапшылық пен жүрек жалғатпас жоқшылықты көрместей көзіңді жұмып алып, құлағыңды ашып тастасаң, экспресстей зымырап жұмақтың төріне кіріп кеткендей күй кешесің. Көзіңді ашсаң... Әлгі «жұмағыңнан» безе кашқандай боласың. Бірақ қайда қашасың, барар жер, басар тауың қалмаса.

Адамға адам ғой деп қарау, сол адамның ішкі дүниесіне үңілу жоқ кезде кеудеңді түңілу торлап алады екен.

Қаласының, панасының, баласының сыртын әлекей-шүлекеймен жалтыратып, солардың ішкі мәнмазмұнын өркендетпей қалтыратып қою - үкімет билігін ұстағандардың үйреншікті әдетіне айналып кеткен. Осыларды ойлағанда мұңаюым артады. Көңілімді жайлап алған күрсінісі мол сарыуайым сандалта сүйреп, оңашалықтың оқпанына құлата салады. Қартайғандық пен қажығандықтың анық белгісі **жалғыздық** екенін сондайда тап басып сезем. Бірақ сол жалғыздықты айнымас, алдамас сырласым мен мұңдасыма айналдырып алғанымды да жақсы білем. Сондықтан да өзімді өзім қамшылаймын. Шығармашылық адам - шындықтың ғана құлы болуы керек. Көптің көңілінен табыла алмай жатсам - мүмкін келешегім ақтап алар. Ұлы Абайдың

ізінен айрылмай жүріп отыра алсам, кім білсін әділет аңсап түртінектеген сыңараяқ соқпағым келер ұрпақтың қақпасын қағып, төріне тіреліп те қалар. Әзірше жалғыздығымның үлесінен тиген қараңғы ойларымның бір шүйкедей түйіні осы.

Ал Кәрім інім маған ренжімей, қайта менің ренішімді түсініп, басқаша, ерлерше қайрат көрсетсе екен деймін.

* * *

Атың жоғалғанша,
алтының жоғалсын.

* * *

Ел -кеме,
Халық - дауыл.
Билік - желкен.
Толмасын дауыл тұрса,
Миға желкең.

* * *

Жан иесінің қандай адам екенін білгің келсе, оның нені көксей аңсайтынын сезе біл деп жаздым да, ойланып қалып, әрі-сәрі күйге түстім.

Аңсау деген не? Мақсат па? Қайсысы күшті? Қайсысын орындау жеңіл?

Аңсау - армандай алыс, қол бірде жетіп, бірде жетпес утопия шалыс дүние емес пе?

Ал мақсат... Ол шіркінге шындап кірісіп кетсең, жалына жармасып қалуың бек мүмкін-ау. Мәселенки үй салу - меніңше мақсат. Білек сыбансаң, балағыңды түрсең, беліңді буынсаң - дағарадай үйіңді бірер жылда тап-тұйнақтай етіп тұрғыза қоясың.

Ал қала салу және тез арада салу - аңсау. Мидың, ойдың аласұруы. Өйткені қала салу - машақаттың машақаты. Қаржы-каражаттың құрдымы. Жерде жатқан алтын жоқ. Ағашта өскен теңге жоқ. Қыруар

долларды қайдан таппақсың? Қазынаға қол саласың ба? Жұртыңның жыртық-тесік қалтасына қол саласың ба - алғыс, батасы аз, бәтуасыз тірліктей көрінеді де тұрады.

Санкт-Петербургты жиырма бес мың кіріптар орыс міскіндерінің сүйегінің үстіне салғызған Петрдың, ұлы Петрдың соңғы үш жылы әлгі өліктердің түн ұйқысын төрт бөлген азалы, назалы үнімен әбден миын шағып, о дүниеге аттандырып барып тыныштандырған ғой...

Мақсат пен аңсаудың айырмашылығын айта алдым ба, білмеймін. Әйтеуір қапылысы көп кісінің тындырары шамалы боларын арпалысы көп жанның қалтарысы жасырып қала беретін тәрізді.

* * *

Кейбіреулердің сыртының сұлуының дөптігінен көз тұнады-ақ, бірақ ішінің жылуының жоқтығы тоңдырады-ау.

* * *

Адам едім,
Үрмейтін.
Ырылдауды білмейтін.
...Бұлғаңдатар құйрық жоқ
Құйрықтыны күндейтін.
Сығалаймын тесіктен,
Қыңсылаймын есіктен
Мың жылда да кірмейтін.

Отыз жетінші ой
Өренім - беренім

Кейбір азаматтарға кейбір кезде көңілім қалып, ренішім туындайды. Ренішті туындататын қылығы - өрескел өзімшілдігі. Рушылдықтан бастау

алып, ұлтшылдыққа жалғасқан сыңарезулігі. Олар үшін «ұлттың ұлылығын тәрк етіп», ұлттың теріс әрекетін тексеру, бұрыс кетуін бадырайтып көрсету - сатқындық һәм ұлтына жасалған қастандық.

Дәлелге жүгінейін.

«Ұлт times» газетінде (12.07.12) Ермек Жұмахметұлы дейтін азамат Нобель сыйлығын алған түрік жазушысы Орхан Памукке өкпе тағады.

Түрік қаламгері «Tages Anzeiger» газетіне берген сұхбатында: «Түркияда миллион армян мен 30 мың курд азаматы қырғынға ұшырады. Бірақ бұл мәселе менен басқа ешкімді де ойландырған жоқ» депті. «Осы сөзімен бүкіл қоғамға «күл» шашты» деп Ермек бауыр күрсініс танытады. Ау, қарағым-ау, миллион армян мен 30 мың курдтың қырғынға ұшырағаны жала болмай, рас болып шықса және соларды қырып салған қарабайыр түрік халқы емес, биіктегі билігінің әрекетінің әсері болса ше. Ендеше шындықты шырылдап айтқаны үшін жазушыны «ұлтының ұпайын ұрлады!» деп неге жазғырамыз.

«Зиялы адамның борышы - өнегелі тектілікті құтқарып, адамдық рухты азудан аман алып қалу үшін күресті күшейту болып табылады» деп өз сөзіңмен сол Орханды ақтап та отырған жоқпысың, бауырым.

Қатыгездікке ұрынбаған ұлт қана әділетке берік мықтылардың қатарынан орын аларын ескерелік. Ерік-ырқы еркін ұлттың өзіндік дара мінезі боларына көңіл аударған анда-санда қажет. Сонда ғана ұлтшыл өзімшілдік емес, ұлттық мақтаныш кеудеңді кернейді. Уассалам!

* * *

Аяу білмеген жанның көкірегі оянбайды.

* * *

Я твердо знаю, что муки совести по ночам не терзают чинушей, благодаря которым наш мир превращается в нечто ужасное.

* * *

Ары таза адамның,
Көп ішінде төрі бар.
Ардан безген наданның,
Жалғыз қалар соры бар

* * *

Марғұлан бірінші сыныпты бітірген. «Ата, мінекей!» деп масаттанып, мақтау қағазын қолыма ұстатты. Енді мен мерейлендім.

«Мынау өренім - ұлттық беренім-ау! Мынау кешегі арыстарымыздың орнынан өскен өртеңім - болашағымды бекітер ертеңім-ау!» деп қиялға шомып барып, тез оралдым. Ақ парақты ашып тастап, немереме қаламымды ұстаттым.

- Жаз, Марғұлан! «Азат Алаш!» деп жаз. «Азат қазақ! «Еркін қазақ! «Ерікті азамат!» деп жаз. «Егемен ел. Тәуелсіз Қазақстан!» деп жаз. Жаздың ба? Қане, көрсетші... Иә, жігітім, қате жібермепсің. Не жазғаныңды түсіндің бе? Түсінсең, Марғұлан, осының бәрін еңбегіңмен жеңіп ал! Ащы теріңді тамшылатып төгіп ал! Жеңіп алғаныңды да, теріңді төгіп алғаныңды да қолдай біл, қорғай біл. Келістік қой...

Немерем құлшына бас изеді. Сол қимылынан көкірегім ашылып, көңілім марқайды. Келешектің құнарлы құйқасына дән сепкендей сезіндім өзімді. Қайран сенім-ай!..

* * *

Әркімнен әрнені талап ете алмаған адам, ешкімге ештеңе де бере алмайды.

* * *

Өзгелердің орасан білімін миына тонналап тоғытса да, өзіндік бір шайнам ойы жоқ адамнан оқ

бойы аулақ жүргенді жөн көрер едім. Өйткені өзгенің қолымен өрт салу да оңай, өзгенің қолымен сол өртті сөндіру де қиын емес.

Кей-кейде тобырдың да обырларды жеңетін кезі болады. Ондай сәтте тобырдың ойы мен сойы - тылсымдай бір ғаламат түсініспікпен жалғыз бір ұлы кеуденің бойына сиып кетер болса керек. Мен сондай кезеңді анау Абай ескерткішінің төңірегіне жиналатын митингішілерден талай рет кездестірдім. Мен оларға топ деп, тобыр деп қарамай, мынау ұйқыдағы қазақ атты марғау көптің көшбастаушы озығы деп сүйсіне қабылдадым.

* * *

Естен тандыратын сайрауық сөздерімен бірінен-бірін айыра алмас егіздің сыңарындай адамдарды, олардың іспен тындыратын әрекеттері арқылы ажыратуға әбден болады.

Бүтін елге бетін беріп, ертең төрге етін сатып жүретіндердің тілі тәтті-ақ. Тыңдасаң - жаның кіреді. Естіген бойда есіңнен танып, елтіп-ақ кетесің. Бірақ әрекетінде берекет болмайды. Өйткені сатқындықтың сұры қанша бүркесе де, ашылмай, бадыраймай қоймайды.

* * *

Өзін өзгелерден артық сезінетіндер өз міндетін өзінен де артық сезінетіндерден әлдеқайда көп. Сондықтан да өзімшілдерден өз міндетіне қалай қарайтынын мейлінше қадағаламай тұрып қазан қақпағын ұстатуға жол беруге болмайды. Өйтпеген күнде қазанның қақпағы өзгелерге мүлде ашылмай қалуы мүмкін. «Аш бала тоқ баламен ойнамайдының» керін келтіріп, әлгі әукесі салбыраған жемпазың қақпағымен қақпақылдап, ашқарақтардың ауыл-аймағын қаптатып жібереріне дау болмайды.

* * *

Өзің ұяттан саспау үшін де, басқаның пердесін ашпауға тырыс.

* * *

Көбірек білуге талпынбай,
Көкірек керуге ұмтылсаң -
Көріңді қаздым дей бер.

* * *

Көлегейлеп көркімді,
Баса киіп бөркімді,
Ой-бойымды шынжырлап,
Бұғауладым еркімді.
...Қанатындай қырғауыл
Алау-жалау бір дауыл
Тұтатар ма өртімді?..

Отыз сегізінші ой
Жақсылыққа - жамандық

«Ата марру ан - Наса би-л - биррида ахсану. Инна Аллаха йухиббу-л-мухсини». Яғни жұртқа жақсылық істе, және өзің де қайырымды бол. Өйткені Алла жақсылық жасаушыны жақсы көреді».

Құран аяты осылай дейді. Адамды жақсылық істеуге үндейді. Ізгілікке сүйрейді. Мейірімділікке баулиды. Қиянатшылдықтан қашырады.

Құрандағы ғамалу салих - ізгі іске ұмтыл деуден не ұқтыңыздар?

Бес күндік пәнидің өткіншілігін, жалғандығын, қысқалығын ескере білсең, сол келте ғұмырды мақшар сұрауында майысып, құнысып, құрысып тұрмайтындай етіп, қайрымдылық аясында өткеруіңді ғана еске салады.

Қайрымдылық көрсету, жақсылық жасау - арұятын жоғалтпаған ізгі жандардың ғана еншісі. Ал ұяла білу - ашулы ызаңның өз өңешіңді өртеп, өзегіңе өкіндіре енуі. Заң, низамның жөндей алмайтын қиянатын кей-кейде арыңның алып ұратынын ескере білсең, ертеңіңнің уайымын ... қоюлатпас едің.

Аяқ астынан тұтана кететін қызықшыл ет қызуын өртене қалатын бет қызылы тежеп отырарын менен артық білесіздер. Ендеше қаламын сүйкектеткіш осы немең өзгеге сүйреңдеп ақыл айтқанша, сол ақылды өз кеудесіне қарай бұрып, өзінің жасаған (әрине, жасай алса) жақсылығын, көрсеткен қайырымын неге айтып, ашып тастамайды дейтіндеріңізді де сезем.

Рас. Мен де жер басып жүрген мыңдаған пенделерден асып кеттім деп айта алмаймын. Біреулер киімі мен бұйымын түзегенді дұрыс көреді. Базбіреу дәулеті мен сәулетін асырғанды ұнатады. Үшіншілері билігі мен беделі өскенін барынша тілейді. Түпкі мақсатың - өз пайдаң үшін ғана болса, ол **азаматтық мақсат** бола қоймас. Күйкі пенделіктің нысанасына айналған тірліктің мақсаты ол. Ал адамдық қасиет сыртың мен ішіңнің арақатынасымен ғана шешіледі. Сырты жылтырауық, іші қалтырауық жан бір бөлек. Сыртқы бейнесінен ішкі болмысы боямасыз әсем, жылуы мол адам мүлде басқаша. Осындай азаматтың түпкі мақсатына өзі ғана емес, өзгелер де құлай сенетініне күмәнім жоқ. Ал өзім кейінгілердің қатарына қосылдым ба... қосыла алам ба - оны өзгелер айтсын.

Ниетім түзу. Әділдікке бағыттаған өрісім - оң. Әредік адасардай болсам да, ауытқуым болған емес. Өз шиырымды «Халқым! Елім! Жұртым!» деген адал өзектестерімнің даңғылына жақындастыруға тырысумен келемін.

Менің де кішігірім төбеге шығып, қолыма қылпылдаған ұстараны ұстап, жоғарыдан төменге көз

тастаған кезім болған. Бірақ сол ұстараны терiске сілтеп, қандамағаныма арым куә. Барым, нәрім - жалғандықпен жағаласудан, адалдыққа араша түсуден ажыратқан емес. Өз ұстанымымды қорғап, мұжық Колбинның ұрдажық әрекеттеріне жалғыз қара болып, қарсылық танытқаныма бүгінде өз ішімнен ырзалық табатын тәріздімін.

Тындырғанымнан тындыра алмағаным көп. Партия дейтін алып машинаның абажадай дөңгелегін тоқтату түгілі кідіртуге жалғыздың шамасы жетпейтін зіркіл кезең еді ғой. Бәрібір қасарысып-ақ баққам-ды. Жылдап жатып қалған Е.Раушанов сынды он шақты қаламгердің қолжазбасын пікір жазып, шығартқанымды енді айтайын. Тоқаш Бердияров және екі жазушыға қайта-қайта Димекеңе кіріп өтінумен пәтер әперткеніме кәдімгідей марқаям. Кейбір аға жазушылардың жүріс-тұрысын жақтырмауынан (шығармасын емес) Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған кітаптардың тізімінен сызылып қалған Оралхан Бөкеевті сол тізімге қайта қосқызуға себепкер болғанымды Оралханға да сездірмеп едім.

«Орыс тілінің қас жаулары, ұлтшыл, рушыл!» деп Шона Смаханұлы, Ақселеу Сейдімбегі бар бес-алты қазақ зиялысын су түбіне кетірердей кінәлап жазылған «Ржавщина! («Тат») дейтін мақаланы «Ленинская смена» газетіне кетіп бара жатқан жерінен редактор Никанов пен ОК бөлім меңгерушісі Устиновпен жағаласарға дейін айқасып барып, алғызып тастағанымды енді ғана ашып, жазып отырмын.

1987 жылдың ақпанында Совет ауданының партия комитетін тексеруге барғанымда Бейбіт Қойшыбаевты партия қатарынан шығаруға дайындалып отырғандарын біліп: «Жұмыстан шығарылған екен. Бір қатесіне бола, екі жаза қолдану дұрыс емес. Орталық комитеттің атынан келіп отырмын, партиядан шығарып, азаматтың өмірін өксітпеңдер»

дегенімде өзі де партиядан шығаруға іштей қарсы боп жүрсе керек, бірінші хатшы Айгүл Көбентаевна ханым қуана келіскен-ді. Мен осы жөнінде Бейбітке әлі күнге дейін жақ жазған емеспін.

Бірді айтып, бірге кетіп жатқанымды білсем де, Колбинге, колбиншілерге деген көңіл қыжылынан әлі күнге дейін арыла алмай жүргенімді жасырмаймын. Ұлтымды «қаны сорғалаған ұлтшыл!» деп ағаш атқа мінгізе келген мұжық біріншінің ұрдажықтығына төзе алмай, халқымды қорғаштап ұстаса беріп екі рет секретариатақа салынып, екеуінде де өз ұстанымымды, өз ақиқатымды қорғап қалғанымды кәдімгідей ес тұтам. Сол Колбин, Камалиденов, Смайыловтардың «Олжасты орнында отырған жазушылар басшысы емес» деген сектор пкірін жазып бер деп қайта-қайта тақылдаған тапсырма-бұйрықтарын орындамай; «Олжас - өз халқының бетке ұстар азаматы» дегенді ілгері шығарып қорғап қалғанымa, ақынның бүгінгі ұсақтығы мен күйкілігіне реніш танытам ба, өкінішім көп.

«Әу, Софыжан! Менің ЦеКам - өзің ғанасың. Бұл ағаң алпысқа келіп қалса да, орден түгілі медаль да алмаған. Осымды ескер!» деп маған телефон соққан Ғафу аға Қайырбековтің құлаққағысын естігенде, өзегіме от түскендей өртендім. «Талантты тарықтыру - мықтыны елемеу екен ғой!» деумен басшыларымның бәріне кіріп, түк өндіре алмадым. Онынша бесжылдықтың қортындысы бойынша берілетін марапаттар өз иелеріне аталып-аталып бөлініп қойыпты-мыс. Сондықтан қосымша орден сұрап алу - өлікті тірілтуден де қиын шаруа дей берген соң, өзіме тиесілі «Халықтар достығы» орденімді Ғафеңе бергізуге басшыларымды әрең-әрең көндірген едім. Онымды ақын ағама білдірген де емеспін.

Кітап палатасында директор боп қызмет атқарып жүргенімде бір жылда екі ұлым қабат үйленіп, үш

бөлмелі пәтерде үш отбасы болып тұрып қап едік. Соны естіген министрлік басшылары жаңадан салынған үйінен «именная» (сол кезде солай аталушы да еді-ау) деумен бір бөлмелі пәтерді бір ұлымның семьясына бөлген болатын. Және екі пәтерді қызметкерлеріме сұрап алғам-ды. Әлгілерге пәтерлерінің ордерін ұстатып, құттықтап отырғанымда, бір қызметшім үстімізге пора-пора жылап кіріп, жеті жылдан бері әртүрлі подвалдарда паналап жүргенін айтқаны ғой. Сұрап білсем, еш жерге баспана туралы арыз жазып, өтініш жасамаған. Маған да алдын ала тілек білдірмеген. Жағдайының қиын екеніне көзім жетті де, балама бөлінген пәтердің ордерін, министрден біраз сөгіс естісем де, сол қызметшімнің атына жазғызғам-ды.

Өзгеге мейірімділік білдіріп, шапағат жасағаның - өзіңнің кеудеңнің тазаруы болуы да мүмкін. Құдайдың жолына бұрылуыңдай болуы да мүмкін.

Ал осы істерімді ақымақтық деп кінәраттағандарды да кездестірдім. «Әділеттілік - әрекеттің ақиқаты болсын» деген ұлы ұстаз Мұхтар аға Әуезовтың айтқанынан шыға алдым ба, оны да замандастарым үндемесе, ұрпақтарым бір де болмаса бірде айтып қалар...

* * *

Кеңдіктің кені - үлкен халықтың көптігінде. Көптің көпіршіген көбігін сыпырып тастасаң, мөлдіреген тереңінен нәрін де, сөлін де сүңгіп ішіп, қанып шыға келесің-ау.

* * *

Құлағанға иілген
Еңсесін биік еттірер.
Жылағанға күйінген
Төбесімен көк тірер.

* * *

Бүгінде екі етегін қара қарғаның қанатындай жалпылдатып, көліктен көлік ауыстырып, кісімсіп далақтайтындар көбейді. Жуанды кертіп жеп, жіңішкені жұмарлап асап, әлсізді бақыртып талап, нашарды шыңғырта сабап, жуасты жүндеп тарап, балақтайтындар көбейді.

Кешегінің кеңселісі далақтап шапқылағанда әлдекімге қолымдағы таяғым тиіп кете ме деп сақтанып жүруші еді.

Бүгінгінің биіктегісі жолындағысының жотасына таяғын да, аяғын да аямай сілтеп, боқтанып жүруді дағдысына айналдырып алыпты. Табаныңнан таусылғанда әупірімдеп алдына бара қалсаң, аспандаған көзі айналасын менсінтпей тілек тыңдатпас ағындаған сөзімен өзіңді әбден илеп, ит-әуреңді шығарып, сылтаушыл уәдемен сыбырыңды да естіместен шығарып салады.

«Зәлімдіктен момындық артық» деп санамызды әбден сулап тастаған ба, сілкіндірместей семдіріп улап тастаған ба, момын жуастығымыз көнбістікке ұласып, көн қайыстай қатайған көнтері мінезді көрпедей қылып жамылумен жүрміз. Содан кейін-ақ сүйегі жасық, буыны бос қазақты анау орысың, мынау ұйғырың, сонау кәрісің өз үйінің төрінен тірсектеп қуып шығып, жақтырса сүйек-саяғын лақтырып, жақтырмаса тасы мен таяғын лақтырып, шеттетпегенде қайтеді.

Далақтайтындарым мен балақтайтындарымның өз момындарына болысып, қайрат танытып қамдасқанын, қамқорымсып қолдасқанын көрдіңдер ме?

Қайдағы қамқорсу?!

Кәрісімен өрісі бір болса, жемісі ортақ болса орысымен табысы көбейіп, тарысы молайса, ұйғырымен пиғылы қабысса, ыдыс-аяғы араласып үйелмен боп табысса, жуас қазағын неге жабылып жүндемесін.

Момын алашын неге тұс-тұсынан қосыла ұмтылып, араша таламасын.

Әлсіздің сөзін шала ұғатын бұрынғы болысыңнан аяқ астынан әкім болып дүрдиіп дүрілдеп шыға келген бүгінгі танысыңның түк ұқпас салғырттығының ғаламаттығын кімге айтарсың. Арамның ісін адалдың ақысымен төлейтіндердің тау қопарғандай күпінгендерін естігенде бұл заманда асауға тұсау жоғына көзім жетіп, наразылықта қайраңдаған көңілімді бостандығына тартып шығара алмай үнілеумен жүрмін.

* * *

Мұншама ғажап әсемдікті қуыс бойыңа сидырған көне аспап - қара домбыра! Көңіл хоштығы да, ықылас-ынтығы да, еміреніп-егілуі де бір өзіңнен табылған **қазақтың өзісің!**

Отыз тоғызыншы ой
Құлдан ұл тумайды

«Елім!» деген ерді еңіретуден ләззат табатын ел үстіндегі есерсоқтардың куәсі болған қытымыр кездерді білеміз.

«Ермегім - еңбегім ғана!» деп еріншектіктің желкесінен бүріп алған еңбекшілдің екі қолын байлап тастаған талғамсыз тасырлықты елемеген енжар кездеріміз көп болған.

«Барым - арым!» деп жүрегін жалаңаштап алға ұмтылған ақиық Қасым ақынды етегінен тартып, аяғынан шалып, адымын аштырмай тастаған кесірлі кердеңдікті көре тұра көрмеген жымысқы кездеріміз көп болған.

Кеңседен ешқандай қызмет тапқызбай, баспадан ешбір кітабын шығартпай, астанадан күркедей де

баспана тигізбей алып ақынды аласартуға тырысқан қастандықтан да ауыр қысастықтың сұп-суық ызғарының өзгелерімізге де жеткен лебін әлі сезумен келеміз.

Ауырған жанын, қиналған тәнін елемей, әділет туын төбесіне аспандата көтерген азамат ақынды есіктен сығалатып, табалдырықтан төрге оздырмай қойған қызғаншақтық пен күншілдіктің қып-қызыл бақас күнін туғызған тоңмойын әкімшілдіктің өзімшіл озбырлығынан талантты інілері біздер де әлі арыла алған жоқпыз.

Тал бесіктен жер бесікке кеткен ұлы суреткердің өлгеннен кейінгі Мәңгілік ғұмырына кейінгілердің кеңшілікпен қарап, кемеңгерлік танытып, кең-пейілділік көрсетер деген әлжуаз үмітіміздің үміт күйінде қалып келгеніне арымыз күйіп, жанымыз күйзеледі. Бір ғана сүйініш - Қасым Аманжолов сынды алып ақын, ұлы суреткер, ұлт перзенті ешқашанда тал бесіктен жер бесікке жетпей, ел бесікке кететіні. Халқының жүрегіне ұлы Оғланы болып, мәңгі бөленетіні.

Аты әлемге тарап, аруағы аспанға көтеріліп, рухы ұранға айналған ақынға халқымен бірге әкімі де табынатын болса, елімен бірге елбасы да ұмытпастай болса, онда «елі мен ері егіз» деген ұғым шын мәнінде ақиқатқа айналмас па еді?!

Ұлтының шешен тілі болып, дауылды үні болып сөйлей білген ұлы перзентіне тірісінде пейіл берілмесе, өлген соң құрмет көрсетілмесе, өзгеге емес өзімізге мін екенін, өзімізге сын екенін кеш те болса бір ұғынсақ қой...

Қасымға ескерткіш ашылады дегенді естіп, өзімді өзім ғана жұбатып, ауру денемді Қарағандыға сүйретіп, дәмеленіп барып едім. Көңілім су сепкендей басылды. Өкпемді үкімет бөлген қыруар қаржыны дұрыстап ұқсата алмаған Ахметов Серік әкімге айтарымды, әлде сол әкімнің ұлы ақынға деген құрметінің кемдігінен анау биік тұғырға Қасым бейнесін емес, ұлы ақынға ешбір ұқсамайтын ұнжырғасы түскен әлдекімді қашап қондырған мүсіншіге айтарымды білмей есімнен танып қалдым.

Өз қадірлісін құрметтей білмейтін, өз ардақтысын аялай алмайтын әкімнен өтер меңіреу де, саңырау да, басыр да жан табылмас-ау, сірә.

Қасым аға!
Бермесе де бағаңды, баспанаңды,
Таңбалаудан танбадың хас наданды.
Өртіменен өлеңнің жылыта бер
Өз еліңді, халқыңды, басқаларды!

* * *

Өз орнында тас та ауыр болатынын ескерер шенеунікте бас болса ғой шіркін.

* * *

Жат тілеу жауыздық шақырса.
Нұрлы өлең кең дүниеге бастайды.
Әніңді ұмытсаң - жаныңды ұмытарсың.
Күйіңді ұмытсаң - күйігіңді арқаларсың.

* * *

Еркіндігі мен азаттығын жанының Тәңірісіндей танитын қазақ үшін бүгінгі мынау жұмыссыз сандалтқан берекесіз тірлігі - сары аурудай сарғайтып барып алқымынан алар ажалын шарасыз халімен сүмірейтіп тосқызған тірлік.

Жақсы құл болу үшін жарты пұлға сатыла кететін пенделер жоғарғылардың жолын өзінің тілімен жалап, сақалымен сүртіп тазартып жүргенде, бостандықтың ауылын алты қырдың астынан да таба алмас замандастарымның азапты өміріне азаттық берер адал өлімін кей-кейде артық көретін тәріздімін.

Билік езгісі илеген кезде үрей билеген кеудеге құлдықтың ұрығы себілерін әлімсақтан бері әдіс-айласына айналдырып алған төбедегілер төмендегілерді төмпештеуден еш жалыққан емес. Сол дәстүр бүгін бізде де қалыптаса бастады.

Тордағы бұлбұлдың мүлде сайрамайтынын, арқандаулы дүлдүлдің қаны ойнамайтынын ескермейтіндердің қаперіне құлдан ұл тумайтыны, ұлыдан құл тумайтыны кіріп те шықпайтыны анық. Қара бастың қайғысын құлдық тірліктің рақатына айырбастамайтын Алаш рухының алдындағы күнә-кінәмізді қашан жуар екенбіз?

Жуа алармыз ба?..

* * *

Жақын деп қарыңа тартпа - шеттігін жасар,
Жатым деп бетінен қақпа - көптігін жасар.

* * *

Әлсіздігін жасыру үшін қысым жасауға ұмтылатын бастық сол әрекетімен өзін кем ететінін, қол астындағыларын қор ететінін түсінсе де, түсінбейтін сыңай танытуға әбден әккі боп төселіп алған. Бүгінгі зұлымдықтың құрбаны болып жүрген ұлтжанды азаматтардың түптің түбінде барлық қиыншылықты жеңіп шығатынын биліктің сезбеуі мүмкін емес. Соны сезгендіктен де қолдарына қару ұстатқан топты көпке қарсы қойып, ақ шашты ана мен сәби баланы автоматпен қырып салғызады.

Сондай сұмдық сойқаны Жаңаөзен мен Шетпенің ондаған жазықсыз жандарының қанын судай ағызып, қазақты қазаққа атқызды. Отаны үшін отқа түсуге даяр қыршындарды сол өз Отанының өктемділерінің бұйрығымен қырып салғанды бұрын-соңды көрмеген қазақ Даласы қазақ баласын желін суылдата жоқтап, көлін тулата зарлап жатқан жоқ па. Зер салып

тыңдасаң, төңіректен өкірген өксік, өкінген шер жетпей ме құлағыңа, Алаш жұрты-ау! Сол зар мен шерге қосылып еңіре! Не зорлыққа қарсы ішкі кегіңді ақтар! Зауал шақтың туғаны да осы!

* * *

Діліндегісі тіліндегіден қорықпа, діліндегі зілі молдан аулақ без.

* * *

Сынса көңіл иіні -
Елеңдетпес күй үні.
Сезінерсің басқандай
Бар әлемнің күйігі.

Қырықыншы ой

Ана тілегі - адамзат тілегі

Өмірдің жазы өтеді, күзі өтеді.
Уақыт өзгертеді, түзетеді.
Бәрібір Дүниенің тыныштығын
Аналар кірпік қақпай күзетеді.
...Ойласа баласының жайы-күйін
Жүрегі баяу ғана дір етеді.

Ана!.. Жауыздықтың тас қамалын жеңетін Ана. Сәл қабақ шытсаң, жабырқай қалатын да Ана.

Анадан ардақты, Анадан қадірлі, Анадан асыл, Анадан абзал ешкім жоқ. Өйткені ол - өмірдің бастауы. Даналықтың көзі. Ғұмырдың тірегі.

Әлемді алақанымен суаратын Ананың қас-қабағын бағайық. Жаны жабырқаған Ананы қуанта алсақ, жүрегі жылаған Ананы уанта алсақ, бізден, балаларынан бақытты жан болмайды.

Ананың тілегі - адамзат тілегі. Ол тілекте нұр бар. Ананың жүрегі - әлемнің жүрегі. Ол жүректе сезім

бар. Ананың нұрына шомылып, сезіміне бөленген адамның кеңшілігі мол, кісілігі артық болмақ. Ананың ақ сүтімен сәби кеудесіне адалдық енеді. Арамдық жоғалады. Алайда адалдықты жоғалтып, арамдықпен табысатын өзіміз. Өзіміз ғана. Аналар өсиеті ондай емес. Өйткені аналық - даналық.Ал даналық - тазалықтың, мөлдірліктің, мейірім мен қайырымның, еүйіспеншіліктің ұясы.

Сол Ана көз жұмғанда, жұмыр жердің бәйшешек гүлі солады. Сол Ана ақтық демін шығарғанда тіршіліктің шуақты күні сөнеді. Сол Ана пәниден бақиға аттанғанда асыл сөздің мөлдір бұлағы тартылады. Сол Ана ақтық демін шығарғанда мейірімнің; жарық шырағы сөнеді.

Жоғалтпайық Ананы! Мәңгі сақтайық жанымызда, жадымызда!

Өйткені
Жүрекпен лүпілдеген, жалындаған
Ананы Тәңір тұтып, табынды адам.
Анасы маңдайынан сүйген ұлан
Жау түгіл, Құдайына жалынбаған.
Тіршілік астан-кестен болып алып,
Ананың құшағында дамылдаған.
Ардақтасақ, Ананы ардақтайық!

* * *

Қарағай қара домбыра - қалақшадай тақтайға шандылған кепкен шандыр шек емес, халқымның сыры, ат-атауы, салт-дәстүрі, тал бесіктің іңгәсі, қоңыр кештегі ана әлдиі, айлы түндегі алтыбақан әуені, тар төсектегі жар ыңқылы, ереуілдегі ер дүбірі - қысқасы қазақтың жүрек соғуы, қан тынысы.

* * *

Арыстарым-ай. Азаматтарым!
Жадымда мәңгі қазақы аттарың.

Алаш боп алаш қалуы үшін
Кештіңдер сендер тозақ оттарын
...Тәуелсіз елдің тәуелді жұрты,
Арылмай жадау әуелгі сұрқы,
Жаңғырта алмай жүр қазақ «Аттанын!»

* * *

«Қазақ есеп пен өсекке құмар халық. Демін есеппен алып, дымын есептеп шығарады» дейтін жамандаушылар көп. Оған себеп беретін де өзіміз.

Өйткені еуроазиялық одаққа еніп кетіп, тәуелсіздігімізден айрылуға тіреліп тұрған қазіргі кезеңде ұлттық намысқа қызып, қып-қызыл жарысқа түсер сын сағатта да, «осыған киліксем, мен де бірдеме алам ба, әйтпесе төбемнен төмпештетіп құр қалам ба?» дейтін есептен есепке көшкіш жылпылдақтарымыз көп. Арғымақты есекке, ақиқатты өсекке ауыстырып, әділеттің шыңынан жалғандықтың шыңырауына құлай беруден баршамыз болып құтылудың мерзімі баяғыда-ақ жеткен.

Бізде бір көзі елде болса, бір көзі төрді сүзетін зиялы дейтіндердің зиянын есептегіштеріміздің есептеген бірі болмайтыны өкінішті-ақ. Жалтақтағыш, жалпақтағыш әлгілердегі үрей бәрімізге ортақ тәрізді. Ойымызды тұсап, бойымызды өсірмей, тіліміздің күрмеп келген де осы үрей. Сондықтан да орыс тілді БАҚ-тардағы - «тіліне зорлық жасаған соң орыстар Қазақстаннан жаппай көшкелі жатыр!» деген журналшылардың анда-санда жер жаңғыртар байбаламынан зәре-құтымыз қалмай, бүгежектей қалатынымыз да рас.

Оу, ағайын! «Күшті нені айтады? Әлсізге жасаған зорлығын айтады. Әлсіз нені айтады? Күштіден көрген қорлығын айтады-ны» неге ұмытамыз? Тәуелсіздігімізді саудалап, тіліміздің бұрап тастаған күштінің зорлығына қашанғы қор бола береміз?

«Халық - алып» деген ұғымнан неге ажырап кеттік? Ажырамасақ, өзіміз сайлап биікке қонжитқан биліктегілердің бишігіне неге арқамызды тоса береміз? Сол шын алып қаһарына мінсе, биліктегілердің шаңын да, жынын да қағып тастайтынын ескертіп, тәуелсіздігімізді сақтап қалып, буынған тілімізді өз тұғырына қондырайық та.

Байлығым - бар қуатым тілім деп ем.
Адастым сол құндымнан бүгінде мен.
Есіктен тіл де,
Мен де сығаласам,
Нем қалды бар асылдан бүлінбеген?

* * *

Сүйексіз балық, кемшіліксіз халық болмайтынын сезсек те, анау ұлт ұсақ та, мынау ұлт алып деп, Ресей мен Қытайдың алдына түсіп мөлтеңдеп, көтінен еріп сүмеңдеумен жалығар да тыйылар күніміз туар ма екен?

* * *

Улетели годы молодые,
Пора сладкоголосая прошла.
Дни осени моей седые
Бледной луной тоскливо взошла.

Қырық бірінші ой
Әйел жүрегі - қазына

Өзін дүниедегі ең данышпан санайтын жеке еркектің айтқанына бас изеп, өзін әлемдегі теңдесі жоқ ең көрікті аруға балайтын жалғыз әйелдің қысқа күнде қырық құбылып, әр өнердің басын бір шалғыш мінезіне шұрқ етпей төзе беретін де бірден бір елге айналғанымызды сырттағы жұрттың қарқылдап күлгенін де елең қылмауға етіміз әбден үйреніп кеткен.

Осылай деп жазып қойдым да, өзімді өзім қажап: «Әу, жазғышым, әйел затының сезімі мен сезігі нәзік жүрегінде жататынын білмеуші ме едің? Сол жүрек қылын кез келген кездейсоқ әсердің түрткілеп шертіп кетерін және ескерсең, ұрғашының сол қылтың әуезіне әсерлене ілесіп, еріп кеткен кезде ер азаматтың өзін өзі ұмытып, өзгешеленіп сала беретінінен неге кінәрат іздейсің? Әуеніне төңкеріліп түсер еркек кіндіктінің қатары азайған сәтте әлгі арудың да әуселесі құритыны ақиқат. Оның үстіне әйел адам жөнінде кесіп-пішіп пікір айту үшін де әйел болудың қандай қиын екенін сезіне білуің қажет. Ендеше әліптің артын бағып, әркімге әртүрлі баға беруіңді тоқтат!» деп қаламымды қағаздан суырып ала қойдым.

Өздерін данышпан санайтын биік биліктегі еркектердің өзінен басқа елінен ерекше ер шықпауын қалайтын қызғаншақ қылығынан ұлтының ынтымағы ыдырап қана кетпей, ырысының да өзгенің өңешінде жұтылып, жоғалып жатқанын көргенде қаламыма қайта жармастым. «Кереметпін!» деп есіріктенгеннің қолына қанжар емес, биліктің тізгінін ұстатсаң, әпсәтте көлді шөлге айналдырып, ерді көрге тығып, жұмыр жердің жүн-жұрқасын оп-оңай жұлқылап шығарып тастайды. Сондай жанға елінің ғаламаттығы ерлерінің құдіретімен ғана жасалатынын арудың мөлдіреген көзімен, әйелдің ақылды сөзімен ғана сездіруге болар деп өзімді өзім жұбаттым. Өйткені шын мәніндегі данышпан бола білу үшін де күнделікті өмірде әйел жүзінен гөрі жүрегінен көбірек есетін сұлулық пен нәзіктікті сезе білетін қарапайым адам қалпыңнан айнымауың керек шығар. Сонда ғана өзін данышпанмын деп әр тұста бір тақылдайтын төрдегі төреміз азаттық пен әділдікті ұнатпайтын жанның, қанша құдіретті болса да, ұлылыққа ешқашанда жете алмасын біліп, сонау жеке өздері шығып кеткен

шыңынан бері түсіп, тобынан бөлініп, көбіне қосылар ма еді. Қайдам...

* * *

Сұңқардың самғауын шымшықтан күтумен шаршадым.

* * *

Ұрының торынан шығып, қарақшының қақпанына тап болмасақ екен.

* * *

Батыр болу - бір-ақ сәттің үлесі.
Ақын болу - бар ғұмырдың күресі -
Бір кеудені билеп, төстеп өтетін
Арамдық пен адалдықтың тіресі.

* * *

Жер сатылар болса - кең даламызда жал-құйрығын желмен суылдата шапқылаған бұла тірлік, бұғаусыз өмірден айрылғанымыз ғой.

Алаштың арындаған ашуы мен ашынтқан арызын кімге айтармын енді?..

* * *

Көз алдындағыны елемей, көкжиектің артындағыны көрем деп құмарланушылар өз қағынан жерінгендер ғана. Өз үйінің албар-қорасын, қанасынан шыққан анасының моласын, аққан қанымен суарып, сауылдаған терімен тазартқан ата-бабасының Даласын өгейсітіп, өрт пен дерттің құшағына табыстап кетуден тайынбайтындардың қатары күн санап көбеюде.

Ұрлап-тонағандарын сақтап қалу үшін қаржы-қаражатын шетелге асырып, «Лазурный берегтен» бастап, қос Американың, Англияның, Еуропаның

көрікті жерлерінен зәулім сарай сатып алудың бәсекесі біздің қазақ байшыкештерінің арасында өліспей беріспеуге айналған өлермен үрдіспен әлдеқашан басталып кетті.

Ең алғашқы ғаламат ғимаратты, газетшілер өтірік жазбаса, Франциядағы «Лазурный берегтен» елбасымыз сатып алыпты.

«Мақтан, қазақ! Өзгелерден кеудемізді неге кем қыламыз. Жоқ! Еңсеміз өсті! Өрісіміз ұлғайды! Шаруамыз шалқыды! Қазақ атын әлем жұрты еститін болды. Керемет көрікті жердің бір пұшпағында қазақтың керегесі жайылды!» деп бөркін «алақайлап!» аспанға лақтырып, «сүйіншілеп»» сілекейін шұбыртып тоқсаныншы жылдары жазылған бір мақаланы ресми газетіміздің оқып, көкірегімді кәдімгідей мақтаныш кернегені есімде.

Бірақ еліктегеннен солықтағанның жаман екенін ешуақта елемейтін, қайта соны мызғымас өнегелі үлгіге айналдырып алған қалталылар мен балталылар алақандай ғана әлемнің әр түкпірінен атшаптырым аумағы бар дворец-сарайларды, усадьба-мекенжайларды жанталаса сатып алуға кірісіп-ақ кетті.

Адал ақшасы болса, адалдықтан аттап кетпеген көңілі болса - үй емес, көше сатып алса да, алақанымды дуылдата шапалақтап, ризалығымды танытар едім-ау.

Ал енді... Көзіммен көріп, қолыммен ұстап алмаған соң, «қалтамнан алды, қоржынына салды» деп кіналауға да әддім аз. Бірақ қалтамнан қағылғаным да, әлгілердің (миллиардерлер мен миллионерлерді айтам да) еңбексіз табыс тауып «қағынғаны» да рас.

* * *

Бүтінде орнын тапқан сөз - құнды емес, ердің орнын басқан қолдаушысы мықты ез - құнды.

* * *

Таң қалмасаң,
Таңданбасаң тірлікте,
«Өмір сүрдім!» деп дүрілдеп дүрлікпе.
Әсемдікті сезінбеген ғұмырың -
Қыл аяғы сызық та емес,
Құр нүкте!

Қырық екінші ой
Ұлт тағдыры ұлт тілінде ғана

Арамдарға жол беруші мен дем берушінің адалдарға қиянат жасайтынын екінің бірі біле бермейтінінен түңіле бастадым. Арамның арамдығын көріп тұрып көрмеген болып көз жұма қоюдан жалығар күніміз жоқ. Әйтпесе анау Машкевичтің, сонау Әлімжанның, Патохтың, анау Кимнің, күйеубалалар Рахат пен Виктордың миллиардтаған доллары ата-бабаларынан қалған мирас емес, халықтың қанынан тамған, сорғалаған көз жасынан құйылған ұрланған, тоналған байлық екенін көріп қана қоймай, сол ел байлығын қорқау өңештерінен сығып алып, ұры қолдарды тұзақтап тастап, қан кешкен кесірлі аяқтарға кісен салып, қыбырлатпай қоймас па еді. Қайда ол. «Байпатшадай байымыз бар, асып-тасқан күй-жайымыз бар!» деп жалғанға жар салып мақтанғанымызда, дүрілдеген кеудеміздің дүбірі жұмыр жерді дүр сілкіндіріп жібереді-ау. Алаяқтарымызды алақайлап алқалайтын бізден даңғаза даңғой ел, әй, жоқ та шығар-ау. Өйткені біз әшкереленгендерді ғана жермен жексен етіп таптауда, ал көкке көтергендерді иіліп, бүгіліп жақтау мен мақтауда ешкімге үлес те, дес те бермейтін жұртпыз.

* * *

Кейбір адамдардың өзімшілдігінің ғаламаттығы сондай, жұртқа төнген ауыртпалықтың өзіне соқпай, айналып өткеніне де әлденеден ақауыз болып құр қалғандай күйзеле қайғыратын әдеті бар. Әлгілердің жоқтан өзгеге қызғаншақтық танытатын сұрқын көргенде, өзіме ешқандай қиянат, қысастығы тимесе де, бүкіл адамзат біткенге деген бойымдағы сенім, құрметтен жұрдай болып тоналғандай күй кешемін. Кісәпірленіп кіжінген кезінде кісілік бейнесін жоғалтып, жыртқыштық кейіпке енетінін жайшылықтағы жалпылдағыш жалпақшешейлігі жасыра алмасын сезбей ме екен шіркіндер. Өздерінің иттігін өзгелердің біліп қалғанын ғұмыры кешірмейтін солардан қаншама алыс жүрейік десең де, қысқа қолды арзан тірлік қақпайлап әкеліп, осылардың қарсы алдына көлденеңдетіп тоса қоятынын қайтерсің. Азуыңды көрсетпеу үшін аузыңды ашпай, жаутаң көздің жыпылықтауымен бас шұлғып, бүгежектеуден басқаға әддің жоқ.

* * *

Ақылдының тамсануы азайған сайын
ақымақтын ән салуы көбейетіні несі екен.

* * *

«Бұл киізден бізге де бөрік тиер!» деген дәмең, бүгінде мәңгі орындалмас дәме ғана.

* * *

Болып, толған өз-өзімен пенденің
Бір кемшілік таппасаң да бойынан,
Қамын жемес ол ешқашан өңгенің,
Кемеңгерлік туа қоймас ойынан.

* * *

Жылғаланып жылап ағып, құрдымға сіңер ғұмыр иесі болмай, сусағанның шөлін басып, дариядай тасар өмір егесі болуға не жетсін.

* * *

Тілден зар тамған, кеудеден шер сауылдаған зауал шаққа жеттім бе, әуре-сарсаң күнімнен жалығып, үнтүнсіз бұйығып жата берейін десем, бұғалығын салып бұлқынтар жабайы тірліктің сұмдығы мен сойқаны аттандатып жетіп, тыпырлатады да қояды.

Дәулеттіге ақыл қонбайтын, келбеттіге дәулет бітпейтін кезге тап болдық па, кейбіреулердің жерін тулақтай етіп сатып жіберуден де тайынбайгындарынан түршігумен қажыдым. Сол «акулалардың» арандарының ашылуына жел беретін де, дем беретін де «қалың елім - қазағымның» өзі. Бишаралығы мен бойкүйездігі.

Ололма, іші-залым, сырты-абыз өзіміздің көптеген қандасымыз ұлттық идеямызға арандатушылық жасап, шовинистардың сойылын соғуын үдетіп барады. Ұлттық болмысымызға, халықтық бітімімізге, дербес мемлекеттігімізге шаң жуытпай қорғайды дейтін парламентіміздің аузы да Ресейге қарай жиі қисаятын болып жүр. Кешегі Қазақстан тағынан дәмелі, бүгінгі коммунист-депутат Жамбыл Ахметбеков не деп аузын қиқаңдатады? Ол былай дейді: «Еуразиялық одақ кеңістігінде қызмет ету - өте дұрыс шаруа. Ресей, Белорусь Қазақтанның бұрыннан келе жатқан дәстүрлі, экономикалық қана емес, әлеуметтік тығыз байланысты достығы бар. Одаққа қосылғысы келетін Қырғызстан, көрші Өзбекстанмен де экономикалық байланысымыз мығым болған». Осылай бөстірген Жамбыл шырақ тәуелсіздігімізден айрылатынымызды біліп тұрып, білмеген сыңай танытады да, ішкі ойын одан әрі мүңкіте жөнеледі: «Ортақ тіл мәселесін

Қазақстан өте дұрыс шешіп қойған. Біздің мемлекетте ресми тіл - орыс тілі... Өйткені бізде ортақ тіл, ресми тіл - орыс тілі».

Ана тіліңді ұшпаққа шығара алмай, өз еліңде өгейлік күй кешкеніңді сорлы жүректің әлсіреп соғуымен ешкімге тыңдата алмай жүргеніңде, елдің сөзін айтар деп сеніп сайлағаның шикі болып шығып, ездің сандырағын былжыратып, өзгенің құрығын соқса, тентіреген тірліктің қай уанышын табарсың.

«Ұлт тағдырын ұлттың тілі шеше алмайды. Ендеше кім қай тілде сөйлегісі келсе, еркі өзінде» деп ана тілін орыс тіліне жығып берген Әуезхан Қодарға ренжісем де, сөз сатқан жұрттың бірі болып аброй-атақ іздегенін және түсінем. Әй, бірақ... Аш жүректі сенделтер қастың сөзін қалай ғана қабырғама өткізе алармын.

* * *

Өміріңді болмыстан қарызға алдым деп түсінсең, еңбегіңмен адамзатқа тірлігіңді сый етіп қайтара біл.

* * *

Өмір сүрсең - қызмет ет өзгеге.
Өз пайдаңды өршеленіп көздеме.
Жалаңаштың әбүйірін жаппай ма,
Сен ұсынған алақандай кездеме.

Қырық үшінші ой
Кісіге қарап сөз алма

Шыққан күннің баршаға таңы ортақ екенін қызғанатындар жер басып қыбырлаған жандардың бір-бірінен еш артықшылығы жоқ, бірдей болатынын түсінбейді. Түсінбейді де, кеудесіне нан пісіретін шіркіндер өздеріне өтінішпен келушілерді адам деп

менсінбей өкпеден теуіп, көкірегін көкке көтеруді үлкен дәреже санайды. Бірақ сол дөрекілігімен өздерінің қадір-қасиетін өз табандарымен таптап жатқандарын соларға шыңғыртып отырып, сабап жеткізетін әділет өкілдерін бүгін-ертең өз ортамыздан таба қояр ма екенбіз. Әйтпесе есік-тесіктеріне күзетші-церберлерді қатарлап қаптатып қойып, төбеден төменге ысылдап зекіретін әр мекемедегі кішкене «құдайсымақтардың» кердеңдігі үлкен құдайдан да озып бара жатқанын сол жалғыздың өзіне сыбырлай қоятын ешкім шықпай, бүтін бір халықты ит пен мысықтай етіп қақ жарып аламыз ба. Қақ жарылған жұрттың ендігі әрекеті - айқас-шайқасқа ұласарын тарлан тарих талай әйгілемеп пе еді.

* * *

Бүгінгі әділет -
Күштіні зорлыққа ендіріп, жорғалатады.
Әлсізді қорлыққа көндіріп, қорғалатады.

* * *

«Ақылдысы аз, ақымағы көп осы заманда адамды сөзіне қарап таңда, кісіге қарап сөз алма» десең, біреу үшін үйренетіндей шатқаяқтап, тура сөзіңнен бүйі шаққандай шошынар замандасыңның жүре тыңдарын қайтерсің.

Сен ғана емес, сенен тәуір ой салатын ағайын табылып, түзу ақылын құлаққа іл десе, әлгінің сол ақылды үйден шыға бере ұмытарын қайтерсің.

«Уайымы бардың - есі бар, есі бардың - десі бар» деп құнын қашырар құмарлыққа салынбауын сөз мәнісімен жеткізем десең, ит көрген ешкідей ежірейетінін қайтерсің.

Сан соқтырар орынсыз салдықтың да, сергелдеңі бітпес мағынасыз серіліктің де шегі болады, желіге бермей шаруа қыл десең, сауығудың орнына жауыға кетерін қайтерсің.

Хакім Абайдың: «артық білуге талаптанып, пайда ойламай, арды ойла» дегенін айтып, өзің үшін үйрен десең, өзіңнен де, сөзіңнен де жиіркеніп, ендігәрі маңайыңа жоламай кетерін қайтерсің. Сейфулин даңғылын жағалап әркімнің жүгін тасуға аз ақшаға жалданып, кемді күнді әрең өткізетін жастарға: «Өнбес іске малданбай, кірпіш қалар, темір суарар өнер құнттаңдар?» десең, жұдырығын көтеріп, жұлыныңды үзіп жіберердей жұлқынатындарын қайтерсің.

Сөз тыңдар құлақ таппай, ақылды ұғар көңіл таппай, өксіген өкпеңнің ентігін баса алмасаң, қайтерсің?

* * *

Кейбіреудің сыртының сұлуынан көз тұнады-ау, ал бірақ ішінің жылуының жоқтығы тоңдырады-ау...

* * *

Төксем де шермен үнімді,
Ұғатын дос жоқ мұңымды.
Мұртымен сипап жарамды,
Бұлтымен жапты Күнімді.
... Жампозын атып құлатқан,
Зарлатқан жұртын, жылатқан.
Жерінітті-ау тірлік бүгінгі.

* * *

Ілгері озсаң - ілесетін тобыр көп.
Кейін қалсаң - жұлып жейтін обыр көп.

* * *

Елбасы. Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. НӘН. Аузыңды қанша қампайтып айтқаныңмен әлдебір ел естіп, жұрт көрмеген құдыретті тірілте алмайсың. Оған мүлде өзіңнің де құдыретің жетпейді.

Өйткені ол да өзің мен өзімдей жер басып қыбырлап жүрген миллиондаған пенденің бірі ғана. Кешегі қалтқұлт тірлік кешкен қарабайыр отбасының қарасирақ ұлы. Мыңдаған шалақұрсақ жастармен бірге бетін күнге қаққызып, желкесін желге сүйгізіп жер қазған қара жұмысшы. Сұйық алаудың ыстық лебіне бетін шарпытқан шойын құюшы-горновой. Оның сол кездегі бар арманы - металлургия комбинатының домна цехын басқару ғана болатын. Қарапайым тірліктің қарадүрсін мақсаты еді ол.

Қазақта «бақ қарап, Қыдыр дарысын» деген киелі сөз бар. Сол киелі сөз жүйесінен шығар сәтінде жолындағы кез келген жанға әлдебір түсініксіз себеппен «ием осы!» деп қона кететіні кәрі тарлан тарихтың әр бетінен белгілі.

Нәнге сол бақ әлде... анау атақты аталарының әруағы болып па... Әлде басқа бейне болып па, әйтеуір қонғаны хақ. Оған енді қәкір-шүкір талас тудырып, дау-шар өрбітудің еш қажеті жоқ.

Содан бастап алғыр жігіттің тасы өрге домалады. Тағдырының ағысы уақыт жүйткуінің алпарысқан бағытымен тоқайласа кетті де, Нұрекеңді замана толқынының буырқанған жалына қалқытып шығарып, ілгері қарай екпіндете ағыза жөнелді. Содан бері ол ел көзінде, жұрт назарында. Ал қалқытқан тірлігі шектеулі ғұмырдың жағалауына ұмыттырып тастап кете ме, заманадан заманаға ескертіліп өтер ме, ол оның өз тағдыры мен болмыс құдыреттің ырық-еркінде ғана.

Ел есінде жаңғыруы да, ел есінен адасып қалып қаңғыруы да **әркімнің** өз қолындағы тіршілігі мен жүрегінің адалдық пен арамдықтың қайсысын таңдар пиғылына ғана байланысты. Дүниеден Адам болып, асқақтап өту бар. Дүниеден пенде болып жеккөрінішті бейнемен кету бар. Алдыңғысына ұмтылатындар аз да, кейінгісіне құлдырап жармасатындар көп.

Нұрекеңде өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының ортасына дейін ерекше адамдық сипат, кісілік қасиет мол кездесетін. «Дәніккеннен құныққан жаман» дейтін халық даналығына тағы да бас иіп, елбасымыздың байлыққа, билікке, мақтау-мадақтауға иліге бастағанын сол тоқсаныншы жылдардың екінші жартысынан байқағанымызды айта кетейін. Сол мінезі әсіресе елордамыз Астанаға ауысқаннан кейін етек алып кетті. Алматыда анда-санда болса да президент ретінде Назарбаев мырза зиялы қауым өкілдерімен де, басқа да мамандық иелерімен де кездесіп тұратын.

Астана - шенеуніктер қаласына айналып кетті де, бюрократтық тәртіпті барынша күшейтті. Есіктесіктері бітеліп, қара мен төренің бұрынғы қарымқатынасы түгіл, ауызекі байланысы күрт үзілді. Төрелер төрді төбеге қондырып алып, төменге түсу тұрмақ, көз салудан да тыйылды.

Содан соң-ақ сыбайлас жемқорлық асқындады. Жұмыссыздық белең алды. Қылмыс жасау шарықтады.

Ал Астана не бітірді? Өзін өзі жалтырата, жылтырата құлпыртумен болды. Алабажақ ғимараттарын әр тұстан бір қалқайтып, дүниенің төрт тарапынан шақырып алып, топырлатқан қонақтарын таңдантам деп, форумнан форум ашып, тойдан той өткізумен шаршап жүр.

Ал Нұрекең ше? Президент өзінің - өзін сайлаған халықтың қызметшісі, қолына су құюшысы ғана екенін ұмытып кетпесе екен.

Өз мемлекеттерінің басына билікке келген Рузвельт те, Ганди, Неру де, Ататүрк, Черчиль де, Миттеран, Гавел де өз ұлтының жоғын жоқтап, мұңын мұңдап өткен адалдықтарымен, әділдіктерімен ел есінде мәңгі сақталып қалған.

Әрине ізденген адамның, әсіресе басшының, адасары да ежелден айғақ іс. Адасып жүріп те азаматты таба білуге де, тапқаныңды тани білуге де болатыны ақиқат. Ал тани білген жанды - не ғаламат жақсы көруің де, не керемет жек көруің де әбден мүмкін. Бірақ ұнатпаған қарсыласыңды (әрине ол қандасың болса) өкпеге қисаң да, өлімге қимайсың. Өйткені бұл ата-бабадан үзілмей жетіп, қанға сіңген қасиетті қағида. Кейде сондай қадамнан аттап кетпеуді баршадан тілейтінімді несіне жасырайын.

Нұрекеңнен де «ұлтым!» деген ұлы сөздің тілінен бұрын ділінде айтыларын да, сол ділінде қанының ыстық лебімен жазылғанын да қалар едім. Сонда ғана елінің шын мәніндегі нән қызметшісі жұрт жүрегіндегі өз орнынан табылатынына сенем.

* * *

С любовью прощается старость,
С оглядкой бросая взгляд.
И ушла с нею безвозвратно радость,
Сердцем незрячему нет пути назад.

* * *

Тасы үлкеннің сесінен емес, ақылдының десінен қорыққан абзал.

* * *

Іздеген жан адасумен өтеді,
Тікен жыртқан жалбырайды етегі.
Кейінгілер сол жан салған ізбенен
Қиналмастан мақсатына жетеді.

Қырық төртінші ой

Ақшаны кім жек көреді

Жас жетті. Қартайдық, қайғы ойладық. Арманды ұлғайттық. Күш сынасқан күндестіктен әбден запыланып біттік. Күндіз күлкіңді, түнде ұйқыңды бұзар, бірде тыртың еткіш, бірде бұлтың еткіш тұстастар көбейді. Өзінде жоқты өзгелерден де жоқ қылуға барын да, жанын да салып тырбанып бағатындар бүгінде аяқ аттатпауға айналды. Құдай құлқын алған сол шіркіндерден «Жұртым! Ұлтым!» деген тілек түгіл, әлгі сөздерді есту мүмкін емес. Бірліктен ажырап, берекеден айрылғанша, әрекет жасап өзінде жоқты өзгелермен иықтасып, қолдасып жүріп табуға ынталанса қайтер еді. Кесірі қасіретке айналарын, қасіреті қасиетін өлтірерін қашан сезер екен деп біз әуре. Сездірем деп тыраштанып, әлгілердің сөзін де, таяғын да талай жедік. Қыр асқызбас қарттық желкеге мінгенде арманның ұлғайған әр түрін емес, бірін де орындай алмасың - уайымыңның соры һәм шыңы.

Елді де, Еділді де алғандай ісіп-кеуіп есірген «мықтыларымның» бәйгеге қосқан «жүйріктерімді» алты рет құлатқанына бүгінде етім үйренгені сонша, «құлатпаса, ой түбіне үңілер ме едім. Мынау тиянақсыз, байлаусыз тірліктен түңілер ме едім» деп өзімді өзім тобаға тоқтатамын. Тоқтатам да, бірдің мұңлы арманы елдің құнды арманының жолына құрбандыққа шалына алса, «армансыз» ғой деп жұбаныш табамын. Бүгінгі ең құнды ел арманы - мынау аш-жалаңаш жүрсе де, өз еркі мен өз ырқы өзіндегі тәуелсіздігі анау империяның темір тұзағында қылғынып барып, тұншығып өлмеуі. Соған жеткізбесек деген ел арманы, халық зары - менің зарым, менің шемендеткен шеріме айналды.

Қайғы ойлатқан қарттықтың ұлғайған зор арманы осы, ағайын!

* * *

Өзгелерді жатып келіп күндейді,
Күндеуменен мақтанғанын білмейді.
Ит мінезге ұрынғанын сезбейді-ау,
Ит шіркін де тектен текке үрмейді.

* * *

Ақшаны кім жек көреді? Байлықты кім кеудесінен түйіп итеріп тастап, қақпасын тарс жауып алып кіргізбей қояды? Бар ма сондайлар? Табылар ма мына әлемнен алтынның бетіне, күмістің көтіне түкіріп, мүкамалынан безініп шығатындар?

Бар болса, бар шығар. Өз басым ондай ақкөт жанды көрген де емеспін. Естіген де емеспін.

«Түстік өмірің қалса, күндік мал жина!» дейтін қазаққа «байлыққа құныққан өмірдің ажалдан артықтығы болмайтынын», қайырымы бардың - жаңғыруы, жаңаруы барын түсіндіруден асар қияметтің қиыны бола қоймас.

Ақшасынан басқа түгі жоқ, көкірегі өлі жанға: «мақұлдан ақыл озық. Тәннен жан артық. Өзгемен бөліссең - өзіңмен келісесің!» деген Құдай сөзін айтсаң-ақ, құрығын құлаштай сілтеп, қорсылдап ала жөнелерін қайтерсің.

Алланың адамға сыйлаған ең үлкен қуанышы - қайрымдылық жасау екенін ұқпайтынның азаматтықтың төрінен азғындықтың көріне теп-тез сырғанап бара жатқанын қайтіп сезіндірерсің.

Мөлшерсіз байлықтың да, өлшемсіз биліктің де жараланған ар-ұятын ешқашанда жаза алмайтынын түсінбейтін тұтқырларға жаным ашиды. Өзі сөйлемей ақшасының, баксасының сөзі сөйлейтіндерден қарным да ашады.

Тәңір Хақ әрқайсымызды әдепті ниетке бағыттап, әсерлі ой құйып жасамап па еді. Әдепті ниетті, әсерлі

ойлы тіршілік иелерін **Адамзат** деп аталатын тұтас, жалғыз денеден көргісі келмеп пе еді.

Алтыннан жабу жапсаң да, есектің ат бола алмайтынын, қараңғыда ұрлаған алтынымен жарықта жарқыраймын дегеннен **Азамат** шықпайтынын қашанғы азынатып азандата берерміз.

Алтынның бәсін таспен, адамның бағасын алтынмен салыстырып тексеретін бүгінгіміздің ертеңінің ертегідей боларына сенімім аз.

Арамдықпен аймаластыратын байлықтан адамдығымнан айнытпайтын кедейлігім артық деп, қаламыма бір үзіліс берейін.

* * *

Қараңызшы дүниенің ғажабын:
Қақ бөлінді жаңғақтай боп қазағым.
Бір жағының асығы алшы түскенмен,
Бір жағының нар көтермес азабын.
Екі қолға күрек таппай біреуі,
Екіншісі қиғанда оның тілеуін,
Шер жамылды кеудемдегі таза мұң.

* * *

Кейбіреулердің достығы мен мақтауынан гөрі солардың жек көруі мен даттауынан көбірек абырой табатынымды кәдімгідей сезем-ақ. Атқа мінгеннің таққа мінуге құмарлығын, таққа қонғанның Хаққа айналуға оқталғанын жазудан мен шаршасам да, бықсып сөніп бара жатқан шоғыма шөпшек тастап, «үрит соғын» барынша бақылдататын жақша ішіндегі «достарым» мені мақтаудан бір шаршамайды. Кісі қолымен от көсеудің әккісі болған солар: «сен айтқанды ел айта алмайды!» деп көпшігін қалыңдата қойып, жалтақтап қалған кездерімде айтақтаудан бір жаңылған емес.

* * *

Кеудесі жабықтан қолы ашықтың киесі артық.

* * *

Тобырды біз тұқыртып кеп таптаймыз.
Обырды тез өкіртіп кеп мақтаймыз.
Төменгіні төбесінен төмпештеп,
Төбеңді ояр төрелерді жақтаймыз.

* * *

Оңай келген олжаға опырылып құлап түсеміз де, қиыншылықпен қол жеткізетін құндылықтың бәсін шығаратын шығынымыздың бағасымен өлшеп, онша құлшына қоймаймыз. Сондықтан да жеңілдің астымен, ауырдың үстімен жорғалауға әбден төселіп алғанбыз. Аларымыздан айтарымыз көбейіп, мыжып кеп береміз. Кейде сол өзіміздік үлеске де өз паруайсыздығымыздың кесірінен крест қойып, аузымызды аңқитып, маңқиып құр қол қала береміз. «Берекесіздік - қанға сіңген қасиетіміз» деп өзімізді өзіміз жұбатамыз да, әрекетсіздігіміздің адресін түптемей, жылы жауып қоя саламыз.

Асылын аршымай, барын жоқтамай күйбең тірліктің қамысының астында күшеніп, күрсініп итеңдей беруге шұрық-тесік теріміз әбден үйреніп кеткенау...

* * *

Адамға адамнан асар жыртқыш жоқ.

* * *

Үйрендік пе арды, жанды жалдауды.
Үйрендік пе ұртқа мұртты жалғауды.
Дауасындай,
Ауасындай науқастың

Сіңіп жатыр арам ас пен мал даулы.
... Жүріп жатқан аш, жалаңаш азапта,
«Жұмақтасың!» дейміз аңқау қазаққа.
Жұртты солай үйрендік тез алдауды.

Қырық бесінші ой
«Хабардың» хабарлары-ай!

«Хабар» арнасын ашып қалсам-ақ, қаным тасып қоя беретін кеселді кесапат ауруға ұшырадым. (Онсыз да қай бір оңып жүрген денсаулығым бар еді). Жиналған жұртқа жылу таратқандай елбасының қолын онда бір құлаштатып, мұнда бір желпінте сайратып алады да, телевизионщіктер көсемінің енді жалт-жұлт, жарқ-жұрқ сапырылысқан бейнесін бірде топтың ана тұсына бір апарып, бірде мына басына топ еткізіп шығарып, әбден шаршатып бітетініне көзім үйреніп кеткен бе, бұрынғымдай онша тіксіне қоймаймын.

Мүмкін оным - әрі металлург әріптесімнің, әрі қаламгер әріптесімнің елдің қамын жеп, біресе Әлемнің ана шетіне шығып, енді бірде жұдырықтай жұмыр жердің мына пұшпағында жүргенін көріп, күлтілдеген көзінің алдына қарап, «шаршады-ау, қажыды-ау, қаранарым!» деп мүсіркеуімнің әсері де шығар.

Ал енді мінбелерден міңгірлеп тұрған министрлерді, әкіреңдеп өзеуреген әкімдерді, тасыраңдаған, талтайған, шалқайған депутаттарды көргенде, әлдекімге кегім кеткендей, әлденеге ұпайымды жоғалтқандай өкініштен де ауыр өксік буған, жұбанышы тапқызбас күй кешемін.

«Апырай, міңгірлегіш министр қашан міністер болар екен, әкіреңдеген әкім қай кезде ақылға мақұл болар екен, талтаңдаған депутат қай заманда

халық қалаулысы деген атағын ақтап, қалтаңдаған қарашасының қамын ойлар екен» дейтін сан-сапалақ сауалдардың торына қамалам да, анау ой түнемес, ақыл тұрақтамас жалтырақ жанарлардан өзімді ала қашам.

Шіркіндердің өңінен елгезектік таппай, сіресіп қалған енжарлықтың шіміркенбес батпағына батып кетердей қорқынышқа килігем бе, қыбыр етуге шамам келмей, мелшием де қаламын.

Не дейді сонда «халық қалаулылары?» (Айтпақшы оларды «тізім таңдаулылары мен тағайындаушылары» деп атаған жөн болар). Қай депутат сайрамасын «біссімилласын» «Елбасының көрегендікпен берген тапсырмасына сәйкес», немесе «Елбасының тікелей араласуының арқасында», тіпті болмаса «Елбасының керемет басшылығының нәтижесінде» деп ауыздарының дәмін келтіріп алады да, елдің тұрмыстірлігін оңдауға, дұрыстауға үш қайнаса сорпасы қосылмайтын қайдағы-жайдағыларды шұбыртып ала жөнеледі. Кейде бір ешқашанда орындалмас прожектларды көлденеңдетіп көсіліп-көсіліп алып, сол қияли жоба-жоспарымен халықтың жоғын бар етіп, кемісін толтырып қойғандай дүбірлете тапсынғанда, өзінің де, өзгенің де қай елде, қай тұста, қай заманда тұрғанын ұмытып кете ме деп қалам да, байғұсқа мүлде жаным ашиды.

«Хабардың» кешегі бір көрсетуіндегі депутаттарымыздың демалысқа шығар алдындағы соңғы отырысының аяқталу сәтіне көз салғанымызда, әлгілердің каникулға асыққан балалардан аумай қалған желпініс-желіктерінен жүрек айнытатын жеңілтектікті байқап қалдым.

Өздерін көріп, тыңдап отырған қарапайым халықтың қазіргі қоңылтақ жай-жағдайын мүлде ескерместен, екпіндеген бірі: «Отбасымыз болып Анталияға барып демаламыз!» деп бастай беріп

еді. Алқына асыққан екіншісі: «Түу, Анталия - это пройденный этап. Біз тұп-тура бір ай Лазурный берегте будем кайфовать всем товариществом!» деді, «товариществосының» қандай товарищество екенін айғақтап жатпастан. Әлгіні енді үшінші ел малайы көлденеңдеп киіп кетті. «Ой, все это - старая бабушка Европа! Біз деген Америкаға аттанамыз. Дәл осы аптаның аяғында. Настоящий кайф там, в великолепной чудесной Америке!».

Дүниені төңкеріп тастап, ел мен жердің, ұлт пен қалың жұрттың алғыс-құрметіне бөленіп, енді осыншама қадірлі қызметінің өтеуіндей болатын тиісті һәм тиімді демалыстарына шығып бара жатқандарына сондай сенімді түрлерінен өздері ұялмаса да, мен ұялдым.

Біріне бірі өлердей ғашық болған жандарға ұқсап, құшақтасып, сүйісіп, жаласып, таласып қоштаса бастаған у-шуына шыдамай, теледидарды өшіре салдым. Бірақ төрдегілердің жердегілерді мазақтағандай барлығын, нарлығын, зорлығын айтып масайрап, шалақұрсақ пенделерді сонысымен азаптағандай дүбірлете дүрілдеуін өшіре алмасымды кімге мұң қылып шағармын.

«Хабар» арнасы жоғарыдағы жылтырақ, жалтырақ байшыкеш топтың масайрауын көрсетуімен төмендегі жоқ-жітік көптің жанды жерін ауырта қабарын қашан түсінер екен ә?..

* * *

Адамды ары - ұлы етер,
Арсыз зары - құл етер.

* * *

«Өзіңе тілеместі, өзгеге де тілеме. Өзегін берместің кеудесі түгіл, бөлмесіне де түнеме!» деп бір кетейінші.

* * *

Азаматты көму оңай, жеңу қиын.

* * *

Жазған-сызғандарымнан тек қана кінәрат табу үшін кітаптарымды сүзіп оқитын қаншама әріптесім барын жақсы білемін. Олардың өздеріне қарап, өзгелерге баға беретінінен де хабарым мол. Өздерінікіндей кемшілігімді көрсе, әрине үн-түнсіз кешіре салады. Ал өздерінен асып түсетін артық-шылығым мен құндылықтарымды байқаса-ақ, еш себепсіз өшігіп, соңыма түсіп кеп береді. Біткен істі мақтаудан гөрі, сәл қателескен тұсты даурығыса даттауға асығатынымыз қанға сіңген кесірлі қасиетке айналып барады-ау деп қорқамын. Соған қарағанда адам бойындағы ең үлкен кемшілік - күншілдік ұсақ кемшіліктердің жиынтығынан құралатын тәрізді-ау.

* * *

Өзің әрекет етсең, Құдай берекетін береді. Ал қалтаңа өрмекшінің торын құрсаң, ең алдымен соған өзіңнің түсеріңді ескер.

* * *

Балталыға ілестім,
Қалталыға ілестім.
Сіңір түспей аузыма,
Аштан қаттым,
Сірестім...
...Біреу үйін тонаған,
Біреу күйін талаған
Қирап қалған трестпін!

Қырық алтыншы ой

Түс көру де керек-ау

«Түс - түлкінің боғы» десек те, сол түстің жоғы жаман. Түнгі түс күндізгі ойыңның көшірмесі ме, әлде әлдебір аласұрған тілегіңнің есірмесі ме, ол арасын ажырата алмаймын. Әйтеуір кейде көрген түсіңнің әсерінен айыға алмай, әлде мең-зең болып, әлде аң-таң болып көпке дейін көңіліңді баса алмай қалатынымызды баршамыздың басымыздан кешіргеніміз хақ.

Хош. Кеше мен түс көрдім (12.05.12). Айқын, анық, бояуы қанық дәл бір кинодағыдай ғажайып көріністі түс. Ғаламат сарайға еніп келем. Алдымен бір кең янтарьмен бапталған бөлмеге тап болдым. Керемет жиһаз. Көздің жауын алады. Әлгімен жалғас екіншісіне аттадым. Кең, биік, атшаптырым бөлме. Бұның дүние-мүлкі түгел күміспен қапталған. Жылт-жылт етіп жанарыңды суырады. Соған жапсарлас үшінші ұланғайыр жайға өттім. Мұның мүкаммалы тіпті ерекше, бәрі алтынмен апталған. Жарқ-жұрқ, жалт-жұлт байлық көз қариды. Алдымнан жарма есік қақ жарыла ашылып, әсем күйдің қоңыр сазы құлағымды сүйе еніп, кеудеме майдай боп сіңіп барады. Анау... анау абажадай төрде әлдебір бейне... Құдырет иесі болып бұлдырап қана шалынды. Адам ба... Тәңір ме - тап басып тани алғам жоқ.

Есіктен аттай бергенім сол еді... Әттеген-ай, оянып кеткенім...

Өкінішім өкпеме қанжар сұққандай болып жатқанымда, кірпіктерім айқасып, ұйықтап кеткенім солақ екен... О, тоба! Әлгі түсім жалғасып жүре берді.

Өзімнің енді ең үлкен, ең әсем, ең әсерлі бөлменің қақ төрінде, әлгі құдырет иесінің орнында қонжиып отырғанымды байқадым. Жұмақтың іші болар - жұпар иіс танауымды аймалап, тұла бойымды

тұмшалап әкетіп барады. Пейіштің үні болар - тәтті әуен құлағымды қытықтай күлдіріп, өнебойымды қаусыра құшып үздіктіріп барады. Туғалы көрмеген, білмеген, танымаған, түстемеген, сезбеген, исінбеген, түйсінбеген, сүйсінбеген бір ғажайып еркін, ғаламат мамыражай, керемет көңілді, қошуақты күйге тап болғаным сондай, қалықтап ұшып кететінімді де, дүниенің түрлі ғажап тылсымын оп-оңай шешіп беретінімді де, жеті қат жердің астындағыны, жеті қат көктің үстіндегіні көре алатынымды да кәдімгідей танып отырмын. Кенет...

«Әділет, адалдықтың отряды
Арайлы азат таңды атырады.
Жемқорын, әкім-төре, шенеунігін
Танктың табанында жапырады!»

деген хорды естідім. Ішімнен: «апырай, орыстың ықпалынан әлі де құтылмағанбыз ба?.. Отряд, танк деп тілді шұбарлап тұрғандары қалай?» десем де, кеудемде бір серпіліс тірілді.

Әлгі хор (көрінбейтін хор) енді менің сәл жақтырмағанымды сезсе керек, қазақтың бай, ғажайып көркем тілімен әртүрлі мәтінде шырқай жөнелді.

Рахат күйге бөктім. Атып тұрып,жалғас бөлмелерге ұмтылдым.

«Кімді көрдің?» дейсіздер ғой. Көргенім: базарда безектеп арба сүйреткен, Сейфуллин даңғылында жапақтап көше жағалаған, Саинда жалтақтап тал көлеңкесін жамылған жастар. Ауылдың малсыз, жерсіз қалған жалаңаштары...

Жо-о-оқ! Дәл қазіргі түрлерінен өмірге құштарлығы мен іңкәр ырзалығы еседі! Ел иесі, жер иесі де өздері ғана екені барлық қимыл-қозғалысынан, көңілді ағыл-тегіл күлкілерінен байқалады!

Мені де бұған дейін оралмаған бір берекелі шаттық билеп жетіп, әлгілердің еркін, ерке легіне қосты да

жіберді. Жанды ұйытар жайдарылықты сезіндім. Ұлы істерді тудыратын, ұлы ғажайып дүниені жасайтындардың қатарына кіріп, енді мәңгі өлмейтіндей өмір сүрудің қажеттігін ұғындым. Қуанышын өзгелермен сүйсінте алмасқан сайын ұмырыңның сәттілікпен жалғаса, ұзара беретініне сондай сеніп жатып... оянып кеткенім.

Бірақ... күн сайын қайталап туғандай болып алдағыңның әдемілігіне талпынып өмір сүрудің құдыреттілігіне көзім жетіп, әлгі әсерлі түсімнен сеніммен оралдым.

Сене білейік. Бар кедергіні жеңе білейік, ағайын.

* * *

Күліп тұрып та - күйінуге болады.
Жылап тұрып та - сүйінуге болады.

* * *

Еліктегеннен солықтаған жаман. Солықтағаннан қорықпаған заман. Екеуі де бізде бар. Солықтағандардан торықпаған тірлікті өмірді өзгертуге, адалдықты арамдықтан ажыратуға тырысқандар ғана жасай алады. Бірақ сол азаматтық танытар азға ерік бермейтіндер, ырқын байлайтындар биліктің малайлары, қолшоқпары. Билік көзін аларта қойса, малайлары тұс-тұсқа шапқылап, кінәліні де, кінәсізді де жұлқылап, желкелеп жеткізеді. Билік содан соң үнсіз ғана иек қақса, қолшоқпарларының шоқпары іске қосылып-ақ береді. Маңдайдан соғады. Шалажансар денеңді төбеттердің алдына лақтырып тастайды. Ал қапсын. Ал азу бассын қарғыбаулы қанды азулар. Ал, жаласын қаны шапшыған жараңды жалақтаған жыртқыш тілдер.

Ал, шенеунік?.. Ол шіркіннің төбеңнен төнеді. Ерінбесе - қосаяқтап тебеді. Әне еліктеу мен солықтаудың әрекеті. Жыртқыштыққа еліктеу! Жырт-

қыштығына құмарлана, құштарлана солықтау! Дәл осы. Осы ғана.

* * *

Қауқарсыз ашудың қашуы жылдам.

* * *

Мы навсегда чванством горды
Не отвечая вопросам: что мы? кто мы?

* * *

Бүгінде арбадан да, дорбадан да жейтіндерден, кедендегі дарбазадан асайтындар әлдеқайда «ақылды-ақ».

* * *

Екі иығын жұлып жердей жұлқынып,
Жолдағысын езіп, жаншып, ұмтылып,
Басты, жасты,
Қанды, жанды шыңғыртып,
Жұтқан сайын араны өсіп, ынтығып,
Көз тоймайды бір құнығып алған соң,
Тіл қоймайды бір сұғынып алған соң,
Жасырғанша тұл мәйітін құм тығып.

* * *

Жақсылығыңды ұлғайтып айтып, жамандығыңды кемітіп бүркеп - қанағатшыл көңілдің ырзалығын таба алдың ба?

Алған алғысыңды көбейтіп, батқан кейісіңді азайтып - кеудеңнің қалтылдақ шырағын жаға алдың ба?

Алдауға көніп, арбауға еріп, сан соққан сәтің болды ма?

Ынтасыз оймен, бәтуасыз тоймен жас дәурен мұңға толды ма?

Өзгеге қоям деген сұрапыл сауалдарды өзіме арнап алғанымды сездім бе, қаламымды жорғасынан жаңылдыра қойдым.

Жақсылық жасамақ болып талай далиғам. Бірақ тұрлаусыздың қолына ұстатқаи жібек матадай жұмсақ жақсылығым жамандықтың қатты құрығы болып маңдайыма талай сақ етіп тигенін кімге шағармын.

Опасыздыққа шыдай алмай, жауызым деп таңбалаған қарсыласыма қапысын таппай-ақ тапа-тал түсте аттың басын бос жіберіп қарсы ұмтылғаным - келеңсіздікке қол созғаным шығар. Бірақ әлгі қулық сауғандарым бетпе-бет келуге жарамай, тасадан тас атқылап, ұрымталдан жебесін қадап, өзімді де, жүйрігімді де талай рет домалатып түсіргенін кімге зарлармын.

Оны да алдап, мұны да арбап жүріп, оңай олжаға арбасын сықап алып, дорбасын толтыратындарға айтқан кейіс-қарғысым, атар оғым көп-ау - кеудесін тесіп, өкпесін кесіп жатқаны шамалы. Биліктің беделін темірбетон қалқанына айналдырып алғандарға дәл бүгін зеңбіректің добы да түк істемейтініне жұрттың көзі жеткені сондай, зығырданы қайнаған кезде бармағын шайнай-шайнай, жоғарыдағы зорлықшыларына безейтін саусақсыз қалар ма деп қорқам.

«Алдаймын!» дегенге қаншама алданбайын десем де, кеудесі арамдыққа толы пысық тыныстыы, мысық жүрісті «достардың» көлденең тосқан аяғынан, арқамнан осқан таяғынан омақа асып құлап жатып алданғанымды сезіп, күлерімді де, жыларымды да білмей дал болғаным кімге керек.

«Жақсылық ұзақ тұрмайды. Жамандық әр кез тозбайды» деген ұлы Абайдан асып айта алармыз ба. Әйтеуір әр кезде де тозбайтын жамандықты бар кезде де тоздыруға ұмтылу, жақсылықтың қысқа ғұмырын ұзаққа оздыруға тырысу - пенденің емес, адамның, азаматтың әрекеті болса деу - арманым ғана.

Иығыңа мініп алған кедейлік талпынған көңіліңді жербауырлата берген соң күлкіңнің ерні кезермегенде қайтеді. Кезермес еріндi жас дәуреннің ынтасыз ойы да, бәтуасыз тойы да, біз қанша жаратпасақ та, өзіне, жастыққа жарасымды-ақ. «Жастың ертерек қартайғанын, тойдың тезірек тарқағанын табиғат заңы да қалай қоймас-ау» деп күпінем. Ашық шырайыңды жасыра бүркейтін қайғыңның қартайғанда көбейетінін ұққаныңмен, шарасыз күңкілің азаяр ма? Содан ба сұрапыл сауалдардың сүреңсіз, сұрықсыз жауаптары көмейімді кептеп, тұншықтыра береді. Ендеше қанағатсыз көңілімнің ырзалығын өзгелер тауып бере алмаса, өзім оқшауланып таба алар емеспін.

* * *

Жоқшылықтың не екенін тапшылық көрген біледі.

* * *

«Бірлік бар да - тірлік бар!» деп жатамыз.
Татулықты мұра еткен атамыз.
Сол бірлікті ұрандатып күн сайын
Бірімізді біріміз кеп сатамыз.

Қырық жетінші ой
Ащы болса да ашығын айтайық

«Жоғалған пышақтың сабы алтын». Біз осы алдамшы ұғымнан ешқашан айықпайтын тәріздіміз. Содан да ма, қазір біздің тілімізде «туа сала ту ұстаған Алтекең» бар. Жаппай жамыраған аузымызда «қаз тұра салып: «қазағым, халқым!» деп қаздаңдай жөнелген Алтекең» бар. Ау, ағайын, адалдықтан аттап кетудің арамдық екенін де, шындықты шырылдап айта алмасақ та, сыбырлап жеткізе алмаудың да сұмдық екенін ұмытпау керек қой.

Біз Алтынбектің үлкен тұлғаға айналғанға дейінгі кішігірім пенделік кейпін де білетінімізді неге жасырамыз?

Сөйтер болсақ, қасиетті Төле биді жазбай, Қазыбекті жазған, Шапырашты Наурызбайды дәріптемей, Арғын Бөгенбайды әспеттеген әлдебір жазушы - директордың астындағы көлігін өзіндегі завхоз келіншекке тартып әперген министр Алтынбек пен қазағының қасіретіне терең бойлап, ауыр-ауыр күрсінген, халқының мүшкіл халі мен күйбең күйін ойлап, күйзеле күңіренген қажырлы, қайтпас қайраткер Алтекеңнің айырмасы жер мен көктей екенін салыстырар едік.

Сөйтер болсақ, үкімет басшысының уысынан бөлініп шығып, елбасының қанатының астына тығылған сары үрпек балапан Алтынбек пен сол төрдегі төрелердің, төбедегі биліктілердің қылмысты іс-әрекетінен әбден жеріген тастүлек қыран Алтекеңнің айырмасы жер мен көктей екенін айғақтар едік.

Сөйтер болсақ, лауазымның биік сатыларымен мүдірмей, сүрінбей аттаған Алматыдағы жап-жас Алтынбек пен «халқым!» демей, қарнын ғана ойлаған, «жұртым!» демей, жұтқыншағын ғана бітеген биіктегі мен биліктілердің озбырлығы мен өктемдігін ортасында араласып жүріп, көзімен көріп, сол обырлардан қаны қарая түңілген Астанадағы Алтекеңнің айырмасы жер мен көктей екенін салмақтар едік.

Сол шырқау көктен әділет деп шаңқылдаған қыран саңқылы бұйыққан қазақты оятатынынан үрейленген биліктегілер бұғынған алашты бұлқындыратынынан шошынған биіктегілер батырашына мылтық ұстатып, заңғарға самғаған ұлт қыранын жұлып түсірген. «Халқым, ұлтым!» деген ел ұланын атып түсірген.

Пенделіктен азаматтық **Тұлғаға** айналған, тұлғадан елінің тізгінін ұстар **Тұтқаға** айналар

Алтынбекті сол қасиетті тұғырына жеткізбейін деп жендеттер желкесін үзген.

Бірақ Алтекең ел көңілінен, жұртының жүрегінен өзінің киелі тұғырын тапты. Енді сол киелі тұғырды Астана мен Алматының кең көшелерінде орнатып, сол тұғырға Алтынбектің асыл бейнесін қойғызуымыз керек. Әйтпесе азулымызды ауыздықтап, біліктімізді бұғаулап, қасиеттімізді қақшып түсіріп, алқымымызға қанжар тіреген биліктілер дес бермей кетеді. Ендеше бұйыққан қазақты оятып, бұғынған алашты бұлқынтқан Алтынбектің жазықсыз төгілген қаны мен кегін жоқтап, дұрс сілкіну - баршамыздың әрі борышымыз, әрі парызымыз, әрі қарызымыз.

* * *

Іздемеген жанға із-түздің қажеті жоқ.

* * *

Тоқ адамның аш адаммен сөйлеспейтінін білсек те, жоқ адамның бар болып төрде отыратынынан түк хабарсызбыз.

* * *

Анау - Ақ үй еркесі.
Мынау - Билік серкесі.
Омырауларын соққанда,
Солқылдайды жер төсі.
... Өзіне үлес бөлерде,
Өзгеге тамшы себерде,
Білінеді келтесі.

* * *

Биік мансап - биік жартас, ерінбей еңбектеп жылан да шығады, екпіндеп ұшып қыран да шығады.

«Биік орын - биік астау, айла-шарғысы мол жан есеппен жетеді. Арқасында артқан алтыны болса есек те жетеді».

«Жікшілдер жетпей мақтайды. Есегін жарысқа қосам деп жанталаса баптайды. Тұлпарын соғымға сояды. Батырын құл қылып қояды. Шөккен түйеге міне алмас қортығына тізгінді ұстатады. Қарқылдаған қарғасын қорғап, қыран құсты атады».

Жә, жетер! Абайдан да алып, өзімнен де құрап айттым білем біраз.

Бүгінде орынтағы биік мансапты еңбектеп жылжып, екпіндеп ұшып әуре боп жатпай, қаржы-қаражатын сауылдатып төгіп жіберіп сатып алатындардың қатары кеңейді. Соларға қоса биік-биікте сұлбасы ғана серейген әке, көкелерінің арқасында құмартқан жып-жылы креслоларға май құрықтарымен батып алатындар көбейді. Сатып алғандар да, май құйрықтарымен батып алғандар да сол құдыретті де құзырлы орындарына мәңгілік жатып алуға барын салуда. Біреуі басына батырсынып бақанын көтерсе, екіншісі кісімсіп қолына келтегін ұстайды. Үшіншісі телісі мен тентегін төңірегіне қаптатса, төртіншісі жендетін жұмсап, маңайынан аттатпайды.

Жегісі мен жемқорына талататыны, аузыңды ашам дегенше, сол аузыңды желкеңнен қарататыны тағы бар.

Бұлқынайын десе, мойнына салған бұғалығымен тұншықтыратын қатаң тәртіппен бұқарасын тырп еткізбейтін билік өздерін өзгелерден бөлекше ететін, тәртіпке пысқырмас ерекшеліктерін жасап алып жүрген жоқ па.

Өтірік, шынын араластырып жүріп, қонжиып алып қоң жиған орынтағынан айрылғысы келмейтін, өздерін «елбасының інілеріміз» дейтіндер қулық пен сұмдықтың, айла мен амалдың небір түрін ойлап таба бастады. Соларын орындату үшін пәлекетті әрекеттеріне бел сыбанып, белбеуін нықтап кірісе де бастады.

Солардың бірі - Жазушылар одағының төрағасы болып жүрген - Нұрлан Оразалин. Еңбегімен оралмаған беделді орынтағымен қоса жоғалтарын біле ме, креслосына қос қолдап жармасуы ғаламат. Сол үшін шығармашылық одақтың жарғысын өз пайдасына лайықтап өзгертіп «мәңгілік төраға» лауазымын маңдайына оюлатпақ болып, пленум-нан соң пленум өткізіп, өзі қабылдап алған жалған жазушысымақтардан жасақ жинап, шат-шәлекейі шығып, арып-ашып жүр.

Ал тәртіп дегеннің - ақылдың досы, шынайы мақсаттың серігі екенін білсе де, белінен басатын қандай да болмасын биліктің озбырлықпен одақтасып кететінін уақыт-құдырет талай дәлелдемеп пе еді. Ен-деше мансапқа мас болғандар, ар-ұятымен қас болады. Ал ұятын ұрлатқандар, адамшылығын жоғалтады.

Жай отырып та дауын сауып отыратын қазақ биікте отырса, жауын жеңетін желөкпе дауын неге қамап ұстауы керек. Нұрлан сияқтылардікі дүбірі мол ақиқатқа қарсы күні бұрын құрығын сілтеудің сондай бір қыршаңқылығы ғана.

Тәртіп бар жерде еркіндік бары, тәртіптің азаматты азат ұл қыларын, тәртіпсіздік алашты құлақкесті құл қыларын сезетін халге жеттік-ау деймін, әу, ағайын!

* * *

Манит любовь - кружится голова,
Бежит стремглав неприкрытое голое «Я!».

* * *

Қауіп-қатеріміз бен уайым-қайғымыз қанша бол-са, соншалықты күйкі күй кешетінімізді ескерудің орнына қауіпке үрейді жамап, уайымға қасіретті қалап алып, жаутаң көзді жалтақтатудан бір арылмай келеміз.

ЕКІНШІ ДӘПТЕР

Бірінші ой

Төртеу түгел болса ғой...

«Сен болмасаң, елдің бағы жана ма?»

Бұл бір жағымпаз ақынның «жампозына» арнап алақан жайған тілемсек әнінің бір жолы. Құдай-ау, Құдайға да дәл бүйтіп жалынбаушы едік қой. Не болып барамыз? Өз ділің кеудеңді керіле ұратын, өз тілің таңдайыңда тамсандыра тақылдайтын еркін елдің еркебұланы болып өскен маңғаз қазағы емес пе едік. Сол кербез діліміз бостандығынан баз кешіп, кеудеңнің түрмесіне неге қамалады? Сол сырбаз тіліміз бұралып, булығып мақтау, мадақтаудың тәтті уынәң ащылығымен неге тұшынады?

Жерден Мәді шыққандай, көктен Айса түскендей етіп **біреуді** ғана құлпыртып құбылта беретініміз қалай?

Анау құба белде құландай да болып жорта алмай қалған қыр қазағының «Жанған бағын» «Хабардың» көрермендері мен «Егеменнің» оқырмандарынан басқаларымыз неге көре алмаймыз? Жарайды, кейбіреулер көріп, танып, көңілдері көншіп те жүрген шығар. Таласпайын оған. Бірақ өзімнің кеше ғана жарқырап жанған бағымның бүгінгі бықсып өшіп бара жатқанын қайтіп қана қымтап, жасыра аламын.

Ендеше елді өтірігімен алдамақ болған ақынсымаққа (кім екенін білмеймін де) деген азаматтық ашуымды биіктегінің... биіктегілердің өздеріне бағытталмағанына сене берулерін ғана өтінемін. Әрине, сендіре алсам...

* * *

Шаңырағына қарап шалын сыйламай, шалына қарап шаңырағын сыйлайтын заман өтіп кетіпті-ау.

* * *

Уақыты босқа өткеннің абройы текке кетеді.

* * *

Түн түнегін түріп жібермесе де, **ақиқаттың** жылтырап көрінер жарығы болғанына да тәуба дейтіндер азайып барады-ау. Өйткені алысқа аттанбайтындар жанындағысын түрткілеп жағалап жүріп-ақ жұғын жалайтын тірлігінен айрылғысы келмейді. Сондықтан тұра сала жығылып кетуге, құлай салып тырбанып тұруға әдеттеніп алған соң, қолына тиер сіңірі мен сүйек-саяғын таңдайына тастап қана алданса, оған ақиқатыңның әлсіз жарығының түтіндеткен жылтырауығы қажет те емес. Өлмес күннің көнбіс тірлігінің мойнындағы сірі қамытын кеудеге қадар орденнен де қадірлі көруге әбден дағдыланған шіркінді мұқатқанда не табармыз. Күрсінеміз де, күмілжіп қана тынармыз. Солай ма?..

* * *

Ажалы тақаудың тажалы - байлық.

* * *

Байлықты табу оңай, сақтау қиын.
Билікті алу оңай, сатпау қиын.

* * *

Шыңнан құлаған ханның шаңы да табылмайды.

* * *

« Төртеу түгел болса, төбедегі келеді».

Жаздым да, жабығып кідірдім. Анау әрідегі алтаудың араз алауыздығы тыйылмай тұрғанда, берідегі төртеудің түгел болуға тырысар түрін байқай алып жүрміз бе? Қайдағы... Басына қадір іздейді-ау

дейтін сол төртеудің ақыл қуатынан тақырланып қалып, пайда қуған әрекетпен анау алтаудың бұрқыратып жүрген шаңы мен лаңына дүбірлетіп барып, дүркіреп қосыла кеткенін қайтерсің-ай.

Адам шіркіннің қай бағытқа бет алып, қай сүрлеуге түскеніне қарап-ақ, ғаделетке қадам басқанын, не әділеттен аулақ қашқанын ажырататын болып алдық қой. «Малдының беті - жарық» дегенге малданатын анау әрідегі алтау да, мынау берідегім дейтін төртеу де көкіректі тазалаудың орнына, көпшілігінің қойын-қалтасына қолдарын тіміскілей жүгіртіп, мазалауды молайтып-ақ барады. «Әй! дейтін ажасының, қой! дейтін қожасының» көңілінен табылатын құйқылжуларын артистен де артық орындайтын сұңғылаларға содан соң теріс өң, қырыс қабақ қайдан бұрылсын.

Әрқайыссының аңқау қазағына бұлдамағы - «елден асқан» өз қадірі. «Жұрттан озған» өз қабілеті. «Әлемді аузына қаратқан» өз қасиеті. Тек сол түлкібұлаңын **анаусы** сезіп қалмасын деп жауын-жауынның арасымен секеңдеумен шаршап-шалдығатындары болмаса, әзірше асықтары түгел.

Ішінің қатпары көбейген сайын өзінің мадақтап, мақтарын азайтып, өзін ғана мақтайтындарды молайтуға барын салғыш қазақ дөкейлері екі етегін жинамай жайып тастап, екі көзін аспанға қадап жүріп омақа аса құлап жатқандарға мән бермейді-ау бір. Өйтер болса, санасы сабасына түсіп, терісіміз оңалып сала берер ме еді?..

Сенімін серік еткен алаштың азаматтарымыз ғой... Мүмкін солай болар дейікші...

* * *

Биліктің құдіреті - тізгінінің тапшылығында емес, баршаға жасай алар жақсылығында ғана.

* * *

Дауылы жоқ үйдің түндігі жабылмайды.

* * *

Өжет адамның әлсіздігі де күшті
Қорқақ жанның күштілігі де әлсіз.

* * *

Шын қаламгер - Құдірет қой
Жоқтан барды жасайтын.
Ұшқыр қиял,
Құдіретті ой
Небір мүсін қашайтын.

* * *

Соғысты жорыққа балайтындардан қорыққан абзал. Өйткені өзгенің қолымен от көсейтіндер соғыс өртін тұтандырып, қанға бөккен олжаны көмейлеп асайтындар.

Екінші ой
Шерменде шешендер, көрбілте көсемдер

Сөз бастар шешені бар, көш бастар көсемі бар ел едік. Шешендерді шер-шеменге бөлеп тастадық. Көсемдерді көшеге қуып шығып, күлге көміп тастадық. Аузын ашпақ болғанның тілін тістеттік. Көсемдік танытам дегеннің күнін істі еттік. Сараңдықпен, арамдықпен мал тапқандардан басқаның бәрін ішке тептік. Төңірегіндегілерін түгел тұқыртып, күштеп өттік. Балаларын жұмыссыз тентіреттік. Қасиеттісіне қасірет жаматтық. Киелісіне ендігі иесінің кім екенін таныттық. Зарардың қайдан шығарын, пайданың қайдан келерін түбегейлетіп,

бардың малын шашқыздық. Жоқтың көзін ашқыздық. Бұра тартқанды бұлқынбастай етіп бұғалықтап алып, бұтынан соқтық.

Білімі жоқты ғалым етіп, ғылымы көпті базарда етік сатқызып қойдық. Жебір көбейсе, өмір өзгеретінін байқатып, көп заманның көмейінен құлпырып шыққан өнерді оп-оңай жоғалттық. Азамат біткенді өз уақытынан адастырып, бақыт ауламастай мәңгіртіп, мекен-мезгілді іздеместей еттік. Тыңдаған жанның жүрегін жайлап, арқасын шымырлатар шырқау әндердің өңешін буып тастап, даңғырақ, дүңгірек шуылдақтармен құлақтан ұрып, құлғана зомбиларды «пачкалап» жатырмыз.

Талабы бар жанның түбінде ақылды бір табарын неге білмейік. Сол үшін қуыс кеуделердің әлдебір түкпірінде тамшысы да қалмастай қылып **талап** дейтін бәленді табандатып жүріп, трактірмен сүргендей етіп, тып-типыл сырып тастадық. Содан соң тыстан табар ақыл мен өнерді ішіне жағар **естіні** қолыңа шам ұстап та кездестіруің қиямет. Өйткені зомби дегенің зомби ғана. Сор мыйдың суын у қылып ішуден басқаны білмейді ол. Ештеңені енді олар ескермейді. Ал ескерілмегендердің бәрінің ескірері табиғат заңы. Жоғалған өнерің, ескірген дәстүрің, шашылған білімің жан қуатыңды әлсіретіп барып, үзіп жіберерін қашан ойлар екенбіз...

* * *

Төресі төленгітіне қарап кекірсе-ақ, төленгіті төмендегілерге зекіреді.

* * *

Біреуге зорлық еткенің - жаныңа уды еккенің.

* * *

Ақылды сес билеген кезде ес безіп кетеді.

* * *

Ақиқаттың кейде ап-анық боп оп-оңай алақаныңа сарт етіп түсе қалатыны сондай, оның ақиқат екеніне сенбей, алақтаған көзіңді жан-жағыңа жалтақтай жүгіртесің. Сөйтесің де, алданып қалмайын деп алақаныңдағы ақиқатты не құлаштап лақтырып кеп жібересің.Не адам таппас бір сасық қуысқа сылқ еткізіп тастай саласың. Содан кейін сен ақиқаттан аулақсың. Сенен ақиқат алшақ. Өйткені ол өзін іздегеннің ізінен қалмайды. Өзінен безгеннің маңайына жоламайды. Күдікшіл жанның күші өтірігінде, ісі арамдығында екенін білмесе, несіне ол ақиқат деп аталсын.

Түзікті ежелгі қасына айналдырып, бұзықтан дос тауып алғыш, қарап отырып дау сауып отыратын төбедегі қазақтардың ақиқатты баяғыда-ақ төменге құлдыратып бездіріп жібергенін көбіміздің біле бермейтініміз жаман. Сонда жақсы деріміз не?..

* * *

Алтын сөйлеген кезде, халқың құлға айналады.

* * *

Нашардың да мықты көмегі болады.

* * *

Тілмен шешілмеген дауды жау іздеп, соғыстың азуымен кесем деуден өтер қателік болмайды.

* * *

Өміріңді болмыстан қарызға алдым деп түсінсең, адамзатқа оны әділеттілігіңмен сый қылып қайтарасың.

* * *

Мен кейде адамзатты тек қана екі топтан құралады-ау деп пайымдаймын. Алғашқы шағын шоғыр

- шығармашылық иелері. Екінші үлкен топ - бас-қалары. Өйткені шығармашылық иелері, әсіресе ақын - Табиғат пен адамзат, әйтпесе Болмыс пен әлеумет, немесе Алла тағала мен пенде арасындағы байланы-сты сезімтал сергектігімен жалғастыратын құдірет иесі, қасиет тәңірісі.

Ақын мынау тылсым Әлемнің қатпар-қатпарына көңіл көзімен үңіліп барып, Дүниенің тура сөзін жүрек тілінің сезімнің шыңына айналған - жырымен жеткізеді ғой.

Ал осы шығармашылық иесінің құдіретті кие-сінің негізі неде? Қасиеті мен қасіретінің сүйенер тірегі қандай дейтін сауалдарды жиі-жиі қоятын оқырмандарыма не дер едім?

Бір тәмсілге жүгінейін.

Әлдебір қаламгер (мүмкін Марк Твен болар) Бру-клин көпірінде кеудесіндегі салбыраған тақтайшада: «Соқыр пендеге қайыр беріңіз!» деген жазуы бар тіленшіден:

«Күніне қанша табасыз?» деп сұрайды ғой.

«Жұмасына төрт-бес долларды әрең жинаймын» деп пақыр немең жылап жібереді.

Жазушы әлгінің тақтайшасының екінші бетіне әлдене жазады да: «Мынаны енді аударып тағыңыз!» дейді де, кетіп қалады.

Арада ай өтеді. Қаламгер көпір үстінде тіленшімен тағы кездесіп қалады.

«Ау, бауырым, жағдайың қалай?» деп көңіл білдірген қаламгерді даусынан таныған соқыр:

«Жағдайым тым жақсарды ғой. Күніне жиырма-отыз доллар түсетін болды. Айыпқа бұйырмасаңыз, мынау тақтайшаға не деп жазғаныңызды айтпас па екенсіз, мәртебелім?» дейді. Қаламгер (сірә сол өзі шынында Марк Твен болар) сәл ғана жымиып:

«Сенің бұл тақтайшаңда: «Көктем де келер-ау. Әттең-ай, мен оны көре алмаймын ғой!» деп жазылған» деп жауап береді.

Жазушының қаламгерлік қасиеті - оқырманының ұйқыдағы ойын түрткілеп ояту ғана емес, өзгенің өзегіндегі өксігімен де, өкінішімен де өзінің өзектес екенін ұғындыру болса керек дегенге көбірек ұйи берем. Осы айтқанымды ұғынар жан табылса, қаламымның бүлкілінен жаңылмасына тілеулестерімді сендіре бе-рер едім.

* * *

Азапты жеңген - азаттыққа жетеді,
Мазаққа көнген - тозағына кетеді.

* * *

Ей, шырағым !
Тый жасыңды,
Жылама.
Зорлықшылар табылады күнара.
Ұмтылмасаң,
Сабылтар да сағынтар
Ерініңнен шығып кеткен сыбаға.

Үшінші ой
Сену мен еру

Қазақтың құлшылық етуі де - өзге жұрттан өзгеше бір құбылыс. Кейде ол Құдайынан да бұрын Көк пен отқа табынып ала жөнеледі. Онысы бөлектенуі де емес. Өйткені Алла табарака уатағаласының бар-лығына сенген, сендірген мұсылмандық дінін діліне тиеп алғаны да бесенеден белгілі. Жаратушыға де-ген махаббаты мен ғаделетін жүрегінде мықтап сақтағанымен, дініне лайықты ілімін іздеуге мүлде жоқ қой ол. Тілін калимасына жаттықтырып, ділін имандылыққа үйірілтіп әуре болып та жатпай-ды. «Мен - Құдайдың пендесі!» дейтін көлеңкесіз

көңілінің тазалығымен жұрт жасағанды жасаған болып, өз әлінше құлшылығын жалғастыра береді.

Алла тағалаға сену мен Ібіліске ерудің - таразының қос табағына салынар тірлік екеніне иланар қазағым да аз емес. Жаратқанға илантқан сенімінің ұшпаққа шығарарын, шайтанға ілестірген тіршілігінің шыңырауға құлдырататынын талай ұрпақтың өмір тәжірибесінен тап басып ұққан адам баласының адаспас жолына алашымның да бет бұра бастағаны айқын.

Өзгеден мұқалмастай, өзін өкінтпестей өмір сүре алар ұлттың Құдайына деген құлшылығын да құр жібермесін сезе бастадық білем. Бет-аузын тұмшалап, кібіртіктей басатын қыздарым баршылық. Төбесіне топысын төңкеріп, аузы-басын сақалымен жауып алған ұлдарым да жеткілікті. Тек қана ізгі тілекпен іздейтінімізге ұмтылмай, қорыққанымызға жалбарынам деумен туралықтан, адалдық, адамдық ниеттен адасып кетуден сақтансақ деймін.

«Әркімнің өз Тәңірісі болады. Тәубасына қарап кім-кімнің де Тәңірін тани аласың» дейтін қазақы ұғымның әлі де кеудемізде түнейтінін жасыра алмаймыз. Ал әр адамның өз қасиеті қандай болса, табатын Құдайының құдіреті де соған лайық екенін шын сезінсек, рақымшыл жүректің тазалығын жоғалтпауға тырысайық та...

* * *

Дүниенің бар қазынасы бостандықтың бір базынасына жетпейді.

* * *

Сүйіну - бақыт, күйік - сор
Ішіне шырақ жаққанға.

* * *

Әдеті наданнан адамдық іздеме.

* * *

Уақыт. Ол - адам ғұмырының тірлік кешудегі бір өлшемі. Ал мен үшін бұл ұғым - семіп, сөніп қалған мезеттей. Өйткені өткен күннен бүгінгімді іздеп, бүгінгімнен кешегімді аңсап, келешегімнен кежегем кейін тарта үрейленіп бітетін пендемін. Себебі «Болашақта өйтемін, бүйтемін!» деп кейбіреулердің тапсынуы - өзін өзі алдау ғана емес, өзгелерді де өтірігімен қыран-топан күлкіге қарқ қылу ғана. Бүгінгі тындырарыңды ертеңге қалдыру, немесе кешегі жасағаныңмен бүгінгі тоқмейілсуің-төбеңнен төмпештейтін тоқырауыңның бастамасы екеніне мән бере бермейсің.

Үмітіңді үнемі үзе беретін мына заманның жалтақтап қалған адамы болғандықтан ба, таусылмас күдігіңнің құрсауынан бір босана алмайсың. Уәдешіл басшыңнан да, мыңқ етпес әкіміңнен де, шекірейген шенеунігіңнен де өзіңді ескерер бір **естілік** байқамаған соң кешкіліктегі күрсінісің азандағы өкінішіңе жалғаспай қайтеді. Содан соң-ақ бұлты айықпас сұрқай күздің суық лебіндей шарпитын уақыттың қай мезгілі екеніне қайдан көңіл бөле қоярсың. «Анаған дейінгі», «ананың тұсындағы», «анадан кейінгі» кезең туралы қызылкеңірдек болып дуылдасып жататындарға жының келеді. Кей-кейде бір тағдырдың трагедиясынан бір қоғамның, тіпті бүкіл әлемнің философиясы бас көтеретініне бейіл берсе, Мырқымбайға қалай өмір сүруді үйретудің қажетсіздігін сезінер еді-ау шіркіндер.

Өзіңдегі өзгені қуып шығып, өзгедегі өзіңді іздеп тауып, оңаша отырып жоқтан барды, кішкентайдан іріні тудыра алатын шығармашылық құдіреттің сәттік мезетіне ғана бас игенге не жетсін.

Уақыттың қасиеті дәл сондай сәттік қана жасампаз мезеттерінде ғой.

* * *

Құланды қармаймын дегенге құрық табылады.

* * *

«Өзгенікін» «өзімдікіне» жеңгізбеген ерді елі іздейді.

* * *

Ертемен еркелеп атқан таңға күліп оянсаң, көгілдір көктемге ентелеп ұмтылған көңіліңнің қуанышына құлшына боянсаң - тәніңнің есендігін, жаныңның амандығын сақтаған денсаулығыңның мықтылығына сене бер. Сонда ғана, қадірменді оқырманым, қаны қарайған қарақшыдан да, немесе науқас дендеген әкімқарадан да дені-басы сау қайыршының әлде-қайда бақытты һәм бақуатты болатынына ерекше мән бергеніңді қалар едім. Өйткені «дені саудың - тәні сау. Тәні тазаның - жаны таза!» дейтінді мен ғана емес, баршаның да айтарына күмәнім жоқ.

Аурудың алдын алып сақтанбасаң, құтырынып жетіп құйындай үйіретін күпті дерттің талай мықтыны да мерт еткенін есіңде тұт.

* * *

Мықынында лыпасы тұрмас арудың баршаға ұнағанына сенбе.

Баласы жоқ шалдың соғыс басталғанда жылағанына сенбе.

* * *

Білегі мықтының сесінен қиялы жүйріктің десі артық.

* * *

Голос матери - глас совести
В жилах течет с кровью.

Голос матери - глас чести -
Глас печали с любовью.

* * *

Тырс етіп тамған бір тамшы запыран жастан қара жерді солқ еткізетін әлдебір ақиқаттың салмағын сезе алмасаң, замандасым, тарс жабық кеудеңнің құлпын аша қояр құдірет тұл бойыңнан табылмайды-ау. Ондайда шырқырап еңбек болған шындықты маңайыңа жолатпаған көкірегіңнен жалғандықтың құсығы ғана ақтарылатынына көңіл бөлмейтініңді ұқпайтының қиын-ау.

Көмекейіңді бүлкілдететін қызыл сөздің қысырын қаншама төккеніңмен ақиқаттың айнадай жүзін бүркеп жаба алмайсың. Соны мықтап ескерсең, таңның, атпай қоймасын, ылайдың тазармай қоймасын, Құдайдың өз пендесін «құдаймын!» дегенге телмірте қаратып, сазартпай қоймасын жадыңда сақтар едің-ау, жамағатым!

* * *

Ақиқатты қамсыздықтан басқа жеңер қару жоқ.

* * *

Азат едік,
Азамат ек.
Пенде қылды кедейлік.
Көріп жүрміз
Жаза тап кеп
Өз жерінде өгейлік.

Төртінші ой
Кімнің кімін жағалау керек?

Әркімді бір талтайып емізіп жүрген биіктегі биліктілерім бізге келгенде (қаламгерлерді айтам да)

қатая қырыстанып, ашық-тесігіне құрым киізді бастыра тығындап, тамшы тамғызбайтын болып алды.

Олар үшін әркімнің де әркімі бар. Мадақ айтқыш аузының желі, кең жеңінің асты аса қомақты қолы, «жаздым, жаңылдым!», «көрдім, көндім - өлдім!» дейтін жылпылдақ өңі бар пысықтарды өңірінде ұстайды. Ал пасықтығын пысықтығымен жасырғыштар төменнен төрге ұмтылғанда алдына жан салғызбайды. Содан соң сый-сияпат толы табақ та соларда. Жайлы орын, сыйлы орын ұсынғыш қабақ та соларда. Асты-үстіне түсетін періштедей хатшы қыз һәм еркетотай тоқал қарақ та соларда. Ал сен... Қарақты да, табақты да қарақтамай, жылы қабақты ғана аңсайсың.

Сонымен кімнің кім екенін жобалап, кімнің кімін жағалау керек? Кімін сыйлап, кімін қадірлеп, кімін бағалау керек?

Дүбірлетіп жетіп, мұрнынан ғана міңгірлейтінін күбірлетіп өтетін шенеунігін бе? Өктемдігімен өкпеңді қысқандай дігерлетіп кететін жиі ауысқыш министіріңді ме? Жиырма жылда пышақтың қырындай жалғыз кітабыңды әрең шығартып беріп, қаламақысына соқыр тиынын да төлемеген меңіреу министрлігіңді ме? Алғысыңды тереңіңнен сүйреп шығарам деп аузың қышымасын.

Әлемді алақанына салып аялайтын қаламгерлік затың түгіл, алашыңның құлағында жүрген атыңды да білмейтін, тас кереңдігі кердеңдігінен де асқан, көр басырлығы тасырлығынан да сорақы әкіміңді ме? Алпысыңда ауылыңа да жолатпаған, жетпісіңде аудан, облысыңның қарасын көрсетпек түгілі, құттықтау пәпкесін де жібермеген туған өлкеңнің шалақазақ әкімдерінің мазағына айналғаныңды мақтаныш ету үшін бе? Оның несі қадірлі? Соларды құрметтей қояйын-ақ десең, Болмыс яки Табиғат сыйлаған табиғи билік пен білікті ешқайсынан таба

алмайсың. Әлде сатып алған, әлде мықтысына жалынып жүріп, бас ұрып алған лауазымының қандай қасиетіне тәнтіміз?

Өзі шақырып алып, жеке қабылдап, «сен өйтсең, мен бүйтемін!» деп үйіп-төккен уәдесінің бір де біреуін ұшпаққа шығармаған ең биік төрдегі төренің қай бір жұртты елітердей сүйкімді қылығының тілеуін тілейсің... Күрсінесің де, іштей ғана күмілжіп, қабағын бір шытпас қайырымды кереуетіңе қисая кетесің.

* * *

Соғысты қарсы алғанның жүрегі ән салмайды.

* * *

Досынан қасын іздейтін әкім, көп дертпен өзін тіздеуге жақын.

* * *

Қажеттілікті өтеген бір сәтіңнің үзігі - үздіктірген ләззатыңның бір түндік қызығынан да қадірлі.

* * *

Қызық іздегеннің түзік ісін де бұзық көретініміз бүгінде қалыптасқан әдетке айналып кеткен. Әлгі байғұсты «уақытын ұрлатып, өмірін өксітіп, келешегін қаңғытып жібергелі жүр» деп қағып-сілкуден жалықпаймыз. Мүмкін ол өзгеден емес, өзінен озбақ болып дедектеп бара жатқан шығар. Өйткені қызықтың да қызығы бар емес пе. Жастық, мастық қызығы, махаббат, сүйіністің қызығы бір бөлек ғажап дүние.

Белгісізді тану, табу қызығы, ілім-ғылымды білу, ұғу, ұғыну қызығы - басқа бір даналықтың қордалы, қазыналы ұясы ғой.

Жығылып тұрып, жүгіріп кеткен адамға сыртынан қарап жақтырмай күліп: «ұшқалақ шіркін!» деп сөге жөнелеміз. Мүмкін ол діттегеніне жеткелі, жеткенін ұстағалы безектеп жүрген шығар. Бойын құштарлық билеген жанның, ойын ақылдың шәк-шәгімен тұсап қойған пендеден мүлде өзгеше боларын ескермейміз ғой. Құштарлықпен қызынған жүректің өзінің қалай тұтанып, қайтіп сөнерін елемейтін жанкештілігі дуылдап, лапылдап жанып жүріп қам-қасіретке ұрындыруы да белгілі. Өйткені жүректі шошыту да, тасыту да оңай, басу қиын. Жүрек сезіммен шалқып сөйлеп кеткенде, тіл тұсалып, дүниенің түгел сөзі тыйылып қалады. Жүректен шыққан әр лебіздің күн шуағындай мөлдірлігі, тазалығы сондай, әлгінің кей мінезін аузыңмен айыптап үлгергеніңше, өз жүрегің-әқ әлгіні ақтап ала қояды. Сондықтан да көбіміз ақылсыздықтан емес, ақылымызға салмақ салмағандықтан өз басымыздан өткермегендердің бәрін құбыжық көреміз. Ынтықтық пен құмарлықты әуесқойлыққа балап, пендені шырмайтын пәле-жаланы солар ғана үйіп-төгетіндей үрейге батамыз. Шындап ойласақ, бүкіл қуаныш, қызығымыздың ынтығудан, құмарланудан нәр алып, шөлін басып, мейірін қандырып жүретінін байқар едік қой.

Бағасызға, баянсызға қызығуды емес, әсемдікке, сүйіспеншілікке, тазалыққа талпынуды ғана жырлайтын жүрек сазын ести беруге, елти білуге не жетсін.

* * *

Өмір сүруді әне бастаймын, міне бастаймын деп ұшып-қонып жүрген бәтшағар шіркін ғұмырының мағынасыз, мәнсіз зымырап өтіп кеткенін білмей де қалады.

* * *

Заманыңның жаманы жоқ, адамының жаманы көп.

* * *

Бір елдің екінші елдің кең аралын жаулап алғанына мән бермей, біреудің көршісінің көк лағын даулап алғанына дуылдап өре тұратынымыз қалай?..

* * *

«Ақиқатым өзімде ғана!» деп даурығатындармен дауласудың қажеті жоқ. Ақиқаттан адасып қалғандардың өңешінен төгілетін ақталуларынан сақтанбасаң, өзің де солардың қатарына қалай қосылып кеткеніңді сезбей қаласың. Сөйтесің де, әлгілердің сойылын соғып ала жөнелесің. Ақиқаттан адастыруда алдына жан да, қара да салғызбайтын «Хабар» мен «Егеменнің» тілшілерінен оқ бойы аулақ болайықшы десем де, үйіңнің есік-тесігінен ентелей енетін солардың кеудеңнің ашық-шашығын тіміскілеуін тыя алармыз ба?

Әй, мүмкін емес-ау мүлде...

* * *

Профессордың қайыр сұрағаны - қабырғаңды қайыстырады.

Академиктің қайыр сұрағаны - аспанды жерге қабыстырады.

* * *

Жыртық киімдінің де ары бүтін болады.

* * *

Ақиқат - ділден, жалғандық - тілден өреді.

* * *

Ай мен Күнге ұмтылып,
Бар мен жоқты зерттеп ем.
Туған жерге ынтығып,
Айқасамын дертпенен.

Бесінші ой

Тойшылдар һәм ойшылдар

Тойшыл жоғарыдағылар неге көбейіп, ойшыл қазақтар неге азайып кетті?

Тұрмысты шынымен сана билей ме? Әлде сананы тұрмыс илей ме?

Тірлік сүру көпшілік үшін сұмдыққа айналды ма? Сұмдықты жеңуді тірлік сүрушілер дұрыстап ойланды ма?

Оңашада өксіткен өкініштен өтер қайғы бар ма? Әлде шын өксіктің ұялтар өкпесі басым ба?

Құс боп ұшып жеткен жан қазасының аяғы сынған лақтай маңырап, кеудеңнен ақсаңдап қана әрең ұзайтыны қалай? Әлде бақытсыздықты басымызға бүркеніп алып, сілкіп тастай алмай жүрген өзіміз кінәліміз бе? Қасіретті көп шеккен сайын өзгенің қайғысына көбірек көңіл бөлетін қазақы қайрымдылығымызды ұмытып барамыз ба? Хан ордасының қирағанынан да көршіңнің қара лашығы өртенгеніне қатты қамығатын қасиетімізді қашан жоғалтып алдық екен? Әлде сорлының сорын көбейтер обырдың жебірлігін тыя алмаймыз дегенге құл тірліктің талша мойнын құрбан қып тостық па? Әлде өзін бақытсызбын деген жанның бақытынан баз кешетінін санамызға сіңіріп, шекемізге шегелеп алдық па? Әлсіз міскіннің сыбағасын жабығуы мен торығуы жалмап жұтып жатқанын қашан сезер екенбіз? Әлде «Құдай салды, мен көндім!» деп ештеңеге сенбей, қайғыңды өкси құшып, қасіретіңе бойлай сүңгіп, шершеменіңе тырп етпей бата бересің бе? Болымсызға босқа малданып, толымсыздың қатарын көбейтуден тыйылмай, осы кеткеніміз кеткен бе?

Бүгінгі тойшылдарымыздың көбейіп, ойшылдарымыздың азаюы - бақытсыздығымызға көнбістігіміздің нәтижесі ме екен? Олай болса, өңменгдегіш

өзімшіл төрелер мен әкіреңдегіш атаққұмар әкімдердің апандай өңештеріне өзіміз барып түспегенде қайтеміз.

«Үлесім, есем!..» дейтін есебіміздің жаңылған соң, бүгінгімізді кешегімізден қиялдана іздеп жүріп, қыбырлай да алмайтын жағдайға тап болып, жебірлердің жемтігіне айналып кеткенімізді құлап жатып, жылап қана байқаймыз ба? Сенің жылаған үніңді тойшылдардың жаңғырыққан қарқылды күлкісі мен дарылдаған музыкасы көміп тастап жүрген жоқ па. Үзіліссіз ырду-дырдулы топалаң тойдың бітпеуінің, меніңше, бір ғана себебі бар. О дүниеде тозақта ғана шырылдап шыжғырылатынын білетін бүгінгі ұрлық-қарлықпен байығандар бұ дүниедегі қазіргі «жұмағын» көріп қалу үшін қызық-бұзықтың бәрін жасамағанда қайтеді. Әрине, сөйтеді.

* * *

Қайыршыны қарақшы да тонай алмайды.

* * *

Бүтін көңілдің иманы жоғалмайды.

* * *

Данышпанның досы - тапшылық.

* * *

Әлсіз кеуде киліккіш, күшті көңіл иліккіш.

* * *

Ұлтының ұранына айналмаса да, ұланына айналар, елінің бүгінінде ескерілмесе де, ертеңінде еріне айналар алаштың азаматтары көп.

Қазақ - шаласын мадақтап, данасын балақтауға жеткізбейтін желбуаз халық. Өзіндегісін бағалап көре алмай, өзгелерді жағалап ере алмайды. Шәуілдеген

күшіктей иесіне үріп, бөтеніне құйрығын бұлғаңдата түріп әуре.

Әсіресе сондай нигилистік ұғым біздің Қарағанды облысының төрелерінде мейлінше қалыптасқан. Оларға қазағының қаймағын мазақтау түк емес. Ал басқа ұлттың жайдағын құрметтеуді үлкен мәртебе санайды. Ана тілінен адасып қалған, бірін бірі ауыстырып жатқан басшылары төрдегі мен төмендегілердің дүмпуімен бүгін шала қазақшасымен шашалып-қақалып сөйлей бастағанына шүкірлік еткің-ақ бар. Әй, бірақ кеудесінің арғы түкпірінен сығалап тұратын жат жұрттық мінез-құлықтың, космополиттік ниет-тілектің қытымыр уысы соларды босатпайтынын күнде көріп жүрміз. Ұлттық намысын әлгі уысқа матап бергендерден ата ділі мен ана тіліне деген сүйіспеншілікті мөлдіретіп ұялатқан аяулы жүректі таба алар ма екенбіз. Әй, таба қоймаспыз. Өйткені оларға әлемнің түкпір-түкпіріне көңіл көзімен үңілер ақынынан гөрі, шуылдақ, дуылдақ әуенді мәскеулік, шетелдік әншісымақтар қадірлі. Мықты тақымды, балуан білекті, желаяқты үнсіз, тілсіз, айтқанына көнгіш спортшылар құнды. Өздеріне еріксіз бас изетер ақылды дарындылардан гөрі, есі емес, ақылсыз сесі басым қара күштің арындыларын шұлғыту әлдеқайда әсерлі ғой. Ендеше олардан, әкімдерден «Ұлтым!» дер құлқын іздеу әлі ертерек.

Дегенмен өз өлкемнен әзірше қанша рет көңілім қалса да, кіндігімнің үзілмейтінін, қанымның ажырамайтынын, жанымның жүдемейтінін жақсы білем. Кезінде Евней аға Бөкетовті іздеп барып, Қарағандымның табалдырығынан еркіндеп аттаушы едім. Ол кезең - бүгінде сағыныш қана. Әлі де дәтке қуат етер ардақты, аяулы азамат жерлестерім баршылық. Әсіресе Темірхан Көкетаев аға мен Айтқожа Фазылов інімнің «Ел!» деп соққан үлкен жүректерінің кеңдігін, кесектігін ерекше қадір тұтам. Бетке ұстар шын

мәніндегі беделділерім ғой екеуі де. Ал басқалары... Таусыла беріп қайтейін...

* * *

Уысына алтын құйылған жан туысын танымай кетеді.

* * *

Разрушительная мощь времени сильнее ощущается в преддверии небытия.

* * *

Үмітке ілессең, адассаң да жетесің.

* * *

«Осы кітабымда әділетті аударып-төңкеріп әкеліп, ақиқатты алдыңа тосып тастадым!» дейтін автордан гөрі кейде ақымақтың сандырағы әлдеқайда тәуір.

* * *

Қаталдыққа ұрынған ханның тағы қақырайды.

* * *

Түс көрудің де небір қитұрқылығы бар. Өңіңде кездеспеген қуанышың да, жұбанышың да түсіңде оп-оңай табылады да жатады. Сәулелі кісінің бірі болып шыға келесің де, пәленшеден тәуір боласың. Түгеншенің түксиген жүзіне әжуалай қарап: «Мен сенен әлдеқайда таза емеспін бе!» дегенді көзін бақырайтып айтасың. Сондай бір түске еніп кеткенім ғой. Не керек, нағыз кайф! Төр де сенікі. Төрелер де сенің құзырыңда. Көбім көмейімнен шығар сөзді аңдып, тобым топырлап, алдыма табақ тартып томпаңдап жүр. «Көпке қаһарың өтпейді» деп былжырайтын кім екен. Хикметім құдіреттеніп тарады. Ғылымым кимелеп озды. Білігім қасиеттеніп артты.

Артты да көптің мойнына тұзағым сарт етіп оралды. Жамбасымды төсектен босатпайтын ауруым да сап тыйылғандай. Айналамнан көзі өлусірей мөлиген, екі ұрты біріне бірі жабыса суалған, қара мұрты салбырап, жотасы бүкірейген, ыңқыл-сыңқылы аузымұрнынан құйылған әкімқараларды көргенде мүлде құлпырып кеттім. Өзгенің дертін байқасаң-ақ, өзегіңдегі өртің су сепкендей басылатыны рас екен.

Көзім шоқтай жанып, от шашты білем. Нұрым алаулай өртеніп шалқыды білем. Айбатым арыстандай боп, қайратым жолбарыстай боп тасыды білем. Жан-жағымнан мақтау-мадақтаулар, әй, жамырадыау кеп!

Құдай-ау! Бұдан артық жан ләззаты табылар ма. Қыбырлаған жан біткен құлың боп қолыңды сүюге таласқан мезеттен бақытты сәт өтпес-ау!.. Кеудем ып-ыстық болып, тұлабойым рахаттың жып-жылы, тәп-тәтті бал көліне шомды да кетті! Толқыдым! Балқыдым! Қалқыдым!.. Сол сәтімді аңды күткен ақындар жыр тоғанын ал кеп ағытсын! Ода мен осаннаға аш өзегімді мас қылып, ой, небір шумақтар төгілді-ау! Соның бір өлеңін есімде сақтап қалыппын...

Оянып кеткендегі өкінгенімді білсеңдер ғой... Жеті қат көктен жеті қат жер астына түскендей өкси күрсіндім. Түстің өзін де тізгіндеп отыратын тағдырыңа не істей аларсың.

* * *

Кереметі ғаламатымен шарпысып, ғаламаты кереметімен тартысып жатпаса, ондай өлеңнің өзегіндегі оты өшкені ғой.

Алтыншы ой

Жамандық көп күттірмейді

Күңгірт көңілдің сұрғылт бейуағына қашып құтыла алмастай тап болғанымды білем. Өткен өмірдің сүрлеу-соқпағына қанша үңілсең де, кәріліктің көлеңке басын ұзартар қоңыр кеші алысыңды көзіңнен тасалап, көңіл тұманын қоюлатады да қояды. Сырласар серік таппай, мұңдасар жүрек таппай, әр тұсқа асыққан тиянақсыз, тұрлаусыз ойыңды жинақтай да алмай, көкірегіңді жарып тастардай күрсінген күйі жас шылаған жанарыңды етегіңе қадай бересің. Бүгінгі күнді күн демей, кеткен күндерді тірілтіп, көш-керуендей көз алдыңнан тағы бір шұбалтып өткізгің-ақ бар. Алдың-ыстық, артың-суық көрінетін жас дәуреннің жайдарман жайлауына және бір желпініп оралғың-ақ бар. Бірақ ауыр ойды арқалаумен әлсіреген жаныңның ауру жүрегінің бұрынғыдай дүрсілдеп ұрар жаңғырығы жоқ. Дөңбекшіткен түндерде тыншыға алмай, шаршап шалдыға ма, қансыратқан дертін ішке тыға береді. Ерікырқыңды жаулаған қастан гөрі сеніміңді алдаған достың сатқындығы, өтірікші әкімің мен уәдешіл басшыңның бір ұстатпас жылпостығы қиянатшыл дүниенің қысастығын өз кеудеңнен еріксіз аулатып қояды. Әлгілерге өкпе тақпасаң да, көмейіңе өксігіңді тықпалаған өкінішіңнен бәрібір құтыла алмайсың.

Керекке жарамайтындарды керемет тұтқан заманға ашуланарыңды білмей, төрде төбедей болып отырғандардың тірі жанды түкті мал ұрлы көрмес кердеңдігінен ызалы ойдың уын жұтқан өзіңдей адамға ашынарыңды білмей: «Мен не жаздым, япырай?» деп дал болумен тұншығып бара жатасың.

* * *

Қасыңнан да дос тапқызған тірлігің - ірілігіңнің айғағы. Бірақ сенің сол ірілігіңді зеңбірекпен атар достарыңның жайдағы да көп-ау.

* * *

Тереңіне сүңгіп, тұнығынан жұтып, мөлдір тазалығына жуынып шығатын кітапты ғашығыңмен кездесердей аңсап іздеп отыратының болады ғой.

* * *

Артыңа қарап өткендегілердің өнегесінен үйрене алсаң, алдыңа қарап келешегіңе тайсалмай кимелей аласың.

* * *

Жамандық көп күтгірмейді. Жүнің жығылды ма, жығаң қисайды ма - тырп еткізбей бас салады. Одан әрі тыпырлауға шамаң жоқ. Өкпең өшеді, жүрегің алқынады. Ойың он саққа шашырайды. «Ал!» десең ғана жалғасып, «Бер!» дегенде кетісер желқабыз достың алты ауыздығы сондай шақта шықылықтаған сауысқан үнімен табалап естіледі. Үймеген пәлесі, төкпеген жаласы, сүйретіп апарып құлата салардай сүйір тілмен қазбаған моласы қалмайды.

Жазғы өміріңнің жаңғырығын да таппай, жасыл шөбі құраған күзіңнің көзі бітелген бұлағынан нәр тата алмай аңқаң кепкенде, аузыңа су тамызар ағайынның да азаярын қайтерсің.

Ішіңнен зар шыққанымен, тіліңнен үн шығармас мылқаулықтың құрсауына қамалып, қыңсылаған жүректі бүйіріңді тесіп жіберердей соқтырғаныңды меңіреу төңірегіңнен кімің елей қояр.

Сенгендерің шетінен шикі болып шықса, ергендерің әр ши түбінде тығылып қап бұқса, өзегіңді

өртеген жалғыздықтың тұтқынында тұншығудан басқа не қалсын.

Шаршаған миыңнан қаусаған ойларыңды құрсаулап жамап, үш саусағыңды жауыр етіп, ал мінгестің қаламға. Не таптың? Марғау елдің мәңгүрт оқырманы селт етті ме? Сергектік танытты ма? Әлде жылтыраққа құмар желөкпе жастары: «Әй, шалшауқан! Тұрма жолда! Бөгеме арыңды!» деп қағып-жығып кетті ме?

Әне жамандықтың көп күттірмей, тез жететіндігі!..

Жақсылық ше? Тоқызбастан топ етіп алдыңа түсе қалар ма? Екі езуіңді құлағыңа жамап қойып, қуаныш күлкісін кеудеңнен лекілдете ақтарар ма? Алысың жақындап, жақының жаныңмен жабысып кеткендей тұлабойың ып-ыстық боп шымырлап іңкәрліктің құшағына көміле ме?

Қайдан! «Досыңа достың - қарызың» болса да, ары азған, ақылы тозған құрбы-құрдастардан жайылған құшағыңның, ақтарылған көңіліңнің арызын ден қойып тыңдар сенімдің кезігер ме? Жоқ қой ондайлар. Есеппен есесін толтырып, өсекпен алтын жабу жапқан есегін митыңдатар замандасқа амандассаңақ ақы сұрайтын сұмдық кезеңнің кезбесіне айналып кеткенімізді сезсек те, сезгіміз жоқ. Бүгін-ертең жетем бе деген әлдебір алдамшы үмітің қарасын мүлде бір көрсетпей, талықсыған дәмең қылғынып, үзіліп бара жатады-ау. Сондайда саусағыңды іліндірер талшыбығың не? Құмары көп қыртың ба? Қулығы жоқ жұртың ба? Қайыссының қабырғасы қайыса қояр? Қу сөзімен құлағыңды ұрса да, өкінбес едің-ау. Мылқау ғой, мылқау қазағың, ұлтың...

* * *

Сазды түсінуден гөрі сезіну қажет,
Сөзді сезінуден гөрі түсіну қажет.

* * *

Әділет - әбігерлігіңнің асқақтығы, өйткені ол жасқаншақтансаң да жақтасады.

* * *

Өнердегі байыптылық махаббаттағы ибалылықтан кем болмауы керек.

Тежеу бар жерде ғана тұрақтылық күшейеді.

* * *

Пожалуй, на склоне лет щемящая тоска об утраченном детстве обуревает человека неистребимо.

* * *

Мынау ғажайып жұмбағы мол әлемде нағыз парадокске лайық бір ғаламат нәрсе - өзімнің әрі өкініп, әрі қуанып ғұмыр кешуім. Әр күн сайын қуанып оянып, әр түн сайын өкініп кірпік іліндіруім. Ғаламаттығы - әр сағатты, әр сәтті құр жібермей - кейде күліп, кейде күйініп, бірде асығып, бірде ашынып өмір сүруім. Тындырғаным біраз деп қодиланып ірілене де алмаймын. Тындыра алмағаным көп деп қоңырайып бүліне де алмаймын. Жеткеніме ырза болып арқамнан қағып, құдайлығын айтар төрелерім жоқ. Жетпегеніме «тез жетсін!» дейтін былайғыларымның ақыл-кеңесіне кенелерім де жоқ.

Әлденені арқалап алғанымды білемін. Ол - қаламгерлік парызым ба, адамгершілік қарызым ба? Ажыратқан емеспін. Күн өткен сайын күрделене күрмелетін күдігім көп. Жыл өскен сайын арқамдағы зілдің ауырлығы еселене түседі. Соған қарағанда бергенім азайып, қарызым көбейе беретін тәрізді-ау.

Әз тұтарлық жан таппасам, қат-қабат уайымға батпай қайтейін. Қызығымды, қызылымды һәм түзігімді білдірмей ұрлаттым деуге, сол үшеуі менде көп пе еді.

Қайғыммен қаңғырып қалдым деп қай қамқоршыма күңкілдей алармын. Өмірден енді нені іздеймін деп түңілуден де аулақпын. Қатын мен балаңның қонағы бола бермей, бір жақсы күнді кездестірсең, кәрі дүниенің әлдебір кетігіне тетік болып қыстырыла қалар ма едің?

Әне парадокс тірліктің ой айнасынан шағылысқан тұрпайы көрінісі.

* * *

Өзіңнен өзіңнің әділетті іздеп табуың - өзгенің өзегін қабудан әлдеқайда қиын.

* * *

Басына қарап емес, жасына қарап жалпылдап құрметтеу - қазаққа ғана тән. Басы істейтіннің тасы өрге домалайтынында жұмысы жоқ.

* * *

Ұлтым жайлы
Тілім барда,
Бас кескенше жырлаймын.
Әнмен түрем
Үнім барда
Бет пердесін мұңлы Айдың.

Жетінші ой
Аруды құрметтеу керек

Басқан ізі артында қаларын көрсе де, Құдайдан басқаның бәрі өзгеретініне көңіл бөлмейтін жастар шықты. Орынды іске омыраулап ұмтылу қайда, шарықтап кетер кезде де шыға ойламай, көткеншектеп дерте сындырар қылыққа бой ұрғыштығын өздерінің мықтылыққа балайтыны да бар-ау. Әр нәрсеге баға бе-

руден гөрі өзім білем дерлік өңмендеумен сырттансып шіренуге, ер болып керілуге, қу болып көрінуге ғана құмар. Сырты күліп, іші ұлып жүріп ағайынға азарын күнде тигізсе де, адымын аңдап басуға бір табылмайды. Ақылдан безіп, жоққа сеніп, отқа түсіп жатса да, жақынын аңдып бау тағып, жақсысын қауып жау тауып, тірісінде тебісіп, өлісінде көрісіп жүргені. Әкені баласы, ағаны інісі аңдыған заман туды ма, қабаған итше ырылдап, өзгеден алар өшін өз маңайынан табумен мүлде азғындап барады. Өз сөзінен басқа сөздің бәрін қас көріп, алыс-жақынынан алдамаған жан қалдырмай қойған соң сенімнен де, сергектіктен де мүлде жұрдай. Мәз болар, мейір қанар ештеңе тапқызбас көңірсіген көкірегінің ызғары қатулықтың құрығын қолына ұстатып, қабағынан қар жаудыртпай қайтеді.

Терін сатпай, көзін сатқан тірлігінен түк өнбеген шіркін содан соң ұрлықты қорлық көруден өлсе жиренер ме. Ауылдастың малын айдап кетіп, қарындастың қорасын тіміскілеуден жалықпайды. Тұяқтысын ұрлап сатып жай жүрген жандарды шырылдатқан сайын арамдыққа шөлдеген кеудесі қиянатын көбейтіп, жауыздықтың сусынын құшырлана жұта береді.

Ібіліс жайлаған іші құлқын бұзған шіркіндерден адал көңілдің қуатын іздер қылықты таппай түңілем бе, бүгінімнен шошынуым ұлғая түсуде. Өкініштіақ...

* * *

Кеңшілігіңді қастерлеп отыратын досыңнан
Кемшілігіңді әшкерелеп отыратын қасың артық.

* * *

Сөзіне қарап әр адамның сырын да, сұмын да тануға болады.

* * *

Шошаңдап тілін тістей алмайтындар ештеңені дұрыстап істей де алмайды.

* * *

Тұманды күз.
Сарғайыпты шіркін көк.
Жапырақтар ұшып жатыр біртіндеп...
.. .Көк орманға орала алмай тағы бір
Мен қараймын терезеден күркілдеп.

* * *

Аруды сүю де керек, құрметтеп қадірлей білу де керек. Өйткені әйелдің нәзік жанының қамыққан жүрегіңді елжіретер жұбанышын да, қалжырап жүнжіген кезіңде қайсар өжеттігімен бойыңа жігер құятын күш-қуатын да, сезімнің сергелдеңіне батып шатқаяқтап қалғаныңда ойыңды серпілтіп, шабытыңды оятар шымыр сергектігін де дәл таба алсаң, рухани байлығың мен азаматтық қажырың асқақтай түседі, бауырым.

Шыдай білу мен сынай білу - әйелге ғана тән тірлік. Төзімділікпен шыдай білуі - Көктен, Тәңірден тапқан қасиеті болса, өлермендікпен сынай білуі

- кеудесін қапқан өзімшіл қасіреті де ғой ұрғашы қауымының. Жан жарыңның мөлтілдеп тамған көз жасынан өтер шешен тілдің болмасын түйсінсең, шыдатамын деп арудың әсемдігінің шыңы - **әлсіз момындығына** салмақ сала көрме. Сынатамын деп әйел жанының патшалығының құдіретін құрайтын

- мөлдір тазалығына, нәзік сезімталдығына, ғаламат төзімділігіне, кіршіксіз сезіміне озбырлықпен өктемдік жасай көрме. Сонда ғана **әйелдік мәңгілік жұмсақтық** - арманы асқақ еркекті биіктен биікке өрмелетіп шығарар мықты өткелге айналады.

Шығармашылық иесінің жары болу - тән азабын да, жан азабын да сезе білудің, және соған күйінуімен һәм сүйінуімен төзе білудің қасиетті қасіреті ғана. Сол себепті де қол ұстасқан қосағын шын ықыласымен сүйсініп сыйлап, исініп құрметтеу - еркектің мәңгілік парызы ғана емес, ғұмыр бойы өтей алмас аса салмақты қарызы. Өйткені әйел затының еркектерге қарағанда адамның сыртқы түс-өңінен гөрі ішкі күш, мәніне көбірек көңіл бөлетін асыл ізгілігі мейлінше артық-ау. Сол ерекшелігіне құлшына бас изеп, бикеш қауымының мейірбандығынан сусындай берейік те.

Сүйіктіңе айналған әйелден өтер сүйкімді ару болмайтынын жарыңның разылық танытқан жанарының жарқылынан көре білуге жетер бақыт жоқ қой.

* * *

Бұлбұлдың сайрағанынан сауысқанның шықылықтап ойнағанына мәз болатындардың санасына саз енбейді.

* * *

Есер әйелмен есті еркек түйісе алса да, ессіз еркекпен тек қана есті әйел сиыса алады.

* * *

Еркектің ұмытқаны мен кешіргенін әйелдің жады ешқашанда өшірмейді.

* * *

Тілін тұқыртып, құлағын оздырған адамның ұтары көп.

* * *

Шуақ шашпай мейірімін үзді Күн.
Жетіп келді аяқ асты күз бүгін.

Сол күздей боп ақ қырауға малынған
Іздер екен бикештерден бізді кім?

** *

Тірлік кештім деу - өмір сүрудің баламасы емес. Хайуан екеш хайуан да тірлік кешеді. Ал өмір сүру
- ізгілік пен зұлымдықтың арпалысының арасынан дұрыстап өте білу ғана. Ғұмыр дейтін құпияң
- зұлымдық пен ізгіліктің таласып, тартысып енер қоржыны ғана. Қай жағына көбірек құлшынып, құшағыңды ашсаң - соның ғана ерік-ырқына бағынып, жетегінде кете барасың.

Ізгілікке ұйысаң - риясыз сезіміңнің мейірбандығы еселеп артады.

Зұлымдықты қаласаң - қараулық бүркеген көңіліңнің сұм-сұрқиялығына құрық бойламайды.

Бір дүниеге екі туу жоқ. Тудың екен қыл аяғында дұрыс өлуіңді мықтап ойла. Әдемі қартая білуді ұзақ ғұмыр сүрудің далбасасына айналдырмай, ізіңнен гүл өсіріп, ісіңнен игілік туғызып кетердей жаныңды жақсылыққа ғана жегіп, тәніңді адалдық пен әділдіктің арашашысы ете білгенге не жетсін.

Сонда ғана ізгі жандардың ғұмыры - жастықтың жайсаң құшағынан бір босамайды.

Соған жетуге тырыса білсек қой...

* * *

Өтірікшінің құлпыртып айтқанына құлап түсесің де, жылап тынасың.

* * *

Діл сөйлегенде, тіл күрмеледі.
Саз сайрағанда, сөз ойланады.

* * *

Дала сатқан -
Ана сатар

Қасиетін ұрлатып.
Жерін сатқан -
Елін сатар
Қасіретке шым батып.

Бұлқын, Далам!
Тула, Жерім!
Тулақ дейтін сені кім?
Сілкін Тауым!
Шула, Көлім!
Қасиетсізден жерідім.

Сегізінші ой
Жауапсыз сауалдарым-ай...

Қам-қасіретке ұшыраған қазақтың бар кінәні бір өзінен аулақтатып, Тәңірі мен тағдырын қосақтап жамап қарғайтыны несі екен?

Алты қырдың астындағыны көріп білуге соншама әуес қандасымның иегінің астындағыны байқағысы келмейтіні несі екен?

Біткен істің түзігін әдейі елегісі келмей, азаматым дейтінімнің әлгі істің әлдебір бұзығын табуға ынтығып тұратыны несі екен?

Өз бойындағы ұсақ-ұсақ кемістіктерді елемеймін деп жүріп, әлгілерін үлкен кемшілікке айналдырып алатыны несі екен жұртымның?

Жадының жоғалғанына жанұшыра безектейтін «жақсыларымның» ақыл-есінің азайғанына мүлде мән бермейтіні несі екен?

Ойы мен сойы жетпейтінді бәкене мықтымның бойымен басып алам деп тыраштанып елге күлкі болғанын сезбейтіні несі екен?

Қызығының ізіне қызына түскен сайын қызығы азая беретінін түсінбейтін кей алашымның жарқылдақ,

жылтылдаққа одан бетер өршелене ұмтылатыны несі екен?

Өзін де, өзгені де қадірлемейтін басшыларымның уәде бергіштігі, және сол уәдесін орындаудың орнына бұзудан ләззат табатыны несі екен?

Ана тіліне уызынан жарыған қазақ әжелердің жетектеп алған бүлдіршін немерелерімен шатты-бұтты шала орысшасымен көшені басына көтеріп «гәпіретіні» несі екен?

Бұл қазақтың өзінен өзге жұрттың бәрін «иіс алмас!» деп ернін шүйіре мұқатып жүріп, сол мазақтағандарының табағының түбінде қалған жұғынын жалауға бірімен бірі жағаласа жұлқысатындары несі екен?

Бірінің бірі өңешін жұлып жеп жүрген қандастарымның өзге жұрттың өз төбелерін төмпештеп жатқан озбырлығына мыңқ етпейтіндері несі екен?

Кешегі кек қанжарын қайраған көк түріктің ұрпағының өз жерінде, өз елінде жүріп, өзгеге қор болғанын сезгісі келмей, өз ауылдасының бір-екеуін езгілеп зор болғысы келетіні несі екен?

Ашынтқан сауалдарымның жауабын сан жылдар, сан белестер еншісінен іздеп таба алмадым да, көнбіс, сеңгіш, езілгіш қазағымның көңілін бекер қалдырып алдым-ау деп жортақ, шорқақ, қорқақ ұлтымның алдына түсе алмай, соңынан сүмеңдеп ілесе жөнелдім...

* * *

Сезімнің көзі бітелгенде, елгезек көңілдің елеңдеуі жоғалады.

* * *

Тарыққанға табағыңды тез ұсынсаң, ырысыңның көзі еселеп ашылады.

Жабыққанды қабағыңмен кері ысырсаң, дұрысыңның да сөзі бытырап шашылады.

* * *

Алашымның қасіретін
Жазғам жанның қанымен.
Тапқам елім қасиетін
Жалғыз ғана әнінен.

* * *

Ұлттың ұлы болуы да, ұсақ болуы да ұлдарының мақсат-мүдделерінің ұлылығы мен ұсақтығына тікелей байланысты. Ұлы істердің үдесінен табыла білген ұлыларының арқасында алып мемлекеттерін аяғынан тік тұрғызған ұлттар жеткілікті.

Күйкі тірліктің күйбеңімен ұсақ-түйекпен айналысқан ұлыстардың шашырап, шашылып кеткен ұрпақтары әр ұлттың арасына сіңіп, түбін де, тегін де жоғалтып, жойып алған.

Ұсақтықтың төркіні - осалдық, берекесіздік, надандық һәм мақтангөйлік. Ұсақтық мықтымен тіреспей, әлсізбен күрескенді қалайды. Өз міні мен құнын жақсымен салыстырып көрмейді. Жаманмен салғастырып тергейді. Көптен озбай, аздаған топтан озды дегенше бөркін аспанға атып, тойдан тойдың дүрбелең дүбірін жалғастырып ала жөнеледі. Өзінде жоқты өзгелерден таппайды. Табу қайда, өзгеде жоқты өзінде ғана бардай: «ақылдың кені, ойдың кеніші!» тұқым-тұқиянын жатып кеп мақтайды. Жоқ батырын ойлап тауып, шоқпарын шошаңдатқызып төбеден төменге қыдитып орнатады. Болмаған биін қиыннан қиыстыра іздеп «тауып», биліктің біліктісіне, жүйріктің күліктісіне айналдырып, әлгісінің айтпаған шешендігін, көсілмеген көсемдігін ойдан құрастырып, бүгінгі «білгіштерін» ал кеп сайратады.

Әлгі «білгіш, жазғыштардың» көпіртуімен жиырма бірінші ғасырдың басында он миллионнан әрең асқан қазақ осыдан екі мың жылдай бұрын жарты әлемді жаулап ала қояды. Халқымыздың сол кездегі сан мөлшері қаншаға жетті екен деп есеп-қисаптың қалыңына еніп кетем де, есімнен тандырардай ентігімді баса алмай, шаршап, шалдығып жығылам.

Ол ол ма, өткен замандардың өзегін түрткілеген жаңғырығынан от алғыш, тарихты тулақтай қағып-сілкіп қопарғыш жазғыштарым біздің қазақтың талыстай Азияны тұтас өзі ғана жайлап, шөншіктей Еуропада мыңғырған малын жалғыз өзі айдап, Ақтеңіз бен Қаратеңізді қымыздай сапырды деуге баршамызды иландырудан шаршамайды-ау. Оны аз десеңіз, найзасымен бұлтты іреген бабаларымыздың галл мен англды жансауғалата жапырып, италиктер мен саксқа қалшылдата ақырып дүрілдетіп дәурен сүргеніне, Еуразия құрылығындағы жағрафиялық жер-су, тау-тас атауларының тегіс қазақ тілінде қойылғандымен меңіреу мені де, безерген Әлемді де сендіруге барын салулары көбейді.

«Ой, тоба-ай!» деп ықылықтауды жиілеттім.

* * *

Адам ғана әсемдікті әсерлене қабылдайды.

* * *

Айтары жоқ жанның шатпағына батпақтағаннан Құдайым сақтасын.

* * *

Ойлана білген тіл ойланта да біледі.

* * *

Қайғы-қасіреті мол қысқа ғұмырдың ұзақтығы ғаламат болатыны белгілі.

Дұрыстап өмір сүруді әне бастаймын, міне бастаймын деп күн сайын қопаңдағыш жанның ғұмырының қиюы қаша беретіні де мәлім.

Игілік сеуіп, ізгілікке ұйыған адам өз тағдырының өлшеп берген мөлшерлі уақытынан әлде-қайда артық өмір сүретініне әлдебір түйсігіммен қатты иланам. Иланам да, әлденені өмірден де артық сүйе білу - өміріңнің мән-мағынасын құлпыртып, сол ғұмырыңды әсемдік пен әсерлікке исіндіре білу болатын шығар деймін.

Өзі мен өзгенің түсі мен ісін жіліктеп жіктемейтін жанның жастығы жұмсақ, ұйқысы жайлы, жүзі жарқын, көңілі тоқ, қарыны майлы боларына кәміл сенем.

* * *

Әділет нашар мен жоққа ғана керек. Бай мен барлар оны баяғыда-ақ оққа байлаған.

* * *

Кіжінем,
Үнсіз ой бағам.
Қаламмен нені түзетем.
Халқымды құл ғып ойнаған
Тәңірге сес қып,
Тыз етем.

Тоғызыншы ой
Мақтау һәм жақтау

Бүгінде кімді мақтайын, кімді жақтайын, кімді қадірлейін, кімді қастерлейін деп жүрсе, жорғасынан жаңылып, жатса, ұйқысынан шошып оянатындар көбейді.

Мақтайтынының қасына барып маңырайын десе, жамырайтындарды мықтының жандайшаптары маңдайдан ұрып, құйрықтан теуіп, кәкір-шүкірден етіп сыпырып тастайды. Содан кейін үй сыртынан мақтап-мадақтауымен маңырады не, мөңіреді не мықтының құлағына жетпейді. Құлаққа жетпеген құлдың ұрған құлшынысы кеудеге өтпейді. Байғұстың өрістетем бе деген өресін сөйтіп кердең төреңнің керең құлағы тұсайды.

Ал енді жақтайтыныңның жанына жоладым дегенше, молаға жүгіргіш баланың кебін кидім дей бер. Мықтының маңайындағы шенеуніктік шебін нығайтып құрып алған көмекшілері мен сусын тасығыш көнекшілері әлгіден жақтас емес бақталас қана табады да, жағасынан қолын, төбесінен тоқпағын айырмайды.

Содан кейін-ақ жақтайтыныңа «жақпайтыныңның» үкіметтік барлық БАҚ-тың тақылдатып ала жөнелген әлаулайымен маңдайына қарғыс таңбасын қасқалап салып береді. Бишараның төрге жақындатам ба деген жолын сөйтіп тұп-тура көрге қарай бұрады да қояды. Ол жолының ұзын-қысқалығын бір Аллам біледі десек те... одан да бұрын білетіндер табылары аян.

Қадірлейтіндері мен қастерлейтіндерінің қадірі мен қасиеттерін бадырайтып қойып сырттағы көзіне айтса да, қарсы алдына қонжитып қойып өзіне айтса да, мыңқ етпестің бүлк етпес ернімен арбалып қалады. Өйткені олардың да қауашағында ойланта алар сұр «балшығы» бар ғой. Өтірігін танып, өршігенін тауып қояды да, өңменінен түймесе де, бишара байғұстың табанын дереу жалтыратқыза салады.

Үрейі неден ұшты? Көңілі неге қоңылтақсыды? Білмейді. Біле алмайды. Әйтеуір «құтырғаннан - құтылған» дейтіндей шала-шарпылау бір түйсік бүйірінің бір түкпірінде солқ етіп тіріледі.

Әй, бірақ масқара болғанын сезінбеудің де масқаралық екенін елемейтін екіжүзді жанның өкірткен

өксігінің астарында көңілді күлкінің жаңғырығы жататынын біле бермейтініміз жаман-ақ.

Ұятын ұрлатқандардың намысы қозбайтынын ескермейтін де болып кеттік.

* * *

Тұрмысы болмысынан артықтың бойы шалқақ.
Болмысы тұрмысынан артықтың ойы асқақ.

* * *

«Жомартпын!» дегенге жолама.
Жомарттық еткенді жағала.

* * *

Мансаптыға пысқырмай,
Асқақ кеудем тұр биік.
Көмейімнен ұшқындай
Зымырайды жыр-киік.

* * *

«Туннельдің ұшындағы анау бір өшіп, бір тұтанған жарыққа жете алармын ба?»

Бұл зор сұрақ - «Сатанинские стихи» («Ібілістің шатпақтары») деген бүкіл ислам әлемін дүр сілкіндіре қорлаған құбыжық кітаптың авторы Салман Рушдидің жиырма үш жыл бойы ойын ойрандап, миын қашаған зар тілегі. 1989 жылдың 14 - ақпанындағы аятолла Хомейнидің фәтуасымен мұсылман дүниесінің тазалығы мен даналығының мөлдір бұлағындай Мұхаммед пайғамбарға күпірлік келтіргені үшін өлім жазасына кесілген ол үңгірден үңгірге тықпалаған итшілеген ғұмырының әр сәтінде аранын ашқан ажалдың ақсиған азуын көрумен таусылмас азап шегуде.

Әділдік пен адалдықтың ғажаптығын аяққа басып, сенім мен нанымның азаттығын мазақ еткен қаламгердің мағынасыз тірлігі не бері тартып шығармай, не әрі итеріп құлатпай, өмір мен өлімнің қылыштың қырындай шекарасының үстінде селкілдетіп жүргенін бір кісідей түсінем-ак. Қолындағы қаламын қорқынышының қанына малып: «Мен - тірі өлікпін!» деп жазуы - тіршілігінен түңілген күнәкар міскіннің кінә-күнәсін жаны түршіге, тәні тітіркене сезінуі болса да, ар жазасын жан қазасынан да артық бағалаймын да, әр таң атқан сайын өз жаназасын өзі шығарып тірі жүре берсін дейтін кесікке еріксіз тоқталамын.

Кісәпірліктің жазасы - қас қаққан сайын қазаңды күткізіп қойған жан мүжігіш мүсәпірлік болса, тунельдің тұңғиығынан сәуле табу мүлде мүмкін емес-ау.

Алла тағаладан ешқашанда адалдықтан адаспауды ғана тілейік те.

* * *

Өмір бойы өз басыңнан өткізгенің - өзгелерді де өз тәжірибеңмен ілгері жетектеп жеткізгенің.

* * *

Туған тіл - туған жер тірегі.
Ол бар да құлдық жоқ, қырғын жоқ.
Атадан мал қалмаса да, ән, күй қалады.
Домбыра, қобыз қалады.

* * *

Қолында берері мол, қолтығында тірегі күштіні жұрттың жабыла мақтары сондай, кей-кейде кеудесін қызғаныш күйдірген біреулері екіншісінің мақтауын да боқтап ала жөнеледі. Өйткені өзінің өзгеден асып түсе алмаған мадақтауын енді тілінің тікенегімен басқаларды түйрелей даттауымен алмастырып, мықтысының көзіне батырсынып, батылсынып көрінуімен ақтауға тырысады.

Көптің «жоқты» мақтауы - тоқтың ашты тонауындай тірлік екенін түсінбейміз бе, пасық кеуделердің сасық байлығынан дәметіп, қошеметшіл көңілдің тіленшідей қол жайып, өңешті үңірейте созып жүргенін тіпті де байқамайтын халге жеттік. Үйренгеніміз - төменшіктеген көзді жоғарыға кірпік жыпылықтата жарамсақтана сату. Дағдыланғанымыз - құнсыздарды асқақтата дәріптеп, көмейден құйылған тежеусіз сөзді құйрық пен бауырын араластыра жалбақтап сату.

Бүгінгі алыс-берістің дөңгелегін шыр айналдыратын сауда-саттықтың ғажайып көрінісі - көзбен арбау, сөзбен алдау боп сан бояумен, сан түспен құмарландыра құлпырады.

Ал мақтанның құлы - түпсіз шыңыраудың құрдымы. Жалақтаған жүзді, алақтаған көзді айналасына жалт-жылт жүгіртіп, көптіртіп бөктірген жалған, жарамсақ, өтірік кептірмелерге солар толмайды да тоймайды. Дүниенің өтерін, ақтық демнің жетерін ойламастан өмір-өзеннің ағысында жаңқадай болып қалтылдап ағып бара жатады. Ағып бара жатады...

* * *

Туған жердің топырағы да, суы да - киелі.

Олар өзіңе қорған болса, дұспанға оқ боп тиеді.

Тілін тауып, қасиетін сақтасаң - киесінен аттамайсың.

* * *

Тілің қысқа болса, құлағыңды құрық қылып соз.

* * *

Аман болса сүйікті Ел,
Мен тұрармын жаңғырып.
Күн-күн сайын биіктер
Үнім,
Сөзім мәңгілік.

Оныншы ой

Ақыл тыңдар бар ма?

Ақылды кімге айтуға болады?
Ақылды кімнен тыңдауға болады?

Бұрын ақылды екі езуін тіліп, желкелеп ұрып құлына айтады дегенді естігем-ді.

Кейін ақылды құлағын бұрап, кеудесінде жанар ма деген шырағын сынап ұлына айтады дегенге иліккем-ді.

Құлсыз дәуірдің ұлды әкелерінің бірі болған соң ба, әлде өзімсінген көңілдің өкіреңдегіш өзегі сірі болған соң ба, қырықтан асқан ұлдарыма қырқылжың шалдың мылжыңдағыш ақылын шайнап беруден жалықпаумен келем. Меңіреюмен олар дал, сіңірем деумен мен әлек.

Сонан соң шалқалап жатып алып қаламымды қағаз бетінде сойдақтата жүгіртіп, жұмыссыз сандалған, әрекетсіз сенделген жастарға «өйт, бүйт!» дейтін ашулы адуын ақылдың арнасын бұзар топанын ақтарамын.

Бірақ сенің «пыш-пыш» қысыр кеңесіңді бір жеріне қыстырғысы келмейтін сол сабаздар пайдасыз қыдыруға, жұмыссыз қаңғыруға әбден дағдыланып алғандықтан, өзінің оппаға оңдырмай жығар жолынан тайдырар, кесірлі кезбелігінен адастырар ақылсымақты ит қорлықтай кермей, әлдебір шошқаны тағалап жүрген жоқ шығар. Жығылып жатқан желөкпелеу көңілдің желігін желкен қылып көтергіш сол шіркіндер бір-бірімен ыржаңдасуын дүниенің бар ақылынан артық көрмесе, тесік өңешке тықпалар тегін тамақты неменеге өліп-өшіп іздемек. Жөн ақылға тосылмай, өнерлі кісіге қосылмай: «Ой, ол анау ғой! Ой, ол мынау ғой!» деп өзгенің бәрін өзінен озбас кем санап, ақыл тыңдатпас ырбаңдауынан бір танбайды.

Ақылыңды ешкімге өткізе алмай, шалдығасың, шаршайсың. Енді сол ақылды өзің өзгелерден тыңдауға әуестене қаласың.

Алдымен әрине жаныңның жылынуын, тәніңнің тынығуын барынша қадағалайтын, режим-тәртібіңді орынсыз «өкпелетіп» алмауыңды сақшыдан да әрман бағатын жұбайыңның тікелей тілін алып, ақылын тыңдаумен тыныс-деміңді кеңітесің.

Нелерді ішіп-жеуді, неменелерді «демеу мен деуді» мұқият ескертіп, содан соң: «әнебір шошақай пәлекеттің төсіндегі қол батпайтын алмасы мен булықсыған бөксесіне сүзілгенше, анау, ана-а-ау көшенің басындағы кеңесі мол кексені тыңдаушылардың қатарына тізілсеңші!» дегеніне бас шұлғымауға және әддің жоқ.

Енді бірде радионы ашып қалып, теледидар түймесін басып қалып, сауысқанша шақылдайтын тілшілер мен тілшілердің қақпайлағыш ыңғайымен сайрағыш шенеуніктер мен жағымпаз жәркештердің: «ғажайып еліміздің ғаламат тіршілігіне бүкіл әлемнің қызығырлаған жаны, жыбырлаған жұрты таң қалумен талып түсуде. Уай, Алаш азаматы! Осы берекеңнен айрылма! Мерекені тірлігіңнің тірегіне айналдырғанға барынша қызмет етіп, құрмет көрсетуге ұмтыл!» деген ақылын тыңдай берем дегенше, сол мықтыларың сөзі мен көзін ойнатып, билік пен байлықтың, даналық пен даралықтың өздері болып көгілдір экраннан көңірсіген көңіліңді, суалған көкірегіңді суаратындай болып, маңғазданып шыға-шыға келеді.

Ал енді ақылдан тақылдарым, кеуделеріңді ашып, құлақтарыңды тоса беріңдер.

Кім білсін, ақыл ақылдан өседі, көкейіңді теседі дейтін иланым рас болып та қалар...

* * *

Кейде ілгергінің кейінгіні менсінбей, шаңына көме беретіні болады. Кішінің кеуделеп келіп қалғанын

жақтырмай, үлкеннің іштарлық жасайтыны да болады.

* * *

Діліңнен тілің жүйрік болса - орға құлайсың.

* * *

Ақымақтың мылжыңдығынан ақылдының үнсіздігі абзал.

* * *

Еркін болсам,
Мен неге
Қол жаямын пендеге?
Тиесімді ала алмай
Жүгіремін сенделе.

* * *

«Басыма бақ қонып, Қыдыр дарыса екен!» демейтін қазақ жоқ. Біреулері белшесінен батқан байлықты одан әрі қуып жатса, екіншілері «шықпа, жаным, шықпалап» шайлыққа ұйып жатыр.

Сараңдықпен, арамдықпен мал табатын қазақтар - хакім Абайдың замандастары еді. Ал бүгінгі менің амалдастарым малды үйірлеп айдап, жанды бүйірлеп матап алдына салып алып, төрт аяқтысын шыңғыртып сойып, екі аяқтысын шырылдата сабап, ойына келгенін жасап жүр.

Бұрынғы бай мен билер қазағының тамырын ұстап-ұстап үңіліп, бетіне шұқшия қарап түңіліп: «көкірегің улы екен. Хикметің шулы екен. Көзің жаспен сулы екен!» деп берсе, биесі мен арбасын, бермесе қолындағы дорбасын тартып алып, масайрап қасын керетін.

Бүгінгі әкімқаралар өз көкірегінің улы, хикметтерінің шулы екеніне пысқырып та қарамастан, ауыл-

дағыларға тұщы ауызсуды сауылдатар долларды сауылдатып өз қойнына құйып алуда. Ауруханалар мен мектеп салуға бөлінген қыруар қаржы-қаражатты өз қапшығына қарай құйындатып үйіп алуда.

Бүгінгі бүйідей тиіп, бұтарлап асағыштардан қанша түңілсем де, «ненің қызығын көп іздесең, соның күйігін бір тартасың» дегенге сенімімді жоғалтпауға тырысам. Байлыққа құныққанның бұл ғұмырында халықтың қарғысына ұшырарын, ол ғұмырында жұмаққа емес, шырылдап тозаққа ұшарын бір кісідей білем-ақ.

Содан соң «басыма қонар бақ - еңбегіммен жетсе екен. Жаныма дарыр Қыдыр баба талпынған талабымнан ғана табылса екен» дейтін Алаштың адал азаматтарының арасынан адаспауға барымды саламын.

Адалдық - анаңның аялы алақанындай ғой.

* * *

Ана тілінде әсерлене ақтарылған басшы даналықтың бұлағынан сусындағанын дәлелдейді.

* * *

Ақымақ жан сенбестігімен жеңсе, ақылды адам көнбістігімен жеңіледі.

* * *

Көмекейі бүлкілдегендердің бәрі шешен болмайды.

Көптің үстінен зіркілдегендердің бәрі көсем болмайды.

* * *

Жалшы еткен өгейді,
Апан еткен көмейді,
Мақшар күні жеткенде,
Мықтыларым не дейді?

Он бірінші ой

Сүйенерің һәм сиынарың

Сүйенерің мықты ма, сиынарың мықты ма?

Қайыссын таңдарсың, қайыссын алдарсың?

Өзегіңді өкпең қыса ма? Өкпеңді өксігің бұза ма?

Осы сұрақтарды айналамдағының талайына қойсам да, маңайларына жолатпай айдалада жалғыз қалдырумен келеді.

Бүгінде сөз тыңдар, уәж қабылдар тірі пендеден гөрі зомби - өлікпен тіл табысу оңай болып кеткен тәрізді. Зомбидың қабылдауы болмаса да, тыңдауы бар ғой.

Енді зомбиға айтатын сөзімді бастайын.

Бұрынғылар сиынарына сенетін. Бүгінгілер сиынарынан сиырдың жорғасындай митыңдай қашып, сүйенеріне мысықтабандап басып, аяңдап жететін болып алды.

Салт атты, сабау қамшылы күйін қомсынғандар төмендеу де болса төрге шыққанды, кішкене де болса жеке табақтағы майлы етті ұртқа тыққанды армандамайтындай есектің құйрығын ұстап па. Төбесін көкке тірегендерге, көзімен көкжиекті шірегендерге иіліп тұрып, бықсыған көкірегінің күлімсі сасыған «пәлі, пәлі!», «ой, бәрекелді!» тәрізді көптірмелерін «құсып» кеп береді. Ал кеше ғана төменде бүгежектеп жүріп боқ басқандар бүгінгі алмағайып заманның қитұрқы қылмысты ыңғайымен төбеге тайраңдап шығып, көзінен от шашқандар желөкпелеу, мақтаншақтау келетіні бесенеден белгілі ғой. Әлгі «бәрекелдішілердің» жарапазандата жамырағандарына көңілін де, қолтығын да желдендіре түсіп кеп береді. Мақтаншақ жандардың ақылдылардан құрық бойы кем болатынын,шиебөрідей жалақтаған жағымпаздарға үнемі жем болатынын көріп те, көргенімізге көніп те жүрміз. Содан ба сиы-

нарымызды сыпырындыдай етіп сырғытып тастап, сүйенерімізді әлгі кісесін мүшесінен байлағандардан таппақ болып жанталаса ұмтыламыз. «Ой, тәйір-ай! Сізден асар бек жоқ! Сізден мықты тек жоқ! Сізден озар көп жоқ!» деп сыбағасы сыйлы сөздің майын әлгілердің аш өзегіне таста-ап кеп жіберсең...

Үй де сенде! Күй де сенде! Орден мен атақ та, сенде! Жай сыйлық та, мемлекеттік сыйлық та сенде!

Тек қана сүйенерлеріңе: «Сіз үшін оққа кеудемді төсеп, отқа түсуге дайынмыныңа!» сендіре білуден жаңылмасаң һәм жалықпасаң болғаны. Төмендегі табаның кішігірім төбенің төбесінен таптайды.

Сиынарыңнан сүйенерің күшті заманның ауқымынан адасып қала көрме, адалынан аулақтаған андасым!

* * *

Бақ - жамбастаған тақта емес.
Тақымға басқан атта емес.
Бақ - кеудедегі отта, көздегі шоқта.

* * *

Адамды еш себепсіз сатқын деуден, өкпесінен мылтықпен атқан жеңіл.

* * *

Өзің туралы өтірік-шынды езе бергенше, өзгенің өзіңді сынағанына да төзе біл.

* * *

Ұлы мақсат бар. Ұсақ тілек бар.

Ұлы мақсат - ұлтының қамын жеген ұланнан ұлы азамат шығаратын адамгершілік асуы. Ол асудан асу үшін тар жолдан өтіп, тайғақ кешуің қажет. Алдыңнан тосып, аяғыңнан шалар кедергілері көп қас тірлікті қаскөйлерді жеңе білуің керек.

Ұлы мақсатқа тарықсаң да торықпай жету - туралап алған бағытыңнан айнымай, тоқтамай өту ғана. Көздеген мақсатыңның үдесінен шыға білсең де, пенделік бақытыңның мүддесін таба алмауың мүмкін. Өйткені адамзаттың арманын көксеткен азаматтық жолдың азабы мол болары ежелден белгілі. Серттестерің мен серіктестеріңнің айқас-шайқаста ұшырар қайғылы қазасы жүрегіңнің күйігін ықылық атқыза төгілтіп, жаныңның мазасын қашырары хақ. Сондықтан да өкінішіңді өксік жасымен жуып тастап, діттеген тұсыңа тезірек жетуге барыңды саласың. Сонда ғана ұлы мақсат жолының құрбаны қандай көп болса, ұлыларын ұлықтайтын халқының қырманы да сондай мол болмақ.

Ал ұсақ тілек иелері кім?

Олар - арын арамымен арбаған, жанын Ібіліске жалдаған пенделер. Солардың да қара басының қамы үшін қалқайтып алған өзіндік «ұлы мақсаты» болады. «Елден озсам, ерін езсем!» дейтін өлермендігі озбырлықтың түр-түсін қаптатып жібереді. Өйткені өз биігінен өзгеге қысым жасайтындардың өздері де бостандығынан айрылып қалып, кеудесін үңгілеген үрейімен арпалысып, азып-тозып бітеді. Сол үшін де перімен де, жын-шайтанның бәрімен де одақ құрып, опасыздықтың ұйығында батпақтайды да қалады. Ал бәрібір ұлы мақсаттан алшақтап, ұсақ тілекпен жан сақтап шіренген биліктілерді қара халықтың бұлқынған кезде арқасынан жұлып алып, күл-қоқысқа лақтырып кететінін тарихтың талай беттерінен таппадық па.

Ұлы мен ұсақты ажырата білгенге не жетсін.

* * *

Көл - тұмадан, сай - жырадан, ел - ұланнан құралады. Ендеше кішкене деген ұғым жоқ.

* * *

Адамға сенсең - қасиетің артады,
Арамға ерсең - қасіретің артады.

* * *

Бізде бүгін шын жақсысын емес, көңілі жарасқан өз тапшысын асыра мақтау мен өсіре мадақтау әдетке айналып кетті. «Қараны емес, ақты айтайық!» «Көпті емес, сол көпті бастайтын аздаған топты айтайық!» деумен «Зиялым - осы!» деп халқына зияны тиетіндерді құлпыртады-ау. Олар жөнінде еш жерден естімегеніңді естігендей етіп, көрмегеніңді көргендей етіп сайрап ала жөнелгенде, келеңсіздіктің кесапат кереметтігінен безе қашқандай күйге түсемін.

Әсіресе сүт бетіндегі қаймақты сыпырып жеп, көкіргенде бір тайпа елді селкілдететін шенеуніктік орынтаққа шынтақ тіреп, төрдегілерге төменшіктеп бүгіліп, жердегілерге төбесінен үңіліп қарайтын «зиялыларын» «тоқсаныншы жылдардың жоқшылығында топалаң тигендей дөңбекшіп, аш-жалаңаш күй кешсе де, күйреген де, басқалардай жарамсақтықтың әуенімен билеген де жоқ» деп ағарта қоюға мүлде жеткізбейді.

Кейде ойлаймын: осыншама өршелене өрекпулердің арамдығы неде, адалдығы қайда екен деп. Мүмкін әлгі жер-көкке сиғыза алмаған «мықтылары» бұның өзін ілкіде мықшыңдата мадақтаған шығар. Ал мына мақтауы - бұрынырақта «авансымен» алып қойған сый-сияпатына қайтарған қоржыны қомақты қарымтасы да болар. Бәлкім өз көкірегінің әлгілердің текіректігімен үйлесе кетер бір пернелерінің үн қатпаса, ұйқысын қашырар терісқақпай ызыңына еріксіз ілескен сиқы ма екен. Тап басып айта алмаймын.

Тек әйтеуір асыра мақтау мен өсіре адақтаудың адалдықтан алыстатып әкетерін анық сезем.

* * *

Мың елеске сенгенше, бір кеңестi тыңдау абзал. Мың қиялға ергенше, бір қиянға шығып көрген артық.

* * *

Күлдіріп отырып, күрсінте білу - шеберліктің шыңы.

* * *

Алдым жуық артымнан,
Күдік үдеп,
Артылған.
Көкірекке шер ұйып,
Көкейіме зар тұнған.

Сазсыз, сөзсіз өлеңмен
Қай жаққа ілбіп келем мен.
Жылытармын кімді енді
Мұздай суық денеммен?

Он екінші ой
Сырлас пен мұңдас

Сырлас бар да, мұңдас бар.
Құрбы бар да, құрдас бар.

Әрекеңді «бәрекелдісімен» жарылқайтын сырластарды сыртыңмен болса да сыпайы қабылдайсың. Өйткені су ішкенмен виски ішкеннің ойлары қалай қабыспаса, қанша сырлас болса да, құшақтары онша табыспайды.

Ал мұңы бірдейлердің ымы-жымы да бірдей. Себебі мұңдас көңілдердің бір-біріне деген өкпе

тұнбас кіршіксіз жүректері болады. Өзектерін өртеген өксіктерінен тазартқан ортақ тілектері болады. «Теңтеңімен, тезек қабымен» дегенді айнытпай дәл ұстар тұс - мұңдасып түсініскен жандардың үндесіп кетер келісімімен тиянақталса керек-ті.

Қуанғаныңда, қолыңа ту алғаныңда қаптап келіп, таптап кетердей ошарылатын құрбыларың мен құрдастарыңа сен сонда жылуы мен жарығын түсіретін алаулаған оттайсың!

Ал қуардың ба, нәріңнен таусылып суалдың ба - айналаң тұрмақ, айдалаңнан әлгілердің өзі түгіл көлеңкесін де таппайсың.

Өйткені бағаң асып, бәсің биіктесе-досыңды үйіп-төгетін сатқын заманға тәуелді болып қалғанымызды, басың төмендегенде, төмендегі тұрғыластарыңның төбеңнен төнгісі келерін түнеріп түксиген жүздеріақ жайып салады. Содан соң биліктің сатысымен биіктеген досыңнан қосыңды еріксіз алыстатуға мәжбүрсің. Бүгінгі құрдасың мұңдасың түгіл кешегі сырласыңнан да алшақтап, жағаласар жауыңнан да асып түсіп, өзегіңе тілін, өңешіңе қолын салудан да тайынбайды-ау.

Соған қарағанда, үзіліп кетті ме дейтін достығың әуел баста берік орнықпаған желұшық тірлік болса керек.

Есептен де, өсектен де биік тұратын кешегінің қайран кесек достығы, келешегімнен де табылмастай құрдымға сіңіп кете бергенің бе?..

* * *

Жарым-жартылай достық құшағының жартысы да бос болады.

* * *

Жаратылыспен жарасым тапқан жан-дүниеңнің жабығынан әуелеген ән, күмбірлеген күй тумай қоймайды.

* * *

Келісе алмай періштемен,
Перімен,
Құнсыздық пен пірсіздіктен жерігем.
Төрелерім қуып әлек өзімді
Сөзім шыққан сонау биік төрінен.

* * *

«Әрбір ғалым хакім емес, әрбір хакім - ғалым».
Мұны хакім Абай айтқан.
Бүгін бізде ғалым көп, хакім жоқ.
Бүгін бізде академик көп, генерал көп, хакім жоқ.
Академиктікті сатып алатын болдық.
Генералдықты жылап жатып алатын болдық.

Бұрын малын жаратып, жанын жаралап жүріп ғылым іздейтін. Тапқан ғылымын өнерге, еңбекке, тұрмыс-тірлікке, қарыштап өнбекке жарататын. Бүгін азды-көпті ғылымын өзін емес, төңірегіндегі өзгені, жауын емес, бұқара жұртын алдауға, арбауға, өтірігін пайдасына жалғауға жұмсайды.

Жалақтаған ғалымсымақтар мен нашарларды балақтаған генералсымақтардың былықты қылығынан жиіркенген қайғылы, қамырықты көңілім қайдағы-жайдағы ойлардың тұманын кешіп, су-су болып сүмірейіп шыға келеді.

Өзгермейтін бір Алладан басқа күнде өзгерер адамның құлқы сағат сайын құбылатынын көргенде, ертеңі мүлде жоқ, бүгіні ғана есірткен осылардың одыраңдаған оспадарлығын кім тыяр дейтін жауабы жоқ сауалдың қорқынышына сұңғи берем.

Татымсыз достығын есеп-қисаппен жамап-жасқап, жең астынан жем аңдыған ғалым, генерал «мырзалардың» мысықтабандаған іскерлігі жатынның қастандығын әлденеше мәрте орап алады.

Дәлел ме?

Ал айтайын. Анау аран Қытайдан мынау қыран далаңа құйылып жатқан азық-түліктің сапасы - дәмділігі мен құндылығы, сіңімділігі мен жұғымдылығы, зияндылығы мен улылығы, жасан-дылығы мен қасаңдығы дұрысталып, тиянақталып тексеріле ме? Осыған еліміздің ертеңі таусылмасын, күн артынан туар күн ұрпақтарымызға атпай қалардай болмасын деп жанын ұшыра, жанталаса шыр-пыры шыға араласатын ғалымдарымыз бар ма? Тар қолтығымызға қадалып жатқан қанды жебені суырып алып тастайтын табанды біреуі табыла ма?

Жоқ!! Үмітін сәуле еткізер жүрегінің отын сөндіріп алғандар: «Пайда! Пайда қайда?!» деп қарау көңілдің жаңғырығын ғана тірілтіп, қаламынан қан тамыза, қолын қоймас жерге «рұхсатын беріп», жасыл баксыны бақсыдай сарнап, сайрап қалтасына сықап жатыр. Ұлтының ағзасын аздырар улы тағамды, жұртының жанын жәукемдер жұқпалы дертті шөптішаламды дүкендер мен базарларға тоғыттырып жатыр. Ал өздері өздерінің тамақ өндірісінде өнетін таза тағамдарымен ауқаттанып алып, басқаларға «өйт, бүйт!» деп тәлпіштеніп өнегесіз өсиетін айтудан жалықпайды.

Ал генералдар ше? Еліміздің әр түкпірінен бұрқсарқ оқ атқылап бой көтерген экстремистер бүлігі мен әртүрлі діни секталардың шектен шыққан әрекеттерін тыюға шамалары жетпеген; анау ашықтесік қалған шекарамыздан арлы-берлі өтетіндерге ме, әлде басқаларға ма шекарашыларымыз бен қорықшыларымызды қырып салғызған жұмбақ өлімдерін болдырмауға шаралары қалмаған соларға ортайған көңілді неңмен толтырарсың. Ал олардың өздеріне алдарынан ойын-тойдың шымылдығы ашыла берсе, артындағыларды қайғы-мұңның қасіреті қабат-қабат бүркеп жасыра берсе де бәрібір.

Ендеше ақылдылар арланар бағыттан мүлде адаспас ғалымдар мен сардарлардың қытымыр көңілдерінен жайлаудағы ел түгіл қыстаудағы бірен-саран қыршаңқыны табу да қиын-ау. Кісі айтпаған кісілікті сөз қалмаған бұл заманда аламанға түсіп жарыспай-ақ бәйге алып жүргендер менің кекірт кеңесімді қайдан тегіс ұға қойсын. Соны өзім ұқтым да әлгілердің көзіне шалына бермейін деп бұға қойдым.

* * *

Әр кітабым биікке ту байлаған сайын бірнеше әріптесімнің менімен қастасуға ыңғайланғанын үнемі байқаймын.

* * *

Мансапты мансұқ еткем,
Қаламды қозғау үшін.
Кесірді жаншып өткем,
Тоқырап тозбау үшін

Он үшінші ой
Мен - тірімін!

Өзіңді күн сайын қайталап туғандай сезінбесең, өмір сүрдім деуің бекер. Ондай мезетте мимырт тірліктің күнделікті шабан қимылына шыбындауды да білмей қыбырлап ілесе беру - жан иесі деген аттан жануарлыққа жетектеп апарып, қосақтай салатын көнбістік қана.

Әрбір күнің кешке қарай қызарып барып сөнерде, сол тәулікте не істегеніңді бағамдай алмасаң, бір ғұмырыңмен мәңгі қоштасып, ақтық деміңнің ақырғы лебімен иек қағарда не бітіріп, не тындырғаныңды бағалай алмасаң - өміріңнің өлшемі бір-ақ тұтам.

Туғаныңды білмеген жұрт өлгеніңді де байқамайды онда.

Әр ғұмырдың қызығымен желкілдеткен жеңілі һәм шыжығымен қиналтқан ауыры да бар. Жаныңды жадыратқан шуағы мен жүрегіңді жұлқылаған дауылы да мол. Ауырымен арпалысудан қашқақтап, жеңіліне жүгіре берсең, дауылына қарысып қарсы ұмтылмай шуағының жалынына кеудеңді тосып тығыла берсең, түптің түбінде жеңіліп, желініп тынасың.

* * *

Кез келген адамнан күдіктене түңілетін жан өз кеудесіне де күдіктене үңіледі.

* * *

Қаламды қалқанмен де тойтара алмайсың.
Қалқанды қалам айқара тіліп өтеді.

* * *

Сан күйзелдім. Сан күрсіндім, сан күлдім...
Өлімін бе, тірімін бе -
Мен кіммін?
Көз алдымнан көше берді дүние
Естігенде жаман атын дертімнің.

Жарық Күнді қара түнек жұта ма,
Ажал - шеңгел тырп еткізбей тұта ма ?
Шырылдаған бозторғай боп жүрегім
Аман қалар тығылса қай бұтаға ?

Қылтамақ!..

Қандай суық, қандай қорқынышты, кеудеге үрей сызын үскіріктен бетер айдап енетін сөз!

Қылтамақ! Әлгінде ғана аспанымнан ып-ыстық шуағын төгіп Күнім күлімдеп тұр еді. Табанымның астына гүлі мен түгінен кілемін төсеп Жер-анам көтеріп жүр еді. Бір-ақ сәтте бәрінен айрылам ба?..

Жанды бүрді-ау «Ажал!» атты азалы үн.
Шаншып миға ойды үркітер азабын.
Мен халқымнан жыртылам ба бөлініп,
Ауырар ма қаны тамған қазағым?..

Үрей билеген бойдан ой қаша ма? Әлде қорқыныш дірілдеткен бойды аласұрған ой баса ма - түсініксіз халдің тұңғиық тұманына оранып, емханадан сыртқа атып шыққанымды білемін. Шалқалап көк аспанға көз тіккенім есімде. Қонылтақсыған көңілмен көк Тәңірісін іздедім бе екен? Әлде аяқ астынан ғұмырымның қыл ішегін үзіп жібермек болғанына налыған өкпе-өкінішімді айтпақшы болдым ба? Әлде шыбын жанымды шырылдатып мұрнымнан сығып алмай, кеудемнің қуысында біраз-біраз сақтай көр деп жалбарындым ба? Білмеймін. Көк аспанның көз суырар биіктігі, жаз күнінің жанды иітер жайсаңдығы бұрын-соңды кездеспегендей әсемдігімен, әсерлілігімен жүрегімді солқ еткізді де, көзімнен екі түйір сараң еркек жасын ыршытып жіберді.

Әуелетіп ән салмасам мен енді,
Өр мен төрге шығармасам төбемді,
Аурухана төсегіне таңам ба,
Ісік шалып, отқа оранған денемді?

Машинадан түсіп, шоферды қайтарып жіберіп жаяу ілбіп келем. Дүние бөлек, мен бөлек. Өмірдің қызу, қырғын дүрмегінен әп-сәтте ажырап, айрылып қалғандаймын.

Өмір, ғұмыр! Қандай қымбат едің сен! Сенің өлшеусіз бағаңды, сенің ғаламат құдірет екеніңді іп-ілезде... іп-ілезде сезе қойғанымды кімге ұғындырып жеткізермін. Көзді ашып-жұмғанша қиқулап жетіп, аш өзегімнің қыл өңешін қылқындыра бүрген ажал шеңгелінен құтыла алармын ба? Дүниеде ажал ба-

рын мүлде сезбейтін мен сияқты арқасын қазағының құшағына тіреген, көңілін Алашының қошеметімен күлдірген шығармашылық иесіне тіршіліктің шеті, шегі болмастай ұзақ... тым ұзақ болып көрінбеуші ме еді. Енді неге тез қайрылмақшы? Енді неге жыпжылдам, оп-оңай үзілмекші?..

Қап-қара бұлт торлады ма Күнімді?
Суық ызғар солдырар ма гүлімді?
Мен жырымды еліме айтып бітпем ем.
Қайтіп шертем оған енді мұңымды?

Не тындырдым, не бітірдім, не бердім?
Шыға алдым ба көңілінен мен Елдің?
Қайтіп енді толтыра алам олқымды,
Ертеңіммен аяқталса келер күн.

Ілбіп келем. Әлем бөлек, мен бөлек. Кенет... «Аталаған!» қос бірдей дауыс жамыраған ойымды да, тәлтіректеген бойымды да селк еткізіп, сілкіп-сілкіп жіберді.

«Аталап!» құлдыраңдай жүгіріп алдымнан шыққан немерелерім - Жан мен Марғұлан екен!.. Бар екем өмірде. Бірге екенмін дүниемен. Әлемнен әлі кіндігім үзіле қоймапты. Жалғастырған, байланыстырып тұрған мынау өзім боп, көзім боп, ізім боп шұрқыраған немерелерім екен.

Жан мен Марғұланның еркелеп естілген дауыстары енді маған өзімнің үзілмес, өлмес, өшпес үнімдей болып жетті. Мен өлмейді екем. Өле алмайды екем. Мен ұл-қызымда, ұрпақтарымда тірі қалады екем.

Жаңаруын қайталай алар болса, бітпейтін іс болмайтынын, ел есінде жаңғыруын орындай алар болса, өлмейтін адам болмайтынын ұқтым ба, екі немеремді құшағыма қысып кеп алдым.

Өңешімнен білдірмей дәм өтпесін
Езуімнен күлкі табы кетпесін.
Әлсіз кеудем іштен толқын ытқытып,
Бір саңқ етіп тіліп түссін көк төсін!

Сергідім. Серпілдім. Бір туғаныңды рас десең, бір өлерің хақ. Бірақ сол шіркін ертерек емес, өз мезгілінде жетсін. Тұяқ серппей, мойын сұну - маған жат. Ендеше жабылғалы тұрған өмір қақпасын қос қолдап кері итеріп, сарт еткізбеуге барынша тырысамын. Уәдем де, сертім де осы. Уайым - ер қорғаны десек те, үмітті - ер қанжары етіп қарсы қоямын. Сөйтем. Ажалдан қорқа-қорқа тажалмен тез табысудан өтер ақымақтық жоқ.

Жоғалады жанды илеген азабым.
Өз ағзамды өзім емдеп, жазамын.
Жеңе алмайды еш құдірет рухымды,
Жеңе алмайды кең Даланың қазағын!

Нартәуекел! Бәр-бәріне дайынмын.
Уай, жұбайым! Сілкші бұлтын уайымның.
Пышағына түсем де, аман шығамын.
Жақсарарын тіле Хақтан жайымның.

Өлмес ұлдың өшпес жарығы аспанда жарқырайды дегенге сенем. Жұлдызым өше беріп қайта жанды ма, жарығым сөне беріп қайта тұтанды ма, мынау Дүние деп аталатын жарық Жалғанның есігін екінші рет аштым. Сұлық кірпіктер жыбыр-жыбыр тіріліп, тас денеме діріл жүгірткенде ернімнен «Елім!» деген жалғыз сөздің үзіліп шыққанын сездім.

Сөйтіп туған жерімнің топырағына табанымның мөрін тағы бастым. Қиялыммен көгіме қайта ұштым. Арманыма, жаныма қан жүгіртіп, елім деміне менің демім араласты.

Қайта тудым. Сәбиі боп оралдым
Арқа, Арал, Жетісу мен Оралдың.
Жүрегім бір, тілегім бір, жаным бір
Мен солардың тілеуінен жаралдым.

Елім берді еркелетіп таң нұрын.
Еркеледім, елжіредім, қалды мұң.
Мұңым емес, күнім енді құшып ап,
Тағдырыма қосты Елімнің тағдырың.

Сенімім - серігім. Үмітім - ілгері сүйреушім. Арманым - алға жетелеушім. Халқым - қалқаным. Ажалмен айқасып, өмірмен татуласып жүріп жатқан жай-жағдайым бар.

* * *

Іспен қабыспаған құрғақ сөзіңнен бір жапырақ болса да әбүйіріңді жабар бөзің артық.

* * *

Нағыз сыншы - уақыт пен халық.
Өйткені екеуі де ешқашанда
Жалғандыққа жоламайтын алып.

* * *

Адамның құшағы адам үшін жайылар.

Бірақ сол құшақ соңғы кездері қасарыса қусырылып, ашылмастай болып кеткені қалай?

Әлде құшағын ашар адам азайды ма?

Әлде ашылар құшақ қаусырар адамын таба алмай жүр ме?

Әлде адам біткен тегіс пендеге айналып кетіп, күйкіліктің күйбеңімен бірінен бірі қашқақтауды әдетіне айналдырып алды ма екен?

Есеңгіреткен сұрақ көп. Ес жиғызар жауап жок.

* * *

Жүйрік күліктің де жорғалайтын, желетін, аяңдайтын кезі болады ғой.

Он төртінші ой
Ұлттық намысты ұлылайық та

Ұрғашының көркімен ғана жақсы болмайтынын қаншама сезсек те, сол бикештердің сырт бейнесінің сұлулығына есерлене еліріп, лапылдап жанып кететініміз бар-ау.

Ә дегенде-ақ жанарынан шуақ шашырап, тілінен бал тамған қырмызыңның ерке қылығынан, бөрте бұрымынан көз жазғызбас жүрек толқынымен арбалып, сол аруыңның ізіне салындыдай боп батып, шығып ілесіп кете барғаныңды білмей де қаласың.

Жеңсіккойлықтың желдетуімен жеңілтектеніп жүріп, жұп болып жараса алмай, үй болып үйлесе алмай, ұтқанымыздан ұтылғанымызды көбейткен кезде ғана санамызға енеміз.

Сөйлесе сөзі әдемі, жанаса кетсе қылықты мінезді, сырыңды сыртқа жаймас, алысқан қол, айтысқан серттен бір елі таймас, білместігіңді сабырмен жеңер, уайымың жоқ, көңілің тоқ, көкірегің зор бозбала күйіңе тасыңқы-басыңқы базынасымен енер жар тапсаң, сенен өтер бақытты адам болмас.

«Бетім барда бетіме кім шыдайды» деп маңдайдағы көзін маңдайшаға қадап, жолын тосып топырлаған жігіт-желеңді таптап өтердей паңдық танытатын ардакүрең аяштар керім-кербезденіп жүріп топтың топалаңына түсіп, көптің ойыншығына айналғанын жат өсектің жаңбырдай жауған нөсеріне былғанып барып бір-ақ біледі-ау. Бәйшешектей майысқан, қызыл гүлдей толысқан деп сондайлардың біріне

ұрынсаң, жар төсектен бездірер жеңіл-желпі қылығы мен мазаңды қашырар ер ұялар іске ере беруіне төзе алармысың.

Шіркін көңілі үнемі таза жүрер, өзіңді өзгелерден артық тұтып ханға балар, мінезінің кесегі бар, соңынан ерер өсегі жоқ, жары үшін жанын пида қылар қосағыңның жар төсегі - алтын тақтан бір кем болмас еді-ау. Сондай аруға кездессең, бағың жанбаған несі қалады.

* * *

Аузын жаппастың көпіруінен бір түйір дән таппассың.

* * *

Төбе көрсе,
Езе басып
Төршіл ұлт боп қалсақ та,
Төреліктен безе кашып,
«Қош!» дегем мен мансапқа.

* * *

Еліктеуден солықтаудың жаман екенін сезем бе, өзіме еліктеушілерді емес, еліктете алмайтындай етіп жазсам-ау дейтін пайымымнан айрылмаймын.

* * *

Адамды шыңға шығарып сүйретететін де, шыңырауға құлдыратып күйретететін де ар-намысының бар, жоғы ғана. Арың мен намысың- жүрегіңнің нәзік қылын шертіп тұратын азаматтық парызыңның күмбірлейтін күйі. Қалғып, мүлгіп өтпесең, жадырайтын жаныңды әлдилеп отыратын адамзаттық қарызыңның әсем әуені.

Қажырлы ұятыңды қалғыттырмайтын намысыңды кеудеңде ұялатсаң, аяқ-қолың бұғауланып, темір

тордың арғы жағынан сығалап тұрсаң да, сенен ардақты һәм бақытты жан болмайды. Өйткені асқақ арын аялап, өр намысын жанынан да артық қорғап, сақтап өткендердің өшпес, өзгермес өнегесі - бүгінгі күндердің ең күнды, ең қасиетті мұрасы.

Алайда сол киелі ар-намысты табан астына төселген кілемдей етіп таптап жүргендерді айналамнан жиі көретін болдым ба, жүрегімнің тілік-тілік жарасының қаны қайнап шапшып, жарымжан жанымды мазалауын (әлде жазалауын) өршітумен әлек.

Жазғыруымды дәлеліммен тұздықтайын.

«Алматы» арнасының отыз төрт қызметкері жұмыстан кетті. Жай кеткен жоқ, қазақ тіліне қазақ тілді бөлімнің серкелеріне қайта-қайта қысым жасай берген қалалық әкімдіктің баспасөз хатшысы Сергей Куянов дегеннің шектен шыққан шенеуніктік шіренісіне иленгісі келмей, намысын ту қылып, аспандата көтеріп кетті. Ұлтқа, ұлықтарға селт етер ме деген сенімдерін сіңірерміз-ау деген үмітпен кетті.

Не болды? Меніңше түк те болған жоқ тәрізді. Үрпиіскен ұлтты, ыңыранған ұлықты байқамадым-ау. Ал анау «Алматы» атты арнадан Алматыда кілең сары шашты, көкшіл көзді «үлкен ағамыздың» ұлы мен қыздары мекендейді дей ме екен, күндіз-түні орыс тіліндегі хабар-ошарды, әлеміш-жәлеміштерді көруден басым айналды.

Өзегімді өртеген өксік толы өкпемді Есімов мырзаға ғайыптан тайып жеткізе алған күнде де, оның қазақы ар-намыстың құдыретін ардақтай қояр-қоймасына сеніңкіремейтін сияқтымын. Әйтпесе Куяновының қазағымызды кемсітетін көкірегі толы кесірлі «күй, әнін» әлдеқашан пышақ кескендей тыйып, тәубасына келтірмес пе еді.

Ұлттық намыстың ұлынан ажырамасын ұғатын ұлықтар азайып барады-ау деп күйік ата күрсінуімнен басқа қолымнан келер шарам жоқ.

Тағы бір талықсып талып түскен жай-жағдайымды көлденеңдетейін.

«Намыс-дода» дейтін Францияда өтетін ток-шоуға еліміздің қадау-қадау ұл-қыздары қатысып, ұлттық намысымыздың көгілдір туын көкке көтеруде алдына жан салмауға тырысып-ақ бағуда.

Бірақ... Сол елдік туымыздың өзгенің қолында... онда да қарсыласымыздың (қас дұшпанымыз демей-ақ қояйын), басқа бақталастарын қырғи өңештің қызыл тілінің өртімен шарпитын бас жаршысы Д.Нагиевтің қолында желбірегенін көргенде... жығылмас жығам жыртылғандай, елімнің еркіндігі езілгендей сезіндім бе, іштей күйзеле күңірендім.

Оу, ағайын! Уай, сол додада бас-көз боп жүрген Асаналы ақсақал, Майра әншім-ау! Арғы-бергі тарихта жағаласқан жауларынан тәуелсіздігінің, арнамысының символындай желкілдеген туын жанын оққа тосып, қанын судай ағызып қорғап өткен елдердің ерлерінің ерлік үлгісін аяқ асты еткендерін қалай? Өз туымызды өзгенің қолына ұстатқандарың қалай? Сорға батса да, қорлыққа батпай көздің қарашығындай сақтаған ата-бабалардың намысын қолдан бергендерің қалай?

Ар-ұятты сақтап тұратын сыртқы қабық-терісіндей - намыстан, ал сол намыстың ішкі қан ағысындай - ар-ұяттан айрылғанша, мүрдем кетіретін ажалдың тұзағына іліну көп артық қой.

Бұным енді намысы қалғығандарды түрткілеп оятам ба деген далбасам ғана.

* * *

Ұлтының үні болып сөйлейтін ақынның әкімге жақындығы болмайды.

* * *

Мәрттіктің бәсі жоқ, десі бар.

* * *

Шексіз уәденің секемі де мол.

* * *

Өлімді емес
Өмірді мың ойладым.
«Елім!» дедім,
Шер жұттым,
Мұң айдадым.
Қаламымды қолымнан ала алмай жүр
Көп шуылдақ
Берген соң Құдай дарын.

Он бесінші ой
Халық жауы емеспін

Талай жасқа жеттім. Алдымның азайғанын, артымның көбейгенін білместей есімнен ада-са қойғам жоқ. Бермегенімнен бергенім көп пе, көрмегенімнен көргенім көп пе - не деп тәлпіштеніп тапсына қалайын. Алыс-жұлыстың аясында болдым. Айтыс-тартыстың ұясына да айналдым. Бірақ әділдік деп дүрс-дүрс ұрған жүрегімнің қалауымен шындық іздеп шыж-быж болған тіршілігімнің озбырлыққа қарсы күреске татырлық тіресуін бекер әурешілік дей алмаймын. Өткен ізімді шиырлатып, әжімді жүзімді шымырлатып ұзартқан ғұмырымды байлаусыз, баянсыз істердің тізбегіне тіркей де алмаймын. Теріс басқызып, керіске ұшыратқан адасуым бар шығар. Ал арсыздықпен арсылдататын адасушылыққа әдейі араласуым болған емес.

Бір көзімен төрге қалтақтап, бір көзімен елге жалтақтап: «Саған да құлмын! Сендерге де құмбылмын!» деп екіжүзділіктің жымысқылығын езуіндегі есірік жымиюымен жасыратын зиялысымақ қазақ-

тардың қылмыстан да ауыр сатқын құлығы маған жат.

«Тәртібіңді дұрыстап, қаламың мен тәкаппар қадамыңның өрісін өзгертсең, талай сыйды да, сарай, күйді де табаныңның астына тастаймыз!» деген биік-биік биліктегілердің емексітуіне емеурін танытпағаныма, ебелек қақпағаныма өзіме өзім қаншама разы болсам, мен үшін өкпесі өшкен балаларымның жазықсыз жапа шеккендерін көріп, іштей сонша мүжіле қиналам.

Қай мекемеге, қай қызмет орнына барса да, фамилияларын естігенде, құбыжыққа кездесе қалатындай түр танытатын әкімсымақтар мен мекеме, фирма басшылары үш балама ту сыртын тоса қоюдан бір жаңылар емес.

Соған қарағанда әлгілердің алдында «Сматаев - халық жауы! Сматаев -мемлекет дұшпаны!» дейтін үркітпе парақ жата ма тәрізді дүдамал ойға еріксіз ойысатын болып барам ба, мынау жәдігөй тірліктің бүгінгі шексіздіктің шыңына шыққан шенеуніктерден түңілуім көбейді.

Әу, төрдегі төрелер! Әу, алқымы ісінген әкімдер!

«Әкесі үшін баласы күймейді!» деген тұқыртқыш тұжырымды қысастықты құрық қылып созған мұртты көсем Сталиннің өзі ескертіп кетпеп пе еді. Сендер сол мұрттың сыңарезу ырқынан да асып түсер бүгінгі былықты қылықтарыңды қашан тыясыңдар?

Талай жасқа жеттім. Бергенім мен тергенімді ескерем деп отырып, күштілерден кесірлі кісәпірлікті көргенімді, күрсіндірген күйікке ергенімді қазбалап кетіппін-ау. Бәлкім күйінішті тірліктің құдіреттілігі - күлдірте бермейтін күрсіндіруінде де шығар-ау.

* * *

Тәніңді жыртатын сұр жебеден де, жаныңды жұлқылайтын сұрқия сөз қауіпті.

* * *

Шынайы ақынның тілі ұлтының ділінен нәр алады. Шынайы туынды ұлтының ақыл-ойына сүңгіп, зерде-зейініне үңіліп барып, ұлтының ары мен жанынан жаралады.

* * *

Көзбен көргеніңді елемей, құлақпен естігенге сенетін кезге кез болдық. Жерде қыбырлаған кенедей тесіктен тесікке тығылар ез болдық.

* * *

Көрдім талай «құдайды»,
Ұстағандай Күн, Айды.
Омақа асып төрінен
Тап күні ертең құлайды.

* * *

Көңілдің өксіп жылағанын
Өнерлінің өлеңі ғана жұбатады.

* * *

Ол күндер мен бұл күндердің арасы аспан мен жердей соншама сұмдық алыс боларына неге ғана онша мән бермейміз?..

Көктемнің бір шуақ шашқан сәулеге толы сәскесінде қырдың қып-қызыл қызғалдағы мөп-мөлдір шықпен бусанып қарсы алдыңнан бой созып шыға келмеуші ме еді!

Мен оны алғаш сол қырмызы қызғалдақ қалпындағы тылсым табиғатпен тұмса табиғаты жарасқан толықсыған талдырмаш қыз бейнесінде кездестіріп едім.

- Әу, шырақ! Ойың жеткен биігіңнен сәл бері түссең, Қаракесектің бойжеткенінің әннің майын

ағыза алатынын сезерсің. Ал онда жүрегіңді тербеп, жан-дүниеңді қозғап бір көрейін!..

Оймақ ауыздан әннің майы ағылып, балы ақтарылып еді-ау! Жүрегім жұлқына қуанып, жан-дүнием әсемдікке бас ие тыпырлай төңкеріліп, әлем біткен билеп кетіп еді-ау!

.. .Қыраулы қыстың ызғырығы ескенде, шатқалдағы сайдың ығында қураған құрайдың жалғыз-жарым сарғая сорайған сабағы сыбырлай ғана ызыңдап, жолыңды тосып тұрмаушы ма еді...

Мен оны ақ шашты бастың жанары суалған, тіс атаулы таусылып, екі жағы опырыла қуарған, дүлей табиғатпен түнерген табиғаты қабысқан арса-арса құрайдай күнінде және жолықтырдым.

- Ау, қарақ! Алашқа жеткен өң-түріңді бері бір бұрсаң, Қаракесектің кемпірінің ендігі гөй-гөйін сезерсің. Ал онда жан-дүниеңді егілтіп зарымды боздатып бір берейін!

Жиексіз еріннен тиексіз домбыраның үһілеген уіліндей ән емес, запыран зар төгіліп кетіп еді-ау! Жүрегім бебеулей жылап, жан-дүнием кәріліктің қысастығына көнгісі келмей, астан-кестен боп төңкеріле тулап, әлем біткен күрсіне күңіреніп қоя беріп еді-ау...

Анау тұлабойымды түгел иіткен тамылжыған ән мен мынау өнбойымды тегіс құрсаған аңыраған зардың айырмашылығын ашып айтып бере алармын ба...

О күндер мен бұ күндердің адам ойы қанша қуса да жете бермес алшақтығы-ай!..

* * *

Әйел затының жаны мен мәні де, әрі мен сәні де - жүрегінде ғана.

* * *

Арудың көзінен өз өміріңнің өзегі үнемі көрініп тұратынын сезбесең, сергектігіңнен баз кеше бер.

* * *

Адалдықты тани білгеннің абыройы артады. Ал оны сақтай білгеннің адамгершілігі асқақтайды.

* * *

Азабын шеккем сүюдің,
Жаңғыртып жанда ғазалын.
Сезімсіз бүгін диюмын
Кеудеден өшкен ғажап үн.

Он алтыншы ой
Заман салғырт, адам мәңгүрт

Талпындырған тілекті тап басам деп ұмтылған жүректі тоқтату қиын. Өйткені жастықтың жалыны бойында үнемі тұра бермейтінін сезгендіктен де ескі дүниеге бір жаңалық әкелуге, немесе содан бір өзгешелік табуға тырысатының ақиқат.

Бірақ бейнет суын қанша ішсең де, сөнбес дейтін сол жүрек отын сөндіретін де құдірет бар екен. Ол құдірет - төбеңнен төңкерілген қазандай боп еңсеңді езіп бара жатқан қазіргі **заманның салғырттығы.** Ол құдірет - зомби тіршілігіндей ойсыз, мәнсіз күй кешкен бүгінгі **адамның мәңгірттігі.**

Ішің еріп, егіліп айтқан ақылыңды тыңдау үшін де ақы сұрайтындарды көбейткен заманға не дерсің. Құлағын сатқандардан Құдай атқандардың сүлдесін көрем бе, сасқанымнан күңіренем де күрсінемін.

Нұрлы аспанға талпынып өсер ертеңімнің қырғын-сүргіннің қарақшылығымен ауызданып, түксиген түсін қара түннің қойнына қадалтқан ертеңінен шошимын ба, кеудеме ұлып оралған уайыммен құшақтасып көрісемін.

Ойымды да, миымды да тонап жатқан сұм заманға жасар амалым қалмаған соң, көңілдегі тәттісі бұзыл-

мас, таңдайдағы дәмі қайтпас қайран жастықты «шіркін-ай, бір ғана серпіп қайта жетер шағы болсайшы!» деп күрсіне армандаймын.

Ауыр дүниесімен арқаңды жауыр қылып мініп алған заманың жүгіргенді құздан құлатпай, күлгенді еңіретіп жылатпай тыйылар ма?

Ал адамым ше?

Ғылым қуып, білім алуға ақшасы жоқ, жұмыс істеп, еңбек қылуға күрегі жоқ, бағатын малынан жұрдай болып, сатылған жерінің адастырған жолының бұрқыраған шаңын жұтып жүрген ауылдастарым бар. Солардың жер-әлемді бір-ақ уыс қылған көк Тәңірісін, сол бір-ақ уыс дүниеден табан тірер тиянақ тапқызбаған жер тәңірлерін қарғаған зарына жанымның әр қылы дірілдеп қосылуда. Бұл байғұстарға өкпем жоқ. Солармен бірге ышқынтар өксігім көп.

Құрметке тоймас, қошеметке жерік шекірейген шенеуніктер мен ақиланған әкімқаралар сатып алған аброй, атақтарын әрең көтере талтаңдап, құдайымсып дүрсіп қоқиланумен құр босқа күн өткізіп әлек. Солардың ар мен иманды, адалдық пен әділдікті саудалайтын кекек-секек қимылынан, қайқаң-жайқаң жүрісінен әбден тозып біткен елдің сиқы қашан түзелер екен деумен жұрты да азып барады.

Алдым - пейіш деп дәмеленіп күткен тірлігіңнің түбі кейіс боп шыға берсе, талпынған тілегіне жетер жүрек дәл бүгінде, әй, табыла қоймас-ау...

* * *

Миың ойыңды сорғалатса, ойың тіліңді жорғалатсын. Жаңылмайсың.

* * *

Көп сөйлеуден дөп сөйлеу керім. Өйткені көп сөйлеген тозады да, дөп сөйлеген озады.

* * *

От шашырар қара көзде жас тұрса,
Көкіректі қайғы-мұңға бастырса,
Көк Тәңірден көк бөрі боп жаралған
Атылар ма Алаш ұлы қасқырша?

* * *

Өз ұлтыңның жыртығын жамау үшін өзгелердің қолтығына кіріп, құрым-жырым табудан Құдайым сақтасын.

* * *

Қалжыраған халқының қажымас серігі боларлық, айтқан сертінен адалымен айнымас, барша жұртының бағасын дәл таразылап асырар білікті басшыларым қайда?

Қаскөй қасың қожаңдап ұмтылғанда, арсыз досың құбылып бұртиғанда, қасты маңдайдан соғып тойтарып, досты теріс райынан ұрсып қайтарып, телі мен тентекті нақ тергегіш әкім-төрем қайда?

Біреудің жаратқаны базбіреуге жақпайды деп ұлтының ұнатқан тілі мен дінін ұлдарының үлесінен ұрлап алып жүрген дүбәра әкелерді қайырып әкеліп, халқының қасиетті жолына салар, жөніне келтірер ұлт қазынасы аталған зиялыларым қайда?

Арамдық пен жалғандықты жүндей сабап, өтірік пен өсекті судай сапырып, қарағайға қайыңды жалғаған құрығымен буыны бос, сүйегі жасық, бықсып қана ішінен шіри бастаған бұқараңды қуалап жүрген шенді-шекпенділерге бірін-бірі күндегіш қаламгерлердің арасынан қасқайып тұрып қарсы шығар азулы топ қайда?

Мұңдассаң ғана көңіл кірі аршылар деген күшеншек дәмемен жүрек мұздатқан өкпеңнің сызын кімге айтарыңды білмей, ой саларлық ағайын тұрмақ,

иек қағарлық көрші таппай кемді күнді бөлектеніп, бөлшектеніп өткізумен келеміз.

Қашанға дейін?..

* * *

Қаламның қылыштан да өткір, найзадан да үшкір екенін сезбейтіндер - шенеуніктер ғана.

* * *

Жасығанның тілі шорқақ, тасығанның үні шалқақ.

* * *

Арғымақты шобырға ауыстырып мінер, қамқа тонды тастап, шапан-шапқыт киер, келбетің қашып, иінің түсіп, қадірің кетер шаққа жеттік.

Баяғыдай керегеге сабау шаншып, соған іліп қойып маңғаздана қарайтын бөрік те қалмапты, кереге де жоғалыпты. Айрандай ашыған ашуыңды шақыруға да шамаң жоқ. Сүйкімі қалмаған бейуағыңның қойнына күңгірт ойларыңның қашқан-пышқанын қамалап айдап әлексің.

Ұлғайған арманды аңсадым дегенше бір қайғыдан жүз қайғы қоздатып кәріліктің қақпаны ойыңды да, бойыңды да құрсаулап тастайды.

Содан соң-ақ «ел-аулақ, мен-саяқ!» деп көк пен жерге көңірсіген кеуденің өкпесін көпіртіп төгіп ала жөнелесің.

Өйткені төрден де, төмендегілерден де қайтқан көңіл бар. Төмендегілерге бұрынғыдай үйіп-төгіп ештеңе бере алмайсың. Содан ба әлгілерің сәлемін де борыш қылып, көрсе де, көрмегенсіп өте шығады. Төңірегіңдегілерден ұялғаннан ыржиып күлген боласың.

Төрдегің шын сөзіңнің шымырлығынан шіміркене ме, «өзім!» деуге өлсе жоқ. Өзегіңнен түймесе де,

өңіріне жолатқан емес. Сол себепті аларыңды бермей, тиесіңді бөгденің қанжығасына бөктере салумен келеді.

Қартайдық, қажыдық. Кешегі қыран саңқылынан айырылып қалып, күйкентайдың шықылықтаған күйіне ауыстық. Әйтпесе Алланың берген құдіретті талантын адамға қол жайып ұсақтатпас едік-ау.

Биігіңнен құлдырасаң, пенделігіңнің күйігін тарта бер онда, жазғ...

* * *

Жас ұлғайған сайын жағыңды қарыстыруды ұмыта түсесің. Содан соң-ақ өңменіңнен өксігің мен бықсығың ақтарыла береді.

* * *

Жазықсызға жаны ашыса, мылқауға да тіл бітеді.

* * *

Төрді беріп,
Жолды беріп кірмеге,
Орап қойсақ үлде менен бүлдеге.
Көзің сатып,
Сүмірейсең өзгеге,
Құл тірліктен арылар ма бұл дене?

* * *

Балалық шақтың, осы шақтың һәм болашақтың бар бітім-болмысын барлық бояу-бедерімен көз алдыңа мөлдіретіп қондыра қоятын тылсым иесі - шынайы қаламгер.

Он жетінші ой

Мен бүгін адамдардан қорқамын!

Бір жақсылық жасағысы келіп ұмтылып қалып, шамасы жетпей жығылып тұрған адамға күле қарап, ешкімге ештеңе бермей, өз қамын өзгелердікінен артық көріп, бұғынып жүрген пенделерді пысық санап, соған бас изеп, қол беруге асығатынымыз қалай?

Ақылдының айтқанын тыңдамақ түгіл айналасына жоламауға тырысып, ақымақтың ыржалақтауынан көңіл хошын табардай маңайына топырлай үйіріле түсетініміз қалай?

Қара қылды қақ жарардай адалдығымен Алланың жіберген жарлығын бұлжытпай орындап, қорықпас жүрек, айнымас көңілдің сөзін айтып, имандылыққа ұйытқан жаннан безе қашып, ақты қаралап, жанды жаралап, өтірікті шын етіп ант ішетіндерге қол қусырып, сөзіне ұйып, көзін аңдып, жолын тоса беретініміз қалай?

Ант пен сертке, адалдық пен мөлдірлікке деген кеудені тазартып отырар дұрыстықты ысырып тастап, Құдайға, имандылыққа, ар-ұятқа деген кеуіліңді ыластар терістікке соншама құлшынып құлап түсетініміз қалай?

Әлде ой-бойдағы кесірлі кесапаттарды дүр-дүр сілкініп, жұлқып жыртып тастап, жүрекке жігер, жанға қайрат берер турашыл байлауды табудан жаңылдық па?

Әлде тәуір қыларлық адамгершілік қасиеттен мүлде адасып қалып, қасіреттің құрсауында батпақтап жүре бергенге көндігіп біттік пе?

Әлде Жалғанның жалғандығынан жеңіліп тындық па?... Білмеймін.

* * *

Өзі тойса да көзі тоймайтын қонақ отырған төрін ұмытар.

Байлыққа белшесінен батқан қарақ өзін өсірген елін ұмытар.

* * *

Әділеттен ауытқу - тоспасын бұзған тоғаннан да қауіпті.

* * *

Жұмақ қайда,
Тозақ қайда ?
Қайтеді ойлап оны Адам !
Азаптай ма,
Мазақтай ма,
Өзін өзі тонаған ?

* * *

Өткен заманның ұмытылып бара жатқан өксігін өңешіңе қуып тығып, еңірете өкіртер шығармадан өтер жаршы болмас.

* * *

Жасқа жас, ойға шал кезде-ақ қалың қазағымның кәдесіне жараған «Елім-ай» романымды сүйініш тұттым ба, ырза боп қолымды қысқан әр адамға шын көңіліммен елжірей қуанып, құшағымды тосушы едім. Көңілге шек келтірер, кеудеге шүбәлі ой жүгіртер кірбіңнің қылшығы да табылмас жайраң жастықтың құрбы-құрдасы - тегіс досың, аға-жағасы -түгел тілеулесің көрініп, адам біткенді аялай құшып, ардақтап өтуді армандаудан жалықпайтынмын.

Өмірін берген Алланың ажалын да қиярын білсем де, сол ақтық демің аймалар сәтті жер түбінде

жатқандай алыссынып, өмірдің өрі әрең-әрең таусылғанша, балы тамған жас қамыстай жайқалып жүре берем ғой деген сенім жылы жүзді жайната қоюшы еді-ау!..

Содан соң-ақ сүйкімділігі мінезіндей, мінезі сұлулығынан да артық ақылды арулардың асыл жүректерінен шымырлап шыққан майда лебізіне балқып, жан біткенді жаныма балап, шүкірана шаттанушы едім-ау!..

Содан соң-ақ ұйқтаған ойды түрткілеп оятар миымның мың градус домнасынан еркелеп төгілер сөздерді неге ағытпайын. Тереңге бет қоймаған ғұмыр ғұмыр болар ма. Кітаптарымды бірінен соң бірін шығарып талпынғаным да, шалқығаным да, шарықтағаным да дәл сол кез. Мен онда адамдарды сұмдық жақсы көруші едім-ау!..

Жалпылдап жыртылған желкендей болып қайта оралмас қызықты күндер өтті. Шыңғырып жатсаң, шырайын бермес бұлдыр заман жетті. Бұрынғым еске көп түскен сайын бүгінгім түсті қашырып, әжімімен әдіптеуін көбейтті.

Ескі қораны күзетіп қалған кәрідей қайғырамын, қамығамын, налимын. Жабыққан жаным, жамбасы төсекке таңылған тәнім нені іздейді? Өмірден күтер енді не қалды? Қапыл кеттім деп өткеніме өкіне алам ба? Әлде алдымдағы тұрлаусыз тірліктің тілегінен айрылып, үмітінен баз кештім бе? Білмеймін. Білетінім - қорқынышым көбейді.

Мен бүгін адамдардан қорқамын !

Ең алдымен жақсылығын күнде емес, мүлде ұмытқан адамы жоқ, наданы көп төңірегімнен қорқамын! Өйткені ісімен жатына айбын танытпайтын, күшімен жауына айдын көрсетпейтін көпшілігімнен өз мұңынан басқа өзгенің уайымын айтар біреу шықпайды.

Солардан қорқамын мен.

Асағанына жұбанып, жұтқанына қуанып, тұл бойын желікке жеңгізген; бекерді сылтау етіп, келер мен кетерді ескермей төрдегінің стипендиясы үшін жердегілердің желкесін үзіп беруден тайынбаған; бүгін бетін елге беріп демократ атанып, ертең етін төрге сатып тойын топырлатып жасатып, пресс-конференцияларын дүрілдетіп өткізіп жүрген екі жүзді зиялылардан қорқамын.

Дәмдіден де дәмді іздеп, зар мен шерден әнді іздеп, кеудесі толған ылайлы ойымен тұнықты былғап, бұзығыңды жөндеймін, қызылыңды әрлеймін деп қысыр қулығын білдірмей сататын жылмаңы сыртында бұлқынған, зұлматы ішінде жұлқынған шенеуніктер шегірткедей қаптап кетті.

Мен солардан да қорқамын.

Қисыны кеткен сөзімен һәм ісімен қызығы біткен елді басқармақ түгілі, халқына айтар кеңесінен мықтысының құлағына жарамсақтана құяр сыбырын артық көретін, тойғанынан қалғанын да жілік майы үзілуге таяу тобырына қимайтын әкім, төрелер төбеміздің басып барады.

Мен солардан қорқамын.

Қаламгерін елемей, амалгеріне алақанын ұсынып, азаматын ардақтауға құлшыныс танытпайтын.

Елбасыдан да сескенемін.

Бұрын мен адамдарды қуана, сүйіне іздеуші едім. Бүгін мен адамдардан аулақ қашатын болдым.

Өйткені мен **адамнан** ғана қорқамын.

* * *

Өркениеті өспесе де, әділетінен баз кешпеген халық - мықты халық.

* * *

Өз ішінің кір-қоқысын тазаламай, өзгелерді кітап жазып мазалайтындарды сұмдық жек көрем.

* * *

Ит тірлікте абалаумен
Жаға жыртып кеттік біз.
«Мықтыларды» сағалаумен
Тесіктерден өттік біз.

* * *

Құдайды құлай сүю бар да, өзіңді сынай сүю бар. Кейде біз осы екеуін де ұмытып кетіп, өзімізді өзіміз ұнай сүюден жалықпаймыз. Алыстағыдан алыстап, жақындағыдан жылыстап аулақтап, өзіңді өзге дүниеден де, өзге бейнелерден де бөлектеп, бүкіл әлемнің мызғымас діңгегіне айналғандай сезінесің. Сезінесің де, айналаңдағы тазалық пен мөлдірліктің, әдемілік пен әсемдіктің жиынтығы - имандылықтан адасып қаласың. Сөйтіп жабайыланған жаныңның кір-қоқыстың кәкір-шүкірімен аузы-мұрнынан шыға сасып-бықсып кептелген қапшығына айналып кеткенін байқамайсың да.

Содан соң маңайыңнан сені жамырап іздер үн тұрмақ, маңырап жетер дауыс та естілмей өгейлік пен өкпеңді өшірер жебір жалғыздықтың жемір құрсауында таусылып, тозып бітесің. Өйткені жалғыз адамның жармасар түгі қалмайды.

Өзегіңді өкініштің уымен күйдіргің келмесе, Құдайды құлай сүюден, ал өзіңді сынай сүюден ажырап қалма, замандас.

Өзіне өзінен басқа бақталасы жоқ менмендік - түбі жоқ құдықтай құрдым. Көпіртіп мақтауға да, лепіріп мақтануға да бір тоймайды һәм ғұмыры толмайды.

* * *

Қарудың ең күшті қаруы - адалдықтан айнымау ғана. Айныдым дегенше, өзіңді өзіңнің сатып жібергеніңді байқамай да қаласың.

* * *

Жақсы айтылған әр сөзді жабықтан сығалаған сәуледей сезінем.

* * *

Алды қиын,
Азап соңы -
Қаламгерлік тіршілік.
Ұқса болды
Қазақ соны
Үрке бермей түршігіп.

* * *

Авторынан бұрын өлетін кітаптың кіндігі кесілмесе ғой шіркін.

Он сегізінші ой
Ізгілік пен зұлымдық

Айласын ақылмен таппай, пайдасын арамдықпен қақпайлап жүргендер «Қайда беттедім?» демейді. Көмейді апандай ашып тастап, бейнетпен етін ауыртпай құйылатын жылы-жұмсақ дәмдісінің адал-арамын екшеп те жатпайды. Жұққанын жұтудан жалықпастан өңештен өткенді ішек-қарынға кептей береді. Күндердің күнінде құсарын ескеру қайда, ток көңілдің боқ дүниесіне қызарған көзді қомағайлана қадап, «ала берсем, қаба түссем!» дейтін өлермендікпен енді ұрлығын тапа-тал түсте жасаса да, үрку-қорқуды мүлде ұмытады. Ондай кезде бірін бірі көре алмау, бірін бірі аңду, бірін бірі талап жеу - олардың қанына сіңген, әдетіне айналған күнделікті жабайы тірлігі. Достығының өзі өзгенің қастығынан асып түсіп, үйден үріп шыққан күшіктей жетсе,

балағыңнан қабады. Жете алмаса, шәуілдеп мазаңды алады. Сенің базарың өшіп, ажарың қашқанын көрсе-ақ, бауырыңа тартып сырыңды ашқан сол доссымағың сырт айналып, жай кетпейді. Сырыңды бүкіл елге жайып, жалпақ жұртқа «аттаннан» бетер сыпсыңдап, сыбырлап жетеді.

Өсекті кесек қып атқылап, жаланы жабу қылып жапсырып, арамды адалға құс қылып салып, жалғандықты Жалған дүниенің турашыл туы ғып желбіреткен шіркіндерден қайда безе қашарын білмей жүрген момынбас қазағымды аяймын да, әлгілердің өзді-өзін бүйідей асап жеп, бірін-бірі тезірек құртса екен деуге ғана ұйимын.

* * *

Тойлай бергеннің бәрі ойнай білгенімен, ойлай білмейді.

* * *

Жаралы көңілдің жарықшағы да мол келеді.

* * *

Ізгілік пен зұлымдық күн мен түндей кереғар ұғымдар. Ақ пен қарадай айнымас шайнасушылар. Жарық пен түнектей мәңгілік айқасушылар.

Зұлымдықтың көңіл тебірентер әні жоқ. Жаныңды жабырқатар зары көп. Оның әнін озбырлыққа құрық созған азғындық тұншықтырса, мол зарын зұлымдықтың серігі - сатқындық өршітеді.

Ізгіліктің әлсіз де болса әсерлендірер әні бар. Тұлабойды жалынға ду-ду орамаса да, кеуденде өрекпитін қаны бар. Ол әнін азғындықтың құрсауынан нәзік сүйіспеншіліктің шымыр қажырымен жұлып алғызып, көк аспанның заңғарында жаңғыртады. Мол зарды ол сәби күлкісінің күміс күмбірімен көміп

тастап, көкіректің шер-шеменін мұңлы сырмен аршып отырады.

Ізгілік бар жерде өтіріктің құты қашады. Алдау, арбауы мол азғындықты мысы басады. Өйткені ізгілік жарық пен шуақтан әділетінің күші мен қуатын табады.

Ал зұлымдықтың сесі мен сұсы қап-қара түннің меңіреу үрейінен, суық демінен нәр алады.

Сондықтан да сәуле мен түнектің, ес пен түстің, ақыл мен айланың мәңгілік айқасының түйіні адамзат еркінің қалауымен ғана шешіледі.

Зұлымдықты қаласа - жанын Ібіліске жалдап, дүниені былғап өтеді.

Ізгілікті іздесе - Хақ тағаланың сәулесімен нұрланып, былғанған дүниені тазартумен өтеді.

Қайыссын таңдауды өзің біл, замандас!

* * *

Тәлімсізді торге шығарсаң, төбеңнен тебеді.

* * *

Күндер-ай, сыр аңдытқан қабақтардан.
Үндер-ай, көмейді алған,
Қабақты алған.
Тілдер-ай, улы өңештен бал тамызған,
Түндер-ай, пәлелікпен сабақталған!

* * *

Интеграция дегенді бұрын иін тірестіре жанасу көріп, іштей ұнатып тұрушы едім. Бүгін даттағанын қор етіп, мақтағанын зор ететін зілдене сөйлегіш Жириновскийдің аузынан сол сөз естілгенде өңменіме пышақ сұққандай түршіге қалатын болдым. Өйткені Ресеймен одақ болып, интеграция жасау - егемен атанып, тәуелсіздік алып, қадірлі болған басыңды өз еркіңмен саптыаяққа салып апарып, шалшықта

шалжиған мегежіннің алдына құнсыз нәрседей сылқ еткізіп тастай салу болар ма деп сескенем.

Уай, жамағат! Құлдық сананың қашанғы құрбаны бола бересің. Үш күн арқаң босаса, боз далаға сыймай бошалап кететін аруанаңа ұқсап, ойдан-қырдан басыңа ноқтасын ілер құдіретті құрықтыны іздеумен шаршап бітетінің қалай?

Қызығы кеткен елді бағатындардың қарасы құрыған кезде қисыны кеткен сөзді бықсытып жағатындардың көбейетіні несі екен. Анау Своик тәрізді ішіңді іреп сөйлейтіндердің нені көксеп, неге жетсем дейтінін бәрің кәдімгідей сезесің. Бірақ ішімізде отырып сырттың сойылын соғар сол содырларға «малтаңды неге езесің!» деп көз ақшитқан біреуіміз шықты ма. Жарайды, оның жағдайы белгілі-ақ болсын. Жатқа бұрар айбыны мен айдынын жақынына ысылдап төгетін үкіметтік БАҚ-тарға жасар не амалың бар. Анау «Алаш айнасы» атты газет редакциялық мақаласында: «Кедендік одаққа ену - кемелденудің көзі. Еуразиялық одаққа кіру - келешек кереметтігіңнің шымылдығын түру» тәрізді сөздерімен сол одаққа қарсылық білдіре бастаған қазағына ін аузындағы суырдай боп шақылдағанынан зәрем зәр түбіне кетті. Күн жауғанда қойнына кіріп кетіп, күн ашықта мойнына асылып мініп алатын көнбіс халқын түксиген төрдің ықпалымен тулақтай етіп қағып-сілке беретін ақпараттың, әділ сөзі айтылмаса, қалың жұртқа керегі қанша. Алашының айнасы емес, алашының көзін бітер жаймасы болған «Егемен», «Айқын», т.б. газетсымақтар сыңарезуленуді тоқтатар емес. Жүрек қалауымен емес, билік талабымен жұртын адастыратын журналистер өздерінің адалдықты тонап, шындықты талап жатқандарын білмейді деуге итім иланбайды. Өктемділер алдында тәтті мінезбен жалпылдап, шекпенділер алдында өтірік мақтанмен аңқылдап, жөпшенділер алдында

кісімсініп шаңқылдап қалғандар жарамсақ, жалтақ әдетінен неге жаңылсын. Жаңылмағандықтан да Своик сияқтыларға еріп, қара қарғыстай қара сиясы төгілген қаламымен шындықтың бетін шимайлаудан шаршамайды. Қайтіп қана күйінбессің...

* * *

Тебіренген жанының шырқыраған сезімін жүрегінен ән ғып сорғалататын адам - ақын ғана.

* * *

Сенгіштік - көнбістіктің ағайыны.

* * *

Адам өмірге жылап келеді, күрсініп өледі. Ғұмырдың шегі - қасқағым ғана. Тудың - тұрдың, жүрдің. Құладың - тындың.

Не тындырдың, не бітірдің, не бердің?

Алқымыңды бүріп алар осы сұрақ пендеге жетпей ме, адамға өтпей ме - өзгешілдік емес, өзімшілдік қаптап барады. Құлазытқан артыңа үңілуің жоқ, құрығын созған алдыңнан түңілуің жоқ. Тұрлаусыз тірлігіңнен жерімейтін шаққа жеткенімізді елемейміз бе, әлде елегіміз келмей ме, шындық іздеп шарқ ұруымыз тұрмақ, тырбанып талпынуымыз да аз.

Бес күндік өмірдің өткінші қонағымыз деп тырп етпей тақыр тулаққа талтайып отырып алып, бірде төрден, бірде елден алдымызға жайылар аста-төк дастарқанды сарыла тосудан бір жалықпаймыз.

Тірлігіміздің түрі де, тырбануымыздың дүрі де - осы марғаулық, бойкүйездік, бейқамдық.

Ресейдің темір торынан Алла тағаланың ғайыптан тайып араласуымен бір құтылып едік. Есімізді жиып, етегімізді жауып үлгерместен сол қанды қолдың шынжыр тұзағына, еуроазия одағына кіріп, қайтадан

тұтылуға мойнымызды еңкейе созып, ұмтылып барамыз.

Ал, ағайын! Ау, Алаш азаматы! Ендігі шешім өзіңде. Құлдығыңды аласың ба, тірлігіңді бағасың ба - адаспай таңда.

Әлде азаматыма адаспа деп жүріп өзім адасудамын ба?..

* * *

Уай, Алашым!
Ұяласым -
Иір, қиыр жолдарым.
Көкірегіме ұяласын
Сенің ғана арманың!

* * *

Жазғаныңды ұнап оқытам десең, жылап отырып жаз.

Он тоғызыншы ой
Жазушы - құдірет

Айтыс-тартысты тірліктің арасындағы қадау-қадау бақытты күндерін бағалай білген жандар - өмірге шын ғашық жандар. Олар жыл өткен сайын жаңара да, жасара да түседі.

Өйткені өзіңнен гөрі өзгеге көбірек қызмет көрсетсең, өзіңнің де көсегеңді көгертер өмір сүргеніңді анықтайсың.

Ал ғұмырлық мақсатың болмаса, жақсы атанды-рар атың жаныңнан ұзай қоймайды.

Сол себепті тамырыңда нәр болмаса, бұтағыңа жан бітпейді. Жүрегіңде қан болмаса, көкірегіңе ән бітпейді деп өз түсінігімді бір тұжырып тастайын.

* * *

Ақымақтың тұтқыр тілімен туралғанша, ақылдының өткір қанжарына түйрелгенің артық.

* * *

Тұншықтырған түн қойнынан тыпырлай тіріліп туған туындыңнан өтер құнды дүниең болмайды.

* * *

Жазушы... Шығармашылық адамына осы атаудан қадірлі ешнәрсе жоқ деп ойлаушы едім. Соңғы кездері жоқшылық пен тапшылықтың құрығы қылмойынға оралғалы ол ойымнан арыла бастаған тәріздімін. Себеп «ораза, намаз - тоқтықта» дейтін тұжырымға саятын сияқты. Сананы тұрмыс билеп те, илеп те жатқан қазіргі дәйексіз заманда кеудеңді тік ұстайтын бұрынғы тәкаппар ат-атауың адыра қалғандай-ау.

Өзіңнен кейінгі буын - ақын-жазушы іні-балаларымның: «Сыбағамыздан құр қалдық. Еншіміздің мақұрым қалдық. Атақ, құрмет берілмей, кітабымыз шығарылмай, елеусіз, ескерусіз, бақсыз, басқарусыз өсіп жатқан ұрпақпыз!» дейтін байбайлаған жан даусынан түңілгендей болушы едім. Бүгін мен солардың жүрек дүниесіне үңіліп, солармен бірге ыңыранатындай болдым. Ілгеріде қазақ «танымасын сыйламас» халыққа жатпаушы еді. Желкесіне жебірлік мінген соң жақынына жаттай қарайтын әдет шығаруға тақалып қалыпты. Төс соғып, кеуде қағып, айғайға баспасаң, «Басым бағалы, киімім жағалы, көлігім доғалы!» деп нығыздық танытпасаң, қолында билігі, қонышында бишігі бар мықтылардың назарына іліне қоймайсың. Іліне қоймасаң, жасың да, жасамысың да тіліңді тістеп қанын сорып, аш қарныңды өзіңше алдай бер, алдай бер. Одан не өзгеріп жатыр...

Жоқ! Жазушы - құдірет. Жазушы - Жаратқан хақ. Себебі ол қиялымен адам жасап қана қоймайды. Сол

өзі жасаған адам жанының тылсымына үңіледі. Сол тылсым дүниенің тереңіне бойлайды. Түнегіне ой көзінен сәуле түсіріп, қатпар-қатпарын ашады.

«Адам неге әлсіз, адам неге әлжуаз!» Қай қаламгер болмасын осы сұраққа өз көкірегінен жауап іздеумен келеді. Өйткені өзгені қойғанда өзің де (яғни әрқайсымыз) өмір тауқыметінің талқысына түскенде қабырғаң қайыса күрсініп, жаның езіле егіліп, адалдығыңды адамға да, әлемге де, Аллаға да жеткізе алмай, бейкүнә бейшаралығыңа талай налымап па едің? Сондай хал кешкеніңде төбеңнен шуағын шашып тұратын Күн көрінбей кетіп, түнерген қара бұлттан не қар төпелеп, не жаңбыр селдетіп, еңсеңді көтертпей, езгілеп тастамаушы ма еді? Ойыңды мұң басқанда, бойыңды табиғат-құдіреттің зілі басатыны неліктен екен?

Осы сауалмен толғанған қаламгер ойында:

«Бәлкім, тіршілік деген де - ақиқаты ұстатпас аңыз шығар?»

«Бәлки, тіршілік деген - ізгілік пен зұлымдықтың айқасы шығар?»

«Бәлки, әлжуаз адам мықты да, мықты адам әлсіз шығар?» дейтін таласы мол болмыстың сан жұмбағы тірілер.

Бәрібір, жазушы - құдірет. Адам ақиқатын іздеп, қиялында өз әлемін жасап, өз қоғамын орнататын қаламгер тірлігі Жаратқан Хақтың құдіретіндей көрінбей ме?..

* * *

Ішіңдегіні қысқа қайырсаң да, құсығыңмен қайырма.

* * *

«Нәрсіз!» десең еркекті
Жатып келіп тулайды.

«Әрсіз!» десең әйелді
Құлағың мәңгі шулайды.

* * *

Құлынан ұлы көп елдің белі бүгілмес.

* * *

Менің ауылым - ғаламат ауыл. Өзгелерде кездесе бермейтін ерекшеліктері керемет. Ғажаптығын айтсам, басқалар естіп қойып, сондай болуға жанталаса тырысып, бірін-бірі қайталайтын бірнеше ауыл дүрілдеп орнап кеп берсе, менің ауылым солардың көлеңкесінде қалып қояр ма деп қорқам. Айтпасам, ішіме симай барам. Ал ендеше ерін көбесін сөгейін.

Сол өз аулымда өсегінің құрығына сырық байлап өндіршектейтін ағайыным бар. Сол ағайынымның көзін бадырайтып қойып айтатын мақтауы мен мадақтарын сүйгіш, көзіңді бадырайтып қойып адалдан арамға аттап өткіш мықты директоры бар.

Ағайыным болса өліп бара жатса да өршелене өрекпуін бір тоқтатпайды. Әлгі директор мықтысын мынау сұп-суық Ай түгіл, жыпырлаған жез жүзді жұлдыз түгіл, сонау Күннен де асырады. Құдай да қылады. Құдайдан былай да қылады.

Қайтсін-ай!.. Қора-қопсысы қаңыраған байғұстардың өрістен шұрқырап оралар жылқысы, мөңіреп жетер сиыры, маңырап жамырар қойы қалмады ғой. Қамбасына аңызақ ұрған даласының сабауланып кеткен егінінен қызыл дәннің тамшысы да тамбады ғой. Жұмыссыз қалған екі қол қос жетектей боп серейіп алдына симады. Көлкілдеген көздің жасын қытықтаса да оянбас күлкісі тыймады. Ауылдың ірілі-ұсақты бар малын, ұзын терегі мен жас талын, дырылдағыш, жыбырлағыш көлігін, дүкен мен қамба біткеннің тоқсан пайыз бөлігін жекешелендіріп жеке өзі иеленіп алған директор мықтысын мөлиіп көз са-

тып, мақтау толы сөз сатып, қолқалап қол жаймай аштан бұралып өліп кете берсін бе. Ендеше ағайыным өсегі арқылы есебін айырарын несіне жазғырайын.

Ал директор мықтысы ше? Ауылының адалы мен адамын маңына маңайлатпай қуып тастап, арамы мен наданын айналасына үйіп тастап, төбенің бер жағындағы қос қабат үйін қомсынып, төбенің ар жағынан бірін «терем» деп, бірін «хором» деп, әнебіреусін «вилла» дегізіп, мына біреусіне «палаццо» деген атақты жегізіп, жаңа мекенін аяғынан тік тұрғызды. Қазалла, тік тұрғызбай жатып-ақ қоныстойдың да, жарқыл-жұрқылы көп жарыс тойдың да қатарын көбейтіп, алыстағыға ат шаптырып, қасындағыларға хабар айтып жинап алып, думан-дүбірін даланың төсін жаңғырта, ауылдастарын есінен тандырта өткізіп жатыр. Өткізе берсін де. «Тойдан тобықтай» дейді ғой. Сүйек-саяқты қажап, сорпа-суанын ішіп әлгі ағайыным аузының дәмін келтірсе, бас иземей қайтейін. Тек қана анау жалған ақынсымағының жансебіл өтірігіне бола жамбасына қалыңдата басар жүлдесін бергеніне, мына адуын асқақ ақынға ит қосып, аулақтатып қуып жібергеніне ғана ішім ашиды.

Әйтпесе ауылым - ауыл-ақ.

* * *

Қанағатсыздың өзегі де, қарны да толған балағат.

* * *

Батырыңды пақыр деуден танбайды.
Көп содырдан өз мықтысын таңдайды.
Әупілдегін ақын тұтып, әлпештеп,
Қара дақпен қасқалайды маңдайды.

* * *

Шындықты шырылдап жазудан гөрі
Өтірікті шыңғыртып айту әлдеқайда жеңіл.

Жиырмасыншы ой

Адам ғұмырына құн жетпес

Адам ғұмырынан қымбат ештеңе жоқ. Өмірді беретін - Жаратушы Алла. Алатын да Сол. Алайда бұл күндерде ақылдасар достан гөрі мақұлдасар ақылдан босты маңайына жинағандар «Жаратушы» да өзі, жазалаушы да өзі болудан тайсақтауды мүлде ұмытып кетті. Құдай оң қарап бермей, тапа-тал түсте талап, тонап алған мөлшерсіз дәулеттің буына қызынып, өздерін «Құдайға айналдым!» дейтіндер көбейді. Солар енді қанды құрығын жазықсыз, кінәсіз қыршындардың мойнына құлаштап салып, қылғындырып «ойнауды» әдетке айналдыртқан есірігімен әлек. Содан соң-ақ **құн жетпес адам ғұмыры** дейтін қымбат тірлікті қуыршақтай етіп мойнын үзу - еріккеннің ермегі болды да кетті.

«Не-ге-е?!» деген көкейіңдегі ащы сұрақ қанжардай азуын қарш-қарш егеген жаналғыштардың шекеме шегесін қаққан жауабы табылмас зорлығындай болып елестейтіні қалай?

Адам түгіл Аллаға сенбейтін басасау қылығымен басқаның тілегін ғана емес, тыпырлаған тірлігінің өзін шыбын өлтіргендей де шіміркенбестен қиып тастаған жендеттердің озбырлығына қарсы омыраулап ұмтылудың орнына, қыл тұзағына өңешімізді үнтүнсіз тоса беруіміз қалай?

Сол көнбістігіміз бен сенгіштігіміздің желөкпе мақтаншақтар мен сойқаншыл содырларды әбден құтыртып, жыртқыш қылып жібергенін сезбейтініміз қалай?

Сол себепті де анау Жаңаөзен, Шетпедегі, мынау Арқанкерген, Іле-Алатаудағы боздақтарды қырып салған қанды қолдың иелері анықталмай кете берер ме? Пендесіне жанын беріп, жанын алар Жаратушы Алладан да асып түсіп, ажалдың аранын өздерінің

зәулім сарайының қақпасындай ашып тастап, қыршындарды құрбандыққа шалып жатқандардың маңдайына қарғыс таңбасының зауал оғын қадайтын күн қашан туар екен? Кешіге бермей, жазықсыз, кінәсіз боздақтарды әлгілердің жауыз жендеттерінің қолымен о дүниеге қабаттап көшірте бермей, сол әділет сағаты тезірек жетсе екен...

* * *

Оқырманын өкінте де, өкірте де алған ақын,
Жұбанта да, қуанта да алады.

* * *

Ақылы мәстектің асқақтауы ғаламат.

* * *

Менменшілдің өзінен басқа меншіктесі болмайды.

* * *

Күйректік - күйреуіңнің бастауы.

* * *

«Жазушы - әрі өткен күндердің, әрі өз заманының шежіресіші, әрі өз уақытының айнасы. Заманының ұңғыл-шұңғылына үңіліп, қоғамының ақ-қарасын пайымдап, уақытпен бірге адымдап отыратын суреткер ғана шынайы шығарманы дүниеге әкелер болар. Сондықтан да әр хас қаламгер ел шетінде, жау бетінде тұрады. Сондықтан да шынайы талант елдің үні боп сөйлейді. Халықтың тілегі боп көптен бұрын көзге түседі. Ұлтының ары мен намысы боп алға шығады. Сондай ұлы тілекті жазушы ғана ұлтының қамын жейді. Мүддесін ойлайды. Арманын алға сүйрейді. Өйткені ұл мүдделерінен ұлт мүдделері құралары ақиқат. Ер білегімен ел тілегі орындалары

шындық. Ендеше әр шынайы жазушы - елінің әрі перзенті, әрі ұлы, әрі ері. Ол оның бүгінін көркейтіп, өткенін ескеріп, келешегін көксеп отыруға тиіс. Сонда ұлтымыздың қасиеті өсіп, қадірі артып, құрметі көбейеді».

Мен бұл үзік ойды осыдан қырық жыл бұрын жазыппын. Жастықтың қызу жалыны кеудемде лапылдап жанып, аяғымды жерге тигізбей, жанымды көкке сүйреп тұрған кезде қарқынымды бөгер тосқауыл, шабытымды іркер тұсау боларын ескермеппін. Елімнің, ұлтымның әрі перзенті, әрі ұлы, әрі ері болам деген айшықты арманды үмітке жегіп, өзге емес өзім жасар жұмақты тездетіп орнатуға етекті қымтап, қос білекті түріп, кірісіп кетіп едім-ау...

Қазағымның перзенті болғаным да рас. Ұлы болғаным да ақиқат. Ал ері болғаныма күмәндімін. Жұмағымды жасай алмағанымды, жамағатымды жарылқай алмағанымды жақсы білем. Бірақ қолымнан келгенімді тындырмай аянып қалған жерім жоқ. Шынайы шығармалар жаздым деп сенімді түрде айта алатын сияқтымын. Кеңестік дәуірде кітаптарымды іздеп жүріп оқитын ел-жұртым өзімді қуып жүріп кездесіп, алғыс-рахметін жаудырса, алыстағы тілеулестерім хат-хабарын үйіме үйіп тастайтын.

Ал бүгін ше?.. Жиырма бес жылдай уақыт ішінде кітаптарым қалың оқырманымның қолына тимегендіктен, мені оқымай, білмей өскен жаңа ұрпақ қалыптасты. Оларға әрине өкпем жоқ. Өкпем қаламгерлерді өкпеге түйіп, өксікпен тұншықтырған билікке ғана. Кітаптарымыздың данасын он мыңдап тегін шығарып, қаламақысымен қарқ қылып тастайтын бұрынғы жомарт, жайсаң кезеңді құрдымға сіңіріп жіберіп, өз құлқындарын толтырумен әлек болып жүрген төрдегілердің тойымсыздығын тоқтатар құдіреттің жоқтығына тісіңді егеумен наразы боласың да қоясың. Кісәпірлікке қарсы келер басқа амалың жоқ.

Шынтуайтына келсек, бүгінгі өмір - оқыс опат пен апаттардың тізбегіне айналды. Азандағы күлкіңнің ақшамдағы күрсіністен алмасуы әдеттегі дағдының өзі болды. Неміс философы Ницшенің: «Құлап бара жатқанды итере сал!» дейтіні бар. Саудасы біткен жанды аяп «тез опырылып, тез тынсын» дегені ме екен? Оған бас қатырмаймын да. Менің алаң көңілімнің алақтауы: «Құлап бара жатқанды қалай танымақпыз?» тәрізді мазасыздықта ғана. Сондықтан да біз сияқты құлағалы жүргендерді итеріп жібермекке жұлқынып кірісетін төрдегілердің өздері құлап бара жатқан жоқ па екен дейтін күдікпен кеудемді толтырып алғандаймын. Дәл осыны анықтап айғақтай алар Мырқымбай да, Шіркінбай да табыла қоймас. Өйткені бүгінгі тірліктің я дұрысталарын, я одан әрі бұрысталарын жорамалдап беретін сәуегей мүлдем жоқ қой. Жыл сайынғы жолдауды талқылайтындардың арасынан таңдайын тақылдатып дәлелдейтін сұңғылалар табылып жатса, таласып қайтейін...

Әй, бірақ...

"* * *

Ұлылардың ұлылығы - сенімінде.

* * *

Оқтана білсең - көнбейсің.
Сақтана білсең - өлмейсің.

,* * *

Жаманға жалынғанша, жалынға шалын.

* * *

Жүрексіздік - жігерсіздің жолдасы.

* * *

Тепкілеп төбесінен тағалы етік,
Көп ғұмыр «апыраулап» барады өтіп.
Біреуді іске алғысыз хан көтеріп,
Біреуді түк жазықсыз қаралы етіп.

* * *

Жұртыңның тереңіне бойлағанда ғана, ойлағаныңдай керегіңді табасың.

Жиырма бірінші ой
Қасиетті һәм қасіретті күн

Қазақ халқы үшін, Алаш жұрты үшін желтоқсан айы - әрі қасіретті ай, әрі қасиетті ай. 1986 жылдың 16-18 желтоқсан күндері - қара мұжықтың табанымен қара жерге тапталған халқымыздың ұлттық намысын жалындаған жүрегінің жалауымен жап-жас ұл-қыздарымыздың көкке көтерген қасиетті мезеті. Сонымен бірге кеңестік республикаларды күрт оятып, тәуелсіздік таңын атқызуға деген барша ұлттың талпынысын тірілтіп жеткен сергек сілкіністің қасиетті әм киелі бастауы. Сол сілкіністің дүмпуі - кеңестер одағын ақыры ыдыратып тынған-ды.

Қасіреттің қасиетке айналуы төгілген ыстық қанның, сөгілген қайсар жүректің арқасы еді.

Елінің егемендігін,ұлтының тәуелсіздігін ғасырлар бойы аңсаған арыстарының ұлық арманын ерліктей өрлігімен, жаужүрек жанкештілігімен жақындатып, 1991 жылдың 16-желтоқсанында тәуелсіздік таңын атқызып, көк туымызды төбемізге көтерткен сол желтоқсандық жігерлі жастар еді.

Қасіретті күн тағы да осылай қасиет тұтар күнге айналған-ды.

Амал не, 2011-жылдың 16-желтоқсаны қыршындарымыздың қызыл қанына боялып, қайтадан қасірет күні боп оянды.

...Қазаққа қазақ оқ атты.

Жай қазақты бай қазақ атқызып салды.

Өр қазақты төрдегі қазақ қазаға ұшыратты.

Қасиеттімізді қасіретіміз бүркеді.

Қасиет қасіретпен алмасты.

Бұдан былай 16-17 - желтоқсан - азалы күн, қазалы көкірек күні деп аталды.

Азалы күнді туғызған жендеттердің ажалы жетеді әлі. Ел кегі ешкімді де ескерусіз жібермейді.

* * *

Жеке адам желкелеген елдің
Желкесі үзіліп тынады.

* * *

Үрейін бөрік қып кигенге ерік те тимейді.

* * *

Өзі қорқақ адам өзгені қорқытуға құмар.

* * *

Мінезі жоқтың - міні көп, үні жоқ.

* * *

«Ақын әманда жалғыз. Оның жалғыздығы ғарышпен шеңберлес. Сондықтан да бүкілғаламдық өксік те ақын жүрегінің бүлкілімен тыныстайды. Өйткені шынайы ақындық дарын бүкіл адамзаттық күйініштің телегейінде тұншығады да, сол бүкіладамзаттық арманның қатты серпіген қанатының лебімен жан шақырады. Ақынның жалғыздығы - бақытсыздығы да. Ақынның жалғыздығы - ғарыштан ғана даралап жеткен құдіреттілігі де».

Мұны мен ұлы Қасымның 90 жылдығына арналған баяндамамда айтқан екем.

Ақынның жалғыздығы хақ. Бірақ мынау саңырау да соқыр қоғамда өмір сүретін ақынның құдіреттілігіне шәгім бар. «Мыңмен жалғыз алысса да» Абайдың бақыттылығы мен құдіреттілігіне ешкімнің таласы жоқ. Себебі советтік Қазақстанды қаншама жердей алып, жерге салып жамандасақ та, сол кезеңде барды бар деп айтып, асылды асыл деп бағалаудан жаңылмайтынбыз. Сол тұста Абайдың ұлылығын, данышпандығын һәм хакімдігін өзімізге ғана емес, өзге жұртқа да барынша танытқанбыз. Ал бүгін әлдекімнің әулекілік көңілінің ыңғайымен асылды жасық қып тұқыртып, жасықты асыл ғып асқақтатып шектен шығып, шеңберді үзіп, шат-шәлекей болудамыз. Сондықтан да қазіргі кез келген хас ақынды жалғыз қалдырып, жабайы жәдігөй, аш-жалаңаш тұрмыстың тұтқынына айналдырып жіберген биліктің ғана «құдіретіне» бас төсеп, құлдық ұрдан басқа амал қалған жоқ қой. Қалдырмады да ғой. Өксіткен өкінішіңді де тыңдайтын ешкім жоқ.

* * *

Батырлық әр кезде емес, дер кезде оянады.

* * *

Өжеттік - әрі қаруың, әрі қалқаның.

* * *

Өлсе де, берілмейтін арыс бар.
Сөнсе де, жеңілмейтін намыс бар.

* * *

Ауруханаға сап-сау кіріп, ауырып шығатынымыз қалай?

Денсаулықты дәрігерлерден іздеп барып, денсаулығымызды жоғалтып қайтатынымыз қалай?

Қажетті кезінде жаныңа да, тәніңе де керекті қоректі таба алмай далбасалай беруіміз қалай? Өзің білмейтін, ал бірақ дәрігерлердің байбайлатып қанжығаңа таңып берген «сұмдық» кеселдерінің алды қайдан шыққанын, арты қайда апарарын ұға алмай, есіңді тандырып жатқан «эскулаптардың» қолыңдағы тиын-тебенді қалтасына сүңгітіп, сүмірейген өзіңді көзіне үңілтіп, аяқ астынан сүмелектене қалатынымыз қалай?

Мынау жер басып қыбырлап жүрген жан, жануар мақұлықтардың арасынан өзіне не нәрсенің, қандай ем-домның пайдалы екенін адам ғана білмейтіні қалай?

Бұрынғы дерт-сырқаттарға бүгінгі кесірлі кеселдердің ұқсамайтынына қарамастан бұрынғыдан да көбірек о дүниеге аттана беретініміз қалай?

Әлде бүгінгі дәрі-дәрмектер бұрынғылардан бетер қауіптірек пе?

Әлде бүгінгі ақшасы ғана оқыған, «башкасы» ештеңені тоқымаған медиктердің неликвидтігі (иіс алмастығы деуге қаламым қасарысып тұр ғой) кінәлі ме?

Әлде анау ауруға мынау дәрінің мүлде ажал боп атыларын бірде сезіп, бірде сезбей, бірақ сол дәріні қалай да өткізіп, өз «сыбағасын» сылқ еткізіп жұтып жіберуге әбден дағдыланған «дипломды» емшілер жазықты ма?

Мыңдаған ауруға қарсы тұратын бір ғана денсаулығымыз барлығын ұмытпасақ,табиғат-ананың төл перзенті саналатын өзімізді өзгелердің ойыншығына айналта беруге қашан тыйым салар екенбіз?

Сұрақтарым қаншама көп болса да, табар жауаптарымның соншама жоқ екенін кімге айтып сарнайын. Төрдегі түксиген төрелерге ме? Түшкіріп қалса, жер түбіндегі Германия, Израиль, Қытайына

самолетін ысқыртып жетіп баратын солар төменге көз қырын жағалатуды баяғыда-ақ жоймап па еді.

Жаныңды қапасына қамаған дертіңнің емін де, биліктің жанашыр лебізі мен демін де тауып бере алатын мейірімді мезгілден әлдеқашан өтіп кеткенімізге өкініштен басқа не айтармыз.

Елі бөлек, төрі бөлек, ері бөлек қытымыр, қаскүнем заманның, мүсәпір міскін адамы-ау, ажалыңнан бұрын өле көрмеші!.. Шамаң жетсе...

* * *

Аяушылықтан аялаушылық қадірлі.

* * *

Пақырға көйлек кигізбесең де, кесіріңді тигізбе.

* * *

Қайырымның да қайтарымы бар.

* * *

Егесі көп алаштың екіленген.
Бай, кедей ғып бір ұлтты екі бөлген.
Шар тараптан қаптап кеп талап жатыр
Данасы жоқ,
Тайсалмай жетім елден.

Жиырма екінші ой
Тасырлықтың тақсыреті

«Қазақты я қорқытпай, я параламай, ақылменен не жерлеп, не сырлап айтқанменен еш нәрсеге көндіру мүмкін де емес».

Әбден запыланған Абай хакімнің шегіне жетіп, күйініп айтқаны бұл.

Қандастарымнан қалған көңілімді бүгінде мен күйінбек түгілі күмілжіп айтуға да бата алмаймын. «Етінен өткен, сүйегіне жеткен надандығы» (Абай) демейін, көнтері көнбістігі өзгелердің алдында өгей баладай қорғалатса, өздеріне келгенде бірінің өңешін бірі қиып жіберіп, қызылқошқыл қандарын сорғалатудан өршеленіп тайынбайды-ау.

Дүниеде ой салып табар «тазалық бар-ау!»демес мәңгүрттігі, бой салып таныр «қызық бар-ау!» демес тасырлығы әбден жеңіп кеткен бе, жетектесең де жүрмес, желкелесең де жүгірмес қалпынан ажырар мезетін күтуден-ақ шаршайтын тәріздімін. Мен шаршайды екен деп шала бүлінетін олар жоқ. Үзіліп бара жатқан үмітін ақтауға, сөніп бара жатқан сенімін сақтауға тұяқ серпердей талпыныс танытпайды-ау. Буылған тілінің, буылған ділінің, қуылған дінінің өзгелердің тұзақ-бұғауында тұншығып бара жатқанына селт етпестен: «Алланың бір жазғаны болар!..» дейтін енжарлығын сілекейімен бірге шұбатып, жайбарақат ағыза салады. Сөйтеді де, тапа-тал түсте оққа ұшып жатсын, кінәсіз, жазықсыз сотталып, түрмеге қамалып жатсын, үйсіз-күйсіз, жұмыссыз аштан бұралып жатсын, миына түрткі, ойына іріткі салмайды-ау бір. Өзін өзі: «Тәйір-ай, өйттім ғой... бүйттім ғой!» деп маңызданып алдай салып, аспанды жерге құлатқандай «құдіреттеніп» қуыс үйінің суық төсегіне жантая кетуден жалықпайды. Одан қалса,өзі істейтінді өзгеге іріленіп тапсырғандай маңғазданып: «Әй, шырақ! Ананы көре қойшы. Көздей жүрші!» деп әйелінің көзінше кісімси қалатыны тағы бар.

Осыдан соң шақылдаған төресымақтар бұл қазақты төңкеріп бір жеп, домалатып екі асап, қуалап айдап, қуғындап байлап қоймағанда қайтеді. Әрине сөйтеді. Ынжықтың ежелден сыбағасы осы.

* * *

Өткеннің бәрі - өнегелі деуден де, бүгінгінің бәрі - нәрсіз деп сенбеуден де сақ болған жөн.

* * *

Жаны қысылса, көжек те өжет болады.

* * *

Бекемденсең - жеңесің,
Секемденсең - өлесің.

* * *

«Парламент пен үкіметті үрейлі немқұрайдылық жайлаған кезеңде әдебиеттің мүшкіл халі мен әдебиетшінің міскіндігін жайлап айтып қана емес, жалаулатып, аттандатып та айқайлап ешкімнің құлағына енгізе алмайсың. Қазіргі саясат - алдымен өзінің қойны-қонышын, қоржын-қамбасын толтыру, өзінен артылса ғана халыққа жем тастау. Одан кейін... Одан кейін мәдениетке қол ұшын созудың кезегі келеді. Бірақ сол кезек келе қояр ма екен... Өйткені оған дейін осынау мәдениетіміздің қалт-құлт етіп тірі жүре қоюы неғайбыл-ау. Империя ыдыраған кезде бірінші болып мәдениет, әдебиет күйрейтінін ескерер кім бар екен? Ал қайта өрлеу кезеңі он жылдап, жүз жылдап күттіріп қойса қайтеміз?!.»

Осынау күдікті болжаммен осыдан тура жиырма жыл бұрын, 1993 жылы «Егемен Қазақстан» газетіне интервью бергенімде «тапсынған» екем.

Қайта өрлеу дәуірін содан бері күтудей-ақ күтумен көзіміз көгергеніне міне көзім жетіп отырғанын қайтіп қана жасырайын. « Өткелектен өтерміз. Мәре-сәре күйге жетерміз!» деп құлашымызды кеңге созуға дағдыланған дарақылау халық едік. Сол дарақылығымыздан да шенеуніктердің дөрекілігі ажыратып жіберіпті-ау. Өткелектен өткен де, мәре-сәре

күйге жеткен де, байлыққа батқан да, жерін де, ерін де сатқан да төбелдей ғана төрелер екен. Айлықтан да, шайлықтан да айрылған ауылдың қазағы мен қаланың қаламгерлері (онда да әділдіктің тізгініне қол жалғап жүргендері) екен. Даланың қалаға шұбыруы содан бергі жиырма жылда тыйылудың орнына одан сайын ұлғайып, далбаса әрекеттің берекесіз тырбаңын күшейтіпті. Басшыңның орындалмайтын уәдесі, әкімнің берілмейтін көмегі, үкіметтің жоғалтып жіберген қаламақы жүйесі жүйкені жұқартқаннан басқа ештеңе әкелмейді. Содан ба мен өзімді саяқ кеткендей сезінем де, жоғарыдағыларға жағынудан безе қашам. Әріптестерімнің жағымпаздануларын және жақтырмаймын. Жақтырмайтындарым әрине мені қайдан жарылқай қойсын. Соларға көбінесе көзге түрткі болам ба, жазған-сызғандарымды оқығанда, тап бір бомбаны ұстағандай тыжырына қалатындарын жақсы білемін. Өткенде бір қаламгерсымақ: «Қараңғы ойларың әумесерліктің әурешілігі ғой. Кім көрінген жаза алатын шатпақты шатпақтағанда не таппақсың?» деп шақылдап тұр. Көтсіздің бетсіздігіне не дейін. Кім көрінген жазатын нәрсе болса, онда соның өзі неге жазбаған? Өзгенің өзегіндегі өксігін неге қопармаған? Өзектесінің өкінішімен неге өксімеген?

Мен бүгін зиялыны түсінуден қалдым. Әлде зиялым мені түсінуден жалықты ма?

Ал бірақ мен анау жалпақ жұртыма, қамкөңіл халқыма ғана сенем. Тілегім де, жүрегім де көбіммен бірге.

* * *

Әр істің басын бір шалған көп нәрседен құр қалады.

* * *

Алтынды отпен, батырды оқпен сынайды.

* * *

Батылдықтың бағасы қымбат.

* * *

«Детройт көшелерінен бастап Аппалачидың бөктеріне дейін тұратын балаларымыз біздің оларға деген ыстық ықыласымызды, мәпелеп бағатынымызды, пәле-жаладан сақтайтынымызды барынша білмейінше біздің бастаған жолымыз аяқталмайды» деді президент Барак Обама 21-қаңтарда инаугурация салтанатында сөйлеген сөзінде. Оқыдым да ойға баттым. Анау мектептері жабылып қалған ауылдардың оқудан қол үзіп жүрген, мынау базар біткенді төңіректеп су сатып, арба сүйреткен, сонау вокзалдан вокзал жағалап қол жайып, шидей сирақтары шалынысып ауыр шелекті мықшия көтеріп, жеміс-жидектерін шырылдап өткізетін балаларымызға көңіл қақпасын айқара ашып, қамқорлық құшағына бөлер ықылас жолын біз қашан бастар екенбіз деген қиялға шомдым. Шомдым да, сол жол тұрмақ сыңараяқ із түсірмес меңіреуліктің тас қабырғасына маңдайымды тіредім де, қара терге малшына шомылдым. Ұлт мүддесін ойлар дейтін төрелерім елең етер ме?..

* * *

Жүрегі кеңнің тірегі кең, тілегі - кен.

* * *

Дарынды өсіретін де, өшіретін де - мінез ғана.

* * *

Өссін десең көгерумен көсеген,
Азамат бол басты тасқа төсеген.
Құл болуға,
Пұл болуға жаралмай,
Жұрттың бәрі ұл боп туған шешеден.

* * *

Кешегіңді бүгінгіңе тіркелеп сабақтай алсаң,
Ертеңіңе де еркелеп қонақтай аласың.

Жиырма үшінші ой
Шындықтың анасы - уақыт

Я Болмыстай, я Құдайтағаладай Жаратушы әрнәрсені себепсіз жаратқан деуге аузымыз бармайды. Өйткені қандай да бір нәрсенің - тіршілік иесі ме, материя бөлшегі ме бір-біріне байланыссыз, бір-біріне қатысынсыз мынау түпсіз, шексіз ғарыштық кеңістікте өз бетінше орайласа орналасуы мүмкін де емес. Кез келген ғаламдық түйіршіктің бір-бірімен мидай араласа қарым-қатынаста болуы - **Суық мәңгіліктің** берік мағынасының куәлігі болса керек. Сондай-ақ адамдар арасындағы ілік-шатыстықта да осындай қатал тәртіптің шымырлатар шырмауы мен түйіндетер күрмеуі болары және ақиқат.

Алайда осынау шашаусыз бірлікке, мызғымас тұтастыққа мән бермейтін шенеуніктердің шеңберден шығып кеткен озбырлығы ғаламат-ау. Капиталистік жүйені қайтадан қалыптастырамыз деп қаңғалақтаған осы обыр тобыр ең алдымен тұлға болар азаматтарды тұқыртады. Олардың ой-бойындағы адамгершілік рухты жойып, адамды әлдебір зат пен жарамсыз тауарға айналдыруға барын салып жатыр. Қатыгездік пен қысастыққа құрық созған солар қанға боялған білегі мен тілегін жасырмастан бүкіл халықты бұғалықтап ұстап, алдына бүрістіре мөлитіп келтіріп, тұралата тізерлетіп шөктірмек.

Бүгінде олар қаталдығын қимылдатпастай етіп сездіре бастады. Екі иығыңа еңсеңді көтертпей мініп алып, екі өкпеңді өкшесімен тепкілеп ездіре де бастады.

Сөзімді дәлелдеу үшін басқаларды куәге сүйретпейақ қаламгерлер күйінің күйінішінің пердесін түріп қана берейін. Кешегі келмеске кеткен Кеңес өкіметі тұсында зейнеткер қаламгерлер биік биліктегілердің айлығынан да асып түсетін 400-650 сом (рубль) зейнетақы алып, төбедегілерге көз қырын да салмай, қаздаңдай басатын. Алматы тұрғындарының табысы, статистикаға сенсек, қала бойынша айына 105 мың теңгеге жетсе, бүгінгі қаламгердің 45 мың зейнетақысы коммуналдық қажеттердің төлемінен артылмай, аш қарынның шұрылы әлгілерді безектете қуалап, төрдегі месқарындардың шекірейген көзі мен құрған тезіне кіріптар қылып, қылтита қоюда. Жай қылтығанын қажетсінер маңғазданған мықтылар мен дүрдиген дөкейлер қайдан табылсын. Сонсоң үзіліп бара жатқан тіршілігін сақтап қалу үшін жыпылық қаққан жанарымен сүзіліп, қағаз кемірген зиялысымақтар ода мен «осаннаны», мақтау мен мадақтауды бірінен бірі асыра қардай боратады. Айлығын да, шайлығын да, шенін де, шекпенін де, сыйын да, сыйлығын да сөйтіп тауып жүрген қаламгерлер де біраз. Енді олардың қаламынан шындықтың сөзі төгілмейді. Қаламының қара сиясының ұшынан сұмдықтың көзі жылтырайды. Жоғарыдағыларын Айға да, Күнге де теңейді. Дейтінін демейді. Көмейді демейтінмен тоғытады. Ғасыр қасіретін жамылып бас ұрған том-том романдар жазылған соң, цикл-цикл дастандар бәйтерек болып толықсыған соң егесі еріксіз елжірейді. Төстерге орден қадайды. Талайды нән сыйлықтар қамайды.

Ал ақиқаттан ауытқымас қалам иелері қайтпек? Қайраттанбай, қажырланбай қайтуші еді. «Сөзім өлгенше, өзім өлейін» дейтін өлермендікпен әділеттің құрығын соғудан жаңылмайды. Кешегі кеңестік дәуірде жыл сайын алатын 25-35 мың сом (35-40 мың доллар) қаламақысынан мүлде жұрдай болып, бүгінгі соқыр тиын да гонорар алмас қайыршылығымен

құшақтасса да, кеудесінің «тазалық!» дегіш шоғын сөндірмей, қалт-құлт етумен жүр. Жай жүрген жоқ анау төрдегілердің өздерінің зейнетақысынан он бес, жиырма есе көп алатын айлығынан да бұрын ұрлық қалтасына миллиондап құйылатын көлденең «табыстарының» төркінін анықтау қажеттігін қалың жұртшылықтың құлағына құюмен далбасалап келеді. Әй бірақ...

Жоқ! Тәуекелді ел бастамайды, ер бастайды. Ал елі ерін қостайды. Ердің тілсіз, елдің үнсіз қала беруі мүмкін емес. Ашыққан ердің тілі шығары сөзсіз. Ашынған елдің үні жаңғырары хақ. Жуастан жуан шығаратын да, жуанды жіңішкертетін де - озбырлық. Буынсыз жерге пышақ ұрып, туралықтан бұра тартып буындыра жөнелетін әкімшіліктің әлімжеттігі.

Осы құлаққағысымды елең етер ме деп елбасыға, автоматын шірене кезенген полициясын қалқан еткен биліктілерге жеткізе алсам, қаламгерлік міндетімнің ақталғаны деп сезінер едім.

Тәңірім соған жазсын!

* * *

Кектенудің кеселі жек көруден басталады.

* * *

Қатыгездікке құрық созған жұрттың жыртығы жамалмайды.

* * *

Ақылдының кегі, қайырымның шегі болмас.

* * *

Жүрегі кеңнің құшағы - күн.

* * *

«Әрине, шындықтың анасы - уақыт. Уақыт аршымайтын, тазартпайтын көмбе жоқ. Хан-сұлтанды

құбыжық санап, би мен байды кінараттап келгенімізді жасыруға болмас. «Халқым!» деп жарғақ құлағы жастыққа тимей өткен Қаздауысты Қазыбекті би болдың деп күйдіруге кімнің жүрегі дауалар. Хан деп Абылайды енді қаралар адам табыла қоймас дегім келгенімен, әй, онша сенімді айта алмаймын. Бізде әлі де әділетке жүгінгісі келетіндер аз да, заманның әуеніне, уақыттың ыңғайына бейімделгіш айғайшыл ұраншылдар көп. Солар бүгін Абылайды да, Райымбекті де, Төле биді де, Бөгенбай батырды да құрметтегенсіп, ат-атағына тәу еткенсіп, тіпті тойын өткізіп, аттарын көшеге қойғызып қарық қылғандарымен, күні ертең-ақ басқа жақтан жел тұрса, басқа тұстан бұйрық жетсе, құйрық қыса қойып, өзгеше әуенге баса жөнелері айдан анық. Олар әділетті де, ақиқатты да өз пайдаларымен, өз дәрежелерімен, өз лауазымдарымен түсінеді ғой».

Жиырма бес жыл бұрын жазғанымнан бүгін бір мысқал да ауытқымаймын. Өйткені сол кездегі күдігімді қазіргі төрелердің тірлігі растап отыр. Қызғаныштан ба, әлде басқа бір жікшілдік себептермен бе, Қаздауысты Қазыбекке берген ауданын жойып жіберіп, Қарағанды қаласының бір түкпіріне ұлы бабамның қасиетті есімін жамаудай етіп жапсыра салғаны дәлел емес пе. Осы орайда ертеден орта жүздің абройын асқақтатқан Торғай, Жезқазған, Көкшетау, Семей облыстарын жауып тастап, әлдекімдердің үнемі тісін шықырлата қыжырланған тілегін орындаған сияқты шолақ шешімге өз басым мүлде келіспейді. Сондай-ақ Қазақ хандығының іргетасын қалаған Керей, Жәнібектің ескерткіштерін қоқыс қораға ысырып тастау - тасырлықтың бадырайған көрінісі болған жоқ па. Қазақ ұлтының жер бетінде тірі жүруіне бірден бір кереметтік жасаған Абылай ханның қасиетті аруағына тағзым етуді ұрпағының ұрпағына тапсыруға тиіс биіктегі биліктілер сол ұлы

Алашымыздың туғанына 300 жыл толғанына да ешкі тулағандай да елең етпеді ғой.

Мені, әрине, анаған да, мынаған да орынсыз араласып, өз күркесінен қылтыңдап сығалап, әркімге, әрнеге баға беруден жалықпайды-ау деп кінәлайтындардың көптігін де сезем-ақ. Адаспайтын пенде болмайды. Адаспайын деп ештеңеге араласқысы келмейтіндер де бар. Бірақ қателесем деп килікпесең, қателесетіндерді қалай иліктіре аласың. Біліп тұрып, бұғынып қалсаң, сезіп тұрып, тығылып қалсаң, айналаңнан ойбайлағандардың өксігі мен өкіргені дауылдап, дуылдап кетпей ме. Айтарыңды көмейлеп жұтпай, ақиқатымен ақтара салғанға ештеңе жетпейді. Өзімді өзім жетпіс жыл бойы танып келсем, жетпістен асқанда жебірлердің желкелеуінен жеңілгендей болып әділетімнен қалай тайқып кетпекпін. Табанымның бүрі тайса да, тайғанақтамау үшін тізерлесем де үнемі илгеріге, ақтыққа, пәктікке ұмтыла берем. Ұстанымым осы.

* * *

Жаратпаудың да салақұлаш тілінің жалақтауы бар.

* * *

Ізгілігі көптің зұлымдығы жоқ.

* * *

«Әй, шіркін!» «Беу, шіркінмен!» өтер күнің
Білдірмей бейқамдықтың бекерлігін.
Шыңғырып шырылдаған жер түбінен
Хақ түгіл тақтағыға жетер ме үнің?

* * *

Тарихыңның тылсымын шешем десең,
Жылдарыңның жылғасын тазалай біл.

Жиырма төртінші ой

Алдау һәм арбау

Бірімізді біріміз аңдитын ұсақтығымыз бар. Бірімізді біріміз алдайтын кемшілігіміз бар.

Біріміздің бірімізді аңдуымыз - «Анау неге менен озып кетті? Мынау неге менен асып байып кетті?» дейтін қызғаныштың күйінішінен туындайды. Осындай қылмысқа бергісіз ұсақтық әсіресе төрдегілерде бүгінде мүлде етек алып кетті. Өнерліні тануда, ақылдыны іздеуде, талапкерді қолдауда өзге ұлтқа мүлде ұқсамайтын біздің қазақтың кінәрат таққыштығы анау Мұхтар Әбіләзов пен Мұхтар Жәкішевті ағаш атқа мінгізіп, жер-көкке сиғызбай жамандауынан анық байқалады. Бір кезде өзім де М.Әбіләзовке онша сеніңкіремеуші де едім. Онымды талай жазғаным да рас. Ал бүгінгі жаппай қаралауды үкіметтік БАҚ-тан оқыған сайын сол ойымнан айни бастадым. Ірілі-ұсақты төрелердің сөзімен қос Мұхтардың мықтылығын, қос Мұхтардың біліктілігі мен іскерлігін, қос Мұхтардың адалдығын барынша жоққа шығармақ болып ауыздарынан көбігін шашырата жамыраулары соның айғағы.

Ал қандастарымның бірін бірі алдауы - олардың өзгелерден көп білуінде емес, керісінше олардың өзгелерден гөрі түк білмеуінде жататын тәрізді. Өйткені өзегінен төгілер өнегесі аз жанның ең болмаса өтірігімен-ақ айналасындағыны батпақтатып қойып, шындықтың шыңына аяқ бастырмау ғана.

Жоғарыдағылардың қазіргі тірлігі осы алдау, арбауымен тәлтіректеп қалған замандастарының өздеріне қатаң қойылар өзектегі талап-тілегінен адастырып жіберіп, әуре-сарсаңға салып қою ғана.

* * *

Кейде ертедегі елес дүниенің ертегідей болып бүгініңнің алдынан бұралып шығары бар.

* * *

Қолынан тартып сүйретуіңнен гөрі үлгіңмен ертіп үйретуің көп артық.

* * *

Халқының қамын жеп, мұңын емген жанның ізінен нұр ереді, гүл өнеді.

* * *

Құдай-ау, танауыңды иіскелей аймалар кермек жусанның керемет иісі аңқыған жасыл жайлаудың тұнжыр түндері қайда кетті екен? Ақ сүт сәулесін баяу ғана себелейтін Айдың дәл төбеңнен сызыла қаларын қалай ұмытарсың? Сондай сәтте әлденеге аласұрған жаныңның мазасыздана қалатыны бар-ау. Осынау шексіз әлемнің өзіндей болып кең, мол құшағымен орап алған сиқыр сәулелі тылсым түннің ойыңды он саққа жүгіртіп, әрі тәп-тәтті, әрі улы мұңға толы естелікке сүңгітіп жіберерін қайтерсің-ай!.. Ойлаудан да бұрын әлдебір ғажайып белгісіз қуанышты маау, әлдебір әлдиімен уантар әлдекімді ме-ау, әйтеуір елжіреген жүрегіңнің ғайыпсынды әлденені күтуі мен тосуы үдейді-ау кеп!

Шіркін сол түндер оралар ма екен қайтадан?!.

Ал бүгін қыраулы күзіңнің бұйығы кеші салбырап еніп келеді. Даланы ендей жайылған күңгірт көлеңкесіне ілесе көңіл біткенді күйзелісті көңілсіздік жауып, жасырып барады...

Шынымен-ақ әсемдікті тұрпайылық, сүйінішті күйініш қымтап жауып, тұмшалап тұншықтыра бергені ме? Ал сонда өмір шіркіннің де таусылары, бітері ақиқат болғаны ғой. «Өмір!» деп үздіге ұмтылып, барымызды сала еңбектенгеніміздің ақыры - құмға сіңген судай боп өшіп кетер болса... өз өңешіңді өзің жұлардай жұлқынуыңның әсері қанша?.. «Ананы тындырып тастаймын!», «Мынаны

өндіртіп бітірем!» деп далақтап жүріп кең жолыңның тар соқпағына тірелгеніңді бір-ақ байқайтының қалай? Ал анау айлы түн, жасыл жайлау енді бір оралмай сол жоғалғаны жоғалған ба? Кімді іздерсің енді? Нені күтерсің алқына күрсініп? Кімді тосарсың елжіреген жүрек тебіренісімен?

Рас па?! Біте ме бәрі?..

Ақырғы қақпаңды жаптың ал. Не өзгерді?.. Жоғалды деген сонау айлы түннің әсемдігі қалды артыңда. Мынау күңгірт кештің күйзелткен күрсінісі қалды соңыңда. Күн бұрынғысынша қызарып атады, баяғысынша күреңітіп батады. Сол атқан таңды, батқан күнді басқалар көреді. Өзгелердің өксігі де, өлеңі де сенсіз айтылады. Бөтендер бар. Сен жоқсың!.. Әлем босап қалды ма сенсіз? Дүние қаңсып құрыды ма? Ел теңселіп жылады ма? Білмейсің. Біле алмайсың.

Әй, қартайдым білем...

* * *

Атақ-даңқтың дабырасын іздемеген жанды түптің түбінде даңқ тұғырынан табасың.

* * *

Халқының үні өссе,
Ханының күні өшеді.

* * *

Біреуді жек көруден де қызғанышпен кектену қауіптірек.

* * *

Әлдекімді әлдекім әулекі ғып,
Қырған кезде адал мен сауды өтірік,
Аш қазақтың ішегін шұрылдаған
Көміп жатыр төрдегі дәу кекірік.

* * *

Кез келген шынайы қаламгер үлкен бір дүниесін тудырарда көп ойланып, ұзақ толғанып, үміт пен күдіктің тегеурінді арпалысына түсіп шығып, арып-ашып бітеді. Ал қараңғы бөлмеге шам ұстап кіргендей жарқ ете қалар ой-түйсігі оянған сәтте тәуекел қып қаламға қол созғанда әлде үрейлену тәрізді ме, әлде әсерлену сияқты ма әлдебір белгісіз сезімнің құрсауына шым батады.

Содан ба, жазғанына көңілі толмай, әрі-сәрі күйден және ажырай алмайды. «Қатырдым-ақ!» деген шығармасының ана тұсынан да, мына жерінен де көптеген кемшіліктер мен олқылықтарды шұқшия іздеп тауып, кеміріп отырған қаламын лақтырып жібереді. Одан әрі қағаз бетіне қарауға дәті шыдамай тұрып кетеді. Өзінен өзі түңіліп, өкпесін өшірердей опырыла күрсінеді. Адам қиялы таппас, талант құдіреті жасай алмас ғажайып кітапты тудырмақ болған тасыраңқы талабы тасқа соғылғандай сезе ме, мәңгіліктің қақпасын қақпақ болған өзін іштей әжуалап, езуін еріксіз еп-ерсі ыржитқан болады. Ал анау ашылып-шашылып, көзін қарып жатқан қолжазбасы Келешекте Мәңгіліктің бір саңылауынан еніп кетіп, Дүниені дүр сілкінтуі де мүмкін екенін ойламауы хақ.

Жиырма бесінші ой
Жастықты жоғалту - тақсірет

Төменнен жоғарыға өрлеу бар да, жоғарыдан төмен құлдырау бар.

Жоғарыға өрлеудің баспалдақтары орташадан жақсыға, жақсыдан тамашаға аттатып ілгері озған сайын талпыныс сезіміңді ұштай түседі. Биіктен

биікке көтерілген сайын ізгілікке ұюдың, адалдыққа исінудің құдіретіне құлшынуың көбейеді. Талай ғасырдың талқысынан сүрінбей өткен адам тәнінің шын демеушісіне айналған жанының рухы асқақтаудан, асқақтатудан ажыраған емес. Өйткені ол рух - шиеленіскен шайқастардан, арпалыстырған айқастардан адаспай өткен азамат-адамның жеңісінің айғағы, жігерінің жебеушісі, адалдығының ақ жалауы.

Жоғарыдан төменге құлдырау өткелдері өзімшілдіктен басталады да, ұрлық-қарлық, жемқорлық, күншілдік, аярлық, қомағайлық, бақталастық тәрізді тайғанақ сатылардан майқұйрығымен тақылдата қанын ағыза сырғанатып, құлдилата жөнеледі. Содан соң-ақ арамдықпен сасыған тәннің шалажансар жанынан рухы безіп кетеді де, асқақ адамнан құнсыз пендеге айналған кісәпірдің азғындауы асқындап ала қояды. Ал азғындаудың анық белгісі - «Бар-бәрі тек қана мен үшін!» дейтін кеудемсоқ пасық менмендік қана! Адам исінер басқа қылығы қалмайды.

Өрлеу мен құлдыраудың қайыссын таңдау еркі өзіңде, замандас! Қимылдап қал...

* * *

Батылды үрей шошытса, қорқақты ол батыр етеді.

* * *

Қайғыға қаны тасымастың байғұсқа жаны ашымас.

* * *

Әлсіздің кекіреюінен сақтан,
Әлдінің шікіреюінен сақтан.

* * *

«Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман...»
Бұны, әрине, тек қана хакім Абай айта алған.

Қарапайым мақұлдаудың ғажайып күрделілігі. Жеткізбес сағыныштың терең күрсінуі. Алыстаған артыңның жақындаған алдыңа жалтақтата үңілтуі. Қарабайыр сөздердің әрі шымыр, әрі қорқынышты ғаламат ойлылығы. Жалаңаштанған ақын жанының қасіретінің бір тамшысымен ыршып шыққан өксігі. Абайдың осы өксікті қайғысы - халықтық қасіреттің бір парасы. Ол бәріміздің, баршамыздың басымыздан өтетін, сонысымен, ойсырата өкінтетін - **жастықты жоғалту тақсіреті!**

Бұрын ойын қуатын шақтың, ендігі ой қуатын мезетіне ауысқанын Абайдай сезе алып жүрміз бе? Ойдың тереңіне батып, шығып, телегей теңізінен қайғының қайығына мініп, қалт-құлт етіп өте алардай шама-шарқымыз бар ма? Бар болса қамсыз тірліктің қызығына құмартпай, қол-аяқты шідерлеген қарттықтың күңіренткен қайғы-қапасына ой көзімен сүзіле үңілдік пе?Ұлғайған арманнын,өкінішке малшынтар ауырлығын әлсіз жүректің алқына соғуымен сезіне алдық па?

Әлде... анау шала есірік шал-шауқандардың кебін киіп ойды опырып тастап, қайғыны қопарып аластап, арманның аяғын аспаннан келтіріп, тоқалшыл топалаң тіршіліктің ойсыз, мұңсыз тойшыл дүрбелеңіне сақалымызды жын-шайтанның ордасына айналдырып, сүңгіп кеттік пе?..

Қартайдық қайғы ойламай, қызық қуып,
Арманды өртеп, ыр-дуды қызып қуып...
Солай ма?..

* * *

Ешкімге кесірің тимесе, әділдікті шешімің билесе - сенен өтер бақытты жан болмайды.

* * *

Құдіретті бабаңды уақыт немең ғасырлар қойнауына неғұрлым тарта берген сайын, қадір-қасиеті соғұрлым арта береді.

* * *

Тірлік емес - тірліктің бәрі жалған!
Айнымайды күй - шерден, әні - зардан.
Ақиқатты әкімдер буындырып,
Шенеуніктің шындықты кәрі жарған.

* * *

Тозақта жүрсе де, ұлдан құл тумайды,
Жұмаққа кірсе де, құлдан ұл тумайды.

Екі түрлі мінезбен, екі түрлі әдетпен жаралған адамдарды көп көрдім. Алғашқысы әркімге ұнасам деген жарамсақ тілекпен жүріп келе жатып та айналасына жанарын жалт-жұлт еткізіп бұрып бара жатады. Ал екіншісі ішкі өзегінің қалап алған мақсатын берік ұстап, жан-жағына көз тастамай әлде-бір қатулы қабақпен ілгері тарта береді.

Алдыңғы пішіндес пендеге жаннан тән қымбат. Жеңілтек тірліктің желкенін түріп алады да, желпілдеп сөйлеп, желкілдеп жөнелуден жалықпайды. Құдайдан тілерді мұнайдан тапқан қалталы обырларды айналсоқтап, күшін сатпай, түсін сатып, амалын құнттамай, ажарын бұлдап шат-шәлекей болып жүргені.

Ал кейінгі топтағы адамға тәннен жан артық. Ол өткенімен де, ертеңімен де тіл табысып, әжік-бүжік әңгіме тақырыбын табуға әуес. Көкірегі тірі, көңілі ашық болғандықтан өзгеден бұрын өзін жеңуді, өзін тыңдауды һәм өзін жөндеуді көбірек пысықтайды. Іздейтіні - еркіндік, бостандық. Алысары - һарамдық, жалғандық. Сол себепті шенеунігі шіренген, соты тұсауланған, төресі тәңірімсіне тәкаппарланған мынау қасақы кезеңнің биліктің езуінің керілуімен арс етіп атылуға даяр полиция кездігінің үнемі ұшынан табылады.

Бәрібір мен осылардың соңына ілесуден сескенбес едім.

* * *

Асқынған әдепсіздік - мастанған даңғойлықтың шаранасы.

* * *

Алыс-жақынның мыңына сенгенше, ар-ұятыңның сынына көн.

* * *

Сыпайылық - шынайылықтың серігі.

* * *

Көршілерінің албарына сүмеңдеп көз сүзіп бір шелек су алу үшін бір кесе суық теріңді сорғалатқанша, әркім өз құдығын өзі қазып алуы керек қой.

Сондай-ақ әркімге бір еліктеп, өзіндік ой таппай, өзгенің өкшесін баса ентелеп, әлгінің тапқанынан сүйек дәметкендей болып қайталауға ұрынған ақынды ақын дей қою да артықтау.

Біреуден сұрап алған суыңның тез таусылары мәлім. Қазып алған құдығыңның құрғамайтыны белгілі.

Ендеше өз бойыңнан өз ойыңның нәрін алар құдығыңды қаза біл.

* * *

Жек көрген асыңды жеп берер қасыңа да сыйлама.

* * *

Ақыл қашқан төрімнен,
Ар жүдеген,

Көмейіне құйылды қаржы немең.
Құбырымен суырып майды Қытай,
Қалғандары тасиды баржыменен.

***

Шекпенді құлдан жалаңаш ұлдың сәні артық.

Жиырма алтыншы ой
Құбылғыш достан қайыспас қас артық

«Тоқал қатындардың өр келетұғыны несі? Кеселді кісі ер келетұғыны несі? Кедей кісінің кер келетұғыны несі?»

Абай хакімнің кереғарлықтан ашынған сәтте қыжырланған кеудесінің тұжырымға бергісіз зілдей сауалдарының әркімнің көкірек қақпасын ұрғылап, түйіп-түйіп жібергені бұл.

Осы сауалдар бүгінде талайымыздың талағымызды қарс айырардай төбеміздің төмпештеп, аттандата тірілгенін бүркемелеуге шамамыз жоқ.

Тыныштық іздеп таба алмай, жұмыс іздеп шақшадай басы шарадай болған жұртымызды ұртынан қан, артынан май ағып әуселесі артылған әлдебір азғана топтың әумесерлігінен үлгі алуға итермелейтін әурешілікті байқап қалып жүрмін.

Ол әумесерлік - «тоқа-ал! То-о-қал!» деп тоқылдаған жүректі қабынтып, шарасыз халде шырылдаған қызалақ міскіннің жетіле қоймаған аппақ төсін сирек қылдары желкілдеген ақ сақалмен өкіреңдеп сипау. «Жас иісшіл» сумақай талаппен шал-шауқанның өкпесі сырылдап тоңқаңдап өңмендеуі.

Тоқал алу, «төсек жаңғырту» үрдісі - әдеп пен әдеттен аттап өтіп, абройсыздықпен асқынған тоқсаныншы жылдары басталған. Биіктегілерінің ойланып һәм ойланбай жасағандарын біліктіліктің

өзіндей көретін «муридтері» ал кеп үйренсін! Ал кеп жалғастырсын! Ал кеп бірінен-бірі қалыспай жарысып кеп берсін! Нәпсі билеген, өзімшілдік сүйреген кезде адамды адам етіп тежей қоятын мінез де, тәртіп те, тіпті заң да адыра қалатыны ғажап-ақ.

Сонымен не болды? Не болсын. Кешегі сүттей ұйып, айрандай кілкіп тұрған жылы ұя, адал мекен **- отбасы қақ бөлінді.** Адамды адам тапа-тал түсте сатып кетті. Нәзік сезім дейтін адам бойындағы мөлдірлікті, тазалықты қақ жүректен опасыздықпен атып кетті. Әке мен бала жауықты. Ішке мұз қатты. Көкіректі айытпас ызалы мұң тапты.

Бәйбішелер мұнда, Алматыда қалды. Тоқалдар анда, Астанада тайраңдады.

Бір қаланы шер жапты. Екінші каланы кергіткен кер қапты...

...Бұл Алматы - нақақ көздің мұңға толы шарасы.

Ал Астана - толықсыған тоқалдардың қаласы...

Солай ма?..

* * *

Адал жанды күндеу - атқан таңды тілдеумен бірдей.

* * *

Тіліңді тістесең, сақтығыңды күшті етесің.

* * *

Арыңды шашып алғың келсе, шалқақтай бер.

* * *

Құлдықты аңсаған жанға құлдық қамытын кигізіп көрер ме еді. Шындықты аңсаған адамға мықты құрықты қолына тигізіп берер ме еді.

* * *

Кәріліктің жоғалтқаны көп те, табары аз. Назданары мен мәз болары да сиреп, күрсінтері мен күңірентері көбейеді. Ұмырлық уақытының бітіп бара жатқанын әлдебір түйсігімен түршіге сезген сайын **бақыт** дейтін ұғымның тылсымына сұңғи батып, тұшынуға тырысумен әлек болады. Сол бақыт дейтін жұмбақ түсінік адамның ішінде тұрақтай ма? Әлде тысында тұрып, еліктіріп қол бұлғап ындыныңды құрта ма? Мықты болсаң, ажыратып көр, замандас.

Көгілдір көктемнің бусанып оянған мезетінде боз қарағанның жұпар иісін аулаған жан сүйініш пен мейірімнің құшағына бөленуші еді ғой. Сол бір тұлабойыңды шымырлатып жетер әсемдікті бақыт деп қабылдайтын болсақ, осынау көкжасыл көктемің көз жұмған кәрілікпен қоса өшіп, бірге жоғалып, құрып кете ме? Әлде жарық пен жылудың аясында салтанат құратын Табиғаттың ажырамас бөлшегі боп мәңгіліктің үлесінде қала бере ме? Ойымен-ақ неше түрлі айшықты сурет сала алатын, қиялымен-ақ Құдірет Хақтың өзімен де таласа алатын адамның ақылы жетпес кей шытырманын кәріліктің қауқарсыздығының нәтижесі деп сипай қамшылап, анықтай алмай кетіп жүрміз бе?.. Оны да өздерің байқап, бағалармысыңдар, тұстастарым.

* * *

Өзін өзі асқақтатпаған, өзгені өзінен қашқақтатпайды.

* * *

Жаманды жөндесең, жақсың да өңделе түседі.

* * *

Жалғыздық - жабығуыңның бастамасы. Ал жабығудан да жалығу боларын сезсең, тағы да сол

жалғыздықтың саясына қашып тығыласың. Сөйтіп өзіңді өзің оңашалықтың қапасына қамаған қартты-ғыңның «жалғыздық - жабығу - жалығу» атты бірін-бірі босатпас, бірін-бірі қуалай іздеп, бірін-бірі мықшыңдай сүйреп дөңгелене қиралаңдайтын шеңберінен ажырай алмайсың.

Өзіңмен өзіңнің дауласуың - өзіңмен өзіңнің жауласуыңның алғашқы баспалдағы. Алаң көңілің сондайда дауыңды шешер, жауыңды тұсар өресі биік, өрісі кең дос табуды аңсайды. Өзіңе өзіңнің сене алмауың, сол сенімді өзгенің жүрегінен тез таба қоям дейтін адасуыңа жетелейтінін ұқпайтының-ақ жаман. Досым деп қол созғаның қасың болып қасиетіңді тонап жатса да, өз осалдығыңды сездірмеуге тырысып, әлгінің мерездігін мейірімдей көріп, жамыла бересің.

Құбылғыш дос емес, қайыспас қас іздеудің қажеттігін қанша сезсең де, кәріліктің қалжыратқан қасаңдығы оңайлықпен жібімейді. Жібімейді де, алаңдатқан досыңа бас шұлғығыш көкірегің табандатар қасыңның ащы шындығын қабылдауға мүлде жоқ. Өйткені сен әлгіге өтірікке оранған тәніңді ашып тастаудан, жалғандықты бүркенген жаныңды жалаңаштап көрсетуден безе қашасың. Сондағы бас сауғалап тығылар қуысың - тағы да жалғыздығың. Жабықтырар, жалықтырар сол азабың сор тірлігіңнің ендігі ес жиғызбас еншісі ғана.

* * *

Құлдықты аңсаған жанға
құлдық қамытын кигізіп көрер ме еді.
Шындықты аңсаған адамға
Мықты құрықты қолына тигізіп берер ме еді.

* * *

Сұмырайдың озғаны - арамдықтың қозғаны, адалдықтың тозғаны.

* * *

Сот келе жатыр!

Жалғыз-ақ сөйлем! Жаңғырығы талай ғасырдан бері жарға да соғып, жанға да соғып бір үзілмей жалғасып келеді. Әлі де адамзат қоғамының жер бетінен біржолата өшіп кеткенінше (Құдай тағала ондай сұмдықтың бетін аулақ қылсын) талай ғасырға созылып жаңғырыға бермек.

Сот келе жатыр!..

Әділет арқалап келе жатқан сот па, әлде сол әділетті ұрып жығып, дырылдатып сүйретіп келе жатқан сот па - үміт пен күдіктің арпалысы залда отырған жұртшылықтың жүздерінен лезде толқындап жүгіріп өтері хақ.

Ал содан кейін өмір мен өлім айқасы, шындық пен жалғандық тартысы, қоғам мен адам тағдырының тоқайласуы басталады. Өңешін өлім шеңгелі бүрген өмір ышқына тыпырлап, шырылдап жан шақыра әуреге түседі. Шыңғырған шындықты жалғандық жағасынан қылғындыра уыстап алып, сілкілей жөнеледі. Меңіреу қоғамның қолдауымен қырық құбылғыш заңға құрық созған құқық қорғау иелері жазықсыз жазаланар міскіннің тағдырын ойыншық қып ойнап, қуыршақ етіп қиратуға кірісіп-ақ кетеді.

Анау жаңаөзендік құрбандардың соты осындай аяусыздықпен өткен.

Сонау Алтынбекті өлтірді деген «қылмыскерлердің» соты осындай көзбояушылықпен жалғасқан.

Мынау Челахтан терминатор тапқан сот осындай жалғандыққа барып, шындықты жығып берген.

Әділет сотының әділетсіздікке ұрынып мейірімсіздікке баруынан өтер құбыжық қадам бар ма екен?..

Сот келе жатыр!..

Қандай сот??

* * *

Адалды арамдықпен алыстырып,
Сыйлықты халтураға табыстырып,
Мықтыны жығып беру әлсіздерге -
Ежелден төрдегіге таныс қылық!

* * *

Жадының мықтылығын жанының қазынасына балаған адам, ақыл-ойының аздығын да байқамай, мәз болып жүре береді.

Жиырма жетінші ой
Аялау керек пе, аямау керек пе?..

Адамды аялау керек пе, аямау керек пе?

Бүгінгі көптің көмейіне бұғынып жетіп, тығылып шыға алмай жатқан күрделі сауалдың бір алуаны осы. Өйткені өмірді - комедия деп күлімдеп ұғатын да, өмірді - трагедия деп түксие түсінетін де екіаяқтылар арасында жетіліп артылады.

Алдыңғылары шағындау да, кейінгілері молдау. Бірақ осылардың бәрін шіренген қолын мықынына талтая таянып алып, езуіндегі кекесін мысқылмен: «Адамды аямау керек!» деп зырқ ете қалған Наполеонның актерлығы басып кеткенінен де хабардармыз.

Адамды аямаудан барлық қасіреттің өрбіп-өсерін тирандар тірлігі айғақтап кеткенін және білеміз.

Меніңше, пендені емес, адамды құрметтеу қажет. Сонда ғана қарым-қатынастың ашықтығы, тазалығы қалыптасады. Құрмет арқылы әлдекімнің қадірін өсіруге де болады, әлдебіреудің қасиетін өшіруге де болады. Ол - құрмет көрсетудің ала-құлалығына тәуелді зымияндық құбылыс.

Ең өтімдісі - адамды аялау, яғни аяушылық таныту. Аялау бар жерде тіршіліктің қияс-кейісі, өкініш-өксігі, наз-наласы тарқап, сейіліп, сұйылып ыдырап кете барады. Аялаудың бар құдіретінің тоғысқан жері

- Ананың алақаны!Аяушылық танытудың күллі қасиеті құйылар тұсы - Ананың жүрегі! Анасының алақаны басынан сипаған баланың әманда мерейі үстем. Ананың елжіреген жүрегінің жылуына бөленген жаннан құдіретті ешкім болмайды. Ана - тек аяушылықтан ғана жаралған. Ал сол Ананы аялайтын адамның бүкіл Әлемді қорғай алардай қабілетке жетеріне дауым жоқ. Дүниені аяушылық сезімі әлдилеп, аялау мейірімі сақтап қалса керек.

Адамды аямауды ұмытып, аялауға ұмтылсақ қой.

* * *

Зұлымдықтан жиренсең, ізгіліктен үйренесің.

* * *

Досыңа сенгендігіңді менмендігің тұншықтырарын білмей қаласың.

* * *

Шептен шықпауды шектейтін шешімің болсын.

* * *

Зымыраған ғұмырды кідірту қиын. Ал өмір тоқтады дегенше, ажал қақпасы ашылды дей бер. Ажал қақпасының әркімнің алдынан бір сығаларын сезудей-ақ сеземіз-ау. Ал өмірдің өзін сезініп, бар болса көзіне туралап бір қарай алдық па екен? Қарасақ, нені көрер едік? Нені пайымдап бағар едік? Тұңғиығынан шошып, «Түпсіз!» деп түңілер ме едік? Құбылғыш, тынымсыз, жүгіргіш жанарынан жасқанып, тез бұрылып, тайқып шыға берер ме едік?

Әне, өмірдің осалдығы мен өктемдігі. Мән-мағынасына бойлатпас осынау түпсіз тереңдігінде, әрі өзіне ғана тән бикештік құбылмалы ерекше мінезінде болатын да шығар.

Бәрібір өкінтіп өксітсе де, қуантып күлдірсе де қимайтын мәңгі құштарың - өмір ғана! Күнді күн қуалап, жылды жыл алмастырып, өзегіңдегі өміріңнің шақ ғұмыры азая береді. Сөйтіп жүріп жеріңнен асқаныңды байқамай: «Алдан күтерім әлі де көп. Бәрі де болады. Тілегенім қолыма қонады!» деп уақытты оздырып алғаныңда ғана саныңды бірақ соғасың. Ал өмір шіркінің бұлаңдаған түлкінің құйрығындай тазы тұмсығыңның алдында жеткізер-жеткізбес болып жүйткіп желіп жүріп, ақыры қабірорыңа күмп еткізіп құлатады да тынады. Ал ғұмыр бойы сарылып не күттің сонда? Құнығып не тостың есің шыға еліріп? Біреуге бір жақсылық жасадың ба? Әлдекімді әлдилегендей етіп қуанышқа бөлей алдың ба? Әлдебір қара көзден солқ етіп тамған ауыр тамшы жасты жерге түсірмей жүрегіңнің алақанымен тосып ала алдың ба?

Ал енді ше? Екіндіге еңкейген күніңнің ұзара құлдилаған көлеңкесіне алқына демігіп ілескенде, табарың не? Ит кемірген қу асықтай алдыңда бұлдыраған он шақты жылдық ғұмырыңның қалдығын өзіңе де емес, өзгеге де емес, Тәңірге де емес, тағдыр дейтін дүлей қаншыққа телмірткен кіріптарлығына сүмелектене мойынсұнғаның кімге қажет? «Өмір-ай!..» дейсің. «Жалған-ай!..» дейсің. Ғұмырдың жалғандығын енді ұққанда, ойсырап түйсінгенде, сол өмірдің бетіне түкіргендей айқайлауға да шамаң келмей, іштей өкіре күрсінгеніңді кім сезбек?

Сонау... сонау сәби іңгәңмен басталған күйбең тірлігіңде басыңды тауға да, тасқа да соғып жүріп қай ұшпаққа шыға алдың? Анаған бір жалбақтап, мынаған бір жалтақтап көз сатқандағы бар тапқаның

бес адамға беделіңді асырған креслосымағың ба?Кісәпірлігіңді кешігіп ұғынған ішіңнің күйіне, кіжіне кісінегенін қай маңайың естігендей бүгін? «Құштарым!» дейтін ғұмырыңның соңғы қақпасын сарт еткізіп жауып, қара жердің қойнына сүңгіткен денеңді құрт-құмырсқаға жегізеріңді ойладың ба? «Өмір сүрдім!» десең де, ғұмыр бойы дірілдеген тізеңді қалтыратқан белгісіз үрейіңді қайтіп ұмытарсың? Үрейленбес үшін о баста тірлігіңнің адастырмас тура жолын тап басудан жаңылғаныңды кімге ғана зар мен шер қылып шертерсің?

Ойланта ма, толғанта ма?..

* * *

Әркімді жасына қарап салмақтағанша, басына қарап ардақтауды ұмыта береміз.

* * *

Қауқарсыз ашудың қашуы жылдам.

* * *

Адамның қасиетін де, қасіретін де айғақтайтын өлшем - мінезі ғана.

* * *

Етекте тұрып сонау көз ұшындағы шыңға қараған жан не басы айналып құлайды. Не шыңға шыға алмайтын дәрменсіздігіне налып жылайды. Ал жоғарыдағылар әлгі байғұсты еп-ерсі мазақтап күледі. Айтақтаған пысықтары мен күшіктері жарысып кеп шәуілдеп үреді. Кейде төмендегіге қоқан-лоққы жасағысы келген биіктегілердің қолынан «байқаусыз» ұшқан тас домалайды. Кейде әлденесімен әйгілілерге жақпай қалған әлдекімнен кесіліп түскен бас домалайды.

Етектегі адам енді етек-жеңі далақтап еңістегі елге қашады. Әлгінің алақтаған көзінен, қорқынышты сөзінен есін жия алмай елді жаппай үрей басады.

«Қазақты оп-оңай көндірем десең, қорқытып ал. Ақылынан адастырып, күш-қайратын тоздырам десең, сескенуін қоздырып жібер. Бірінен бірі шошып қашқақтаған қазақтардың сонда ешкімге, ештеңеге қауқары жетпей қалады!» Кейбіреулердің мысықтілеумен алашына тілейтіні осы.

Аллам сақтасын солардан.

* * *

Опасыздықты сүйетіндер опасыздарға басын имей тұра алмайды.

* * *

Бір істі батыл бастасаң да, бас-аяғын бағамдап баста.

* * *

Хандығын билей алмаған патша халқын илей беруден аянбайды.

* * *

Еседі самал желі тазалықтың.
Туады ғажап күні ғажап ұлттың.
Көреміз сонда кімнің қуанарын,
Көреміз тұратынын сазарып кім.

* * *

Өз ақиқатыңды сезіну үшін өзгелердің де шындығын тыңдай һәм таңдай білгенің жөн. Өйткені көпшіліктің тұтасқан ақиқатынан адалдық дейтін құдіреттің еңсесі көтеріліп шыға келеді. Сонда ғана азат ойдың тереңінен сүзіліп шыққан шынайы сөздің жаныңды желпіп тыныштандырар майда лебін де,

жылы демін де түйсіне қабылдайсың. Сонда ғана ақиқаттың қарапайым тірлігіңнің тірегі болып, бытыраған дүниенің ырың-жырыңын тез тыйып жіберіп, көңіліңді кәдімгідей көншітіп-ақ тастайтыиына көзің жетеді.

* * *

Қажыр қашып, жасиды жігер неге,
Өзектесін өлімге тігер неге?
Басқа ұлтта дәл біздей зұлмат болса,
Ордасында, білмеймін, түнер ме еге?

Жиырма сегізінші ой
Жетем деп мен әлек, жеткізбей ел әлек

Ақтарып тастап айтарым көп-ау, айта алмаймын. Ышқына айқайлағым бар-ау, үнім шықпайды.

«Неге айта алмайсың?» дейтін итермелеушілерім жеткілікті-ақ.

«Неге айқайламайсың?» деп айтақтаушыларым да біраз.

Әлгілердің ойын да танып, сойын да көріп тұрам да, дірілдеген денемнің балаша жыламсыраған даусымен: «Айтқызбасым айтқызбаса, қайтемін. Шамамнан астырар шарқым аз» деймін ғой.

«Ішке бүккеніңді төкпесең, күдік-күмәніңді сөкпесең, көңіл іздейтін кемелдік пен кеңдікті, әділет пен теңдікті көк те, тақ та бермейтінін ескерсеңші!» деп енді өзімдегі екінші «өзім» миымның бұйығып жатқан қатпарларын тітіркендіре оятып, қозғап жібереді.

«Апырау, түбірлі сөзді түптей жөнелетіндей мен кіммін сондай-ақ. Ойсыз, өнерсіз, талансыз байғұстардың ортасынан одыраңдап шыға келуге кім маған құқық беріпті? Жан қуатын ұрлап жатқандарға құлақ жарғағын ұрғылайтын дүрбелең дыбысым жетсе-ақ,

солар қан суатымды тамшылата төгіп, тынысымды тоқтата қоймай ма?».

Өзіңдегі «өзіңнен» қайда қашып құтыларсың. Аттатпай-ақ тап басады-ау бәлекей шіркін: «Басылам да көнем демекпісің. Ойыңды ұрлап тығып, бойыңды тоқтатам демекпісің. Үнсіз буынып қайратыңнан қайтқанша, айбатыңа мініп ақтың сөзін айтсаңшы. Сонда таусылып төгілген әр тамшы қаның келешектің алқызыл таңы болып атпай ма? Тоқтаған тынысың талайлардың бітелген көмейін кеңітпей ме? Арыңды - барым десең, буылған ауызды тезірек сөк!»

Әй, қайдам... Әлі бір сөзім тау сілкінтпек түгіл тас қозғаған емес. Төбедегілерді төменге үңілткен емес. Мұндағы мұндарларымның бітелген құлақтарына жеткен емес. Жеткізем, жетем деп мен әлек. Жеткізбей, селт етпей ел әлек. Соған қарағанда бірдің аттан-айқайы мыңның бүркеулі кеудесін қағып ашып, тесіп ене алмайды-ау.

Ендеше несіне бүлінем?..

* * *

Арамды жазғырмаған, адалды мәз қылмайды.

* * *

Қайырым еткеніңді берген сен емес, алған ол айтсын.

* * *

Бұл мұнай - кімге зорлық, кімге байлық?
Түспейді төр төбемнен күнді лай ғып.
Сорған соң қанымызды тоймай, қанбай,
Құшақты зарға ашып, мұңға жайдық.

* * *

Пожалуй, убедился я, что никакими поцелуями или жалостной песней не пробудишь от зловещего

сна так называемых «сыновей Алаша», то бишь моего народа.

* * *

Қайта ашылмастай етіп түбінде бір көз жұмасың... Ойландың не, толғандың не бәрібір өлгенді тірілте алмайсың, өткенді келтіре алмайсың. Ғұмыр бойғы тірлігің «байлығың» дерлік шайлықты да жинай қоймапты. Ой түбіне сүңгігендегі бар тапқаның қабаттасқан инфарктың мен инсультің ғана. Ұйқыңды бөліп, ащы теріңді төгіп, жүйе-жүйкені сөгіп еңбектендің-ақ. Ал сондағы көрген жеңісің мен терген жемісің қандай? Ақылдының сені ақымақ санауы ғана. Төрдегілердің төбеге шығар басыңды түрткілеп, төмпештеп төменге ысыруы ғана. Ойыңдағы асылыңды өздерінің бойындағы жасығымен алмастыруға тырысуы ғана. Есіктен де енгізбей, тесіктен де сығалатпай адалдық іздеген тұлғаңды тұлыптай етіп тоздырып, аулаққа аластап қуып жіберуі ғана.

Жо-жоқ! Ерме салдақы сарыуайымның сандырағына! Берме ойыңды да, бойыңды да күмілжітер күрсініске толы күйректікке!

Ал домбыраңды қолыңа. Тиегін дұрыстап қойып, құлақ күйін келтір. Содан соң иегіңді иығыңа төсе де, қос ішектің қоңыр үнін аңырата боздат. Бейуақ шағыңның бейуақ кешін сылдыр-сыңғыр, сыңғыр-сылдыр сықырлы саздың толтырып ала жөнелгенін көңіліңнің құлағымен емірене тыңдашы-ай бір!.. Емірене елжірей қабылдашы-ай бір!.. Сонау...сонау жалындаған жастығыңның мөп-мөлдір әуені қайта оралып келіп, кеудеңнің дір-дір еткен қақпасын тырс-тырс шертіп кетеді-ау бір! Алыс жайлаудың таныс бейнелері көз алдыңа ыстық, ынтық жүздерімен жадырай күліп жетіп, еркелей бұлықсып тізіле қалады-ау бір! Әрі сүйікті, әрі күйікті естелігің тіріліп сала

бергенде өзіңді өзің ұмытып, өзегіңдегі өкінішті өксік жоғалып сала бергенін сезесің. Сезесің де мынау тірлігіңнің негізін құрайтын ғажайыптың қандай екенін, не екенін анықтай алмайсың. Бірақ сонау көгілдір көктемдей күндеріңнің құшағына тағы бір бөленіп, мынау күзінен қысына аяқ басқан ғұмырыңды да, жалғыздықты да, жауыздықты да, кедейлікті де, кемсітуді де ұмытасың. Бәр-бәрін.

Бейуақ кешіңнің бейбақ бейуағына сүңгіп бара жатасың. Бәрібір...

* * *

Тәлімі нашар зұлымдық жасар.

* * *

Өзіне ғана мейірлінің өзгелерге қайыры болмайды.

* * *

Келері әділеттің айдан анық.
Жеңеді халық дейтін қайран алып.
Құсады арам асын жемқор біткен,
Ұшады төре тақтан, бай қамалып.

* * *

«Беремін!» дейтіндер - көңілшек,
«Еремін!» дейтіндер - еріншек.

* * *

Дүниенің әсемдігі һәм әсерлілігі ақылға нұр, ақынға жыр берері ақиқат. Әсемдікке ынтыққан жан һарамдықтан қашықтау жүретінін және пайымдаймыз. Шүкірліктен ғибадатты туғызатын тазалық та шапағаттықтың аясынан нәр алары аян десек, сұлулықтың шегі болмасына, тектінің тексізге кегі болмасына бас шұлғи беру ләзім.

Сондай-ақ арудың тәніне, данаңың жанына, нақақтың қанына жетер қасиет жоқ десек, онша адаса қоймауымыз да мүмкін.

Сұлудың мүсініне қанша қараса да тоймас көздің, данышпанның жан дүниесіне сүңгіп шығып ғажайыптана мерейленген көңілдің һәм нақақтан нақақ тамшылаған сәбидің қанын көріп еңіреген жүректің сезімтал сергектігін дүниенің қай безбенімен өлшей аларсың.

Әрине өлшей алмайсың. Содан соң биік аспанның түпсіз тұңғиығына шалқая қарап көз жібересің де, ап-ашық кеңістіктен шұрқырай құйылған күн шуағынан әлгі аппақ тәнді де, ақыл кеніндей жанды да, бейкүнәліктің белгісіндей қанды да тапқандай **Бір Тәңірге** іштей ғана құлшылық етуден аянбайсың.

* * *

Құлыңмен аймаласқан әйелдің ұлынан без.

* * *

Или старость обязывает, или мое неугомонное сердце требует, но я знаю, что вынужден выворачивать свою душу наизнанку перед моими читателями.

* * *

Көпісті тындырғанның шөп басын сындырмағаннан мерейі үстем.

* * *

Табанға жер тиер ме тау, даладан,
Босанып келімсектен қаумалаған?
Көрден даусын шығарсын күңіреніп,
Анасындай даласын саудалаған!

* * *

Отансыз қалсам - құмды илеген құлмын мен.
Отаным болса - құлды илеген ұлмын мен.

Жиырма тоғызыншы ой

«Түніміз де нұр, мұңымыз да нұр»

Анаған да бас изеп сеніп, мынаған да «ләппай!» деп көніп, пайда-залалды айырудан қалып бара жатқан ұлтпыз. (Апырай, тым асқынып, асыра сілтеп кеткен жоқпын ба?..)

Бұрынғы серіктеспен серттес, сырласпен мұңдас қазақтың серттен тайғыштығы, мұңды сезбестігі ұлғайғанын қайтіп жасырып жабармын.

Дүниенің қызығының соңына көп түссең, соның күйігін бір тартарыңды ескермесең, мансапқорлық, мақтансүйгіштік, жемқорлық, опасыздық дейтін қаскүнем әдеттердің қақпанынан құтыла алмайсың. Соңғы кездері осы әдеттер төменнен бастап жоғарыдағыларды шырмап байлап, тұтқындап айдап алғаны сондай, төрдегілердің төбеңнен менсінбей қарап, байлығына мастана шіренетініне кәдімгідей бой ұсынып, кіріптарлығымызды Құдайдың жіберген кесігіндей қыбыр-жыбырсыз қабылдайтын болдық. Анау ойнақтаған көздердің, мынау шытырайып шыбындаған шенеуніктердің түйені түгімен асайтын көмейлеріне енді қорасы боқсып, үй-жайының жарылған қабырғасы қоқсып кеткен қазақтар ауыл-аймағымен түгел жұтылып, қаңыраған даланы жалаңаштап қалдырып барады. Арамдықты түбегейлемейтін, жамандықтан жерінбейтін көнбістікке малшынған ұлт болмаған неміз қалды енді. «Малдының беті жарық» дегенге ойсыз-тілсіз иланғанымыз сондай, табағыңдағы асыңды, салықтан салықты өсіріп, тартып жейтін обырлардың қарау бетіне алау нұрды көргендей тамсанып, сүзілуден жалықпаймыз. «Күніміз де - нұр, түніміз де - нұр, мұңымыз да - нұр!» деуден шаршамай, аспан мен жерге аш өзектің айқайын қуаныштың шаттық үніндей шарылдап, шырылдап төгеміз кеп.

Сол себепті де тозғындаған тобырдан азғындамаған адамды табу да, әй, оңай тірлік бола қоймас. Ал адам баласы қай мезгілде қай сапар, шаруа жолында кімдермен сырлас һәм мұңдас болса, солардың қатарынан үзіліп шығып, қара үзіп кете алмасы анық десек, әлгі топырлаған доғал тобырдың арасынан өзімді де іздеп табарым хақ. Өйткені жабырқаған жаныңды жербауырлап жатқан рухың қайдан ғана айықтырып әкете алар.

Ал енді «мынау ізгіліктің өзі, анау зұлымдықтың көзі!» деп әрнені әділ анықтай алар адам кездесе қалса, сол кісіні «өзін өзі іздеп тапқан нағыз Азамат!» етіп асқақтатуға дайынмын. Өйткені елдегі барша байлықтың да азға емес көпке ортақ екенін, уайым-қайғының да көпке ғана емес жоғарыдағы топқа да бірдей оралатынын әлгіндей азаматтар ғана айғақтап айта алады.

Азаматтардың көбеюін тілейік те.

* * *

Отаныңды сүю - біздікіндей құлдық қамытын кию емес.

* * *

Ізгіліктен де зұлымдықты туғызуға болады,
Ізгілікпен зұлымдықты қуғызуға болады.

* * *

Мінездің мықтылығы - көрікте емес, ерікте.
Кінәздің мықтылығы - нөкерде емес, серікте.

* * *

Бүгінімді ертеңіме, ертеңімді естелігіме жалғастыра алардай болсам, онда осымдағыны мұндағыма өткізіп, мұндағымды ондағыма ытқытып жіберер едім-ау.

«Бүгінім» - әрине белгілі, қазіргім ол. «Ертеңім» - ақырғы есігімді қайта ашпастай жабар мезетім. «Естелігім» - өзімнен кейін қалған сөзімнің ел есінде жаңғыруы болса деген (жерлес, елдестеріме сенер-сенбес) арманым ғой.

«Осындағым» - өз от басым. «Мұндағым» - іздер, бәлки іздемес ұлтым, жұртым. «Ондағым» - аудармаларым арқылы жазған-сызғанымды оқыса екен дейтін шетелдіктер.

Кейде жанымның тәніммен араздасып қалып, бірінен бірі жеріп, бөлініп кетердей бөтенситіндерін байқаймын.

Сондайда, жанымды тәнімнің қапас қуысынан суырып алып, алақаныма салып кір-қоқыстан, шаң-тозаңнан тазалап алмадым-ау деп іштей кейимін.

Сондайда, жанымды өтірік-өсектен, алдау-арбаудан қорғай білмедім-ау деп өкси алқынамын.

Сондайда, жаныма жамандық пен надандықтан жиренуді, әділет пен адалдықтан үйренуді талап етіп қоя алмадым-ау деп өкіне бүлінемін.

Сондайда, жанымды қолбала етіп, адалдықтан бұрылып кетуді, арамдыққа жүгініп өтуді әдетіне айналдырған бүгінгі көп «мықтылардың» көктайғақ жолына түсіріп жібердім-ау деп өз маңдайымды өзім тоқпақтаймын.

Бірақ амал қанша, кешігіп қалыппын. Бұл араға «ештен де кеш жақсы» деу жүрмейді.

* * *

Өз еркіне илікпес жан, ештеңеге килікпес.

* * *

Мой аул - станция Киик - усыпальница дорогих моих родителей. Проезжая каждый раз на поезде мимо станции, вижу из окна их скромный мазар, и тогда сердцем, нутром чувствую дыхание и голоса

родных, не достигающие моего слуха среди городского шума.

* * *

Күйкі адамды ұйқы ғана табады.

* * *

Бабаларға табынған пақыр едік,
Тақсырға құл, қатынға батыр едік.
Ойдан, қырдан қаптаған кірме «ағайын»
Қан-сөлімді көмейлеп жатыр еміп.

* * *

Әйел мен еркек. Адамзат дейтін көне ұғымның бірінсіз бірі тұра алмас асты-үстілі қос беті. Жыныстық ерекшеліктерімен бірін бірі қайталай алмас биологиялық ақиқат дейтін жауыр болған пікірді жамылумен жүргеніміз де рас. Алайда бүгінгі күнде әйелтектес еркектің, еркексынды әйелдің қаптап кеткенін де елемеуге әддіміз жоқ.

Мүмкін сол үшін де ме, әлде басқа да себептері бар ма, ақылдан тақыл емес қазіргі адами қоғам еркектерге бір бөлек, әйелдерге басқаша пошымда, аралас жыныстылар үшін ерекше «ойынның» түрлерін ойлап табуда алдына жан салдыртпастан келеді. Осынау әлеуметтік-жыныстық жіктеудің нәтижесінде бұрынғы әр жыныстылар арасындағы сәл-пәл өзгешеліктер басқаша сипат алып, әйел мен еркектің әлеуметтік шекарасын бөліп тастайтын тас қамал - қабырғаға айналдыруәа таянып қалғандай. От басы, ошақ қасындағы шаруаны игеру - баяғыдай әйелдің міндеті де, ел басқару, үкіметті билеу - еркектің ғана құзырындағы әрекет дегенге әбден иланып кеткенбіз. «Байтал шауып бәйге алмастың» құтырынып тұрған мезгілі де үстімізде екенін көрмеуге тырысамыз. Тырысамыз да, өзіміз ойлап тапқан «ойынымыз-

ды» дұрыс-бұрысын екшеместен әрі қарай ысқырта береміз. Ал өмірдің ойдан шығарған «ойынның» ізімен емес, өзінің қалыптасқан тәртібімен ілгері жылжитынына мән беруге шорқақпыз. Бәрібір өмірдің дамуы тыраштанғандардың ойыншыққа айналдырмақ тілектеріне бағынбай өзінің ақиқат бағытымен алға сұғына, ілгері ұмтыла бермек.

* * *

Қобландыдан да бұрын алысқандар болған-ды,
Тайбурылдан да бұрын жарысқандар болған-ды.

* * *

Тәніңді жаныңның жеңгені -
Жүрекке батылдық еңгені.

* * *

Төресіне төмендеп, құлдық ұрып,
Бір мінезбен өте алмай, мың құбылып,
Өзі жынды болған соң, жала жауып,
Сау адамды қояды жынды қылып.

* * *

Уақыттың дауылы кейде тасты ғана домалатпай,
Басты да ұшырып әкетерін қашан ғана түйсінер екенбіз.

Отызыншы ой

Табу мен жоғалту

«...Айналаңызға қараңызшы. Белең алып бара жатқан қайыршылық пен қолында билігі барлардың ісініп-кебініп, асқынып-тасынып байып бара жатқан үрім-бұтағының үркердей тобы қорқытпай ма? Нарықтық экономикаға үш қайнаса сорпасы

қосылмайтын қазіргі жабайы экономикамыз республиканы ұшпаққа шығарады деуге үш ұйықтасам сенбеймін. Елбасы мен үкімет басшыларының саны көп, сапасы жоқ сапарларынан пайда аз. Ашқарақ көзді Батыс пен аяр күлкілі Шығысқа қол жайып, көз жаутаңдата бергенше, өз мүмкіндігімізді барынша пайдалана білген әлдеқайда дұрыс».

Бұл - осыдан жиырма жыл бұрын «Егемен Қазақстан» газетіне берген интервьюімдегі өңешімнен төгілген өксіктің бір лықсуы екен. Бірақ сол лықсу - әлі лықсу боп ақтарылуда. Өксігім өкінішті одан әрі ұлғайтуда. Ұлттық саясатымыз жөнделудің орнына күрделену, қиындалу жағдайына қарай бейімделіп барады. Жастарымыз бен ұлттық саясатымыздың арасындағы күн сайын кеңіп, тереңдейтін шыңыраудың түпсіздігі - ғаламат үрейдің ордасы тәрізді. Әр қаланың шетпұшпағында тұратын балаларымыздың мынау қатыгез тірлікті тұрмыспен бетпе-бет келіп қиянат пен қысастықты сәт сайын көріп, өсіп бара жатқаны жан түршіктіреді. Олар өмірдің озбырлығын қан-жыны шашыраған ішкі астарынан көзбе-көз байқап, ой-бойымен шырмала араласып, қан-жынының дәмін сіміріп, бояуымен жосаланып, жосылып жүр. Олардың көретіні «Хабар» мен «Егеменнің» маңырағыш әлеміштері емес, олардың көретіні есік-тесіктің бәрінен кідіріссіз кіріп, омыраулай сұғынып жатқан коррупция ғана. Өйткені бүгін коррупциядан құтылу мүлде мүмкін болмағандықтан, соны тіпті мақсатыңа оп-оңай жеткізе қояр құдірет деп тануға да айналдық. Осынау сыбайлас жемқорлықты түп-тамырымен жойып жіберсек, онда мынау ғұмырымыздың шытырман мәселесін шеше алмауымыз да мүмкін-ау дейтін жөнжосықсыз жорамалды кейде кеудемнен аулап қалам.

Әлгі жаны жаралы жастарымыздың үнемі көретіні - қалтасын доллары қалыңдатқан талтаңдағыш

шенеуніктердің автобусқа төлейтін тиыны болмай, жаяу-жалпы шұбырған бұларды осқырынған «мерседестерінің» терезесінен менсінбей күле қарап, шаңына көміп өтуі.

Олардың және көретіні - билік орындары мен соттардың әділетсіздік пен теңсіздікті алға шығаруы.

Олардың бесіктен белі шықпай жатып байқайтыны - асқынып бара жатқан нашақорлық, маскүнемдік, төбелес, ұрыс-керіс, келешегі кердең кеткен тығырыққа тірелу.

Алдынан тосары - ақылы оқуға түсе алмай, екі қолға ілігетін бір күректі таба алмай, көше таптап жұмыссыз сандалуы.

Осының бәрі түптеп келгенде, жастарымыздың көкіректеріне қатыгездіктің берішін қадалтып, төңірегінен жау іздетер қасақы тірліктің адастырар сүрлеуіне бұрады да жібереді.

Ал сонда біз не ұттық? Қоғамымыз не ұтты?

Осы жағдайлар ойлантпай ма? Қашанғы түк болмағандай, мәре-сәре күй кешкендей, көзімізді тарс жұмып алып томпиып отыра бермекпіз? Кешіге берсек, келешегімізден айрылып қалатынымызды мүлде ескермегеніміз бе? Не-ге?

* * *

Әділет - мықтының оқ өтпес қорғаны, нашардың қол жетпес арманы.

* * *

Қасыңды үндемей жек көргеніңнен кек қайтпайды.

* * *

Өзіңді өзің табу оңай ма? Өзіңді өзің жоғалту оңай ма? Міне мәселенің шешімінің қиындығы.

Тысыңды әбден сылап сипап, әспеттеп әдемілеуің мүмкін-ау. Ішіңе үңілмесең, қоқыс-моқысын күрек-

теп аршып, кір қожалағын жуып-шаймасаң, сырт әсемдігіңнен пайда не. Айнадан көрген сүйкімді түріңнен арғы жағында тығылып жатқан сұмырай кескініңді байқамастан, өзіңе өзіңнің көңілің толып, ыржия күліп, томпия бұрылып кете бергеніңде, өзіңді өзің таптым деп ойласаң, қателескеніңді сезбегенің-ау.

«Кім үшін, не үшін, қалай, қайда, қашан, қайтіп өмір сүрдің?» дейтін сұрақтарға әділ, тура, таза жауап бере алсаң, бәлки өзіңді өзің табудың сүрлеуіне бет алғаның болар. Өйткені кейде көңірсіген өз көңіліңнің шырылдаған сөзін айтқаннан өтер жан ашынуы болмас та. Себебі өміріңді сүйе білудің құдіретін сезе, біле тұрып, сол өмірді жек көрудің қиянатын қалай кешерсің. Сүйінуіңнен күйінуің көп болса, өмір сүрдім деуің алжасқаның емес пе. Күйінбейін десең, күмілжіткен күндеріңнің көлеңкесіне бүрісіп тығыла бермей, күнгейіне серпіліп шыға келуге тырысқанға не жетсін. Ол үшін жүзің жарық, ішің анық, көңілің пейілді, жүрегің мейірлі болса ғой шіркін!.. Әне сонда өзіңді өзің табасың. Өзіңдегі өзіңмен еш аразқұразсыз табысасың. Сонда ғана өміріңнің талтүсі төбеңнен шуағын құйып, жылуына бөлейді.

Өзіңді өзіңнің жоғалтуың... түк те қиын емес-ау. Базбіреудің аппақ көңіл нәрін, екінші біреудің әдемілеу әрін, үшіншінің аузынан ақ майы аққан барын көре алмай қызғаныштың қызыл отымен ішіңді өртеп кеп жіберсең... уға малынған өзегіңдегі өзіңді жоқ қылып аластағаныңды сезбегенің-ау. Басқаның қасқасын бақталас қастасыңа айналдырып алған ендігі тірлігіңді - «өмір сүрдім!» деп айтуға болмайтынын да ескермейсің. Кеудеңді өртеп бара жатқан күншілдіктің бір сәт босатпас қыжылымен кесікті уақытыңды ұрлатып алғаныңды бір-ақ байқайсың. Байқайсың да, тыпырлатқан тіршілігіңнің кешінің кешігіп жетуін қанша тілегеніңмен бейуағыңның

беліңнен басып қалғанын көріп, ал кеп өкінесің. Ал кеп өкіресің. Иығыңнан басып, иініңді езіп бара жатқан ғұмырыңнан өзім дерлік ізгіліктің жұрнағын да таппастан, ақырғы деміңді лықсытқан иегіңді әрең қағып тыншығасың.

... О дүниеде әрине тыншыға алсаң...

* * *

Всякое воспоминание о родном ауле возвращает тебя в лоно детства, родимого очага, которое покинул когда-то в погоне за счастьем; обнимает давно забытым детским смехом, обогащая вновь воркованием детского языка, и ты тогда разглядишь самого себя в облике счастливого малыша.

* * *

Әліптің артын күтуден мәліктің[1] тағын құлату абзал.

* * *

Қажетсіз өжеттік те, мөлшерсіз қорқақтық та - есіңді ұрлар шорқақтық.

* * *

Үрейленсең, үйелменіңді үрпитесің.

* * *

Қарттықтың құрсауына қамалған шарасыз шағыңның да өмір өскінін күйреткіш уақыттың тегеурінін елетпестей бір құнарлы сәті болады. Сондай мезетте өзіңді әлдебір ғажайып құдіреттің әсерімен сонау алыстап кеткен жастығыңның ыстық құшағына қайтадан күмп етіп шомып кеткендей сезінесің. Ескірмес естелігіңнің әсем қиялымен жадыңда жаңғырып тұратын бозбалалық күйіңе

[1] Мәлік - хан, патша.

бүкіл болмысыңмен құмарлана еніп кеткеніңде, дүние бөлек, сен бөлек болсаң да, бөлек дүниенің төрінде өзің ғана марқайып отыратының бар. Шу мен шуылды, ду мен думанды да тәрк еткен жүрегіңнің дүрсілі ғана атқақтай соғып, жан тыныштығыңды жайқалтып орната қояды. Құдай-ау, тән рақатынан да жан рақатының ғаламат артық боларын барлық түйсік-түсінігіңмен елжірей сезінесің. Сол бір мерейленген сәтіңде теледидардан өз қандасын өзі қырып жатқан қазағыңды көріп қалып... күл-талқан болған жан тыныштығының, жан рақатының бөлшектерін қиыстыра құрсаулап, қайтадан қалпына келтіре алармысың?..

Әй, қайдам-ау!.. Бүгінгі күйреткіш зымиян уақыттың уысына түскен жаныңның әлгіндей әсерлі сәті орала қояр ма екен...

* * *

Зәлімді зұлым іздейді.
Адалдық арамды тіздейді.

* * *

Адамға адамнан асар жыртқыш жоқ.

* * *

Жер дірілдеп жататын дүбірімнен,
Айрылдым да табыстым күбіріммен.
Далам бар да табанда Антейдей ем,
Қор қылды төр жұлып ап түбірімнен.

* * *

Өзгенің өзінен асып кеткенін көре алмаушылар бүгінде жыртылып айырылады. Озғанды емес тозғанды жақтап, білгенді емес білмегенді мақтап, өнерлінің артылғанын, біліктінің ілгерілегенін жақтырмай, ызадан өкпесі қабына жарылып кетер-

дей ісініп-кебінеді. Көзі көргенге көңілі жетпейтін шіркіндер көгілдір тулы көгінде жұлдыз болып жанған әлдебір ғалымды не әлдебір сазгер мен сөзгерді байқады дегенше-ақ ақылға теріс, шариғатқа бұрыс әрекетке ойланып та жатпастан қойып кетеді. Қойып кетеді де, әлгілерге қара майды қабаттап жағар жамандық пен арамдықты жамыратады да жібереді. Талағында биті бар адамның таудай талабы өрден өрге биіктеткен сайын өңешінің өңезесін құрт жайлаған бақас бәдіктің күншіл көзі шақырайып, аясы мен ұясынан шығып кетердей бағжия қалады. Сондай-да әлгінің жаманшылыққа жерігіш әдеті әділетті де, ақиқатты да қолынан келгенше омыртқасын опырып, қақ бөліп тастауға сондай құмар. Сыртынан қарап тұрып-ақ жүрегің айнып, «хайуандық кейіпке неге соншалық асыға түсті екен?» деп қинала күрсінесің.

Қуанатын нәрсеге қуанбай, қуартатын әдетке ұмтылатындардың өзінен өзге жауы жоқ екенін ұқпайтындары-ақ жаман.

* * *

Жүректілік мұрын бұзып оңдырмауда емес, сол төбелесті болдырмауда.

* * *

Бөрінің бөлтірігі де бір қора қойды өлтіруге жарайды.

* * *

Бөтен елдің билігін бөгей алмай,
Отыр елін төрдегі өгейі алдай.
Шаба алмастан намысқа,
Тірі өлік боп,
Жүреміз бе, уай, Алаш, көбейе алмай?

* * *

Қобыландылардың мықтылығы
Құртқалардың әлсіздігіне төтеп бере алмайды.

* * *

Путин, сондай-ақ өзіміздегі кейбіреу де, «2012 жыл Ресей, Белорусь, Қазақстан үшін өте табысты жыл болды!» деп бөріктерін аспанға атып, тамақтарын қарлықтыра дуылдасып, бірін-бір ғашықтардай құшақтаса өбісіп, мәре-сәре боп қалғандарын теледидардан көріп, құлазыған көңілдің тұңғиығына батып шығып, әупірімдеп әрең ес жиғаным есімде. «Бірыңғай экономикалық кеңістікке ендік!» деп екіленгенде қайсыссының көбірек қызынғанын, қаттырақ сүйсінгенін ажыратып айтпай-ақ қояйын. Бірақ сол дабырайтқан кеңістіктің Қазақстанның экономикалық аясын барынша тарылтып жіберетінін бәрінің де іштей сезіп тұрғанын және жобалаймын. Әрине бірлік дегеннің тірлік дейтін ұғымға керек болатынын мен де түсінем-ау. Алайда тіземен басып, желкеден түйіп тұқыртып бірлікке ендірудің

- тұтқынға түскеннен де өтер құбыжығы боларын және түршіге түйсінетінім бар. Мәдениетті қамап тастап, экономиканы қыдыңдатып қоғамның көшбастаушысы етіп, тізгініңді қолына тапсыра салу

- меніңше, қиянаттың ең қиын тәсілі. Қай заманда, қай дәуірде болмасын қоғамды мәдениет қана үнемі алға бастап, көпес-мөпес, саудагер, найзагерлерді, саясаткер, санаткерлерді соңына ілестіре шұбыртатын. Ал бүгінгі өнер адамдары, шығармашылық иелері топжармақ түгіл бизнес акулаларының, сауда-саттық шортандарының, саясат сырттандарының азуында егеліп, езгісінде жаншылып, шалажансар күйде күн мен құмға көміліп қалған тәрізді.

Ал күлге оранып, құм қапқан зиялылар не тындыра алмақ? Әрі кетсе қаламына қол жалғап, қараңғыға

қамаған ойларын тәлтіректетіп қағаз бетіне төгу ғана. Немесе күн көрудің қамымен биіктегілердің бишігінің сартылынан қорғалақтап ода-содаларын сүйектетпей қайтсін.

Бұлардан енді ақылды сөз, жалынды леп, атойлы екпін табыла қоймайды. Содан соң-ақ оппозицияның да ыдырауы басталады. Ал сол оппозиция серкелері шын мәніндегі серкелер ме еді. Көпшілігі сонау... сонау төрдегі төрелердің мүмкін теке ғып қосқан маңырағыш лақтары емес пе екен деген күдігім кеудемді тырнайды.

Не деуші еді олар? «Таза сайлау керек. Дауысты ұрлатуды тыю қажет!» деп сауысқанша шықылықтамаушы ма еді. Ау, айналып кетейін жарандар-ау! Мынау жабайы жүйенің бүгінгі бар әрекеті - тек ұрлаумен ғана қыбырлаған тіршілігін қозғалысқа енгізіп, төрттабандатқан былығымен батпақтай еңбектеп бара жатқан жоқ па. Қазынаны ұрламайтын, тегінді асамайтын, оңай олжаны қарпымайтын кім бар? Ендеше дауыс ұрлау ешқашанда тыйылмайды. Әркім-ақ анау биік төрге жалп етіп отыра кетуге құмар. Неғұрлым биіктеген сайын соғұрлым ұрлықы сыбағасы қомақтана, қордалана түсетінін сезбес маубасың емес. Ендеше мынау түйені түгімен, составты жүгімен жұтқызып жатқан қылмысқа бөккен жүйені түбегейлі ауыстырмай, басқаша тірлік кешу мүмкін емес.

Сонымен Путин деп бастап, бүлініп тынған түрім осы. Бұл да - бүгінгі зиялының бір әрекетсымағының бет бейнесі.

* * *

Арың адасса, барыңнан адасасың.

* * *

Адал адам таққа қонса, арамдық мүлде атқа қонбайды.

* * *

Қызынып кіріссең, бұзылып үзілесің.

* * *

Көкірегің толған қайғыңнан қара бұлтты серпіп жіберетін дауылдай сергітетін жалғыз құдірет - әйел ғана. Жай әйел емес, жаны бай сұлу ұрғашы, ақылды бикеш, адал жар, ақ тілеулі ана.

Бірақ сол арудың кейде балаша бұртиып,сәл нәрсеге аяқ астынан бұрқан-талқан боп ашулана қалатыны да бар-ау. Бәрібір аяшыңнан артық сыңарыңды таба алмайсың. Өйткені ару бар жерде тарығу мен торығу мүлде болмайды. Әйел шіркіндерді ер адамдардай құлық саудан аулақ десек те, олардың ескермес нәрсесі жоқ екенін естен шығармаған жөн. Ойыңды билеп, бойыңды шымырлатып илеп отыратын әйел жанының шытырман жұмбағын дөп басып шештім деген еркекті өз басым әлі көрген емеспін. Ал өзім шешпек болып талай тырыстым да. Енді сол таптым дегендерімді тарқатып көрейін.

Ең алдымен әйел үшін еркек таптырмас құрал. Жай құрал емес - жанын жадыратып үйіне байлық кіргізетін, тән құмарлығын қандырып, ұлық ұясына ұрпақ енгізетін әмбебап құрал.

Әрбір уайым-қайғы ойлағыш еркек от басының, ошақ қасының ащысы мен тәттісінен тұшынып отырар десек, сол ащы-тәттіні қосағынан ғана табары сөзсіз. Табады да, әлдилеп, аялап аймалап қуыршақ қып ойнайды. Тұрмыс тауқыметінен жалыққан кезде, жабыққан мезетте екі сөздің басын қоса алмай босаңсып келіп, жұбайын «ақыл айнасындай әулие бол!» деп қинайды.

Әйелге керегі де осы. Баладай болып сүйкенген отағасын енді ол ана боп өз еркі мен ырқына икемдеп ала жөнеледі. Осыдан кейін алып анадан тумағанда қайтеді.

Туады әрине!

* * *

Ескермеген қауіптің қатері сұмдық.

* * *

Сатқындықтан сақтана білген сан соқпайды.

* * *

Ақыл айтушылар көбейсе де, ақымақтар азаймайды.

Отыз бірінші ой
Досым кім, қасым қандай?

Қандай да болмасын тірі пенденің досы да, қасы да болатынын жұрттың бәрі біледі. Өмірдің соңында түлкінің бұлаңдаған құйрығын қуалаған тазыдай болып өлім немеңнің өңмендеп ілесіп жүретінінен де жамағат біткен хабардар.

«Қарық қылам!» деген досыңның жеме жемге келгенде бұғып қалар ұсақтығы мен «қырып-жоям!» дейтін қасыңның қасарысып бүктеп, әлсірегеніңді байқағанда тік көтеріп тұрғызып кеткен ірілігін қайтіп салыстырарсың. Күніңді бұлт басарын, түніңнің шуақ шашарын пайымдасаң, пенде ісіне ұқсамас тірліктің бар екеніне, қорқақтың түсіне де кірмес ерліктің бар екеніне басыңды изей бер.

Ал ақыл үшін, ар үшін қимылдар дейтін көптің топ-топқа бөлініп, топтың тобырға айналғанын көргенде, ақымақ досты да, ақылды дұшпанды да табар жаралы жанымның жарымжан рухынан баз кешкендей сансырап қаламын. Өйткені осынау тобырмен бөлек-бөлек саудаласып, әлекей-шүлекейімен алдап ала қойып, алқымынан сығып бүрістірген биліктің жәдігөй әрекеті мынау бәтуасыз тірліктен мүлде түңілтіп жібереді екен. Неге десеңіз, төрдегілердің

төмендегілерді жазғыруының да, жарылқауының да нұсқасы өзге елдердің бір де біреуіне сондай ұқсамайды. Соны көрем де, «бишаралық қамытына тырп етпей басымызды сұға беретіндей шетіміздің сұмдық ақымақпыз ба?» деген қанжар сұраққа жауап таба алмаймын. Таба алмаймын да, соқырдың, саңыраудың һәм мылқаудың кебін жамылып алып, биліктің биігінен алыстап, оңашалықтың үрейлі қыспағына тығыла беремін.

Қашанғы?..

* * *

Туған жеріңнің түтінін аңсағың келмесе,
Туған еліңнің туырлығын ұрлап, шекара аспа.

* * *

Үндемей-ақ, жыққаның - үдесінен шыққаның.

* * *

Паңдық нарқыңды көтермесе де, парқыңды төмендетеді.

* * *

Тереңнен шымырлап шыққан бұлақ үніндей мөлдірлік пен тазалықты өзіңнен таба алсаң:

Сонда ғана лүпілдеп соққан жүрегің тебіреніске тола әлдебір рақат сезіммен тасып толқыған өзендей бұлқынса, кеудеңнің ізгілікке бөккенін пайымдай аласың;

Сонда ғана даттау мен мақтаудан іргеңді алшақтатып, өз ерік-ырқыңды өзгелердің аттап, таптап кетер әлімжеттігінен бөлектеп әкете алсаң, кеудеңнің еркіндікке жеткенін сезіне аласың;

Сонда ғана анау айтқан байлықтан мынау көрген шайлығыңа қанағаттанған көңіліңді қызығушылық пен құныгушылықтан тайдыра алсаң, кеудеңнің

қайрымдылыққа бет бұрғанын кәдімгідей бағамдай аласың;

Сонда ғана өзіңе ғана емес,өзгелерге де қажеттілікті жасауға ынталық таныта алсаң, кеудеңнің тынысының адалдықпен ашыла бергенін бағалай аласың;

Сонда ғана тереңнен шымырлай шыққан бұлақ үнін енді өз кеудеңнен табарың хақ.

* * *

Ертеңіңе жетем десең, бүгініңе бекем бол.

* * *

Қанша жерден төңкерілсін Дүние,
Өз еліне құлы емес, ұлы ие.

* * *

Сұлулыққа сүйсінбейтіндер сұмырайдың сүйіктісіне айналады.

* * *

«Кеден!» Одақ!» - өзі ғой аза, мұңның.
Уайым жер бірі жоқ қазағымның.
Төрдегілер астыртын жалғасса да,
Төменгілер естімес азап үнін.

* * *

Жер басып қыбырлап жүргеннің бәрі ұнамдыны ұнатып, ұнамастан қаша безетіні ақиқат тірлік. Кейкейде кейбіреулердің ұнамасқа ұмтылуы бар да, ұнамдыдан жыртылуы бар. Жанға қажеттіні тәнге керектімен алмастырып алғандардың қасірет тартатыны және хақ. Ішсем, жесемді жанының қызығы үшін ғана күйттеумен болып, білім, ғылымды тәнінің толықсуына көлік қып жегуден, құрал қып жұмсаудан тайынбайды. Сонысымен тән құмарлығы үшін жан мақсатын құрбан етіп шалып жібергенін өздері де

сезбей қалады. Бір күндік қызығына бола өзгелердің жүз күндік табысын талапайға түсіріп жатқандарына мән беріп, ой жүгіртпейді де. Оларға оп-оңай оралған шексіз байлығы мақтан. Төбесінен төмен сауылдап құйыла салған алдамшы атақ абройы мақтан. Жоғарыдағысының тілін тауып, төмендегісінің құнын түсіріп, барды жоқ қылып, ашты тоқ қылып қыдита қоятын арами амал-айласы мақтан. Күші азайып, жүйкесі жұқарған сайын жүгенсіз кетер менмендіктің күшейе беретінін сезбейтін байғұстар салт атты, сабау қамшылылардың атын тартып алып, сабауын қақ бөлуді өз құдіретіне балап әуре болумен әлек. Көкіректі қанша кергенімен көкті тірей алмайтынын, текіректі сонша тергенімен көпті ірей алмайтынын білмейді. Білмейді де түптің түбінде аяғы аспаннан келіп, шыңырауға шым батып жатарын ескермейді. Кәрі тарихтың талайға тартқан сыбағасы солай. Сол себепті де астамшылықпен ауызданғанды әманда абройсыздығы бауыздайтынын ұмытпаған жөн.

* * *

Бақұмарлық түбінде тақұмарлықпен қылжита салады.

* * *

Қатал мінезге жұмсақ ақылды қосақта.

* * *

Адамды адамдық тұғырға қондыра алатын қасиетінің негізі оның ұяла білуіне һәм қуана білуіне байланысты болса керек.

Ұяла білу - адамзат ғұмырының бастауындағы мөлдір бұлақ көзіндей болып кеуденің қуысына шымырлап құйылған нәзік сезім. Ал, қуана білу де - сол ұяла білудің алыстамас ағайыны. Өйткені ұяттан өртенген беттің қызылы қуанышты жүздің

алабұртқан нарттығынан кем емес. Адамның хайуаннан өзгешелігі осынау әрі ұяла да, әрі қуана да білуінде ғана. Соңдықтан да ұяла һәм қуана білген жан басқаны ақсатуға да, қақсатуға да асықпайды.

Ал өтірігімен өңмеңдеп, өзегіне өзімшілдігін жұмарлап тығып алған жарамсыз қылықтының ұятсыздығынан бетін баса ұялу - адал мінездінің несібесі.

Кейде бір ойламаған жерден, күтпеген тұстан жарқ етіп оқыс тірілетін ғажайып қуаныш болады. Сондайда қуанған адамның ақ жарқын жүзіндегі ашық нұрға басыңды иіп, құрмет көрсеткің кеп кетеді-ау!..

Ал кейде сол адамдармен бірге тұрғың да, бірге жүргің де келмейді-ау. Аузыңды ашсаң-ақ көмейіңнен өтірік пен өсекке толы құсық төгілетіндей үрке қарап, үрпие қалатындарын байқайсың да, әлгілерден безе қашқандай боласың. Оңашаланған сайын ұялуың да, қануың да азая береді. Биік тұғырыңның аласарып кеткеніне қынжыла налудан басқа лажың жоқ. Ұятыңды ұрлайтындар мен қуанышыңды құдалайтындардың көбейіп бара жатқанын сонда бірақ байқайсың. Амалсыз...

* * *

Албырт тәуекелден салғырт сақтық артық.

* * *

Арыңды шашып алғың келсе, шалқақтай бер.

* * *

Сергектік - сенімі мықтының серігі.

* * *

Бар қызықты төр, төре жасап алып,
Шаңды қауып қап қойды тасада жұрт.
Арамдықтың асығы алшы түсті,
Адалдықтың кетті де шашы ағарып.

* * *

Өткеніңді ұмытқың келмесе - өткеліңді тоздырма.

Отыз екінші ой
Алу бар да беру бар

Бүгінгі тіршілік бұрынғыдан мүлде өзгеше. Адалдығы жоғалып, арамдығы молайған кезеңнің поэзиясы мадақтау, прозасы мақтау болып кеткен соң, қағазға шұқшиып, қалам ұстаудан жерінеді де екенсің. Артыңа қарап - өткеніңді кәдімгідей сағынасың. Алдыңа қарап - белгісіздіктен үркіп, естүсіңнен жаңылысың. Айналаңа үңіліп - түңілесің де, күрсініп қалып мүжіліп тынасың. Уақыт зымырап өтіп барады. Кәрі қойдың жасындай шақ ғұмырың бітіп барады. Көргеніңді көпке, сезгеніңді жұртқа айтып қалу - қаламгерлік міндетім емес пе дейтін жауапкершілігің бүйіріңнен түрткіштеп, жаныңа жай тапқызбайды. Мынау баршаны езіп бара жатқан тірліктің қамытын сыпырып тастай алып, уақыт тынысын тап басып көрсетердей батылдыққа бара аларсың ба? Әлде жол апатынан қаза болатын жолаушылардың қайғылы тағдырын Құдай басыма бермесін деп үйінен аттап шықпас үйкүшік қорқақтардың кебін киіп, бүрісіп, құрысып, тымырая тығылып отыруың керек пе? Тым сақтықтың берері не сонда? Үндемес пенденің үйелеткен үрейімен көрпеңнің астындағы көріңе көмілу ме? Апырау, сонда кеудеңде бұлқынған жанартауыңды бір атқыза алмасаң, сенің өмір сүргеніңнің басқаларға тиер қандай пайдасы болмақ? «Ел-меңіреу, мен-мылқау!» дегізер өзіңді өзің тұтқындаған жалғыздығыңның қажеті қанша? «Төңірегімдегі иісалмас можантопайлармен кеңес құра алмай, өкпем өшіп, өзегім

өгейсиді. Рухы биіктермен тілдесуге өрем жетпейді!» деп жалғыздыққа бейімделіп, соның құрбанына айналсаң, табарың не? Ондай күнде ажалына бет бұрған жанның сүйіспеншілік ләззатын да, достық пен жолдастықты да, парыз бен қарызды да тәрк етіп кететін тіршілігінен күдер үзуінен сенің нең артық? Ең болмаса тұла бойыңнан сонау өрт жастықтың жылт етер бір ұшқынын байқай алмағаның қалай? Тамағыңа ызаланып келіп, кептеліп атылғалы тұрған ашулы кектің адуынды легін ақтарып төкпей, қайтадан жұтып жіберетінің қалай?

Айта алмасыңды үнсіздікпен бүркегенде, жете алмасыңды тізгіндеп алыстатқанда, діттегенің өзгелердің өзегін баршаға ақтарып тастайтын құштарлығынан «ұялып», қайталағың келмеуі ме? Жанбай жатып ертерек өртеніп сөніп кететін ақындарға қарағанда, прозашылардың ұзақтау ғұмыр кешуі - Хақтағаланың оларға жасаған шапағатты мейірімі емес пе екен? Ендеше өзіңе өз қолыңмен қояр ескерткішіңнің ойқы-шойқысын өңдеуден неге көткеншектеп қашқақтайсың? Қарттықтың ойың мен сойыңа міндет жүктер қасиетін неге ұмытпақсың? Айтарымды айтқызбады-ау деп үзілер ғұмырыңа кінә тақпақпысың сонда?

Айтарың көп емес - ақиқат қана емес пе еді. Адалды алқалап, һарамды қаралау ғана емес пе еді. Ұзақ үнсіздіктің былғаныш бұғауын бір-ақ тілетін шындығыңды жүрегіңнің шыңырауынан суырып алуға шамаң жетпесе... құлдықтың құшағында құнысып, құрысып жата бер, жазғышым!..

* * *

Намыстының кеудесі өтірік мақтаудың қағысына ашыла қоймайды.

* * *

Байсыз әйел сай жағалағыш.

* * *

Зұлымдықтың батылы болса, ізгіліктің де батыры бар.

* * *

Алу бар да беру бар. Бұл - адам бойының қасарысқан қайшылықты қаракеті. «Алаған қолым берегенді» бұрынғы кеңқолтық қазақ айтып кеткен. Бүгінгі терісі тарылған төбеңдегі қандасыңның аузынан ол мақалды ести қоюың қиын.

«Алғаным аз да, бергенім көп пе? Әлде алғаным көп те, бергенім аз ба?» деп ойланатындар қатары сиреп барады.

Ал алған сайын құтырып, жұтқан сайын шөлдеп, қылғытқан сайын ашығатын пенденің қомағайлығы қуаныш әкелмей, үнемі үрей үстейтіні қалай? Соны өздері сезіп тұрса да, құныққан жүректің жылуын мүлдем жоғалтып, зұлымдықтың ызғарына орап ала қоятындары қалай? Ашылған күнде де әлгі алақанда мейірім һәм қайырым тамшысы емес, қатыгезсіздік пен мерездіктің қамшысы жататыны қалай?

Жауабын кім тапқызар екен?..

* * *

Алдыңда құл боп жатады,
Сыртыңнан көзбен атады.

* * *

Сыйлықтың бәсі ұсынған иесімен құнды.

* * *

Шаруасын тындырғанның шаршағаны сезілмес.

* * *

Үйде ақырғанның түзде бақыратыны күлкілі.

* * *

Мен көп нәрсені түсінбеймін. Түсінбейтінімді «түсінбеймін!» деуден және тайсақтамаймын. Дүниеде болып жатқан барша құбылыстың бәрін «Құдайдың құдіретімен жасалып жатыр» дейтін дүмшелікті (әлде расы солай ма) естимін де, қайран қалумен еріксіз бас шайқай беремін. Ау, сонда қалай болғаны?.. Анау төбедегілердің төмендегіні тоқпақтауы Құдай тағаланың бұйрығымен өтіп жатқаны ма? Мынау төмендегінің жоғарыдағыларға арызы түгіл айқайы, аттандағаны естілмейтіні Тәңір Хақтың келісімімен айдалаға кетіп жатқаны ма?..

Артынша «Мені таныған пендем ақылменен таныр» дейтінін ойлаймын да, «Жаратушы Алла - әділеттің өзі емес пе. Әлдекімнің әлдеқалай шатастырған шатпағына ілеспе!» деп өзімді өзім тежей бастаймын.

Ал бірақ... Жұмыссыздық билеген, шарасыздық илеген қара халықтың наразылық танытқан шерулеріне талайдан бері қатысып келемін. Ашынған көпті де естідім. Тасынған көкіректі де көрдім. Өзгені де тыңдадым. Өзімді де тыңдаттым. Ал бірақ өзгерген түкті байқағам жоқ. Төмендегілерім мұң-мұқтажын, арыз-өтінішін айтып жоғарыдағыларға азу егеп жатады. Жоғарыдағылар жабық кеуде, бітеу құлақтарын ашудың орнына иек қағып қана төмендегілерге полициясын айтақтайды да салады. Ал олары әрі кетсе, кәлланды қалпақтай ұшырардай келтегімен соғады. Бері келсе, жағаңды жыртардай жұлқылайды. Содан әрі он, он бес күнге темір торынан қыбырлатпай сығалата салады.

Ілкіде оппозиция саңлақтарына кәдімгідей сенім білдіруші едім. Бүгін әрі-сәрімін. Саясат немең - мүмкіншілігі молдардың ғана айтқаны мен талаптарын орындайтын қитұрқы өнерге айналып кеткен қазіргі кезеңде қол-аяғы шырмаулы оппозиционерлерге жалынан да сипатар емес. Оның үстіне олардың бір халықты «өзімдік» һәм «өзгелік» деп қақ жармай тең көріп, бүкіл электоратты тұрлаулы да байыпты бағдарласымен ілгері жетелеп кетерін және байқай алмай жүрмін. Билік тарапынан әлдебір қысым көрсе, немесе сыбағалы орынтақтан дәмеленткізсе, кеше ғана бірге жүрген серіктерін іске алғысыз етіп сөгеді. Сөгеді де жоғарыдағыларын «керемет !» деп асқақтатып, сол «көсемдерінің» командасына ытқып кететіндерді кездестіргенімде және жаным түршігеді. Кешегі министрдің, спикердің креслосынан келген оппозиция бастықтарының бүгін партияларымен бірігіп, ертең аяқ астынан бүлініп жататындарын көргенде, әлгілерден түңілуім көбейеді. Содан соң түсінбейтіндерім молаяды.

Өзіне өзі сенбеген жан (оппозициядағыларды айтам да) өзгені қайтіп сендіре алар. Ал сендірем деп тыраштана далбасалау - жөнсіз ақылдымсып өз ырқына өзгенің еркін көндірмек болудың мағынасыз әрекеті емес пе?.. Осы дүдамал күдік ой-бойымды шырмап алғаны сондай, түсінбейтін жайларым сәт сайын ұлғая түспесе, азаяр емес.

* * *

Қажырлы қайрат әрекетімен айбарлы.

* * *

Өжеттік етсең - жеңесің,
Қашқақтап кетсең - өлесің.

Отыз үшінші ой
«Мен!» және «Сен!»

Кейбіреудің алжып барып өлгенінен қылшылдаған жастың қыршын кеткені қасірет. Түптің түбінде

тұзағына бір түсірер құтқармас ажалдың кім кімге болса да мөлшерлі уақытынан озбай да, кешікпей де мезгілінде ғана жеткенін тілер едім. Әрине, өлімнен үнемі қашатындар бар. Сол ажалға қарай үрей-сезіксіз адымдай басатындар да бар.

Өз ғұмырының өткелегінен аброймен басып өтіп, өр кеуденің еркіндігін ерлікке жалғастырған жан ажалынан қорықпаса керек-ті. Ондай өлімді өзгелерге үлгі етудің тіпті де артықтығы болмайды.

Атқарған ісі мен өрісінің мақсатын дөп басып анықтаған, мұрагерін адаспай тапқан адамның да ақтық иек қағар сәтін көп созбай дер шағында тосып алуына болады. Оның сол өнегесі өзгелерге сабақ болар еді.

Ал өзінен басқаның өзегінен тебуді әдетіне айналдырып алған даңққұмардың қоңылтақсытар жалған құрметі мен арзан атағынан айрылуы үшін ертерек көз жұмғаны абзал.

Адам ғұмыры - тылсым жұмбақтың нағыз өзі десек, бәрінен де бұрын жастың жылдам қартаюынан Құдайым сақтасын дер едім. Қарттықтың жастығынан ажырамауын қалар едім.

Ал әділетті арқау еткен ғұмырдың пәнимен қоштасуы - батар күннің шапағындай шуақты болса ғой...

Тілегіміз бір Құдіреттің құлағына шалынатын да шығар-ау!..

* * *

Азаттықтың әні азаннан да әуенді.

* * *

Дүниенің кемісін толтырам десең, жетістігіңнің жемісін көбейт.

* * *

Ақшасы жоқтың боқшасы (әмияны) болмайды.

* * *

Берер едім жұртыма бір ән салып,
Арқандаулы қайтейін құнан шабыт.
Көкіректен күй емес, у төгіліп,
Көмейімді қойды ғой жылан шағып.

* * *

«Ал бізге шын мәніндегі жариялылық керек-ақ. Ал әдебиетке жариялылық тіпті қажет-ақ. Өйткені ол өлгенді тірілтіп, өшкенді жандыруға бірден бір себепкер. Адамзат кешегісін келешегімен қатар қоя алғанда ғана кемелдене түседі.

Жариялылық - адалдықтың айнасы ғой. Адалдық - азаматтықтың белгісі. Ал сол азаматтық пен адалдықты біздер, қаламгерлер үнемі өз бойымыздан таба білдік пе? Таба білеміз бе?».

Жиырма төрт жыл бұрын қаламгерлерден түңілгенімді жасырмаппын-ау. Жариялылық пен жымысқылықтың арасы жер мен көктей екенін есі бар адамның ешкімнен сұрамай-ақ сезетіні белгілі. Сол себепті де кеңестік кезеңде замандастары кез келген қаламгерге «әділеттің елшісіндей» құрметтей қарап, қадірін асқақтата көтеретін.

Ал бүгін жазушы деген «қасиет иесі» сол бұрынғы құрметінен де, қадірінен де жұрдай боп ажырап қалды. Бұрынғыдай көптің мақсат, мүддесін айтуды мүлде ұмытып, төбедегі топтың сойылын соғатындар жұртты да, «мұртты» да, қыртты да алдап ойнауды, өз пайдасы мен құлқынын ойлауды ілгері созумен әлек. Сонысымен әрине алдына майды, астына тайды, төбесіне Астана мен Алматыдан, облыс орталықтарынан әсем мекен жайды үйіп алды.

Алсын-ақ. Қаламгерге жағдай жасалуы әбден қажет те. Бірақ адалдық арқылы таза еңбегімен тапқаны дұрыс-ау. Әйтпесе, өлгенді тірілтіп, өшкенді жандырар құдірет иесі атанған суреткердің арамдықпен,

жалғандықпен жалғасып, құлдырап құзға құлағаны қай оқырманының олқысын толтырмақ. Үйінің жарыла бастаған іргесін құламай жатып бүтіндеп алған жанның ұйқысы тыныш боларына мүлде мән бермейтін биліктің шашбауын көтерем деу - жариялылықты ту қылып көтеруге тиіс қаламгердің амалгер ғана болған тышқаншылаған әрекеті ғана. Басқа тірлікті оған қия алмаймын.

* * *

Өзгенің мінезін суреттейтін қаламгер өз мінезінің қыры-сырын жайып салады.

* * *

Тәуекелге бару үшін қайсар жігер мен қайтпас мінез керек.

* * *

Батылдың бір ақырғанынан байғұстың оны бақырады.

* * *

Жан бөбегім,
Аппағым,
Іңгәм менің!
Көңлім көншіп өзіңмен,
Тұнған демім.
Елбасы боп сен ертең Ел түзесең,
Тіктер ме еді қазағым сынған белін.

* * *

Пенденің «Мені!» бәсеңдеу де, адамның «Сені!» әсемдеу естіледі. Өйткені жекенің көптен бөлініп шығуы тарихтың таразысымен өлшесек, кеше ғана. Топтың атынан сөйлейтін «сеннің» адуындығы басым кездің өзінде-ақ тағдырдың жарлығына бағынғысы

келмей, «Мен!» деп жалпыны жарып шыққан талай жекелердің желкесі үзіліп кеткені аңыздардан да, уағыздардан да мәлім.

Ақылы түгел ойлының «Мені!» өзін өзгеден бөлектемей, жатқа да, жақынға да бірдей қаратқызып, жалғанның ғайыптығына, дүниенің баянсыздығына терең үңілте мән береді.

Ал естілердің айтқанын ескермейтіндердің «Мені!» өзін өзгелерден ерекше сезінтіп, дүниенің кілтін жалғыз өзі ұстағандай еркінсітіп, жаннан тәнді артық бағалатып адастырып әкетеді. Содан соң-ақ әлгі «Меннің!» иесі өз ерік-ырқын өзгелерді қайырып айдар, тұсап-байлар бұлжымас заңдай сезінеді.

Осындай «Мені!» өршігендердің төмендегілерді төбесінен езгілеуді үдетіп, көбейіп бара жатқанынан қорқамын.

Пендешіліктің менменшілділігі-ай!..

* * *

Сыпайыгершіліктің жіңішке сүрлеуінен адамгершіліктің даңғылы басталады.

* * *

Кейде көп істі жасағаннан да кезекті сөгісті асағанның мерейі үстем болатыны несі?

* * *

Тәкаппарлықты ұл қылып өсіріп, құл қылып жұмсай білу абзал.

* * *

Басса да қып-қызыл ғып шоқ табаным,
Күймейді бықсып, бүксіп отқа жаным.
Жүрегім өртенеді,
Естігенде
Жазықсыз міскіндерді соттағанын.

* * *

Айтыс-тартысты тірліктің арасындағы қадау-қадау бақытты күндерін бағалай білген жандар - өмірге шын ғашық жандар. Олар жыл өткен сайын жаңара да, жасара да түседі.

Отыз төртінші ой
Жоғары шықсаң, төмен түсуіңді ойла

Жоғарыға шығу қиын емес, жоғарыдан түсу қауіпті. Биік тауға табаныңды тасқа тіреп, қолыңмен жақпарына жармасып әупірімдеп шығарсың-ау. Ал төменге құлдиларыңда шыңырауға қадалған жанарың жоқ жерден бұрқ ете қалған үрейге толып, аяқ-қолыңды шырмап тастайды-ау.

Ал бүгінгі биліктің биігіне көтерілгендердің бірінің краны мықты болса, екіншісінің домкраты күштірек екені, үшіншісінің қол ұшын берер демеушісінің құрығы ұзын болып келері жалпақ жұртқа тегіс аян. Бас-басына би болып, манар тауға симаған сол шіркіндер әлде ызалы көптің дүмпуінен бе, әлде бақас тірлікке әдеттенген өздерінің бірін бірі түрткілеуінен бе, ал кеп жаппай домалауын бастасын. Ербеңдеген қолдардың ауа қарманғаны, қайшыланған аяқтардың аспанды кергілегені, жұмсақ креслодан босаған май құйрықтардың тастан тасқа соғылып қанжоса болғаны - адалдықты арамдыққа құрбан қып шалғандардың шайтандығының сайқалдығындай болып көз алдарыңызға тұра қалмай ма.

Бірімен бірі туысқандық, сыбайластық һәм жерлестік атты арқанмен шырматылғандардың тізбегі төбеден төменге дейін шаң бұрқыратып, тас атып, ойбай-өкіруімен тау жаңғыртып тыныш әлемді, бейбіт дүниені түршіктіре күңірентіп жіберерін көресің. Көресің де, сол биікке адалдық сатысымен

қалай еркін шықсаң, сол әділет баспалдағымен солай жеңіл аттап түсуді ойлайсың.

Өйткені қай-қай заманда да жамандықты жасырып, арамдықпен абройды асырам дейтіндердің пәлелі сөзге бет беріп, өтірікке сүттей ұйып, жалған уәдесін сылдыраған судай ағызып көбейткендер ағайынның азары мен көк Тәңірінің безеріне ұшырамай қалмаған ғой.

Биік ұшқанның қанаты күйіп құламағанына не жетсін.

* * *

Жарасымды мінез - еркің мен құлқыңның орасан қазынасы.

* * *

Бұзып өтер жүректің бекінісін
Өзегіңді өртеген өкінішің.

* * *

Мақтағанға емес, даттағанға құлақ асқан жан - сыпайы жан.

* * *

Жетті егемен қаңғытып қыр қазағын,
Малын, жерін тартып ап, құрды азабын.
«Жұмақ орнап,
Ел жайнап,
Жұрт байыды!»
Деп жаңғыртар күн сайын түрлі азанын.

* * *

Адам - пенде. Бірақ сол адам - жан иесі де. Жаратушы - әлде Тәңір. Әлде Болмыс. Жаратушы - әйтеуір **Бір Анық.** Сол Бір Анық әуелде адамдарды біркелкі етіп туғызады. Ал оларды мұсылман, христиан һәм

буддист деп әркелкі ететін сол адамның еркінен тірілген - дін ғана. Әлемдік дүниені - жер мен көкті жаратушы бір Құдіреттің бар екеніне күмәнсіз болсақ та, «сонау Суық Кеңістікте бізден де басқа өзімізге ұқсас тіршілік иесі бар ма?» деуді осы уаққа дейін түбегейлі шеше алмай, таласумен келеміз. «Майя календарі бойынша 2012 жылдың 21 желтоқсанында ақырзаман орнайды!» деп қаншама үрей құшағына бөленумен келдік. Жорамалымыз да, жобалауымыз да көп сонау тұңғиық ғарышқа үміт-күдікке толы жанарды мөлие қадаған жерлікпіз. Ал маған салса, «Сонау қызыл Марста, көгілдір Шолпанда тірлік иесі бар ма?» дейтін жауабы әзірше табылмас сауалдан гөрі, «өзіміздің мынау жұдырықтай Жеріміздегі қалт-құлт еткен өмірімізді сақтап қала алармыз ба?» дейтін тілек өте құнды. Осынау ғаламшарда ғұмыр сүріп жатқан әрқайсымыздың қалай жаралып, қайдан келіп, қайда кететінімізді жүрекпен бе, түйсікпен бе сезіне білу қажет емес пе. Әлде адам сенгісіз **жоқ дүниеден** бар дүниеге бәрімізді аялап тудырған Тәңір Құдіретке мәңгілік қарызымызды өтеуге тырысуымыз керек пе. Өйткені мынау түпсіз, шексіз Кеңістікте жан иесі қылып, ақылдың кенішіне айналдырғаны үшін Жаратушы Аллаға алғысыңды білдіру - құлдық ұрдан, меніңше, артық болуға тиіс. Адал көңілдің ақ ниеті - адамгершіліктің мөлдір бастауы ғой.

* * *

Қорқақ иттің үруі көп те, балақтан бүруі жоқ.

* * *

Үрейіңнің құлы болғанша, саудагердің пұлы бол.

* * *

Түбі түскен шелектей тоқтамастан даңғырайтын адамның өзгелерді ести қоюы мүлде мүмкін емес. Тілін емес, құлағын «сөйлеткен» жанның өмірден

алары да, табары да көп. Қимылдағанның қыр асары белгілі десек, талаптанғанның тақырға отырмайтыны айғақ. Ал қуанбасқа қуанып, ұялмасқа ұялып, өзінен төменге шікірейіп қарап, мықтының алдына тікірейе қақшиып, арамдығын жасырып, жамандығын білдірмей шытырая қалатындардың ізденуі, түбірлеуі болмайды. Көңілі жетпегенге көзі жетіп тұрғандай сайрап кеткенде, аспанды жерге құлатып, жерді жексен ғып сұлатып, тыянақсыз ойдың тұңғиығына батады да кетеді. Осындайлардан «аяғыңды жуған сумей бетіңді шай!» дейтін, «зейнеткерлік жасын ұлғайтсақ, көп қиыншылықтан оп-оңай құтыламыз!» дейтін, «көлікке, мүлікке салынатын салықты көбейтсек, зымырап алға шығамыз!» дейтін ойсыз, мұңсыз бастықтардың үзеңгілестері ертең-ақ әр тұстан бас көтерер-ау деп қапалы ойға тіреліп қалатыным бар. Ал өзеурегіш пенденің өзін өзі ардақ тұтуы - «қалауын тауып қар жандыратындардан» да ғаламат шеберлік. Өзін өзі тежеушілерден әлгілердің жерінушілігі сондай - қасына жақындап кетсең, әлемді жалмап қоярдай жалмаңдаған жебір жәдігөйлікті бірден байқап қаласың.

Үркесің! Үркесің де безе қашасың.

* * *

Өзі мен өзгенің түсі мен ісін жіліктеп жіктемейтін жанның жастығы жұмсақ, ұйқысы жайлы, жүзі жарқын, көңілі тоқ, қарыны майлы боларына кәміл сенем.

* * *

Тапқан табысың молайса, атыңды алысың да естиді.

* * *

Бүлдіруі көптен тындыруы көптің жұғымдылығы - жұртының жүрегіне жазылады.

* * *

Масқара болғанды ескермеу де - масқаралық екеніне мән бермейміз де, жаны таза адамға шақырса да ермейміз. Үйде күңкілдеп, көшеде бүлкілдеп, өзгеден өзімізді ұрлап аулақтап, көлеңкеміздеп қорқып, бошалап жүргеніміз.Үрей билеген пенденің көзінен от, кеудесінен шоқ қашатынын әбден біліп алған биліктің бишігі сарт-сұрт сартылдамағанда қайтеді сонсоң. Тисе - арқаңды осады. Тимесе - қорқынышыңды көлденең тосады. Баспанаңды масқараңмен толтырып, есік-тесігіңді қымтап, қалшылдап қымтырылумен өтесің, үрейдің ұйығына батқан ұяласым. Қашанғы?..

* * *

Әрекеті жоқ кездің әділетінің де берекесі қашады.

* * *

Исем де көк теректі қозға малмай,
Жүремін қара жерді қозғай алмай.
Сол жерді сілкіндірер кіндігінен
Бір рет қуат берші созбай, Алла-ай!

Отыз бесінші ой
Батар күннің атар таңы бар

Адам өзіне өзі сенбесе, өзгеге қалай сенеді. Өзіне сенбей, өзгеге ғана сенді дегенше, құл тірліктің ыңғайына көнді дейміз бе? Онда оның турасын ойлар жерде тұрақтылығынан айрылып, әркімнің аузына бір қарағыш не ой тоқтатпаған балаға, не ойын қожыратқан шалаға ұқсап кетерін аңламағаны ма?

Қасарысар кезде алмастай берік, айтысар жерде алдаспандай өткір, белдесер тұста болаттай мығым, ел десер дауда қырандай алғыр хас қазақтың ұрпағы

бүгінгі жанының жарығын жоғалтып, бұлдыр күнінің шырмаған тұманында адасып шыға алмай жүргені қалай?

Ғайыпты болжамай-ақ қойсын, пендеге пенденің өкпесін тарқатпай-ақ қойсын, қияға шауып қиынын кырып-ак кел демейік. Апырау, болдыртар босбелбеулігінен, әркімге бір жапақтар осалдығынан, бүйірінен соққанға былқ етіп қабақ шытпайтындығынан, етегінен басқанға етігін шешіп берер жуастығынан арылар мезеті қашан жетер екен?

Құдай-ау, қыран қабақтан қар жаудырып, отты көзден жасын атқызып, азулы өңештен «Аттанын!» аспандатып, ержүрек кеуденің дүмпуін жалпақ даласына жайып жіберіп жай отындай жарқылдайтын ата-бабаларының арыстан келбетін, жолбарыс бейнесін оп-оңай-ақ ұмытқаны ма? Бабалар рухы қолыңа қамшы ұстатпаса, білегіңе күш, жүрегіңе жігер мен сес құймаса, осынау итшілеген тірлігіңді шікірейген шенеуніктердің шыбыртқысының астына хайуани көнбістікпен, жануарлық мылқаулықпен төменшіктеп төсей бер онда!

Жасампаз ғұмырдың жағалауын жайраңдап басар еркін ұлдан құл еткен несібеңді сүйек-саяқтан теріп жеп, жалғандықтың балшығында батпақтай бер онда!

Сап-сап, жазғышым! Сәл шыда! Қара төңірегіңе! Соншама тұқыртқан алашыңды ойландырар, күрес-керге айналдырар оппозиция саңлақтарының шетінен сырғақсып, сытылып жоғалғандарын көрмеймісің? Соларыңның бірі «мықтының» қойнына тығылып, екіншісі айлакерліктің «ойынына» жүгіріп, үшіншісі «Қойдым! Болдым! Көндімге!» жүгініп, жан-жаққа безіп кеткен соң, тобанаяқ тобырың тозып бітпегенде қайтеді.

Енді кімге өкпелерсің...

* * *

Біткен істі мақтаудан гөрі адасқан тұсты даттауға құмарлық -
Қанға сіңген қасиетіміз болса қайтеміз енді.

* * *

Менменшіл жанға өзгенің абройы да жақпайды.

* * *

Бүкіл жұртты жек көргеннен, өзіңді өзің жеп көрген дұрыс.

* * *

Әділетіңмен асқақтайсың.

* * *

Арайлап атқан таңға қуана қарайтын пенденің қарауытып жеткен түнге секемдене енетіні неліктен екеніне ойшылдар ғасырлар бойы жауап іздеумен келеді. Әлде сол секемдену санаңдағы саңылау біткенді түгел тұмшалап тастайтын қараңғылықтың сесті сұсынан туа ма екен?

Ал бірақ жүрек сыздатқан күрсінісіңді сергітіп оятатын әуелеген ән де, күмбірлеген күй де көбіне-көп түн қойнында тұсау кесетінін ескеру де қажет қой. Бәлкім қарауыта келіп, құшағына көметін тұңғиық түнде сонау бал балалығыңмен қоштасып қана қоймай, анау алдыңнан ашылған бозбалалықтың өрісіне қадам басқаныңды әлдебір түйсікпен сезетін де шығарсың. Сондайда ұйқыдағы меңіреу түн емес, құпиясына ертер, тылсымына бойлатар осынау түн өз құдіретін танытқысы келетін тәрізді-ау. Апырау, құпияның бәрі бүркеу астында, қызықтың дені қалтарыста, перде тасасында өтетініне мән бере бермейтініміз қалай. Ұялшақ көзден сезімтал

көңілдің көрегендігіне бейімделген табиғат-ана жан-жануардың қосақтарын оңаша табыстыратынын онша елей бермеппіз ғой. Оңаша табыстырып қана қызыққа батыру үшін көлденең көз, бөгде тықырдан аулақтатып, түн қойнын әдейі аштыратын болар. Ой ойлау сәтінде көз жұмуымыз - оңашалық, оқшаулық іздеуіміз де шығар. Ал егер осындай түннің еркегі мен ұрғашысы мынау Әлемнен жоғалып кетсе, тылсым түннің жүрегін дүрс-дүрс соқтырар құдірет те біржола өшіп кетуі мүмкін-ау. Қараңғы түннің осындай қадірі барын пайымдай білгенге не жетсін.

Түнегі мол түннен кейін алаулап атар таңның барын, қызарып шығар күннің мәңгілігін санамызда жаңғырта алып жүрміз бе? Жаңғырта алсақ, сол арай таңның мөп-мөлдір тазалығы өзімен ғана оралатынын, адамның еш қатынасынсыз-ақ өз болмысынан туындайтынын сезе білсек қой. Мөлдірліктің түсін, тазалықтың әлпетін өз бетімізше алабажақ бояумен, көпіртпе көбік сөзбен «әлеміштеп» өзгертпесек қой.

Меңіреу түн құпиясынан сергіп оянатын тамылжыған таңның әсем әуенін елжіреп тыңдай білейікші, ағайын.

* * *

Батылдықтың бағасы қымбат.

* * *

Келдің - кеттің. Нені өзгерттің Әлемде ?
Мына Жалған қалар кейін сенен де.
Қыранға ұқсап бір шарықтап көрдің бе,
Жүре бермей құр сөлпектеп төменде ?

* * *

Басыңа қонған бақты бақыртып байлап алып, астыңа басқан тақты **жекеледім** дегенше, бақпен де, тақпен де некелестім дей бер. Ал тақпен неке-

лескеннің халқымен ойланбастан текетіресе қаларына сан сатраптың, сан тиранның омыртқасын опыртқан сәттегі өкінішімен өкірткен өксігі куә. Білімді, білікті жекелеуге ешкімнің қарсылығы жоқ та ғой. Ал билікті жекелеп алу, қалың жұртын баласынан бастап шағасына дейін жегенін жеміт қып желкелеп алудың нағыз сорақы көрінісі - әрідегі фараондар, берідегі Гитлер, Муссолини, Сталин, кешегі Саддам Хусейн, Каддафи, Мүбарактардың тізгін тұқыртуынан байқалады.

Сондықтан да тақ пен тақ иесінің істі насырға шапқызбай тезірек некесінен ажырасқаны ләзім.

Бұл тәркі дүниеде дүниенің түбіне жеткен ешкім жоқ. Биліктің биігіне әділдігімен, адалдығымен көтерілген диктаторлар да болған емес. Ал тақты неғұрлым жалғыз өзі ұзақ жамбастағандардың өзгеге деген өшпенділігі ғаламат. Қолынан келсе мынау Әлемді түгел уысына қысып алып, жұмыр Жерді доп қылып теуіп ойнаудан жалықпас еді. Өйткені билікке тоймас жанның өзін өзі көрсетпек болып жанталасуы, өзін өзі бар Дүниенің бір ғана тұтқасы етіп танытуға тыраштануы - аурудың ауруынан да сұмдық.

Сонысынан не өнеді? Түк те өнбейді. Ішке бітпеген қасиетті сыртқы айбар-ашумен алмайсың ғой.

Түпсіз терең жақсылық жасау - ашудың, айбардың ісі емес, ақылдың ғана жемісі. Ендеше таққа жабысып қалған жамбасты баз-базда босатып қойып, ел мен жерді ұлдың, ердің көзімен шолып қойған да керек-ау.

* * *

Мансапқордан әділеттік табам дегенше, арыстанның балтырынан қабам де.

** *

Жан иесінің жалғыздықтан қашуына оның өзі мен өзінің қисынын тапқызбас ойсыздығы себеп-ау.

* * *

Адамгершілігі бар жанның әділеттілігі де мол болады.

* * *

Абақты ғой - сұм жалған армандығ.
Қоятындар азайды арманды ұға.
«Құйрық болып жанасып кете алсақ!» - деп,
Көз сүзумен жүрміз ғой әр жалдыта.

* * *

Тұщы емес, ащының да дәмдісі болады,
Басшы емес, қосшының да мәндісі болады.

Отыз алтыншы ой

Намысының құлы - адамның ұлы

Жамандықты жазғыратын, жақсылықты жарылқайтын көкте бір **Жалғыз** бар дегенге жұрттың бәрі илана бермейді. Ал жердегі **біреудің** көзіне түссе, есепсіз жетістіреді, қисапсыз байытады деп алдамшы сенімге соншама ұйып түсіп жатады. Соған қарағанда көктен сұрай-сұрай жалыққан пенденің тайыпқа тіленгенше,көзбен көріп танығаң,үйіп-төгетін уәдесін құлақпен естіп қанықкан анау... сонау мықтыларына қол жаярдай болса, кім білсін, алақанына аққу келіп қонбаса да, саусағына шықылықтаған шымшық ілініп қалар дейтін үмітке дәмеленіп бітеді.

Көкке созған мойны да, төбедегіге ұмсынған қолы да күте-күте бірі ырғайдай болып тозып, бірі сырғауылдай болып жіңішкере үзіліп, байғұсты талдырып жықса да, тәубесіне бір келмейді. Тәубесіне келсе, Тәңіріне де, әміріне де жалынбай, өз тағдырының талабына құлшынып кірісіп кетер еді-ау. Ол қайда. Қазақтың жалқаулыққа үйір бола беруі, соған етін

әбден үйретіп алуы - жұмыссыздықтан ғана. Жұмыс таппауынан ғана. Ешкімге ешнәрсе түсіндіре алмасын сезе ме, сонан соң алаш ұлының ауыз қақпағы мүлде жабылады. Үнсіздігі - ғаламат-ақ. Даусын сәл шығарса, қыс күнінің сараң шуағындай етіп ішінің ыза-кекке толы лебін жайып тастардай секемденеді. Көмекейін бүлкілдетіп ақтарылатын сөздердің ашулы толқыны әлдекімдерді тоғытып кетер деп үрейлене ме, ерін көбесін сөгу деген - олар үшін көктегі Жалғызға да, жердегі біреуге де толмаған көңілдің арсылдатқан арызын айтумен пара-пар тәрізді-ау. Сондықтан да әлдекімге... әлдекімдерге деген кек қатқан іштің берекесіз атылар әрекетін үнсіздіктің кілтімен мықтап жауып тастау - үлкен ерлік. Алда-жалда кілті дұрыс жаппай, құлпы сынып, кептелген еріндер ашылып, іштегі кек-қызыл жарылып кетсе не болар еді?.. Құдай ондайынан сақтасын да...

Үндеместерге «Ура!» деп, «Үндеместік жасасын!» деп қаламымды еркінен тыс бір сүйкектеттім.

* * *

Жарқыраған бәрі алтын емес, жылтыраған бәрі жалқын емес.

* * *

Ішінде арамдығы сірескендер әділетпен күресіп өтеді.

* * *

Намысының құлы - адамның ұлы.

* * *

Анау көктен шуақ төгіліп еді, көктем жаңбыры әбден мыжғылаған көңілімнің қоймалжың батпағын жуды да, қуды да кетті. Адамның табиғат перзенті екенін тағы бір дәлелдегісі келді ме, шақырайған

күннің ыстық табы кәрі кеуденің суық демін жылтты да жіберді. Үйімнің шатыры мен ағаштардың арасыан үздіксіз естілетін құстардың ащы шиқылы саябырсып, бір-бірімен сыбырласа сөйлесетіндей нәзік күркілге ауыса қойды.

Сонау көкжиектің етегін баса шоғырланған көкбауыр бұлттың қарасы сұлбаланды. Оған көңілім онша бөлінген де жоқ. Осынау шақырайған күннің ашық түсін сағынып қалғам ба, егделіктің беймаза халінен мүлде ада болып, жан тыныштығының әсем күйіне күрт бөлендім.

Мынау көктем менің екіндіме таянған мезетімді кешегі жастық кезеңімнің бұлдырап ұзаған жайлауына қайтадан топ еткізіп түсіргендей әсерге шым бойлатты. Ал бойлатпаса, «қайталанбас жыл мезгілінің бір-біріне ұқсамас ерекшелігін адамзаттан басқа елеп-екшер жан иесі бар ма екен?» деген сұрақ көкірегімде тірілер ме еді?

Адам жанының тыныштығы, адам жадының күйзелуі мен немқұрайдылығы жоғалып барып, мүлде өшіп кетсе, адамның аяқ-қолы ендігәрі жанаспайтын арда Табиғаттың жай-күйі қандай болар еді? Жабайы сұлулық қаптап дүрілдеп өсіп, адам атты жыртқыш, бүлдіргіш, күйреткіш тіршілік иесін де, ізін де жер бетінен, әлем аясынан таптап құртып жіберер ме?... Сонда меңіреу ғаламның бүлкілдеп соғар жүрегі не болмақ?.. Немен алмаспақ?.. Ал тауып көр жауабын.

* * *

Қahарманға қарсы тұрар қамал жоқ.

* * *

Мінезі жоқтың міні көп, үні жоқ.

* * *

Ерлік жасаудың ұсақ-ірісі болмайды.

* * *

Өзімшілдігі өмірге де, өнерге де ерекше өзгешелік беретін құдірет иесі, - меніңше, қаламгерлер. Олардың ішіндегі айрықшасы - ақын дер едім. Болмыс пен адамзаттың, табиғат пен адамның арасындағы көз көрмес, көңіл байқамас байланысты жасай алатын ақындық қасиетті елемей кету - қиянат. Қиялдың қанатына мініп, ойдың тізгінін өрге қарай бұрып алып, шабыттың шарықтатуымен жеті қат көкке замғап шығып көктегі Тәңірімен табақтас бола алатын ғажайып жағдай басқа қарабайыр пенделердің маңдайына бұйырмаған бақыт.

Ақынның бақытты болғанына не жетсін. Сол бақытын сезіне білуден туындайтын ақын жанының сезімтал серпілісі небір тылсымның қойнауына сүңгіп шығып, адам өресі жете бермейтін тұңғиықтан жаyһар жолдарды сүзіп алып, көз алдыңа мөлдіретіп тоса қояды-ау!..

Бірақ мынау күйкі тірлікте ақынның сүйінішінен күйініші молдау боларын екінің бірі біле бермейтіні де жаман. Алайда күйік шалған кеуденің дауыл араласқан теңіздей астан-кестен бола буырқана шапшып, толқыны мен толқынын долдана шарпыстырып бүліне қалатын кейпіне түсе кететін ақынның ішкі дүниесінің қиян-кескі арпалысын жыр етіп төгіп-төгіп жіберетінін қалай айтпаспыз. Сондайда бүкіл жүйе-жүйкесін ашыну мен ашығудың сіңірлі саусақтарының шертіп ойнауына, тартқылап кергілеуіне аямай ұсына салатын ақынның дүр сілкінген тебіренісінен артық құдіретті табуыңыз және қиын. Әлгі тебіреністің аялап тудырған аяулы перзенті - лирикасы енді бүкіл адамзаттың сүйіктісіне айналып сала береді.

Сондықтан да не әсерленіп сүйінген, не запыланып күйінген ақын ғана «миының мың градустық домнасынан» халқының өнер қазынасына құйылар інжу-маржандарын қорытып шығара береді.

* * *

Өзгенің жарқыраған ерлігінен
Өзіңнің жылтыраған тірлігіңнің артық көрінетіні иесі екен?

* * *

Гүлге шуақты күн қандай қажет болса, ұлға мейірбанды үн сондай қадірлі болмақ.

* * *

Баба дала!
Баяғы ана дала!
Сол далаңа соңғы рет қара, бала.
Талап жатыр олигарх,
Тонап жатыр,
Қораң түгіл жолатпай молаңа да.

* * *

Үй төбесіне шықпаған адам ешқашанда құламайды,
Зар мен шерді ұқпаған надан ешқашанда жыламайды.

Отыз жетінші ой
Кім едік біз?

Өткендердің өнегесінен, кеткендердің кеңесінен сусындаған алғыр азаматтың алдындағысының ақыл бұлағын іздеуден жалықпайтынын сеземіз.

Замана дауылының тау сілкінтіп, жер қозғалтатын дүмпуінен талай бұлақтың көзі жабылып, өзі де жоғалып кететінін және білеміз. Қайырсыз дүниенің мейрімсіз зілзаласы даламыздың данышпандары - Әлихан, Ахмет, Мыржақып бабалардың, Жүсіпбек, Шәкәрім, Мағжан аталардың, Сәкен, Бейімбет, Ілияс

көкелердің көкірек көзінен шапшыған даналық бұлақтарын көміп тастап, көпшіліктің игілігінен ұзақ жылдар бойы ажыратып келді ғой. Мөлдір бастаудан, кәусар бұлақтан айрылған ұлттың сусауы күшейіп, шөлін басар суатын таба алмай, тапқызбай келгеніне тағы да заман мен жалғанды кінәлай беретініміз де бар ғой. Ал сол заманның дүмпуін, жалғанның қиянпұрыс қиянатын жасаған адамға... адамдарға деген кегіміз, ашу-ызамыз, жауап алуға ұмтылар құлшынуымыз жоқ қой, мүлде жоқ. Соны ескерсек, мынау бүгінгі төрден төменге қарай зіркілдеп тұтана жөнелер сілкіністерді болдырмаудың алдын алар ма едік?

Жалпақ жұртқа бұзық болма, түзік бол деп ақылгөйсуден аулақпын. Бірақ өнегеден тәлім алып өспесек, кеңеске құлақ салып, кеудемізді түрмесек, уайымсыз, салғырт тірлікке бейімделген хайуаннан артықшылығымыз қайсы? Ар мен ақылды кір жуытпай сақтайтын адамдық мінезден арылмайықшы, ағайын.

* * *

Ұятын баққанды абройы табады.

Масқара болудан да жасқанбай өлу артық.

* * *

Даңқтың жолы даңғыл емес.

* * *

Қай мезгіл, қай мекенде болмасын тарыққан һәм торыққан жанның соңғы үміті әлде Христос пен Иегованың, әлде Мұхаммед пен Будданың қол ұшын созар аяушылығынан ғана дәметеді. Ал үкіметтен, қоғамнан, адамнан көмек күтіп, жәрдем сұрау -

бүгінгі тірлікте келмеске кеткен кешегі күннің өксітіп сағынтар естелігі ғана.

Сөзімді болған оқиғамен дәлелдеп көрейін.

Қара пердесін бүркенген, қарау ойдың түндігін түрген түн ортасы. Ертегінің дию-құждарындай болып көз-терезелерін жұмып алып ұйқыға шомған биік-биік ғимараттар.

Қараңдаған бес бозбала қарқылдаған масаң күлкісімен түн тыныштығын шықпырта осқылап, зәулім үйлердің ортасында терең құдық боп үңірейген ауланы дүбірлетіп тұр.

Бір кезде шыңырау ауланың әлдебір есік-тесігінен әлдебір бойжеткеннің сұлбасы сылаңдап шыға келді. Қарқылдаған күлкілер оқыранған, мекіренген үндерге ауысты.

Қалтаңдаған бесеу жалғыз ұрғашыға талтаңдап ұмтылды. Әйт-үйт деместен-ақ байғұс міскінді тарпа бас салды. Жұқа көйлек дар-дар жыртылды. Жанұшырған бойжеткен шыңғыра айқайға басты. Азуымен қарш-қарш тістеп, тырнағымен осқылап, жанталаса жұлқынды. Екіленген, долданған бесеу одан әрі құтырды. Шырылдаған бейкүнә жанның безектеген дауысын енді неше түрлі боқтық пен өшпенділіктің арсы-гүрсі балағаттауы көміп кетті. Құж үйлердің терезе-көздері жарқ-жұрқ ашыла бастады. Соны ес тұтқан қыздың үстіндегі есіріктене итеңдегенді кеудесінен түйгіштеп, «Құтқарыңдар!» деген жан айқайы қара аспанның күмбезіне найзағай болып шаншылды. Терезе-көздерден тамашаға қарқ болған қазақтың, орыстың, украинның, өзбектің, татардың, қожаның ентелеген жүздері төменге төнді. «Құтқарыңдар!» деп жалынышты өкірген дауыс меңіреу кеуделердің тас қақпасын тарс-тұрс соқса да, саңылау таппай, диюдай сорайған ғимараттардың қабырғасында жаңғырып, безбүйрек қаланы жайлап алған қатыгездіктің құшағында өшіп жатты... Өшіп батты...

Кім едік біз? Не боп барамыз?.. Адамдықтан айуандыққа ауыстық па?

Ау, аналар-ау! Анау жараланған жанымен зар еңіреген бойжеткендей қыздарың бар емес пе еді?.. Қыздарыңды көз алдарыңда дәл солай қорлап жатса да, мыңқ етпей, тұра берер ме едіңдер?

Ау, қадір-қасиетіне қылау түсіртпейтін еркектер! Анау жыртқыштықтың тырнағында шырылдаған міскінге есіріктене қарап тұрып махаббат пен қылмыстың, өлім мен әйелжандылықтың тылсымдай мәңгілік тұтастығын түршікпей түйсініп, естеріңнен танып қалдыңдар ма әлде. Сөйтер болсаңдар, сендерден де түңілмеске лажым жоқ. Жайыла беріңдер жабайыланып.

Ал Христос, Мұхаммед һәм Будда айуанға емес адамға түптің түбінде көмек қолын созып та қалар...

* * *

Үмбетінің үрейі өскен сайын батылдығы арта түсетінін үкіметінің ұмытпағаны абзал.

* * *

Мінездінің кінәздігі табиғатынан.

* * *

Қайсар рухтан қайралған қанжар да сескенеді.

* * *

Адамға адамды қайрап салатын құдірет - **азғырушылық.** Азғырушылықты тудыратын күш - қызғаншақтық, күншілдік. Ақыл айтатын адамды таба алмай жүрсек те, алда-жалда ақылдыны кездестіре қалсақ, ит көрген ешкідей едірейіп әлгіні тезірек арамыздан аластап қуып шыққанша тыным таппаймыз.

Дүниеде арғы-бергісін, іші-сыртын, мінез-қылығын ұстатпайтын жан-жануардың ішіндегі ең

таңғажайып жұмбақтауы - адам ғана. Айтылмаған ақиқатымен, ақылға толы миы мен сезімге толы жүректі қаталдық һәм қарғыстың қапшығына айналдыруымен, өтірік пен өсекке құмарлығымен, өзінен басқа өзгелерге деген аяушылық мейірімнен мүлде жұрдайлығымен еріксіз таңдайыңды қаққызады.

Адамдардың арасында жүріп-ақ соларды танып-білудің ешбір мүмкіндігі болмайтынына көзім жеткендей. Өйткені олардың өзін өзі құлпырта көрсетуі, өздерінің ырбаңына өзгелерді оп-оңай құрбан етіп шалатын қырбайлығы, өнегеліден үркіп, келеңсізді түртіп ойнайтын жеңілтектігі сенің көрегендігіңді, сергек сезімталдығыңды сегіз қырдың астына тастап кетеді.

Жетілгеніңнен гөрі күрсініп, күйзеліп кетілгеніңді Құдайдан перзент сұрағандай аңсайтын көршілеріңнің көр тілегінен қашып құтыла алмай, «Кең дүниені кеміріп таусып бара жатқан бір кем дүние-ай!» деп көрпеңді бүркеніп ала қоясың.

Басқадай шараң жоқ.

* * *

Дүбірлеген даңқың - тағдырыңның күбірлеген дақбырты.

* * *

Бейнетімен ғана дәулетін оздырғанды ешбір жала тоздырмайды.

* * *

Өткен күндердің құнықтырған қызығы -
Жаныңды шырылдатар шыжығың боп оралатыны несі екен.

* * *

Астан-кестен Дүние, ойран-асыр!
Күл болуда мүжіліп қайран асыл.

Шіренеді үзердей үзеңгісін
Ірі төрге қонжиған майда масыл.

* * *

Күштінің өктемдігін тойтарам десең,
Әлсіздің қасына қосылып қайтар.

Отыз сегізінші ой
Ғұмыр - сыйлық па?

Адам мінезінің ең қауіптісі, ең жеккөрініштісі һәм ең нашары - мансапқорлық. Мансапқорлықтың асқынған түрі - билік сүйгіштік. Көзі көрмегенді көңілмен іздеп табар тазалықты белінен басып аттап кететін биліккұмардың ұртына ұлты, құлқынына жұрты сиып кетер қомағайлығына бүгінде көзіміз әбден жетті.

Өйткені биліккұмарлық - аяушылық дегеннен мүлде мақұрым қалған қатыгез жүректің қолындағы от пен шоқ шашып, кімді болса да тірідей өртеп жіберуден тайынбайтын жауыздық.

Өйткені биліккұмарлық - асқақ тұтатын адамды жеркенедей етіп жер жалатып, еңбектетіп етік сүйгізіп, ерік-ырқынан айырып, құлдықтан да бетер хайуандық кейіпке түсірер қиянат.

Сонымен биліксүйгіштік адамгершіліктен алыстатып, әділеттен аулақтатып, адалдықты көрсетіп отыратын жүректің айнасын сындырған айуани әрекеттің жобасы ғана екенін ұға алсақ қой. Сондай мінезділерге ұғындыра алсақ қой.

Әй, қайдам-ау...

* * *

Жастықтың қатесін есейгенде түземесең,
Қартайғанда өкінішіңмен күзелесің.

* * *

Әркімнің-ақ ар-ұяты - иманы.
Ал иманы - арамдығын тыйғаны,
Кеудесіне тек Алласын жиғаны.

* * *

Өте ащы дәрінің тым тұщы дәруі болады.

* * *

Қордалы ойы, қорасында қойы, шарбағында шаруасы бар адам - бай адам.

* * *

Құлығын бұлдап сататындар мен сұмдығын сырлап өткізетіндер көбейген кезде сезімнің нәзік иірімдеріне еніп кету түгілі маңайына ат шаптырым жолау мүлде мүмкін болмай қалды ғой. «Ғашықтың тілі - тілсіз тіл!» дейтін данышпан Абайды мақұлдау қайда. Қолынан келіп тұрған соң қонышынан басатын телевизионшіктер ұятты, ұятсыз жерлері ашық-шашық «ғашықтарды» өбістіріп-жабыстырып, жалаңаштап қабыстырып, ынтықтырып-ентіктіріп, терлетіп-тепшітіп көз алдымызға қомағайландыра тоса қойып жүрген жоқ па. Шынайы сезім, мөлдір махаббат, елжірек жүрек ұрланған жерде дөрекі тұрпайылықтың қаулап кететінін білетіндер (билік те, биліктің мәдениетті, әдебиетті, білім-ғылымды басқаратындары) тиын-тебенсіз қалып, әрекетсіздіктен басы қатқан жұртшылықты одан сайын адастырып, кәкір-шүкірмен алдандыруға тырыспағанда қайтеді. Сезімсіздердің сергелдеңінен қорқыныш тумайтынын әбден зерделеген бүгінгі жемқорлықпен жетілген капиталистер мұнайдың махаббатты ұрып жығатын құдіретіне ғана құлшылық етуден әрине көз жазбайды. Содан соң-ақ «Ақша! Ақша!» дейтін тәңірлеріне барынша табынудан жа-

лықпайды. Ал ақша - бүкіл зорлық пен зобалаңның, қатыгездік пен қысастықтың құрдымы. Ол өтірік пен өсекті, жабайылық пен жайдақтықты алдына салып айдап, өктемдік еткен кезде жер бетіндегі барлық қиянат, барша жауыздық сол маңға жинала береді. Үйіліп, төгіліп, қоюлана береді. Сол зұлым энергия адамдардың кеудесіне көшіп, өкпелерін зәлімдікке шектен шығара сықаған мезетте әлемді әртүрлі алапат апат жайлап кетеді. Жайлап кетеді де, цунамиы бола ма, жер сілкінісі ояна ма, дауылы-торнадасы тұтана ма - ғаламат катаклизмдер қаптап жетіп, тіршілік атаулыны таптап өтеді. Осындай келеңсіз «кереметтердің» алдын алу үшін «Баксы! Баксы!» деп бақсыдай шулайтын олигархтары көп астаналықтарға сондай жаным ашып, сақтандырғым-ақ бар. Әрине, құлақ аса қойса.

Бәрібір қыбырлап тірі жүргенге ештеңе жетпейді.

* * *

Абройын сатқан жан ауыл, үйін де сатып жібереді.

* * *

Ғұмыр - тағдырдың жазуымен бе, әлде Алланың бұйрығымен бе пендеге тартылған үлкен сыйлық. Бірақ оның қандай себеппен, қандай ниет -пиғылмен берілгенін ажырату және оңай шаруа емес. Кейкейде кеудеңді әлдебір қуаныштың шалқып тасыған толқыны кернегенде: «Құдай-ау, мынау жарық Жалғанның шымылдығын түргізіп, өң мен түстің ортасынан, бар мен жоқтың арасынан суырып әкеліп, осыншама тылсымның жұмбағын шешкізіп, түк ұқпас хайуан етпей, адам қып жаратқаныңа мың мәрте шүкірлік етем!» деп жер-дүниені жаңғырта дүрілдегің бар.

Ал енді бірде жазықсыз жапа шегіп, көкірегіңді зіл басқанда: «Мынау сұм тірлікке сүйрелеп әкеліп, соншама сорлатып қор ететіндей не жазып едім саған, қу Құдай!» деп өз маңдайыңды өзің тоқпақтап, зар жылайтының бар.

Аз ба, көп пе адам ғұмырының ұзына бойында ащысын да татып, тәттісіне де тұшынып, қызығында тойлап, шыжығында шырылдап жүріп, қыл аяғында қос адым жердің қуысына мәңгіге жантая кетер күй-жай бәрімізге ортақ.

Біреулер үшін қайраттанып сілкіне алса, қажырланып күресе алса, ғұмырдың жемісі мен жеңісі алдынан күтумен табылары хақ. Бірақ қаншама «Толдым! Болдым!» десе де, әлгінің де ғайып дүниенің баянсыздығы аяғынан әр кезде шалып жатары да сөзсіз. Ал адам баласының көпшілігін дүние қызығы ақырының шолақтығы көңілін жасытып, тірліктен тым ертерек жалықтырып жіберетіні жалған емес.

Көзіңнен ұшқын қашып, сергітер сезімі азайса, сөзіңнің дуасы жоғалып, ақиқаты кемісе, жараланған жаныңның тәлтіректеген рухы бұрынғыдай от жүректен шоқ шашыратар жыр жолдарын бұрқырата алмаса, ау, Софыян жазғышым, сенің де Жаратқанға жалбарынған тілегіңнен не өне қойсын. Арыңның сөзін төрдегің қабылдар ма? Жоқ! Зарыңның өзін төмендегілер құлағына ілді ме? Жоқ! Ендеше ғұмырыңның баянсыздығын білсең, «ақымақтық пен қайғысыздық бір ғанибет!» деп көрпеңді бүркеніп, тымпиып жата берерсің бе... Әлде арлылардың, артықтардың мінезін таппақ болып, ұйқыдағы марғау жұртыңды оятуға тыраштанасың ба?..

Осыдан кейін де ғұмырды өлшеусіз сыйлық дей алар ма екенбіз...

* * *

Құлдықты аңсаған жанға құлдық қамытын кигізіп көрер ме еді. Шындықты аңсаған адамға мықты құрықты қолына тигізіп берер ме еді.

* * *

Қалып айтуға ауыз шіркін көнді дегенше,
Қаріп жүрек соған мүлде сенді дей бер.

* * *

Тілегіңе жеткен сайын жүрегіңнің жығыла беретіні несі екен.

* * *

Құл болдық қол сүйетін,
Етік жалап.
Өңештен зәрмен бірге өтіп тамақ.
Сындырып ар-ұятты қолымызбен
Сол ардан отырамыз кетік жамап.

* * *

«Өтпелі кезеңнің қомағайлығы, ынсапсыздығы, имансыздығы, әулекілігі, анайылығы, хұқықсыздығы иненің көзінен өтетін ептілер мен тоқырау заманында уылдырық жеп қалған «тектілердің» фирмашыл ұрпағын және арсыздар мен пірсіздерді топырлатып жіберетінін көзімізбен көріп жүрміз. Заманды адам билемей, адамды ақша илеген заманда әдебиет пен өнердің күлі көкке ұшарын тарих-шал талай дәлелдеген».

Жиырма жыл бұрынғы «Егеменге» берген сұхбатымдағы осы ойым бүгін миымда дабылдата жаңғырып, жар салып жатқандай-ау. Бірақ осы қапылысыма кеудесін ашар, құлақ түрер идеология тұтқасын ұстағандардан біреу табылар ма? Тіпті осы бізде ұлттық идеологияның өзі бар ма? «Алдымен экономика! Содан кейін саясат, мәдениет... әдебиет» дейтін маңыраулардан құлақ сарсылып, көңіл қобалжып бітпеп пе еді. Мәдениет пен әдебиетті өгей баладай өкпеден түйе берген елде, сол елдің үні, айнасы болатын ұлттық өнерді кім көрінген әр пұшпағын

жұлмалап жыртып әкетіп, өз білгенінше кесіп-пішіп, қайта жамап жатса, келешегі не болмақ? Кемелінен не қалмақ?

Әр рудың жалған батырлары мен жарапазаншыл ақындарын көбік сөздерімен көпіртіп асқақтатқан бүгінгі кірпіш «кітаптар» соның айғағы емес пе. Тапа-тал түсте бір-бірінің шекелеріне шеге қағып, тұлымшақтай қызалақтарға шыңғырта шөгіп жатқандарды экранға шығарып, «мәдениетіміздің» бүгінгі сиқын көз алдымызға қанын сорғалата, ар-ұятын жалаңаштата тосып жатқан жоқ па?..

Бағдарсыз, баянсыз далақтаумен қайда бара жатырмыз? Тығырыққа қақ маңдайды тарс еткізіп соғып алып, онсыз да суға айналған шала миымызды шайқап сорлатып аламыз ба? Әлде аяғымыз аспаннан келіп тұңғиыққа құлдырап құлап тынамыз ба?

Ат басын неге бұрмаймыз? Мәдениет, әдебиет аулына неге дұрыстап бет бермейміз? Жалған ертегімен ертеңіміздің өртеңін өртеп жатқанымызды елемейтініміз қалай? Күдік жайлаған көңілді емдемесе, келешектің бүлігіне ұласарын ұғудан да қалып па едік? Не-ге-е?

* * *

Талабы күштінің табағы ортаймас.

* * *

Мінгеніңді ауыстырсаң да, мінезіңді ауыстырма.

* * *

Күйкі адамды ұйқы ғана табады.

Отыз тоғызыншы ой

Бағынушы кім, бағушы кім?

Пенде бар да, адам бар. Адамдыққа құлаш ұрса, бірінен бірі асқақтап өседі. Арамдыққа қарасын батырса, адамнан пендеге құлдырап өшеді. Осыдан-ақ екеуінің айырмасының қандай екенін ажырата беріңдер, ағайын.

Пенденің өзгеге бағынуы, адамның өзгелерді бағындыруы - әлімсақтан келе жатқан жаңылдырмас үрдіс. Ал енді кейде әлдебір себептермен пенденің адамды бағындырып бас шұлғытатын мезеттері кездеседі. Ол енді түннің Күнді ұрлағанындай немесе аққумен құзғын некелескендей қылмысты кездейсоқтық қана. Өйткені тіршілік біткенді билеп-төстеу - тек ақыл-ой мен парасат иесінің құзырында болуға тиіс қажеттілік. Осыған байланысты бағынушылар мен соларды бағушылар қалыптасады. Бағынушылар үнемі халық дейтін көп те, бағушылар (бағындырушылар десек те қателеспеспіз) соның үстінде шоқиған азғантай топ.

Кей-кейде көп пен топтың арасындағы кереғарлықтың кесірі өзгеге бағынған жанның өзгені бағындыруға деген құмарлығын туғызады. Ал содан кейін бақталастықтың тақталастыққа ауысқан қырғын сойқанды сұрапыл шайқасы басталып кеп кетеді.

Сондай сұрапыл шайқастың төркіні - сонау бағзы замандардың күңіренткен, дүбірлеткен һәм қалыптастырған қанды қасабының еншісінде. Таққа таласқан әке баласын лақ бауыздағандай бақырта салған. Соған әрідегі Қаһарлы Иван мен ұлы (әлде улы) Петр патшалардың кісәпір содырлығы куә. Соған берідегі Ельциннің астындағы тағын сақтап қалу үшін Американың сүйеу көмегін бірнеше тонна жоғары байытылған ураңды беріп сатып алғаны айғақ.

Ал бүгінде... Топтың көпті илеуі асқынған сайын жекелердің желігуі шектен шығардай боп желкілдей бастады. Ақшасы көптің бақшасы жайқалары белгілі десек, құрығы ұзынның қылығы мен былығы үстем десек, айла-аярлығы молдың жаярлығы мен соярлығы көбейеді десек, - солар әр тұстан бір қылаңдауды құбылтып ала жөнелді. Осыдан кейін-ақ көптің топтан үркуі, жұрттың жекелерден шошынуы тіріліп, дүрілдеп сала берді. «Есем!» деп есебін анықтап еліріп ұмтылатындардың кесірі қашанда халыққа тиетіні ежелгі Эллада заманынан белгілі. Бағыныштының сағынышы - бейбіт тыныштығы. Бағындырушыны қағындыратын - қолына ілінер, ілінбес биліктің тізгіні. Ал ақиқаттан ажырап кетер билік тізгінінен өтер қиямет жоқ.

Өйткені ол адамнан пенде туғызып, пендеден құл ғана өргізеді. Биліктің осы бір қитұрқы тірлігін жантәнімізбен түйсініп, қашан ғана ұға алар екенбіз?.. Ұға алсақ, сонда мүмкін есеңгіреген ойымызды жинақтап, ендігі есепті тиянақтауға тырысармыз...

Мүмкін...

* * *

Артыңа қарап,
Өткендегілердің өнегесін үйрене алсаң,
Алдыңа қарап,
Келешегіңе тайсалмай кимелей аласың.

* * *

Өткен күннің әдебі - бүгінгінің әдеті.

* * *

Жұрттың бәріне сүйкімді болып көрінуден өтер сүйкімсіз тілек жоқ.

* * *

Бос елеске нанымы көптің танымы аз.

* * *

Жақындап кетсең үркетін, жырақтап жүрсең сағынатын жандарыңды әрқайсыларың білесіңдер. Көзімен арбап, сөзімен алдап қылмаңдайтын бикеш те емес олар. Кейде солардың суық көзқарастарынан лапылдап өрт тұтанып кетердей шошисың. Неге екені белгісіз, олардың жек көруі де өзіне ынтықтыра түседі. Қашқақтауы-тілегіңді де, жүрегіңді де өзіне орап алады. Мысқылы күлкідей елжіретіп, күлкісі күрсінудей естіліп, есіңнен тандырып жібереді. Алдамшы жанардың тіміскілеуінен сескеніп, тұлабойыңның қуыс-қуысынан бар ақиқатың мен шыныңды ақтарып тастайсың. Оны жеккөргендердің әлгіге бәрібір жалбарынып жармасатынын қайтерсің. Шыдамсыз да тәкаппар, дөрекі де тарпаң қасақы мінезіне қарамай, шіркінге құлап түсіп, жылап күрсініп өліп-өшетінің бар.

Соның бәрі шөлдеп-ашыққан жанның су түгіл у болса да қылғына жұтып жіберуге ұмтылуындай емес пе екен?

Соның бәрі шаршап-шалдыққан міскіннің қаңғалақтай барып қақпан мен оқпанға құлап түсуіндей қапылдық емес пе екен?

Соның бәрі өзегінің тірегінің құрсауын қиратып алып, төрттабандап жорғалаған шарасыз байғұстың басын сұғар қуыс іздеген әрекетіндей емес пе екен?..

Өзім де білмеймін.

* * *

Құдай-ау, тоймас көзді неге бердің?
Көз жасты тоймас көзге төге бердім.
Жастан - сом,
Қаннан алтын құйып жатқан
Төрдегі жемі болдық төрелердің.

* * *

Жаман болмауын қатаң қадағаласаң,
Жақсы боп аяқталмайтын ісің қалмайды.

* * *

Деніңнің саулығы дүниенің барлық жаулығына төтеп бере аларын ойыңнан шығарып алма.

Қырықыншы ой
Үңілу мен түңілу

Өмірге үңілу бар. Өмірден түңілу де бар.

Білместігінен ұяла білген жанның әрнені ұғуға ынтығуы мен соны тезірек табуға ұмтылуы күшейеді. Мынау әлем дейтін ұғымның шексіздігі, күрделілігі, оп-оңай шағылар жаңғақ еместігі - көкірек көзіңнің көп қадалуын қажет етеді. Дүниенің ғаламатын танып, жұмбағын шешіп, қиынын оңайлатып, шиеленіскенін суыртпақтап игере білу - үйренуіңнің, өсуіңнің баспалдақтары ғана. Қиындықты құбыжықтай көріп, түйеқұс тәрізденіп тұмсығыңды құмға тығып алып, тақырға тіреліп тұрып қалу - ештеңе өндірмейтін тірлік.

Күрделінің де күрделісі болатынын білеміз. Сол күрделіні қарапайым белгілі нәрсеге айналдыра алатын құдірет - ақыл-ойыңның байлығы, жан-дүниеңнің жомарт мейірімге толы кеңдігі, жүрегіңнің ынтызарлыққа құштарлығы. Ал бұл құдірет - жан қарапайымдылығының ғана мәуелі жемісі.

Өмірден түңілетін де кездер кездеседі. Дүниенің кілтін қолына түсіріп, ақылдың кені атанған данышпанның да құлшылық қылармық жан рақатынан айрылып, айдалада жападан жалғыз күн кешкендей күйрек халге түсетіні бар. Бірін бірі аңдып, бірін бірі

ұрлаған, бірін бірі көздеп бірін бірі шырмаған бүгінгі төрелік торсаң тірлік, шенеуніктік сарсаң ғұмыр ойлы мен арлының шекесіне шеге, миына қазық қаққандай қалжыратып бітпеді ме. Өрістерлік күнді батырып, қарыштарлық қадамды тұсап қойған соң достығынан дұшпандығы, мақсатынан мақтаншақтығы артқан бүгінгі бай қазақтың қолына су құйғызатын мүсәпірлікті қай кемеңгер қалай қойсын. Зорлық пен қорлыққа көнбеген жанның өмірден еріксіз түңілуі басталмағанда қайтеді.

Шыда, әйтпесе...

* * *

Төбедегі биік отырған төресі төмендегі қыбырлаған қарасының аққан тері мен тамшылаған қанын көре алмайды.

* * *

Бесігіңнен басталатын әдеп, мінезіңді қабіріңнің есігіне дейін сүйреп жеткізесің.

* * *

Орындалмаған арманың - жаныңның үзіліп түскен қалтырауық жапырағы ғой.

* * *

Саясаттың сан-сапалақ шытырманы ой-бойыңды мағынасы жоқ мазасыз «әлдиімен» билеп алғанда адамның бар-жоғына көңіл аударар пенде қалмайтынын енді-енді сезе бастадым. «Адам» дейтін ұғым мүлде ұмытылып, әлдекімнің әлдекім екенін аты-жөні мен лауазымы, қызметі мен дәрежесі арқылы ғана жүрдім-бардым шырамытатын болдық.

Қарап отырсам, мынау бүгінгі қоғам да дәл мендей болып адамдардан қорқатын тәрізді. Бұл қоғам адамды адам-тұлғадан ойсыз, мисыз есекше қыбырлайтын

пендеге дейін құлдыратуға барынша мүдделі екеніне көзім әбден жетті.

Дәл бүгін билік үшін адамның адалдығы, адамгершілігі, ұлтжандылығы мүлде қажет емес. Билікке, билік илеген қоғамға айтқанына көнер, айдауына жүрер көнгіш, ергіш, мүлгігіш ыңғайлы да қолайлы құл мінезділер ғана керек. Келешектің қажетіне жарап, болашақ тірліктің тұтқасына жармасар тұлғаларды осы бастан тұқырта тұншықтыру - төрдегінің ең бірінші мақсаты.

«Жиырма екі жылдан бері мемлекетіміз коммунистік режимнен құтылды. Дініміз еркіндік алып, еліміз бостандыққа шықты!» деп жарапазандатудан жалықпаймыз. Ал онда «мынау Әлемнің жалғыз ғана иесі - Адам!» дейтін ұғымның мүлде ескерілусіз қалып, «свалкаға» ысырылып тасталғаны қалай?

Ұлт мүддесін үдесіне шығаратын кім? Ұлттың ұлы! Яғни Адам. Біздердегідей функционер емес. Мемлекетті құруда, мемлекетті аяғынан тік тұрғызуда аянбай еңбек ететін, ойы мен миын барынша жегетін ұлтжанды серкелері. Бүгін біз осы ардақты да салмақты міндетімізден айырылып қалғанбыз. Айырған да, жолатпайтын да төрелер. Сонау... сонау тоқсаныншы жылдарда капитализмнің қызыл қанын қыздырамыз деп жалаулатып қызынған екпінінен әлі күнге шейін арыла алмай жүрген «мықтыларымыз» қанға былғанған білектерімен кеудемізден түйіп, өңменімізден түйреп, өктемдеткен жолынан баршамызды сыпырып қашырып, көңқоқысқа лақтырып тастаумен келеді. Әділет тілеп, адалдық іздеп шырылдаған адам-тұлғаларды «өзіне өзін атқызып», көмекшілерімен қосақтап атып, ол аздай-ақ еңбекақысы мен үлесін сұрағаны үшін ғана өз азаматтарын автоматын зіркілдетіп қырып салған қоғамнан тазалық таба қоярмыз ба? Таба алмаймыз! Ендеше табандылық таныту керек. Пендеден адам

болып еңселеніп көтерілуіміз керек. Адам болып тәуекелге басып, тас жұту қажет.

* * *

Қайғыға қаны тасымастың байғұсқа жаны ашымас.

* * *

Құлағанды ұрғызғанды емес, тұрғызғанды қадірле.

* * *

Бал тамызған ауыздан нан ұстатқан қол артық.

* * *

Құдай-ау, теңдікті іздеп, кеңдікке талпынатынымыз қалай? Кеңдік деп тапқанымыз өңешке өкпеңді қуып тығып, тынысыңды буып тастайтын әлде қуыс, әлде тор болып шыға беретіні қалай? Сондайда Рабиндранат Тагор айтқандай: «Бүкіл ғұмырыңды табаққа салып, алдына ұсына қоярдай ажалыңды асыға күтетінің» қалай? Ақын мен тобырдың, талант пен дарынсыздардың бірін бірі түсінбей, тобыр мен дарынсыздар ақынның ақ ниетпен аңқылдаған көңілін ақымақтыққа балап, мазақтап мәз болып күлетіні қалай? Дарын иесінің әлгілердің топастығына, мәңгүрттігіне һәм есерлігіне ызаланып, қайғы жұта күлетіні қалай? Түршіктірген тобыр - көптің бөлшегі емес пе? Ендеше тобырдың сол көптің көмейінен төгілетін әділет туралы ақылды кеңестің ең болмаса бір пұшпағын ұстап қала алмағаны қалай?

Анау аздаған топтың иек астында ғана қимылдап, езудің ыңғайымен арс етіп ұмтылатын хайуани жыртқыштыққа бара алатын осынау тобырды тоқтатарлық қарсы әрекет таба алмауымыз қалай?

Орынды қарекеті аз, антұрғандық жаман қылығын асқындырған тобырға жалғыз қара болып бой көтерген ақынның уақытын ұрлар, шабытынан ажыратар, тірлігінен баз кештірер кеңдік бермес, теңдік тапқызбас тірлігінің өзін тозақ еткен, сонысымен-ақ анау тобырдың біреуіне айналдыруға аз-ақ қалған бүгінінің қап-қара түндігі түрілмеуі қалай?

Жауабын ұстатпас сауалдарды несіне көгендей берейін...

* * *

Жазықсызды жауып тастайтын өзінің түрмесіне
Түптің түбінде жазалаушының өзі түседі.

* * *

Үрейленіп жүргеннен де, қол жетпесті тілеген жаман.

* * *

Өзіңнің еккеніңе сауылдатып теріңді төккеніңде ғана өміріңнің жемісі де, жеңісі де көбейеді.

* * *

Жас кезінде той тойлаған, қартайғанда бой-бой сөгіледі.

* * *

Сұм тірліктің алды оңай,
Арты қиын.
Кешегі алтын - бүгінгі жарты тиын.
Бір жалғызға жаутаңдап мөлиеді,
Кешегі ер қазақтың халқы дүйім.

* * *

Өзгеге өктемдік еткеннің де өзегін құрт жеп жатады.

Қырық бірінші ой

Абыл мен Қабылдар

Ар-ұяттың бақылауына бағынып алға басамыз ба, бақырып көткеншектеп кейін қашамыз ба?.. Ілгері басатындарымыздан гөрі кейінге қашатындарымыз мейлінше көп-ау. Өйткені іштегі ар-ожданның қайрауымен ақиқаттың сөзін айтар өжеттік бүгінгі бүгежіктеп қалған пенделерден табыла қоймайды. Ғафілдікпен күн өткізіп, бар-жоқты елемеген кісінің сыбырлап қана өсек-аяңды шықпыртатыны қазіргі кездің мағынасыз «мағынасы». Себебі неде десек, әділеттің әділетсіздігінде ғана екен. Табиғаттан, Болмыстан қашқан әділет әділетсіздік болып шын талаптыға, шынайы азаматқа тиесі құдірет пен құрметті, қасиет пен қадірді өркөкірек өзімшілге, желбуаз жебірге, ақылдан тақылға ауыстырып бере салатыны қалай? Абыл мен Қабылды бір-біріне айдап салған көк Тәңірінің әділетсіздігі әлі күнге дейін жалғаса берсе, көкірек толған қайғыны жас қылып ағызып, сөз қылып төгіп кімді елеңдете алармыз? Абыл тірліктің тамырына Қабыл болып балта шауып жатқандарды тексеруге, жауапқа тартуға шамамыздың жетпейтіні қалай? Есіл өмірді ескерусіз өткізіп мүлгіген анау көпті ар-ұятты тыңдатар адалдықтың аясына қайырып әкелер құдірет қай адал көкіректен шыға қояр? Шыға қояр ма? Әйтпесе уайым-қайғының ащы запыранын бұрынғыша көмейлеп жұтып, «басқа салды, біз көндік!» деп мойнымызды Қабылдардың тұзағына тоса береміз бе?..

Әй, адасып біттім-ау әбден...

* * *

Биліктің құдіреті - тізгінінің тапшылығында емес,
Баршаға жасайтын жақсылығында ғана.

* * *

Атақ жоламаған жанның у-шумен шатағы да болмайды.

* * *

Ауырдың үстімен,жеңілдің астымен жүретіндердің өмірі шәуілдеп үретіндердің тірлігінен аспайды.

* * *

Қай қабақты ашарсың күңкіліңмен.
Төрдегінің көзі ойнап,
Мұрты күлген.
Жете алмайсың отырсаң - жетеріңе,
Тек жеңесің бар-бәрін ұмтылумен.

* * *

Өмір һәм өлім... Тірлік пен ажал...

Бір-біріне сондай қарама-қарсы, сондай өш әрі қас ұғымдар. Бірақ бірінсіз бірі жоқ. Балталасаң да айрылмас, кескілесең де үзілмес мәңгілік тіркестер. Бірі қуантса, бірі қорқытады. Бірі күлімдетсе, екіншісі күңірентеді. Бірі жарық жалғанның таң шапағының қақпасын ғұмыр иесінің алдынан айқара ашады. Екіншісі бақи дүниенің кешкі түнегінің соңғы дарбазасын сықырлата саңылаулатып алдыңнан тоса қояды.

Өмірден жалығамыз ба?.. Өлімнен қорқамыз ба?..

Өзгелерді қайдам... өзімнің жалығатын сәтім де болады. Өлімнен қорқатын кезім де кездеседі. «Өлім туралы тіксіне ойлаудың өзі ғана сұмдық құбыжықтың дүрі ғой. Сол шіркінді ойладым дегенше-ақ өмірден аулақтанып, алшақтанып сала бергеніңді өзің де сезбей қаласың» деушілердің де, «өлімді неғұрлым есіңе жиі алған сайын, соғұрлым өмірдің бағасын, құндылығын барынша сезініп, тіршілікке деген құштарлығың есе-

лей түседі» дейтіндердің де қызылкеңірдек болып таласқанын талай көрдім.

Ал менің өз басыма келсек, өлім туралы ойлаудың ешқандай құбыжық екенін байқамағанымды білемін. Өйткені өлім туралы өкпесін өшіре ойлап бас қатыратын адамның өте сирек кездесетініне бәс тіге алам. Мынау жарық дүниенің әр сәтіне таласа-тармаса ауа жұтып, әл қарманар әр пенде, керек десеңіз, ақтық демін ышқына шығарарда да ажал шіркіннің арандай ашылар апан көмейіне де мән беріп қарамас-ау сірә...

* * *

Құрмет пен атаққа іліндім дегенше, таусылмас шатақпен бүліндім дей бер.

* * *

Атақ-даңқты іздегеннен де, ажалды тіздеген оңай.

* * *

Тар қыспаққа батты жұртым.
Батты елім.
Аш өзегін сұм өмірдің қапты өлім.
Жүрегімнің сиясымен жазылған
Қып-қызыл боп қанға бөкті дәптерім.

* * *

Жастықты өршелене қызғанатын, бірақ мекерлене менсінбейтін кәрілік бар. Ұзақ жылдарының сонау қайта шығармас шыңырау тереңінен ауру қажаған жанының қиналтқан ыңқылымен сол жастыққа бір ғана сәтке айналып соғуды аңсайтын қарттар бар.

Әлгі алғашқы кәрілер бүгінгі жастарды өмірлік қуаты жетіспеген, миы толыспаған ессіз балаға балағалап, құзғын тамағы үшін, қырғын тамашасы үшін атысып-шабысуға ғана бар, бірақ шаруа куып, өнер тауып, іс қылуға жоқ деп жерден алып, жерге салумен шаршап бітеді.

Ал кейінгі қарттар болса жастықтың қырмызылығын, сұлулығын, сыпайылығын, еркіндігін, есендігін үнемі есіне түсіріп, соның салтанатты әсемдігін бүгінгі немере, шөберелерінің ойынан да, бойынан да тапқысы келеді.

Солардай болып қиял көзімен сонау бір көңіл жайлауының сары жұртына оралып қайту үшін талпынғысы да келеді.

Өмір-әрекет, қимылдың перзенті. Ерінбегеннің - ертеңі көп. Ғұмырының ертегісі молаяды. Талпынғанның тарықпайтыны да рас. «Мен - өмірдің өзімін!» дейді өміршең қария. Тозып бара жатқан күндеріне итшілеп ілесуді емес, бұйығы кеуденің жабық көңілін түртіп оятып, көкке қадаған үмітті көзімен мимырт уақытынан ентелеп озуды көксейді. Сондай кезде ол дәл Данкодай болып жанының бір бөлшегін жұлып алып маңайына шуақ шашқандай күйге түскенін өзі де сезбеуі мүмкін. Бірақ оның енді елді түземесе де, өзі отырған төрді көңіл мен көкірек жылуына толтырып қояры анық.

Ал анау алғашқы кәріңнің күлсе - қуана алмайтын, жыласа - уана алмайтын іштегі аласұртып бара жатқан ызғарынан айналасының суып, мұздап сала беретінін несіне айғақтайын.

Жастығын жоғалтпаған, жоқтамаған кәрілікке не жетсін!..

* * *

Естеліктің сүйінтері де, күйінтері де бар. Күйінтерінен қашып, сүйінтеріне құшақ ашып күнелтетін көңіліңе не дерсің.

* * *

Қатыгездігін қайрымдылығымен билей білген адам тіршіліктің пұшпақ терісін өзгелермен бірігіп илей де алады.

* * *

Ел түңілді,
Жұрт азды,
Ер жылады.
Тозағына айналды жер - жұмағы.
Төр мен төрем салық сап жалақтады,
Қанға бояп алды да қанжығаны.

* * *

Мәңгілікке қастандық жасағың келсе,
Әр сәтіңді құр өткізе бер.
Адамзатқа бостандық жасағың келсе,
Әр сәтіңді мұратына жеткізе бер.

Қырық екінші ой
Күмілжітер шайлық, күлімдетер байлық

Мемлекетшіл болғым-ақ бар. Бола алмаймын бірақ. Мемлекетім - Қазақстан. Ұлтым - қазақ. Жаным, рухым - қазақшыл. Қазақ тарихы - ғұмырымның, қаламгерлігімнің мәңгі тақырыбы десем, қазақ даласы - отбасы, ошақ қасымның ажырамас мекені. Ал махаббат сезімі мен тарих тереңдігі һәм талант табиғаты - іштегі рухани қабылдауыңнан ғана нәр алатыны рас болса, әсем ару мен арынды ақынды тежейтін заңнизам болмауға тиіс қой. Өйткені ол екеуі кез келген шарттылық қысымның аясына симайтындай еркіндік иесі емес пе?..

Сол еркіндік билеген көңілмен «Отан-ана - ұлтымның рухы ғой» деп серпілейін десем, сол рухымды тұншықтыра буып тастаған шен-шекпенді шенеуніктердің қытымыр уысынан босана алмаймын. Әрине мемлекетімді аялығым, ардақтағым келеді-ақ. Бірақ қоңылтақсыған көңілдің жәдігөйлік әрі жалғандықпен, жәркештену һәм жағымпазданумен келер атақ-даңқынан безінуі, сонау «Отан-ана!» дейтін ұлық атаудан да алыстата береді. Өйткені мемлекет бұрын бір ғана қала емес, жаппай жайыла жайқалған елім еді. Суық гранит пен шыңылтыр шынысымен кеудеңе күдікті күйік оралтатын жып-жылтыр шаһардың масайрауы анау миллиондаған қыр қазағын елеусіз қалдырып жүргеніне жүрегім ауырады.

Абай хакім айтқандай «адам жылап туып, кейіп өлерін» бүгінде жиі көреміз. Жылаған дауыстар кейіген күрсіністі сәт сайын ұлғайтып жатса, қай шамаммен мемлекетшіл бола алармын.

Ал бірақ болғым-ақ келеді.

* * *

Әр ғұмырдың шуағы мен дауылы да болады.
Әр тірліктің жеңілі мен ауыры да болады.

* * *

Өмірдің қадірін ойламаған жан ғұмырының құдіретіне бойлай алмайды.

* * *

Жылғаланып жылап ағып, құрдымға сіңер ғұмыр бар.
Сусағанның шөлін басып, дариядай тасар өмір бар.

* * *

Қыбырлаған уақыттан озар жүйрік жоқ.

* * *

«Ешкімге ешуақта еліктеме!» Бұл ұлы ұстазымның ескертпесі.Соған қарағанда «әр қомақты жаңа шығарма

табиғаттың қайталанбас өзгеше құбылысындай боп тууы қажет-ау» деген түйсікке тірелемін.

Ал айта қаларлықтай ерекше дүниені дүниеге әкелу де - қияметтің қиыны-ау. Өзгенің байлығына қызықпай һәм қызғанбай өз шайлығыңа жетер тірлігің арқылы қаламгерлікке айнымас құштарлығыңды кеудеңе барынша жайлата білсең, құдіретің еселей түсетінін сезінуге тиіссің. Еңбекпен жетер даңқтың байлықпен табар атақтан әлдеқайда артық болары өмірдің өзі дәлелдеумен келеді ғой. Асқақтаған байшікештің аты өзі өлген күні-ақ бірге өшетініне, ал еңбегімен танылған данышпанның атақ-даңқы ғасырдан ғасырға көшетініне кәрі тарих тапжылтпайтын куәгер ғана. Ақшасы көптен «башкасы» мық-тының қадір-қасиеті асқақтап тұратынын байқағысы келмейтін шікірейген шенеуніктер ғой. Даналыққа жетем десең, «темір тұлпар мінгізем!» дейтін обласыңның әкімі сияқты алдап кететіндердің жалған уәдесімен мәз болып қана тақыр кедейліктің шобырынан басқаға тақым баса алмайтыныңды ұғынуың әбден қажет-ақ. Күмілжітер шайлығың күлімдетер байлықты алып ұрып, ой мұхитында еркін жүзгізіп, жаныңды жасартып, егделігіңнің есебіне тәтті-дәмділерді толтырып-ақ тастайды. Содан кейін кімнің бай, кімнің жай екенін былайғы жұрттың өздері ажырата берсін. Даналықтың бір ғана кінәраты - көптің көңілінен шығар күлді-көмешті жасықты емес, көкірек көзі ояу топтың ғана діттегенінен табылар асылды тудыруында ғана. Әрине ондай тірлік - мықтының мықтысының ойып алар сыбағасы. Соған жетуге талпына білсек қой шіркін!..

* * *

Құпияны ашып беретін де, ақиқатты жасырып көметін де - уақыт.

* * *

Ажалдан зымырап қашқан да,
Ақырын басқан да құтылмайды.

* * *

Көп үмітті көтерумен талды иін.
Аминь Хаққа!
Көп тілекке әумин!
Уа, жамағат, жерден, малдан айрылған
Анау қырда үңірейіп қалды үйің...

* * *

Әлем ересектер мен егделердің ғана құзырында дегенге иланумен келеміз. Ал жастардың билігінде ненің бар-жоғына мән де бермейміз. «Өмірдің өзегі - тәжеребеде, даналық - кәріліктің сыбағасы!» дейміз де, өзімізді өзіміз алдандырып, күйбеңдеп ілгері тарта береміз. Ал адам жанының өсіп, толып, толықсуының, жан-жақты кемелденіп жетілуінің мерзім-мезгілін анықтап берер өлшегіш құрал табылған емес. Балиғатқа жетті, балалықтан өтті десек, он сегіз жасты межелей алуымызға болады екен.

Әй, бірақ... Мынау қадағалауы аздау, қарекетсіздігі молдау мектебіміздің қабырғасынан кітап бетін ашудан гөрі компьютердің қитұрқы сайттарына жиірек үңіліп өскен жеткіншектеріміздің он сегізде жетіліп желкілдей қалуына сенім мүлде жоқ та ғой. Ой қумай ойын қуған жастың кетілуі оңай да, жетілуі қиын екенін күн сайын көріп те, сол кетілудің қырсығы мен қырсыздығының келеңсіз нәтижесін теріп те жүрміз ғой. Жиырма жас түгілі орда бұзар отызында да барлық мүмкіндігін жан-дүниесінің табиғи қасиеттері мен адамгершіліктің ізгіліктерін бойына жинар жастарымыздың ырду-дырдудан ләззат аулап, айналасындағы күйбең тірлікті менсінбей, жиіркене

жек көруі - қалыптасып үлгірмеген жан жүйесін құрдымға жетектеп жүрген жоқ па. Тыйымсыз кеткен жеңілтек те тентек өспірімдердің шектен шыққан өрескел «батылдығы» талайды қайғылы оқиғаларға душар еткеніне түршігуден жалығардай болдық қой.

«Әттең-ай!» дейсің өкінішпен бармағыңды өршелене шайнап. Әттең-ай, кез келген жасампаз дарынның жалындаған жастық екенін, ал жастықтың - уақытқа мойымас та көнбес, мүжілмес те езілмес құдірет екенін осынау адасып жүрген, тура жолынан ауытқып, еліктеп, солықтап жүрген ұрпағымызға қалай ғана, қайтіп қана түсіндіре алар екенбіз?..

* * *

Тәніңе емес жаныңа қажеттіні алтынға сатып та,
Күнәға белшеңнен батып та ала алмайсың.

* * *

Мәңгілікке қастандық жасағың келсе, әр сәтіңді құр өткізе бер.

* * *

Дүниені танып білуің мен дұрыстап өмір сүруің - ғаламаттың ғаламаты.

* * *

Әр ауыздан ақтарылар әрқилы сөзді аңдып, бір ауылдан екінші ауылға әралуан өсек тасып, қыдырып тамақ аулап, қаңғырып кезбелікке салынған бұрынғы қазақтың болғанын естігем.

Өнерліге қосылмай, өнегесін асырмай, кәсіп жасап нәсіп табудың орнына «пыш-пышты» кәдімгідей кеңес қылып, базбіреуді сыртынан ғайбаттап тілдеп, әлдекімдерді «әлдекім бола қапты!» деп қыжырта күндеп, жұмыссыз, қарекетсіз салпаң жүрісін әжептәуір дәреже санайтын бүгінгі қазақтарды білем.

Біреудің бірдемесін бүктетіліп бүкшіп тасып, біреудің қолындағы бірдемесін ала қашып, болашақтағы мүмкіндігін бүгінгі мақсатсыз, мағынасыз біркүндігімен алмастырып жүрген жастарым олар.

Бүгін сенің жазған-сызғаныңды өзіңе ғана жеркөкке сиғызбай сыпылдап мақтап, ерді де сенен тауып, арысты да сенен танып, ірілігіңді Алатаудан да асырып жіберіп, тірілігіңді ғасырлардың қойнауына мәңгілік қып тапсырып тастайды. Ал былай шыға бере, «Апыр-ау, ана бір жазғышсымақтың былжырағына мынау жұрт, сонау төр қалай еркіндік беріп жүр, ә? Шатты-бұттысымен елді адастырып, қарааспанды суға алдырып жүргенін биіктегілер қалай көрмейді, ә? Ұлтты бүлдірер алатай ғой, алатай-ау сол немең!» деп кіжініп, қызынып кететін тамыр-таныстарым, көрші-қолаңдарым, олар. Жарамсақ жарандарым олар.

Төрдегі «төркіні» жоқ кезде төмендегі қара халқының алдына қайраттанып шығып: «Сендердің ақ сүттеріңді ақтармын. Қайғы-қасіретіңді көкірегімде сақтармын. Ойдан да, қырдан да, төбеден де, төрден де арызыңа аузымды қосып, бір тал шашым қалғанша аянбай жақтармын!» дейтін сатқын зиялым олар. Ал енді дәл осы есепқор зиялым төменнен төбеге жалынып-жәркештеніп жүріп жеткенде не дейді? Не деуші еді: «Әлемді аялаған жап-жарық нұрымыз да, дүниені тамсандырған ап-анық піріміз де, аспанмен таласқан алыбымыз да, ғаламды тіреген һәм шіреген іріміз де Өзіңізсіз!» деп төресінің кеудесінің төрінен орын алуға барып салатын да сол.

Әрі жалған көпшіл, әрі қулық сауған топшыл, әрі жәркештенгіш тақшыл сол қаламгерсымақтан... соған ұқсайтындардан сау көңілімнің жыртық-тесігі мүлде көбейіп барады. Әлдебір тылсым құдіреттің әндемді бір әрекеті араласпаса, осынау екіжүзді бүліктердің көңірсіген кеудемнің сау-тамтығын қалдырмасын да сезем.

* * *

Гүлді басқандар күлді шашып ойнайды.

* * *

Еркек аңсаған әйелдің көрпесі жабылмайды.

* * *

Тоқ адамға ар арзан.
Аш адамға нан қымбат.

Қырық үшінші ой
Кіжіну мен килігу

Өзім ұнатқанға өзгеше иланатын әдетімді жасырған емеспін. Ал өзімді ұнатуымнан гөрі өзіме қоңылтақсуым көбірек. Басып өткен ізімнің шырғалаңы мен шиырын, кешіп өткен дәуренімнің қызығы мен шыжығын көңіл көзімен шолып өтсем, олқысынатын кемістігім мен кемшілігімнің есебіне жете алмастай сезем. Өзіңді ұнатпауды өзіңді жек көрдім деуге жатқызуға және болмайды. Өзін үнемі жек көретін жанның өмірден түңіліп кетуі де қиын емес. Өзіңді ондай қажаудан Құдайым сақтасын.

Ұйқысыздық қалжыратқан қараңғы түндерде шынжау жүрегімнің әлсірей соққан дүрсілін естігенде, өзіме деген аяушылық сезімім бас көтере қояды. Сондай мезетте өзімді жақсы көргендер мен жек көргендердің сұлбасын көз алдымнан тізіп өткізгім бар. Бірақ қайсысының көбірек болғанын ажыратып айта алмаймын. Қастасқан дұшпанымды да, достасқан серігімді де сатып кетпегеніме ғұмырымның өкінтпейтін тазалығы куә.

Мені жақтырмайтын жандардың молдау екеніне күмәнім жоқ. Өйткені адалдықтан, әділеттен айнымауға бағытталған өмірлік ұстанымым талай мықтының талай рет шамына тиіп, шабынан түрткендей ашық сөзімнен айнытпай, тура жолымнан тайдырмай келеді. Бүгежіктеп калған кезім болған да шығар. Бірақ бұрылып, бұлталақтап кетпегеніме сенімім кәміл. Ал әлгі қарсыластарымның көпе-көрнеу жасаған қысастығына да, қастандыққа парапар қиянатына да қиралаң етіп құламай, қасқая қарап төзумен келемін. Төзімімді шыңдаған құдірет
- өзгеге бірінші боп бас салып қарсы шықпағаным. Ешкімді ешқашанда жазықсыз жаралап, қара бояу жақпағаным. Ешкімнің ешуақта ішкі дүниесіне қол сұғып, көлеңке түсірмегенім. Менің шайқасымның
- рух шайқасы болғаны. Менің айқасымның - рухани дүние айқасы болғаны ғана. Өзімнен гөрі өзгені жақтауды, мықтыға қарсы әлсізді қорғауды көбірек құнттағанымды мақтан етуден аулақпын. Ондай әрекетімді - тірлігімнің тірегіне балаймын. Кейде жеңіліп жатып та, өзімді жеңген адамға аяушылық тәрізді мүсіркеушілікті кеудемнен аулайтыным да бар.

Жас ұлғайған сайын кекшілдіктің кесепатынан арылып, кешірімшіл кеңдікке ойыса түсесің. Өз көңіліңнен гөрі өзгенің көңілін аулауға ұмтылысың артатынын кәдімгідей пайымдайсың. Сонау жақындап қалған Мәңгілік тыныштығыңның салқын лебі мынау пәни жалғанның кәкір-шүкірінен аулақтатып бара жатқанын да байқайсың. Байқайсың да, әлдебір түршіктіргіш дүрлігуге еріксіз тап боласың. Ол дүрлігуің - өмірден өтетініңе, біржола кететініңе сабақтасып тіріледі. Өзіңді білетіндер, жазған-сызғаныңды оқығандар он жылдап азайып барып... ақыры таусылып бітеді. Адам жадындағы есімің, адамзат естелігіндегі бейнең солармен қоса ұмытылар ма... Сондайда мәңгілік пен қасқағымның өлшемі бірігіп кетіп жүрер ме... (Оны

салыстыруды өздеріңнің еншілеріңе қалдырдым, ағайын). Ал анықтап көріңдер.

* * *

Уақыт өтті деуге сене берме,
Уақыттан өтетін біз қара жерге.

* * *

Күйініп көрмеген адам сүйініп те жарытпайды.

* * *

Ешқандай байлық та, билік те таланған арыңды,
Жараланған жаныңды қайтадан қалпына келтіре алмайды

* * *

Қазаққа өжеттік қажет-ақ. Екі етегің жайылып, екі көзің аспандай есің шыға абдырап, алағай да бұлағай кезеңнің кездігіне тап болғандай жағдайда өжеттігіңнің өрге сүйреп шығаратынын үнемі ескеріп жүрсең, уай, Алаш азаматы, сені оп-оңай ала қояр жау жоқ!

Өжеттіктің де өжеттігі бар. Бас-көз жоқ омыраулап ұмтылып, өңмендеп итеріп, одыраңдап қойып кетуден Құдайың сақтасын. Кей-кейде әлдебір дүбірге оқыс килігуден өзіңді өзің тежеп, бетсіздікпен беттесер жерден бұрылып кетуге батылың жетсе, жеңілгенің емес. Өзіңе сай келер хас дұшпаныңа қарсы тұрар мезетіңді қапысыз жібермес жеңіске бергісіз өжеттіктікті тапқаның ғана.

Өштесуінен гөрі өшпенділігі мол, кіжінісінен килігуі көп, жатып атарынан гөрі атып алар лығы батыл қажырлы жауыңмен айқасу ғана айбының мен айдыныңды асқақтатарын ескер.

Сондай өзіңе ғана лайық қарсылас табу үшін көп шуылдақтың бәтуасыз дуылдауына жұдырығыңды былғама.

Сондай өзіңе тең түсіп, терең тірісер хас батыр іздесең, көзіңді балшықтан тазарт. Ашық жанар шын қасыңды адаспай дәл көрсетеді.

Сонда ғана қазаққа қажет өжеттік өзгенің езгісінен де, өз төрелеріңнің тепкісінен де адақтап аман-сау алып шығады.

Ылайым солай болсын да!..

* * *

Өжеттікпен ауызданған өмір өлімнен қорықпайды.

* * *

Алтыны көп болғанымен,
Ақылы жоқ болса - сол кедей.

* * *

Өміріңнен де артық қадірлейтін ісің болса,
Сол өмірдің шыңына шыққаныңды байқамай да қаласың.

* * *

Біздің кейбір қазақ бүгінде Құдайдан қорқуды, биліктен жасқануды, пендеден ұялуды мүлде ұмытты. Баққаны - пәлелік, жаққаны - өсектің ошағы. Тапқаны - қулық-сұмдық. Жақсылыққа исінуі қайда. Әсемдікке сүйсінуі қайда. Құныққаны - өз басының ғана пайдасы. Іздегені - өзгені омақа асырар айласы. Пәленің бәрін біліп тұрып, білмегенсіп сүттен ақ, судан таза боп шыққыш-ақ. Кішкене ғана кіріс кіргізу үшін әлдекімнің етегін сүйіп, етігін жалап қор болуға бар. Құлдырағанын сезіп, қорлануға жоқ. Ал тірлігі, әрекеті сұмдық ұсақ. Ұсақтығын және елей қоймайды.

Өткенде екі қазақ шалының дәрігердің алдындағы бір кезекке таласуының куәсі болдым. Біріне бірі жол

берсе, екіншісі он-ақ минут кешігеді екен. Оны ойлау қайда. Он минутқа емес он жылға кетер ғұмыр желісіне жармасқандай екеуі ал кеп айтыссын! Ал кеп салғылассын! ұрыс-керісте қайыссы жеңіп шықса, сонысы дүниедегі бар қазынаны жинап алардай болып сезінді-ау деймін, бірін бірі сөзбен де, көзбен де жұлмалап жатқанда, екі қазақтың таласқан кезегіне бір орыс кезексіз-ақ кіріп кетті...

Мұның бәрі ұсақтықтың әсері дейін десем, өзгелерді өкпелетіп алам ба деп қаламымды қолымнан сусытып жібердім.

* * *

Толмас көмейдің асаған сайын араны ашыла түседі.

* * *

Әлсіз ханның билігі күшейген сайын мықты жандардың көнбістігі арта түседі.

* * *

Өксік - демім.
Өкініш өзегімде.
Мен - өгеймін.
Бөтенмін өз елімде.
Тілегімді ұстатпас қол созғанмен
Жеткізбейтін
Келемін кезегімде.

* * *

Желмен енген жеңіл байлықты
Дауыл дедектетіп қуып алып кетеді.

Қырық төртінші ой

Сөз жетпес, ақыл өтпес кеуделер-ай...

Қанағатсыздықтың қасіретінен берекесіздіктің белең аларын білсе де білмегенситіндер күн сайын көбейіп барады. Сол ойыңды өзіне айтып, көзіне қараған кезде, жетпіс жеті ұрпағына жетер қазына-мүлікті арами амалмен үйіп-төгіп жинап алған әлгі тойымсыз пенде сені көп үйректің ортасына адасып кірген қарғадай көріп, аузыңды алақанымен жаба қоймаса да, соған татыр қылық танытады. Сөзің өтпес, ақылың жетпес кеудесінің әр тесігінен атқылаған қиянатшылықтың қыңыр ыңырсуы енді сенің құлағыңды тесіп, өңменіңнен осып жібереді. Сасқаныңнан қолыңды кеудеңе төсеп, басыңды иіп, күлмең қағасың.

«Мен тырбанудан жалықпаймын. Керек болса сен де тырбанып бақ. Ашықауыз болсаң, қолыңа қарға тышпайды. Қалтаңа баксы түспейді. Мен - әкіммін! Сен - плебейсің! Сен маған қызмет етесің. Ал мен билікте болсам да, баршаға малаймын. Рас, малаймын. Бірақ көзіңді бақырайтып қойып бәріңді де, баршаңды да талаймын!» дейді мынау паң кеуде, зымиян жанар. Ләм-мимсіз сенесің. Сенбеске лажың жоқ. Анау кеуденің ісінуі тарс етіп атылса, анау жылан көздің жанары жарқ етіп шақырайса, түпсіз тұңғиыққа батып кетеріңе шүбәң қалмайды. Содан соң-ақ ойбойыңды үркіткен тиянақсыздықтың тайғанақ жолына түсіп алып, көндігудің құлдық тірлігіне үрейіңді ту қылып көтеріп, батасың да кетесің.

Ендігі әрекетің - қорқыныштың батпағын аяқ-қолыңмен малшынып езгілей беру ғана.

* * *

Кіріптардың кілті де, құлқы да басқаның қолында.

* * *

Жұлқынбасаң - мақтайтын төр жоқ,
Бұлқынбасаң - қаппайтын көр жоқ.

* * *

Жанын жалдағандардың қасиеті қашады.
Жанын құрбан еткендердің абыройы асады.

* * *

Нашардың да жасар қарсылығы болады.

* * *

Бір орында - әкімнің жайлы-жайсыз креслосында ұзақ отырудан асар қиянат жоқ. Күйеу алмаған (әлде таппаған) кәрі қыздай болып қылмыңдауды да ұмытып, астына жіберіп қойған баладай құр бақыраюдан және ештеңе өнбейді. Содан соң жоғарғы жақтағының көзіне қашан түсем деумен жапақ-жапақ етіп, ернінің астына насыбай салып алғандай ыңырана сөйлеп, төңірегіндегілерге төбедей болып көрінуге тырысып-ақ бағады. Өзі ауыспаған соң өзгені де ауыстыра беруге құлқы жоқ бастықтың маңайын ескі-құсқылар билеп алып, шаршап-шалдығудың көңірсік әлде күлімсі иісі жайлап сала береді. Күн сайын әралуан түске еніп, сан түрлі әрекетпен құбылып жататын тіршіліктің дүрмегіне тыпырлап ілесу түгіл, сол өзгергіш өмірге деген өзгермес көзқараспен сіресіп қана кірпік қадауымен әлдеқашан кешеуілдеп қалғанын және сезбейді. Сезбеген соң айналасындағылардың жыбыр-жыбыр күбірлесіп, жең астымен жалғасып, ұрлығы-тірлігі айла-амалдарымен алмасып жатқандарын да байқай алмайды. Содан кейін-ақ өсек өршиді. Жалған ақпар ақпанның қарындай құйылады. Жемқорлық енді жең ұшынан атып шығып, жел өтімен құйындайды. Қазаны мен қазынаны шатастыратындар көбейеді.

Талай әкімнің қандай әкім екенін сынайын дегендей өткен қыс та бұрынғы қыстарға ұқсамай қыса келді. Қарын қарқ қыла құйып, көк төбесін жерге төңкере салды. Қазақстанның бар қаласы қар қаласына айналды. Тазартылмаған көшелердің қарақошқыл қарын белшесінен омбылаған жұрт ақ жапалақ қиыршығымен бомбылаған аспанмен жауласты. Сыртына шығарар-шығармастай етіп әкімдермен дауласты. Ал біздің әкім... әкімдер ше?.. Не десін. «Қар тазалағыш техниканы артығымен сатып алғанбыз. Тұз бен құмды үйіп-төгіп қоймақамбамызға салғанбыз!» дегенін енді күбірлеп те қайталай алмайды. Соғылысып қирап жатқан көліктерге, жығылып, сүрінген бастардан ұшқан бөріктерге терезесінен сығалап қарап, әлдекімдерді іштей мүмкін сыбап тұрған да шығар. Моп-момақан болып монтиған әкімді төрінде томпитып ұстаған қалаға да, сол әкімдерді төрінен төмен түсіріп, қолына қар тазалатар күректі қашан ұстатар екен деумен сонау биік биіктегі әкімқараға да жалтақтаумен біз әуре.

Әйтеуір қар басқан сайын жер баспай үйді-үйімізде омалып отырудан жалықпас едік-ау, жұмысымыз біздерсіз-ақ өздігінен жүріп жатардай болса...

* * *

Билеушінің әлсіздігі биліктің мәнсіздігі мен нәрсіздігін күшейтеді.

* * *

Қиялы аздың шығар қиясы да аз.

* * *

Болымсызды ешқандай құдірет болдыра алмайды.
Толымсызды ешбір мұхит толтыра алмайды.

* * *

Теңгесінен өңгесі жоқ жан - мүсәпір жан.

* * *

Аусарлық билеген халден һәм кәріліктен қашып құтылу мүлде мүмкін емес. Ерік-ырқыңды жаулап алған құштарлығыңның иесінен қаншама аулақтанған сайын соған соншама асыға ұмтылатыныңды мойындамай тұра алмайсың. Көз құртыңа айналған сүйіктіңнен біраз уақыт алыстап бөлек кету - құштарыңды баса қояр ем-дәрі болар деу - қатенің қатесі. Аяулыңнан алыстадым дегенше - жазылмас дерттің құшағына сүңгідім дей бер. Ұзаған сайын кеудеңді үңгіген сағыныштың азабы молайып, кейініңе қарай етегіңнен тарта береді.

Сондай-ақ кәрілік те - бір тізгіндеп алса босатпайтын әлімжеттіктің өзі. Қызыну мен қызығудан, һәм ашығу мен тасынудан босап қалған кеудеңнің қуысын немен толтыра қоюды білмей, бас қатыруың көбейеді. Өткеніңе үңілесің де күрсінесің. Алдыңа үңілесің де түңілесің. Шақ ғұмырдың шалқытар сәті аз дейсің бе, буын-буыныңды балқытар күйі сәл дейсің бе - әйтеуір бір босатпас көңілсіздіктің құрбанына айналасың.

Десек те бұрынғы ақсақалдардан бүгінгі шалшауқандар мүлде бөлек. Жетпіске жетсе де, бітпейтін желігі көп-ақ. Сексенінде сексисе де, серімастануы таусылмайды. Кәрілікті жасартатын ем-дом іздеп, жұмыр жердің әр түкпірін шарлаудан және жалықпайды. Қосарлап тоқал алып, сау басына бітпес дауды тақап алып жүргені. Әй, бірақ... Әр мезгілдің өз ыңғайына бейімделгенге не жетсін...

* * *

Сенім - өрлік, сене білу - ерлік.

* * *

Билігі мықтының бишігі де ұзын.

* * *

Той тарқады.
Қалдырды Астананы.
Тойшыл топтың жабылды қас-қабағы.
...Тағы тапты тойлаудың бір амалын
Үзім нансыз жылатып аш баланы.

* * *

Тазасынан адасқан адам
Мазасынан да айрылады.

* * *

«Жазушы - өз заманының шежірешісі, өз қоғамының сыншысы, өз уақытының айнасы. Заманының ұңғыл-шұңғылына үңіліп, қоғамының ақ-қарасын пайымдап, уақытпен бірге адымдап отыратын суреткер ғана шынайы шығарманы дүниеге әкелер болар. Соны әманда ұға білсек қой, түсіне білсек қой. Азаматын ардақ тұтар іргелі елдер ақын, жазушысын алақанында ұстайды екен. Көрмесем де... соған сенгім, иланғым келеді».

Мен бұл үзік ойды осыдан жиырма екі жыл бұрын жазыппын. Бұрынғы күндерімнің күйі мен бүгінгі тірлігімнің жайын ойша салыстыра бастап едім... Ернім еріксіз кемсеңдеп, кеудемді кернеген өксігім ықылық атқызып өңешімнен ытқып сала берді.

Қайран ғана келмеске кеткен, құрдымға сіңген зиялыларымның кешегі асыл бағасы-ай!

Бүгінгі зиялым жар жағалап, мөлтеңдей мөлиіп, биіктегісіне аяғы жетсе, бұрынғы тәкаппар кеудесін қақ бөле сындырып, бүктетіле иіліп қол сүйеді. Аяғы жетпесе, әлгі асыл бағасы алыстан боратқан мақтау, мадақтауымен баяғы ыстық жүрегін қара жердің лай батпағына суыта төсеп, құлай кететін жасықтардың жағымпаздық, жарамсақтық дейтін қанжығасына бөктерілген құнсыздығымен ауысарын білмеппін ғой.

«Өз заманының шежіресі, өз қоғамының сыншысы, өз уақытының айнасы» болатын суреткерім қалды ма бүгін? Анау итке тастар сүйек-саяққа да татымайтын «стипендия!» дейтін мықтының қолындағы «асатуға» бірін-бірі жұлқылай таласып, бүкшиіп-түксиіп, ыржыңдап, құнжыңдап көз сататындардың қайсысынан халқының қасіретін күні бұрын сезіп, ұлтының жан ыңқылын өзінің жан дауысымен шырылдап айтатын зиялыны таба алармыз. Әй, жоқ қой ондайлар анау төбеге ұмтылған тобырда. Бар болса, «Кәрі жілігіңнің кемігі керек емес!» деп кері бұрылып кетпес пе еді...

* * *

Батылды бөгер бөгет болмайды.

* * *

Жаныңды Құдайға тапсырсаң да,
Тақсырыңа тапсырма.

Қырық бесінші ой
Қайдан келдік?.. Қайда барамыз?..

Салыстырмалы теорияға кәдімгідей иек артып, санамыздың сезімталдығын сүйесек, **мәңгілік** дейтін түпсіз ұғым **қасқағым** болып көрінуі мүмкін. Қас-қағым дейтін бәлекейің мәңгіліктің мықшыңдатар молдығын бір-ақ бүктеп тастауы және ғажап емес. Сонымен кейде мәңгілігің - қасқағым тірлік. Қасқағымың - мәңгілік ғұмыр. Екеуі де екі аяқты пенденің өмір өлшемдері. Ал осы **өлшемді** тықылдап бастап, тақырлап тауысатын **уақыт** немең - жауыздың жауызы. Сұмдықтың сұмдығы. Оның ұрламайтыны болмайды. Тартып алмайтыны мүлде жоқ. Жасыл желектей жайқалған жастығыңның

келбетін қашырады. Қыз-қырқыншыл қиялыңның суретін кеудеңнен ұшырады. Күмбірлеткен күлкіңді тонап, күңіренткен күрсінісіңді ұлғайтады. Уайымсыз, мұңсыз ұйқыңды ұрлап, мазасыз ұйқысыздықпен шырмайды. Ақылыңнан алыстатып, алжасуыңды жақындата түседі.

Жастығыңның кешегі қасиетті әр күні бүгінгі қарттығыңның қасіретті зар түнімен алмасады. Арайлы таңның шуағында жаңғырған көңілді үніңді меңіреу түннің қараңғы қойнына көмеді. Аспанға асқақтаған аққу арманыңды үкі көз күдіктің құрсауына қамайды.

Ал бірақ... байды да, барды да, тақты да, тіпті кейде Хақты да елей, ескере қоймайтын тал бойыңдағы ерекше құдіретің - қайрат, жігеріңді үнемі жанып отыратын - еркің. **Ерік күшің!** Ол мәңгілігіңе де, қасқамығыңа да пысқырмайды. Өйткені ол ешқашанда өлмейді. Ерікті білек те, билік те, үкімет те, парламент те өлтіре алмайды. Ол күн мен жыл тұрмақ ғасырларды кеуделей аттап, көктеп өтеді. Оның өзектесі - «адам!» деген атты дұрыс, адал иеленген «Мен!» ғана. Кезектесі - әділдік тұтқасындай адамзат қана.

Осы ерік күшін мен кейде өзімнен ұшыратып қалғанымда, Тәңірге деген тәубамды іштей сан қайталауға дайынмын.

«Өйтемін! Бүйтемін!» «Жарылқаймын! Жасаймын!» тәрізді асып-төгілген, орап-ошаған уәделерімен алды-артымды «көміп» тастаған ауыл әкімінен бастап, аудан, қала, облыс әкімдерін һәм әкімдердің әкімін талай көрдім. Талай тыңдадым. Уәждерінің арзандығын, уәделерінің жалғандығын естіген сәттеақ біліп, емексіткендеріне ерін жыбырлатып та есеңгіремегенім өзіме хақ. Өйткені мен әлгілердің бәрінен демей-ақ қояйын, көбісінен азбас арыммен, тозбас ұятыммен артық екенімді білем. Өйткені арым-

ды да, ұятымды да қадағалап қарауылдап отыратын еркім мықты. Еркін жоғалтқандардың ырқы болмайтынын біліксіз биліктің кей иелері білсе ғой шіркін...

* * *

Билігін асқындырған хан
Халық қаһарының тасқынының астында қалады.

* * *

Жастықтың қатесін есейгенде түземесең, қартайғанда өкінішіңмен күзелесің.

* * *

Әдебіңді дағдың бұзады.

* * *

Асауға тұсау салғыштың қолынан құрығы түспейді.

* * *

Соңғы шапақ сөніп барады. Жер бетінде жалғыз сені қалдырғандай қызыл жолақ семіп барады. Қараңғы түннің қара шапаны бүркей оралды да, үркек кеуденің үрпие тірілген секемді сілкінісі басталды.

«Қайдан келдім? Бастау көзім қай жақта?

Қайда барам? Құяр тұсым белгісіз»...

Тіл ұшында мағынасыз ойдың көмескі түйсігіндей осы екі жол. Қайта-қайта қасарыса оралып, қалтылдаған денеңнің қуыс-қуысынан атқып шығып жатқандай.

Шынымен-ақ қайдан келдім? Қайда барам?..

Әлдебір түсініксіз әлемнің белгісіз мекенінен қайтіп өніп, қалай келгеніңді қай тылсымның жұмбағы шешіп береді? Мынау белгілі мекеннің ортасынан жұлып алған жаныңды қандай Құдірет қай ғаламның

түкпіріне шұрқыратып апарып, шырқыратып тыға салады?

«Өмір!» дедік. «Өмір - өзен!» дедік. Сол өмір-өзеннің арынды толқынында болып қалт-құлт ақтық. Тұңғиығына батып кетіп тұншығып қалмау үшін тал да қармадық, бұтаға да жармастық. Қауғадай басты тауға да ұрдық, тасқа да соқтық. Не таптық? Өзіңнен кейін өзіңнен түр-түсі де, мағынасыз, мәнсіз ісі де, тағдыр-таланы да аумайтын пенде-міскінді туғызып қалдыру үшін бе? Ал, қалдырдық. Не өнді? Не өнер? Өтірік пен өсектің, жалпаштана жамыраған мақтау мен мадақтаудың, жемқорлық пен аярлықтың ордасына айналған өткінші өмірдің өзің тұншыға батпақтаған телегейінде тырбаңдату үшін бе?

Сонда дейік, «осылай өмір сүрудің маңызы не? Негізі қандай?» дейтін сауал туындауы мүмкін ғой. Миыңның бір қатпарынан, немесе кеудеңнің бір қуысынан осы сұраққа тырнақтай да, жұрнақтай да сәл-пәл еркіңді аулар жауап таба алармыз ба? Ал таба алмай талайларды ғұмыр бойы сансыратқан сергелдең ойдың шырмауынан шыға алмайтынымыз қалай? Құдай-ау, сонда не үшін осыншама итшілейміз?

Тәңір түгіл тағдырыңды да елең еткізе алмас жан шырылын тыңдатар ешкімді, ештеңені кездестірмесең, өлексеңді өгіздей өрге сүйреп тарта берермісің?

Қайдан келдік?.. Қайда барамыз?..

* * *

Талапты жанның арманы да қанатты.

* * *

Еске түсіруің көбейсе, ескіруің азаяды.

* * *

Қала жатыр мүлгіп ұйықтап төрінде,
Дана жатыр тыншып ұйықтап көрінде.

Ертең қала оянады.
Дананы
Іздемейді ешбір адам елінде.

* * *

«Соққың - қозғалыстың баласы, күш-қайрат - немересі. Ал бәрінің шыққан тегі - салмақ қой» дейді Леонардо да Винчи. Соған қарағанда күш-қайрат өзін тудыратын себепті іздеп тауып, жеңген сәтінде өзі де мүлдем мерт кететін болар.

* * *

Халық қана көзімен көрмегенді, көңілімен сезеді.
Алып қана теңдікті бермегенді тізесімен езеді.

Қырық алтыншы ой
Әсерлі дос, кесірлі қас

Авторынан да бұрын сол автор сомдаған кейіпкерлердің тезірек тозарын, ертерек ұмытыларын біліп те, көріп те жүрміз. Оның ең үлкен себебі - бүгінгі жас ұрпақтың кітап оқымауы ғана. Оқулық біткеннің беттерінен сүлесоқ үңіліп қарап, өзімен танысар, сөйлесер, түсінісер оқырманын іздесе де таппаған қаһармандардың кеудесін қопарып жіберердей күрсінісін естітін тәріздімін. Оқырманымен шүйіркелескен сайын кітап кейіпкерлерінің бетіне ыстық қан жүгіріп, жүрегіне нұр шашырайтынынан мүлде ажырап қалып, сол міскіндерді жоғалтып алып жүрген жоқпыз ба?

Ал өзің ғұмырыңның дені артқа ауысып алыстаған сайын кәріліктің қуыс қабығынан сонау жастығыңның қызулы еркіндігі мен жарасымды еркелігін таба алмайсың. Содан соң-ақ өзіңнің өзегіңнен аттандап ақырып шыққан, баяулап қысылақымтырыла туған кейіпкерлеріңнің өзіңнен бұрын

«өліп» кетпеуін тілейсің-ақ. Ал сол сен жан бітірген бейнелеріңді өшіру үшін сенің еш себепсіз бас салатын күншіл бақталастарыңның жетіп артылатыны тағы бар. Әсіресе олар өз тұстастарыңнан көптеп табылатыны жаныңды қинайды-ау. Сондай сәтте түрткілегіштердің бәрін бір-ақ ұрып жығар бір ғажайып дүние жазғың-ақ келеді. Амал не, өз ішіңдегі буырқанған әлеміңді баяғыдай опоңай ашып, шашып тастауға жүрексіне бересің. Анау мәңгі жайыңның қақпасына бет алған ізіңнің ұзаққа созылмасын сезесің де, мынау жағаласқан жалғаны, адалдықты арбауы көп тіршілікке қарсы тұра алмайтын дәрменсіздігіңе ғана налисың. Ендігі шешім-бітімді де, кесік-үкімді де бір Алладан күтіп, әліптің артын тосуға өзіңді өзің лажсыз көндіресің. Әрине әлдебір шығармаңды жан-тәніңмен беріліп жазып жатқаныңда, өзіңді Мәңгіліктің тұғырына қондырғандай сезімге ұрынарың да рас. Бірақ әркімді қалай алқалау адамның емес, Болмыс Құдіреттің ғана құзырында екенін кеш ұғынатынымыз өкініште-ақ. Солай десем де, әр адамның адам болып қалыптасуы тек өзіне байланысты ғой. Ницшенің: «Әркімнің-ақ ізгіленуі әбден мүмкін!» дегенін ескерсек екен.

Ал менің осынау «тапсынуым» - төрді де, төменді де жатсынуым емес, адамзаттың рухани тазалығы үшін өз хал-қадерімше әрекет жасап, талпынуым ғана. Өйткені кәрілікке бет алған қаламгердің жазған-сызғаны шақ ұғымырының бұлжымас айнасына айналғаны абзал.

* * *

Жоғалмас жадың - жаныңның таусылмас қазынасы.

* * *

Тіріні қанша көпіріп мақтасаң да, өліні ешқашанда өтірік даттама.

* * *

Алғыстың табуы ұзақ, қарғыстың қабуы жылдам.

* * *

Өзіңді өзгелерден бөлектеп қоятын секемшіл жалғыздығыңның тұтқынынан босанғың келіп аласұратын кезің болады. Сондайда жалғыздығыңның желкесінен бүріп алғызбақ болған далбасаңмен ішіңде бұйығыланып бұғып жатқан «Меніңді!» түрткілеп оятып ала қоясың. Енді бір кеудедегі «екеудің» дау-дамайлы текетіресі басталады. Ой, сілкілейді-ау бірін бірі. Ой, пергілейді-ау әндемдісі әлсіздеуін! Кейде әлсізінің де ұрымталын таба қойып, дөп түйіп түсетіні бар-ау!..

Ақыры сілкпеңді шығарған «екеудің» аптығын басу үшін әлдекімді ал кеп іздейсің. Кейде қаңғалақтап досың, кейде сор қабаттап қасың тап болады. Қайсысы келсе де, әлгі «екеудің» құтырынған даулы таласының өңешін бітей қояды. Бітейді де, жалғыздықтың үңірейген тұңғиығынан өзіңді суырып кеп алады...

Сондайда досыңның әсерлі даусынан сүйсіндірген сергектік табасың.

Сондайда қасыңның кесірлі кекесінінен дүр сілкінткен серпіліс аласың.

Әй, бірақ... Кей-кейде өз көңіліңе жарасар дейтін мінезді досыңнан іздеп таба алмай, соны қасыңнан кездестіретінің бар-ау.

Кей-кейде өз мінезің жақтырмас кісәпірлікті қасыңнан емес, досыңнан түршігіп ұшырататының да бар-ау.

Содан запыланасың ба, қайтадан жалғыздықтың құрсаулы қақпанына өзіңді өзің сарт еткізіп түсіріп бересің. Шарасыз күйде...

* * *

Жазарыңды санаңда сараламай. Зердеңде зерттемей, қиялыңда құрықтамай жатып қаламға қол созу - өлермендік.

* * *

Қызғаншақ кеуденің қызығы қалмайды.

* * *

Сынды қабылдап, мінді түзеген адам - нағыз қарапайым адам.

* * *

Арам қолдың сияпатынан да қиянат табасың.

* * *

Күтпеген нәрсеңді күтетін көңілмен ашқан кітабыңнан күткеніңді таба алмасаң, қиянаттың үлкені сол. Ал ақынның жинағына бас қойған оқырман осыған дейін өзіне бейтаныс жолдардан әлдебір тың жаңалықты, көрікті де әсерлі ойларды ашардай және өз кеудесіне сүйсініп қонақтап қалған әсем түйсіктерді кездестірердей елжіреуік сезімге бөленері хақ. Сол себепті де оқушысының көкейдегісін тап басып, көңілінен шыға білу - ақынның ақынының ақылдығының, артықтығының сыбағасы. Ақыннан ақынның өзгешелігі - көңіл көкжиегі кеңіген, өзгелерден бөлек өз әлемін көз алдыңа тоса қоюында. Алғашқы бетінен-ақ сол ерекше әлемнің аясына еніп кеткен бойда дірілдеп елжіреген жүрегіңді қолыңа ұстап, ентелете сүйреген жыр жолдарына ілесіп, еліктеп кете барасың... Өйткені өзегіңді өзіне өзектес етіп ала қойған ақын өзінен биік тұрғандарға құштарлықпен табынуын жасырмайды. Тең тұрғыластарымен мұңдаса күйініп, сырласа

сүйіне алса, өрісі тарлардың өлермендене омыраулауын жақтырмайды.

«Поэзия - Лев Толстойдың пайымдауынша - ақиқатты аңғал, албырт ойдың бар қалауымен қабылдап, сол қабылдаған ақиқатыңды айшықты түйсікпен айтып беру» десек, поэзияның айқындық пен адалдықтың өзегі екеніне дау болмас.

Жаныңды жандырып күйдіргенді, егілтіп күйзелткенді, тасытып қуантқанды, шошытып қорқытқанды һәм пәни жалғаннан біржолата жоқ қылғанды ғана жазу - мықтының мықтысының тірлігі. Солай түйсінемін.

* * *

Ішіңнің мейірімді жылулығы сыртыңның сұлулығынан да абзал.

* * *

Артық-ауыс бөсе бермей, анығын түйіп шеше білген - шешендік.

* * *

Тонап алып барымды,
Ұрлап алып,
Төрелердің төбемді ұрғаны анық.
Өле де алмай,
Көне алмай қорлығына,
Дилеммаға Алашым тұр қамалып.

* * *

Халықтың көксеген ойы әдебиеттің бойынан ғана көрініп тұратынын қаламгердің көпшілігі ескере бермейді.

* * *

Сол қаламгерді уақытынан оздыратын да, кезеңінен бұрын тоздыратын да шығармаларының қауқары мен қажыры ғана.

Қырық жетінші ой

Кешегі таңым мен бүгінгі кешім

Бал күмісті күлкісі мол балалығымның бозторғайдың әуенімен арайлап атқан әрі ерке, әрі ерте таңына қызыққаным есімде.

Жалтыр төбенің төбесіне қызыл табақтай боп шаншыла қалған күнге қарай кең даланың қайыс таспадай қара жолымен құлдыраңдай жүгіріп, жалқындана шашыраған найза-шапағына еніп кетердей әлдебір ынтықтырған үлпілдек сезіммен алыпұшқаным есімде...

Ал бүгін егделіктің екіндісінің сұрғылт та суық кеші еңсемді езгілей басып, жұлдызы жамырай тірілген бейуақтың қараңғылығына сүңгіте сүйрелеп барады. Кешегі ертегіге бергісіз бал балалықтың жалаңаш табанынан енген боздаламның борпылдақ топырағының жылуын да ұмыттырғысы келе ме, түн ызғарының қытымыр лебімен өнебойымды құрсаулап орап ала қойды.

Қайран да кешегім мен ойран да бүгінгімнің кереғарлығы-ай! Ойсырай күйзелсең де, опырыла күрсінсең де мынау кешіңнен сонау таңыңның тамсандырған тамашасын енді бір сәтке де таба алмайсың. Зымырап аққан өзендей, тамшылап тақырланған көлдей көзден бір-бір ұшқан күндерің жылға жалғасып, ұзап таусылуға тақау. Ал сол күндер мен жылдардың мейірімсіз тассуық атауы - **уақыт.** Уақытың бітті - мезгілің өтті...

Осыны талайлар айтқан. Талайлар әлі де айтады. Күліп жүріп жылап кететініміз неліктен екен? Қимайтынымыз нендей ғаламат? Құштарымыз қандай тылсым? Ғұмыр ма? Мүмкін, мүмкін...

Өйткені өлімнің өмірді түбінде бір алып соғары хақ. Соны азайған ғұмырыңның өлшеулі сағаты бітіп бара жатқанын секемденбей-ақ сезетін кәрілердің көз алдына сонау әсерлі шақтың әсерлі кезеңі - ес тандырған

қызығымен де, жаныңды жалынға ораған қызуымен де, ынтықтырған жүрек дүрсілімен де, құнықтырған тылсымымен де мәңгіліктің қасқағымдай болып па, әлде қасқағымның мәңгіліктей ұзарып па «Өмір!» деген атаумен көлденеңдей қалады. Құнықтырған сол өмірдің уы мен балын ішсең... алыстап барып сыңғырлаған әуені сыбырлап үзілетін қоңыраудың үніндей ақырғы ізіңді мөрлеген аяқ тықырың баяулап... баяу тықырлап талып басылады... Біржола!..

Ал кәрі жүректің зар тілегі: мынау **Тірлік** атты пәниден кетпеу ғана. Анау... анау бар мен жоқтың шекарасынан әрі аттап өтпеу ғана...

Құдіретің жетер ме соған?!.

* * *

Ғаламаттық ханда емес, халықта. Топтанса ол - тот баспас асыл. Талпынса - дауыл. Ыдыраса - тезек. Онда тұяқ та таптайды. Жел де мүжиді

* * *

Тамырыңда нәр болмаса, бұтағыңа жан бітпейді.
Жүрегіңде қан болмаса, көкірегіңе ән бітпейді.

* * *

Тілегі орындалғанның білегі дем алады.

* * *

Арамды жеңе алмай, адалға ере алмай, наданға сөзімді ұғындыра алмай, адамға нәрімді жұғындыра алмай, уайым, қайғы ойлағыш кептен құтыла алмай қойдым.

Мынау миымды қажап, ойымды тұсап бара жатқан жәдігөй заманымның өтірігімен өңешімді кептеп, жылаған түріме күле қараған зымыяндығынан безе қашайын десем, шығар есік таппай ызалана дал боламын.

Осынау қомағай қоғамнан, өнегесіз өркениеттен ат құйрығын біржолата кесіп, екі қолымды төбеме қойып, алшақтап-ақ кеткім бар. Бір-ақ қайда-а? Қалай? Қайті-іп?

Осы жаналқымға тірелген сұрақтарға жауап таппай, мынау шенеуніктік ғұмырдың өздері қалыптастырған зорлық, зомбылығы көп өмір иірімінен мені салындыдай етіп ысырып тастағанына көнем-ау. Әйтсе да сол салындыны да қоқыс-соқыстай көріп төбедегілердің таптап басып, тақырлап тауысуы да мүмкін-ау дейтін қорқыныштыда таусаймын.

Әлде жан-жағыңдағы жәдігөйлікті көрмеу үшін, көргеніңді жария етпеу үшін жадыңды жоғалтып, есіңнен айрылуың қажет пе?.. Шынжыры жоқ демесең, онда мынау құл тірліктен құтқарар жындыханадан бір-ақ шығарар ма, - бір кездегі Әлімқұлов Тәкен ағаны қамап тастағандай?..

Ардың құлы, ұяттың ұлы болғанымды ескеретін елім емес, төрім екені белгілі бола бастады білем.

Шығар есік те, кірер тесік те жоқ қой. Жоқ.

* * *

Сараң байлығын билемейді. Керісінше байлығы сараңды илейді.

* * *

Тартып алып табақтан сыбағамды,
Көрдім талай сылқитып сыбағанды.
Етік жалап емінген інілер мен
Қолды сүйген жаратпан құл ағамды.

* * *

Бойы аласаның да ойы биік боларын, қыранның төмен, қарғаның жоғары қонарын кейде ескермейтініміз жаман.

* * *

Көпке құлақ аспаған қаламгердің қаламының іркілісі аз болады. Ал оң мен солына үңілмеген жүйткудің олпы-солпы кемшілігі мол болады. Сондықтан да жазушы адам «өзім білемге» баса бермей, өзгенің тілегімен де санаса білгені жөн. Сондайда досының лепірген пікірінен гөрі кей-кейде қасының қасақы сыны әлдеқайда шынайы һәм пайдалы екенін ескергені дұрыс. Өйткені пенденің бірін бірі жек көруі - бірінің біріне деген сүйіспеншілігінен мүлде терең болатынын аяулының мөлдіреген жанарынан да дұшпаныңның өңменіңнен өтер сұсты қарасының өткірлігі айтқызбай-ақ айғақтайды. Сол себепті де адамның өзіне өзінен артық сыншы болмайды десек, жауыңнан дос іздеп әуреленудің әбестік екенін есіңнен шығармаған жөн. Сонда ғана жалған мен шындықтың аражігін дәл ажырата аласың. Өтіріктің зұлымдығы сондай, мақтаған тәңірісін құлдыратып құлға айналдырып жібереді. Ал ақиқаттың сәулесі түскен ұсақ-түйектің өзі өзгеріп, ұлғайып сала береді. Әне, жалған мен шындықтың ақ пен қарадай бітіспес айырмасы.

Жазушылық тірлік - қиын тірлік. Ғұмыр бойы жазғаның - өзіңді өзің қайталау болып көрінетіндей сезінесің де, жаныңды қинаған азабыңды арқалаумен өтесің. Әрі сол кітаптарың - шығармашылығыңның ең бір ғажайып түйіндісін тудыратын дайындық баспалдақтары секілденетіні тағы бар. Ізденуің, талпынуың, шарқ ұруың көбейген сайын қобалжуың да, қоңылтақсуың да үдей түседі. Шедевр болатын дүниеңнің жазылар кезі, тұсаукесер тұсы алыстай береді. Ал сен болсаң қоңыр күзіңнен қыраулы қысыңа ауысар мезетіңнің құрсауына қамалған сайын әр кітабыңды көзіңмен бір-бір сипап, көңіліңнен шыға қоймағанын түйсіне, терең күрсінесің. Қаламгерлік ғұмырыңның жалғандығы мен шындығы да осында. Осы өксікке бергісіз күрсініс те.

* * *

Кең толғау, түбірлі ойсыз пенделік тірлікте адамды бойлап түсіну де қиын. Адамға өзіңді ойландырып түсіндіру де қиын. Бір қалыпта тұрмайтын дүниеде адам мінез-құлқының да айнымалы болатыны белгілі. Өзгелерден табар сенімді ең алдымен өзіміздің іздеп әуре болмайтынымыз рас. Өзіңді ешқашанда жаман демес дос іздеумен-ақ, өзіңді оп-оңай сатып кетер алаяқты табарыңды ескеруің тағы жоқ. Содан соң-ақ іс еместі іс қылып далиған көкіректің өзін кеміріп бара жатқан күншілдікті махаббатшыл көңілдің ләззатымен бүркегісі-ақ бар. Немесе өз босаңдығын жасырып зор боп көріну үшін өзгелерді тарпа бас салатын кеудемсоқ әрекетімен жау тауып алып жатады.

Міне осыдан кейін досыңды қасыңдай көр,қасыңды досыңдай қадірле демеске амалым қалмайды.

Қалдырмаған өмір шындығы.

* * *

Атқан таңның шуағы баршаға ортақ.

* * *

Көрдік қой сұм тағдырдың алдағанын,
Жаныңды жалаңаяқ жалдағанын.
Ал мынау білдік шексіз Кеңістікте
Бір түйір тазалықтың қалмағанын.

* * *

Төңірегінің түйткілін тіміскілеп тап басатын ақылдыны төрдегілердің тақылдығы тап бастырмауға тырысады.

* * *

Басқыншының сүйінішті әнінен,
Бағыныштының күйінішті зары үстем.

Уассалам!

Софы СМАТАЕВ

МҰҢЛЫ ОЙЛАР

Редакторы *Талғат Әнуарұлы*
Беттеген суретші *Нұргелді Сергожаұлы*
Корректоры *Жан Алмасұлы*

Басуға 04.01.2015 қол қойылды. Пішімі 84x108 $^{1}/_{2}$.
Қаріп түрі «Таймс». Көлемі 23,3 шартты баспа табақ.
Таралымы 2500 дана.

Тапсырыс берушінің файлдарынан «ҚАЗақпарат»
баспаханасында басылды. Алматы қаласы.

ISBN 978-601-80241-2-2